Бұл оқиға былай басталған еді. Төрекемді мен Жанат қаланы аралап, қыдыруға шыққан. Олар бір дәмханаға кіріп тамақтанғысы келеді. Төрекемді үстіндегі киімін орындыққа асып, өзі қолын жууға кетеді, ал Жанат болса сол жерде досын күтіп отырады. Екеуі тамақтанып, сырласып, әңгімелесіп болған соң орындарынан тұрып, жылыды. Жанат «Төрекемді мен қазір келемін» деп қол жуатын бөлмеге кіріп кетеді. Кіріп қолын жуып жатса қол жуғыштың үстінде бірден жытырап жатыр екен. Қараса қымбат сағат, ол сағат Жанатқа таныс еді. Есіне түсіп досының сағаты екенін аңғарады. Төрекемді сағатын қолын жуып жатқанда ұмытып кеткен екен. Жанат қалтасына салып алып, Төрекемді екеуі жатаханаға келіп, киімдерін реттеп жатса, Төрекемді өзінің сағаты жоқ екенін аңғарады. Абыр-сабыр болып іздеуге кіріседі. Жанатта оны білмеген сынай танытып досымен бірге іздей бастайды. Таңғалған Төре қайда қойғанын білмей, қайтадан жүрген жолдарын іздеуге шығып кетеді. Жанат жатаханада қалып бір күліп алады да қымбат сағатты досының төсегінің астына тығып қояды. Біраз өткен соң Төре досы келеді. Жанат «досым сағатыңды таптың ба?» дейді. Төре «жоқ, таппадым!» – дейді күрсінген түрмен. Жанат «Ай, алаңғасар досым-ау, сен оны өзіңмен алғаныңа сенімдімісің? – дейді. Төрекемді «йә, тіпті қалай тағып шыққанымда есімде» дейді. Төзімі таусылған Жанат әзілдеп «төсегіңнің астында белбеуім болу керек, шамасы кереуеттен құлап қалды, алып берші» дейді. Төрекемді еңкейіп төсектің астынан белбеу алайын деп үнілсе, белбеудің орнына қымбат сағатын көреді. Аң-таң болып иа қуанарын иа өкінуін білмей қатып қалады. Бұны істеген

Жанат екенін біліп досына қарайды. Сол мезетте Жанат ішек-сілесі катып күліп жібереді. Мән жайды түсіндіріп, дәмханада қалдырғанын айтады. Төренін есіне түседі. Төре «неге сол кезде бермедің, адамды әуреге салып» дейді. Жанат енді заттарына ұқыпты боласың деп өмірлік сабақ қалдырады [1, 152 б.].

Төрекелді Жанаттың өз інісіндей болып кетті. Әйтеуір іздеп сол қымбат сағатты табады. Жанат Төрекелдінің сағатты тауып алып, қуанып тұрған түріне қарап, «Төрекелді» – дейді екен. Ау Жақа? Шарлап жүріп іздеген сағатың неше болды дейді. Төрекелді, досының бұл қалжыңына ыза болып жымияды. Бірақ Төрекелді Жанаттың бұл қалжыңына үйренген болатын. Себебі досының әзілдері таусылмайтын.



Сурет 1 – Облыстық байқау жүлдегері Жұмажан Меруерт

*Арнайы жүлде тағайындаған Баянауыл аудандық «Баянтау» газетінің редакторы Қабділәшім Еламан Хасенұлы жүлдегерді Алғыс хатпен марапаттап, ақшалай сыйлығын табыс етті.*

«Жанат Тұрғанбекұлына арнау»  
Жұмажан Меруерт Нұрбақытқызы  
10 «А» сынып оқушысы № 18 ЖОББМ-КММ-сі, Екібастұз қ,  
Бала ақын боп танылдың жастайыңнан,  
Жарық жұлдыз көрген ел маңдайыңнан.  
Қиялы жүйрік, ойы асқақ, талабы зор.  
Қанат қақтың Баянаула баурайынан.  
Әзіл-ысқақ, ұшқыр ой қаламалдың.  
Мұхамеджан, Қайыржан ағаларым,  
«Қызыл ту» газетінде жарық көрген  
Алғашқы өлеңді оқып бағаладың.


«Бойында оянбаған таланты бар»,  
Жастарды қолдап әркез бағаладың.  
«Толғақты мәселені» дер кезінде,  
Еліңе жанашыр боп жаза алдың.

Сағынған дос жаран бар, әріптесің,  
Сағынған елің барда, қадірлі ерсің.  
Сағыныш тек сарғайған газетте емес,  
Сағыныш ҚАЗАҚ деген жүректесің.

Сол ұрпақтың атынан тілдесейін,  
Дара жолыңды оқып бір үндесейін.  
Қалдырған мұраңнан көп тәлім алып,  
Сіз салған жолмен жүріп күн кешейін.

Қарымды қаламгерім, ақтаңгерім,  
Жақсы іс көрсең дәйім жақтап едің.  
Жадымызда мәңгі өшпес із қалдырған,  
Қазағыма қашанда мақтаулы ерім.

Екібастұз қаласы, 2021 жыл наурыз



Сурет 2 – Облыстық байқау қатысушысы Сапарғалиева Рахима

*Zoom қосымшасы арқылы өтілген Талантты журналист, қарымды қаламгер, танымдық дүниелерді қаламына тақырып еткен жалынды публицист, Қазақстан Журналистер Одағының*

мүшесі, өңір тарихын зерделеуші Жанат Тұрғанбекұлы атындағы облыстық шығармашылық байқау.

Қаламгерлікке қабілеті бар жастарға қолдау көрсетіп, әдеби туындыларын насихаттап, қалың оқырманға таныстырған байқаудың ұйымдастырушылары мен қаламалды туындыларды бағалаған қазылар алқасы: Арман Қани – ақын, жазушы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, «Алаш» мемлекеттік сыйлығының иегері, қазылар алқасының төрағасы. Ғалымбек Жұматов – ақын, прозашы, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі. Социал Әйтенов – Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ардагер журналист, облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы. Асығат Тұрғанбек – Талантты журналисттің өмірдегі інісі, өнердегі ізбасары елімізге белгілі айтыскер ақын. Асыл Әбіш – ақын, «Найзатас» журналының редакторы. Алпысбай Хонж – сатирик, «Алтын қалам – 2020» халықаралық байқауының жүлдегері.

Жанат Тұрғанбекұлының әзіл-сықақ туындыларын оқи отырып, көбінесе өзінің туған ауылындағы әзілді, күлкілі оқиғалар туралы жазғанын байқадым.

Менің де балалық шағым ауылда өткен болатын. Қазір де, аптасына бір - екі рет демалыс күндерінде ауылға барып, атамның қызықты әңгімесін тыңдап марқайып қаламын [2, 10 б.].

Осындай демалыстардың бірінде атам екеуіміз теледидардан қазақ халқының атақты ардагері Қасым Қайсенов жайлы деректі фильм қараған едік. Сонда атамның есіне бір қызық оқиға оралды.

– Менің Сырбай Мауленов атты досым болды. Ол Қасымның да жақын досы еді. Бірде Сырбай маған екеуінің бастан кешірген бір қызықты оқиғасын баяндап берді.

Бұл әңгіме былай басталды.

«Қасым бір күні өзінің жеке меншік машинасымен тауға қарай серуенге шығыпты. Қисық жолмен келе жатқан машина кенеттен терең жарға аунап кетеді. Құдайға шүкір, Қайсенов жарақаттанған жоқ, алайда ауруханаға түседі. Бұл туралы естіген жаңағы досы Сырбай шошып кетіп, тез арада ауруханаға жетеді. Хал жағдайын сұрастырып болған соң, досының көңілі орнығады. Ал, Қасым болса

«Мен сол ойда жоқта 3 метр жерден аунап, құлап кеткенмін» – деп жауап береді.

Сонда Сырбай:

«Бұл не дегеніңіз, сіздей құрмет тұтатын тұлғаға 3 метр деген – ұят. Сіз одан да, мен 30 метрден құлағанмын деңіз» – деп әзілдейді. Арадан біраз уақыт өткен соң, Қасым жазылып шығады.

Бір күні Сырбайды көшеде жүрген мотоцикл қағып кетіп, ол да ауруханаға түседі. Қайсенов хабарды естісімен сол ауруханаға барыпты. Қал-жағдайын сұрап, мән-жайды естіген соң:

– Айналайын, Сырбай, сен бұл әңгіменді басқаларға айтып ұятқа қаларсың. Сонау дардай Сырбайды көшеде өтіп бара жатқан мотоцикл қағып кетті дегені – масқара ғой! Сен оданда халыққа КамАЗ қағып кетті де, бұл жарайды енді – деп, досын кекетеді екен [3, 8 б.].

Мен үшін атам айтқан әңгімесі өте күлкілі, әрі қызықты оқиға. Атам болса осы естелігін еске түсіріп, балаша бір марқайып күліп алды.

Қазір болса Сырбайдың Қасым есімді ұлы бар екен!

«Жанат Тұрғанбекұлына арнау»

Сапарғалиева Рахима

11 «Б» сынып оқушысы № 18 ЖОББМ-КММ-сі, Екібастұз қ

Кемел ойдан жасалған аппақ кемесіз,

Сол кемеде алға жүзіп келеміз.

Себебі сіз жалындаған жастықтың,

Жанарында қалған жарқын бейнесіз.

Тарих пенен шежірені терең біліп өстіңіз,

Мол мұраны қалдырумен кейінге үлес қостыңыз.

Бақи ағам сіздің жарқын бейненді жырға қосқандай,

«Құйма құлақ, аталы сөз» иесі боп қалдыңыз.

Жақсы ағам, жас ұрпақты өлең жолға бастаған,

Дарындардың жолын ашып, талаптыны баптаған.

Әзіл-ысқақ өлеңдер мен сатиралық әңгіме,

Барлығы да үйлесімді ел сенімін жақтаған.

Жассың ағам, жарық күнсің жарасқан,

Өзіңменен «Жассың демей жасы үлкендер санасқан».

Жас қаламгер қаламынан өткір ойлар төгіліп,

Шөкәрімді жастап оқып, Абайменен сырласқан.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Бір сомның әлегі» / Жанат Тұрғанбекұлы;. – Павлодар: Қазақстан, 2019. – 152 б, [1]

2 Тарихи таным қызықтырады / Сарыарқа самалы газеті. – Алматы: 1994 жыл 15 ақпан. 1929-2009. – 10 бет, [2]

3 Жанат Тұрғанбекұлы / Сарыақа самалы газеті. Тілекқабыл Боранғалиұлы – Алматы. – 10 бет, [3]

## КҮШІК БАТЫР

КАИЫРГЕЛЬДИНОВА Н.

8 сынып оқушысы, А. Иманов атындағы ЖОББЛМ, Май ауд., Баскөл а.

ЕСКЕНДІРОВ Б. Қ.


жоғары санатты дене шынықтыру пәнінің мұғалімі,  
А. Иманов атындағы ЖОББЛМ, Май ауд., Баскөл а.

Күшік Байтілесұлы - Бәсентиін (Көшеншүрек) руының атақты батырларының бірі. Мұрағат мәліметіне сүйенсек, ол 1735–1805 жылдары аралығында өмір сүрген. Бұл мәліметті өңірімізге белгілі өлкетанушы, мұрағатшы Дәурен Аяшинов тапқан [1, 1 б.] Ақтабан шұбырындыдан кейінгі Абылай ханның тұсында Бәсентиін руларының біразы осы төңірекке қоныстаныпты.



Сурет 1

Күшік батырдың шежіресі былай басталады: Күшік батыр-Байтілес-Божы-Көшеншүрек-Жаманай-Бәйімбет-Көкшекөз-Бәсентиін-Қарасопы-Арғын-Бекарыс (орта жүз). Күшік батырдың ұрпағы Шоқышев Аманкелды ақсақал Ақсу қаласында тұрады. Батыр атамыз Қоқан хандығының, қалмақ шапқыншылығының тұсында елді жаудан азат ету жолында ерекше ерлік көрсеткен. Ол туралы көрнекті жазушы І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында орта жүздің Күшік батыры деп жазылады. Ол осы Күшік батыр болуы әбден мүмкін.



Сурет 2 – 1830 ж. Күшік батырдың ұлдары.  
Өлкетанушы Д. Аяшиновтың мұрағатынан

Қайыр Жұмажановтың «Жер ортасы Көктөбе» атты кітабында нақты осы деректер жазылған: Шығаннан тұлпарын күнде суарып, қалмақтардың қанын судай шашқан Күшік батырды бүгінде біреу білер, біреу білмес. Соғыстан ауыр жараланып, үйінде жатқан Күшік батыр өмірден өтерінде: «Маған ұрпақ бітпейді, мал тұяғы өспейді, қалмақтың желіде тұрған биелерінің желінін қылышпен тіліп, бесіктегі сәбилерін найзаның ұшына іліп, отқа бесігімен лақтырдым. Өшіккен қалмақ өлгенімді естісе, ұрланып келіп түнде денемді қазып алып итке тастайды. Мені қалмақ таба алмайтындай қылып жерлендер. Өмірден өткен адамды менің ық жағымға қойындар, о дүниеде де пана болайын» – деген екен. Күшік батырдың ығында Бәкі Басарұлы және Бәстем хазірет жерленген. Батыр бабамыз өмірден өткенде халықтың көптігінен жер қайысқан Көшеншүректің көне зиратында жерленген. Қаратоғайдан зиратқа дейін он шақырым аралықта иық тіресе тұрған қыз-келіншектер Ертістің көк шақпақ тас балшығын етектен етекке аударып, зираттағы молаға жеткізген. Моланың биіктігі сондай, тас балшықтан күмбез қылып үйіп тастаған [2, 102 б.].

Күшік батырдың өзі айтқандай, артында ұрпақ қалмаған, тарихы зерттеуді қажет етеді.

Шыған қалмақ тілінде «ақсу» дегенді білдіреді.

1991 жылы желтоқсан айында «Дауа» газетінде де Күшік батыр жөнінде деректер келтіріледі [3, 2 б.]. Күшік батырдың інісі Тілеке батыр. Тілеке қайтыс боларынан бір жыл бұрын Түркістанға барып Қожа Ақмет Яссауи ғимаратының жанынан өзіне арнап қабір қаздырып, шырақшысын дайындап келген екен. Бір күні балаларын жинап:

– Мен өлген соң денемді кім Түркістанға апарды? – деп сұрапты. Балаларының бәрі апаруға дайын екендіктерін білдіріпті. Сонда «Апарса Басаржан апарар» деген екен. Басар сол жылдың желтоқсанында қайтыс болған әкесінің денесін өзінше аманат қып қойып, наурыздың бас кезінде екі түйенің арасына кебежеге салып апарып, жерлеп қайтыпты.

1989 жылдың 23-ші қыркүйегінде «Ақ жол» газетінің тұңғыш редакторы болған Қайыр Жүнісқалиев «Шамшырақ» газетіндегі мақаласында ұлт жанашыры Жеңіс Марданов екеуі Күшік батырға құлпытас орнататыны туралы жазған [4, 1 б.]. Бірақ, ол жоспар жүзеге аспады. Осы күнге дейін Байтілесұлы Күшік батырдың басына құлпытас орнатылған жоқ. Сол мақаланың шыққанына да 30 жыл уақыт өтті. Мақала авторы Қайыр Жүнісқалиевте ортамызда жоқ. Биыл Май ауданының құрылғанына 80 жыл, Кентүбек (Жалтыр) ауылына 60 жыл. Осы мерейдің құрметіне Бердешев Сейфолла аға екеуіміз Күшік батырға Баянауыл тасынан ескерткіш жасатып орнаттық. Жеңіс ағамыздың арманда кеткен жоспарын орындау мақсатында ұйымдастыру жұмыстары атқарылып жатыр. Аруақ риза болсын.

Ауданымызда ағайынды Бұзау батырмен Болат батыр да ескерусіз жатыр. Ел аузынан жеткен аңыз-әңгімелер көп. Бұзау батырдың бейіті Ақшимаң ауылынан он шақырым жерде шикі кірпіштен (саманнан) тұрғызылған там үй болған, бүгінгі күні оны жаңбыр шайып, жел жел тоздырған. Жартылай бұзылып, іргетасы сөгілген.

Осы ретте Бердешев Сейфолла есімді ақсақалмен әңгімелесіп, Күшік батыр туралы айтқандарын жазып алған едік.

– Күшік батыр қалмақтармен болған шайқаста көп ерлік танытқан екен. Бірде жауды қуып қалмақ ауылына кіреді де, қазақ әскерлері бүкіл ауылдың шаңырағын ортасына түсіріп кеткен екен. Бір ғана үйдің орнында бүтін тұрғанын көрген Күшік сонда шауып келсе, ішінде қалмақтың жас келіншегі бесік тербетіп отырады. Бесігіне қарап, ер бала екенін біледі. Күшік батыр бірден найзасын суырып шығып, бала жатқан бесікті үйдің түндігінен сыртқа лақтырып жіберген екен. Сонда келіншек: «Тұқымың өспесін» деген қарғыс айтады. Бірнеше жылдан соң Күшік батыр ауылына соғыстан оралып келе жатқанда (көбі соғыста өлген шығар деп ойлаған) алыстан бір тау келе жатқандай болады. Ауылдағы ағайыны «Бұл не, осы жын ба, пері ме?» деп таңданысады. Себебі, Күшік батыр өзі де алып денелі адам болған деседі. Содан бір ақсақал шығып: «Оу, бұл Күшік батыр ғой, тірі екен» дейді. Ел шулайды. «Жігіттер, алдына атпен шықпай, аттан

түсіп, құрметпен қарсы алындар», – деседі ақсақалдар. Күшік батыр аса тұлғалы әрі түсі суық адам болған. Тіпті, ер жүректі жігіттердің өзі оның бетіне тура қарай алмайды екен. Жігіттер аттарынан түсіп, батырға бас иіп сәлем берген. Сол кезде батыр:

– Сендер қай ауылдан боласындар? – дейді. Жігіттер:

– Сіздің ауылыңыздан боламыз.

– Ендеше, апарындар мені ауылыма.

Сол кезде бұл батыр әжептәуір жасқа келген екен. Ауылы батыр ұлының құрметіне құрмалдық шалып, үлкен той жасайды. Бірнеше жылдан соң сырқаттана бастайды. Бір күні ауылдың үлкендерін шақыртып алып, былай дейді:

– Міне, өздеріңіз көріп отырғандай, менің көп ғұмырым қалған жоқ. Соңғы демім таусылған шақта алыс-жақынға ат шаптырып, хабар жібермеңіздер. Менің өлгенімді қалмақтар естімесін. Сосын, ешкім көрмейтін түн уақытында жерлендер. Содан кейін ауылда қанша ат арба және өгіз арба бар? Соның барлығын жұмылдырып, менің үстіме құм тасып үйіндер. Себебі қалмақтар мені жерлеген орынды білмеуі керек. Білсе, түнде қазып алады да, ит пен құсқа жем қылады. Өйткені, мен көп қалмақтың қанын төккен адаммын, – деген өсиетін айтады.

Бердешев Сейфолла атаның сөзінше, Күшік батыр өзінің атымен сөйлесетін болған екен. Жануар да оның айтқанын түсінетін сыңайлы. Соғыстан келгеннен кейін мінген атын Шабанбай байдың жылқысына қосады, біраз уақыт өткен соң жылқысын сағынған атамиз ауылдың бір сенімді жігітін шақырып «Таңертең ерте тұрып жылқыға барып келейік, жылқымның қандай күйде екенін көрейік» дейді. Жігіт бірден келіседі. Күшік ата: «Қазір лезде күн батып кетеді, ертең барайық, өзіңмен бірге бір мықты айғыр алып кел, сендердің аттарың маған шыдамайды дейді. Келіскен уақытында жігіт қосар атпен келсе, Күшік ата сыртта күтіп жүр екен. Жолға шығып кетеді. Күн арқан бойы көтерілгенде Шабанбай жырасына жетеді. Күшік ата бір дөңге шығып, жанындағы жігітке: «Ал менің атымды тауып берші» депті. Жігіт олай да, бұлай да қарап ешнәрсе көре алмайды. «Атыңыз алыста болса керек, көрінбейді ғой» дейді. Күшік батыр мырс етіп күледі де: «Қазір шақырамын, өзі келеді» дейді. Сосын үш рет ысқырғанда аты бірден басын көтеріп, кісінеп шауып келеді де, искелеп, тұмсығын иығына салады. «Өй, жарықтығым, жақсы болып қалыпсың, күйің де жақсы. Менің тамағымды сағындың ба?» деп қалтасынан орамалға түйілген үш көк қаңттың бірін береді, жылқы тықырлатып жеп қояды. Тұлпар тұмсығымен итеріп тағы сұрағандай болады. Батыр ата: «Болды, келесіде тағы келемін, сонда берермін, енді үйіріңе

бар» дейді. Міне, осылай атымен адамша сөйлесіп, мойнынан қағып, ризашылығын білдірген екен.

Батыр ата жігітке алғысын айтып: «Енді қыстың алдында тағыда бір келерміз» деп ауылға қайтады. Жолсерік жігіт ата мен жылқының арасындағы түсіністікке таңқалыпты. Осы жолы ол Күшік батырдың мінген атының өзі түйедей екеніне көзі жеткен. Оң екі мың жылқы біткен Шабанбай байдың жылқылары оған қарағанда тай секілді болып көрініпті.

Күшік батыр қайтыс болған соң халық тірісінде айтқан арыз-арманын орындап, өзі айтқандай жерлейді. Таң айтқанша тасыған құмы үлкен тауға айналады. Тіпті жерлеген адамдардың өзі білмей қалады. Кезінде осы жерде мекен еткен Мардан атамыз бір сөзінде 13, 14 жастағы бала кезінде мал іздегенде сол зиратқа шығып қарайтынбыз, сонда төбенің биіктігінен 5,6 шақырым аумақ көрінетін деген. Мен көргенде Күшік атаның зиратының биіктігі 4 метрдей болатын. Үлкен ағаштан қойылған белгі болды, ол шіріп кетті, деген әңгіме айтып еді.

Сейфолла атамызға келер болсақ, Кеңес Одағының батыры Малик Ғабдуллин емтихан қабылдап, Алматыдағы жоғарғы оқуға өзі қабылдаған. Кейінен сол кісінің озат шәкірті болған. М.Әуезовтен дәріс алған. Ғабдішүкір (Шүкір) молданың өзі де, облыстан діни білім алуға жолдама алып берген. Ауданымызда жасөспірімдер спорт мектебінің ірге тасын қалауына ат салысқан жандардың бірі болған, сол мектептің тұнғыш директоры басшысы болған. Ол туралы қазіргі жастар білемеуіде әбден мүмкін. Ауданымыздың құрылып-қалыптасуына зор үлесін қосқан адамдардың бірі.

XVIII ғасырдағы қазақ-қалмақ соғысының қаһарманы. Ел бостандығы үшін қаны мен терін бірдей төккен Абылай заманының айтулы батырларының бірі.

Ұран салып шайқаста,

Дүрбеленде,

Өзің басшы болыпсың іргелі елге.

Алашыңыз аман-сау қалар ма еді,

Ақырып сендер атқа мінбегенде?! [5, 86 б.].

*ҚР еңбек сіңірген меденіет қызметкері.*

*Қазақстан жазушылар одағының мүшесі.*

*Ерементау және Баянауыл аудандарының*

*Құрметті азаматы.*

*«Ақбеттау» журналының бас редакторы.*

*Сайлау Байбосын*

Жалтырда

Бұл жерде жатыр екен Күшік батыр,  
Халқы үшін қанын төгіп болған ғапыл.  
Моламды өлгеннен соң тау қылыңдар,  
Денемді қорламасын жоңғар кәпір!

Деген ғой сол бабамыз өлерінде,  
Көзінен Күн сәулесі сөнерінде...  
Халқына қалқан болып әлі жатыр,  
Жалтырдың жел соғатын белеңінде...

Тағы да хазретіміз Бәстем болған,  
Білімі, кісілігі деген зордан.  
Артында ұрпақ қалмай кете барған,  
Жалтырдың зиратында, ол да сонда.

Ұраны Көшеншүрек — Бәкі Басар,  
Жанынан пана тапқан жарлы, нашар.  
170 жылдай бұрын тірлік кешіп,  
Халқының санасында мәңгі жасар!

Осында Мұқсихандай ағамыз да,  
Айтысты өлтіртпеген санамызда.  
Өнері Алматыны мойындатқан,  
Шәкірт боп өзіңізге қаламыз да!

Қапсалам мен Сапарбек — ақындарым,  
«Өлеңнің отын жағып», лапылдадың.  
Елінде ескерусіз қалмаса екен,  
Ойланар туысы мен жақындары...

Әкесі Түсіптейін болған батыр,  
Бұл зиратта Зылиха апам жатыр.  
Басына немерелер белгі қойдық,  
Басқа да мүминдермен қатар жатыр... [6, 20 б.]

*Ақын, «Аудан алдында сіңірген еңбегі үшін»*

*медалінің иегері*

*Ғабит Сапаров*

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Д. Аяшинов. Жеке мұрағатынан алынған құжаттар көшірмесі // № 1491. – 1954.  
 2 Қ. Жұмажанов // «Жер ортасы Көктөбе» кітабы. – 2000. 180 б.  
 3 Ж. Тілеке // «Дауа» газеті. – 1991. 3 б.  
 4 Қ. Жүнісқалиев // «Шамшырақ» газеті. – 1989. 2 б.  
 5 Ж. Тілеке // «Ертіс-Баян шежіре» кітабы. – 1995. 85-87 б.  
 6 Б. Ескендіров // «Серектас шайқасы» кітабы. – 2019. 368 б.

## МӘШҲҮР ЖҮСІП ПЕН АБАЙ АДАМГЕРШІЛІК ТУРАЛЫ

ҚАРАТАЕВ А.

8 «Б» сынып оқушысы,

Дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернаты, Павлодар қ.

АНАФИНА Н. Қ.

к.ғ.к., «Мәшһүртану» ФПО, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Осы дана деген кім? Үйреншікті Уикипедияға жүгінсек, Дана – білігі мен тәжірибесі мол, рухани әлемі бай, ой-сезімі сергек тұлға. Дәстүрлі қазақ ұғымында «ақылды, парасатты, рақымды адам» деген мағына береді. Даналардың өнегелі өмірі, ғибратты сөздері мен тағылымды іс-әрекеттері – жекелеген топтың, не әлеуметтік жіктің еншілер мирасы емес, барша адамзаттың рухани игілігі. Өмірдің өткінші қызығына елікпей, адамзаттың қарапайым әрі мәңгілік мұраттарын аңсар тұтқан даналар қазақ тарихында да баршылық. Тарихымызға көз жүгіртсек, әр қазақ дана болған ба деп ойланам. Осы ата-баба тарихын, әдебиетін, мәдениетін зерделей отыра, Мәшһүр Жүсіп пен Абай Құнанбаевты ерекше бөліп жарып тоқталғым келеді. Екеуінің даналығы, ойшылдығы, ақыл-парасаты бір-біріне ұштасып жатқан сияқты. Бірақ жеке-жеке алғанда да, олар қазақты әлемге танытқан ұлы ғұламалар.

Екеуінің жас аралығы бір мүшел болса да, Абай мен Мәшһүрдің өмірлік философиялары бір біріне ұқсас, бірін бірі жалғастырғандай.

Соңғы жылдардағы ғалымдардың пайымдауынша, Мәшһүр Жүсіп пен Абай кездескен деген дерек бар. Мәшһүр Жүсіптің Абаймен кездескені туралы Рамазан Тоқтаров «Абайдың жұмбағы» романында да жазған екен. Онда: «Мәшһүр Жүсіп Абайдың ұлы Әбдірахман қайтыс болғанда көңіл айтуға барады. Сонда Абай: «Мәшһүр досым, «Кұдай қайда?» дейді. Сонда Мәшһүр жүрегің көрсетіп, «Жүректе» депті. «Рас, Мәшһүр екенсің. Онда менің

оң жағыма кел» деп, оны оң жағына отырғызыпты. Одан кейін Мәшһүрге: «Ай мен күннің арасына жел кірсе не тұтылады?» депті. Мәшһүр: «Ай тұтылады» депті. Ал, «Күн мен жердің арасына ай кірсе не тұтылады?» десе, «Күн тұтылады» депті. Ал, енді, «Мәшһүр Жүсіп екеуіміздің аразымызға сөз кірсе не тұтылады?» дегенде, «Жүрек тұтылады» деген екен», – делінген ғалым жазушының кітабынан үзінді келтіріліп [2].

Дәл осыған ұқсас оқиға жазушы, әдебиет зерттеушісі Акселеу Сейдімбектің ел аузынан жинаған әңгімелерінде де кездеседі. Ал, абайтанушы Тұрсын Жұртбай: «Мәшһүр Жүсіптің Абайға өлеңмен жолдаған хаты бар. Олардың характері басқа. Акселеу Сейдімбектің ел аузынан жинағандары қоспа сөз шығар. Бірақ ғылымда нақты дерек жоқ», – деп жауап берген екен журналистердің сұрағына [13].

Ал, осы әңгімелердің тағы бір нұсқасын тарихшы Жолымбет Мәкіш өзінің фейсбук парақшасында жариялаған екен. Осы деректерді тілге тиек ете отыра, екі ғұламаның шынында да кездеспеуі мүмкін емес және шығармашылықтарының үндесуі де заңды деп түсіну қажет сияқты. Рухани әлемдерінің терендігі сондай, бүгінгі күнге соңына дейін зерттелмеген сырлары мен жырлары, ойлары мен ілімдері әлі де баршылық [2].

Мәшһүр Жүсіп пен Абай жаңа мен ескі заман әдебиетінің алтын көпірлері іспетті. Олардың шығармашылығына қаншама қазақ әдебиетінің алыптары аса зор мән берген. Әр зерттеуші даналарды жаңа қырынан танытады. Мен өзім үшін Мәшһүр Жүсіп пен Абайдың шығармашылығында ең бірінші кезекте бүгінгі күнде тапшы болып отырған адамгершілікке, адами қасиеттерге, имандылық тақырыбына тоқталғым келеді. Бұған себеп болған сонымен қатар 2020 жылы басталған пандемия індетінің пайда болуы. Себебі бүкіл әлемді жалмап отырған осы бір індет адамдарға өмір философиясын үйретті. Әркім өмір философиясын, адамгершілікті өзінше түсінеді және оның қарекеті де сол түсінігіне байланысты болады. Барлық адами қасиеттердің ішінде өзекті де, тапшы қасиет – қайырымдылық, ізгілік сияқты. Қазіргі күнде қоғамда терең жайылған, дамып келе жатқан құбылыс – еріктілер қозғалысы. Қазақ мәдениетінде ежелден келе жатқан дәстүрдің бүгінгі бір көрінісі бұл – еріктілер қоғамы. Әсіресе, қоғамымызда болып жатқан келеңсіз оқиғалар осы еріктілер қозғалысымен оңынан шешіліп жатыр. Оған бүкіл халқымыз куә. Еріктілер қатарына қосылып, халқына көмек беріп жүрген азамат пен азаматшалар Абай мен Мәшһүрдің шығармаларын тереңнен оқып

білмейтін де шығар, бірақ осы ғұламалар өз шығармаларында бұл тақырыпты тілге тиек етсе, сол заманда да бұл мәселе өзекті және қажетті болғаны ғой.

Халқымыз: «Жақсымын деп мақтанба, халық айтпай, Батырмын деп мақтанба, барып қайтпай» деген ұстанымды тұтқа еткен еріктілердің абзал істері үлкен құрметке ие. Қазақ мәдениеті салт-дәстүр мен ислам дінінің сабақтастығының түп-тамырын ұйыстырған рухани мінбер деп білемін. Қайырымдылық қасиеті қазақ халқының болмысының ажырағысыз құрамдас бөлігі болса керек. Мысалы, бұрын ауыл-аймақта көрші-қолаң жиналып, мұқтаж жанға қолдарынан келгенше көмек көрсетіп, асар ұйымдастырған.. Сондықтан да бүгінгі еріктілер дәстүр сабақтастығының бір көрінісі деп білемін. Қазақ халқында үлкен кісіге, ақ сақалды қарияларға, ата мен анаға иіліп сәлем етіп, есік ашу, кебісін кигізу, жол беру, атқа отырғызу әдептері қанымызға сіңген ізгі, ізетті қасиеттер.

Соның ішіндегі ең бір риясыз қызметтің түрі – асарлату дәстүрі. Бала кезімізде көше бойы көршілер жиналып, жазғы уақытта қора-қопсыны бірлесе жөндеп, қол ұшын беретіні есімде. Ата-анам шілде басталса, асар туралы жиі әңгіме қозғайтын. Халқымыздың этнографиялық терең танымындағы «Асар» дәстүрінің бүгінгі заманауи көрінісі еріктілік деп түсінуге болады. Төл әдебиетіміздегі М. Әуезовтің тұңғыш роман-эпопеясы «Абай жолында» XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ халқының өмірі, тіршілігі, тарихы, әдет-ғұрпы жан-жақты суреттеледі. Романның «Қияда» атты тарауында дана Абай жерінен айырылған, малынан ажыраған, жұтқа ұшыраған аш-арық халыққа жанашырлық, қайырымды әрекеттері баяндалады. «Ағайынға қайырым етіндер» деген ұранды халыққа насихаттаған Абайға бүріскен мал мен жүдеген жандар үлкен ой салған еді [9]. Жұт деген жоқшылық, қысталаң, апат деген осындай боп қақ қасына келгенде, Абай ел тірлігінің барлық қайғылы сорын көрді. Малдары мен жандарының амандығы үшін ұлы ақынға алғыстарын жаудырған ел қариялары енді біржолата жұттан құтылғандай көтеріліп қалғаны бар. Ұлы Абайдың өзі риясыз, ерікті түрде қоянның кеуегіндей оптың ішін паналаған жандарға жаны ашып, қазақ тарихының бедеріндегі еріктілердің ата дәстүрінің үлгісі ретінде көрінеді. Бүгінгі күнде ортамызда көп балалы, тілсіз жаудан зардап шеккен отбасыларына, қария адамдарға, науқасы ауыр сәбилерге қайырымдылық таныту халқымыздың сана-сезімінің тереңдігін, адами қасиеттерін жоғалтпағанын, имандалыққа бет бұрғанының дәлелі деп білемін.

Өзіміз де осы қатардан қалыспауға тырысып келеміз. Яғни, бұл, заманауи тілмен айтқанда гуманистік қасиет. Ал бұл қасиетті бізге шығармашылығымен миымызға құйған, әрине, ең алдымен Абай мен Мәшһүр Жүсіп.

Абай – өткеннің ұлы гуманистерінің бірі. Адамдардың санасы мен сезімдеріне әсер ету, поэтикалық сөздер арқылы қоғамды жаңарту, адамның қадір-қасиетін терең құрметтеу – Абай-гуманистке тән нәрсе.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.  
Көкірегі сезімді, тілі орамды,  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін  
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,

Көңілінің көзі ашық, сергек үшін, – деп, Абай өзі шығармаларында адамгершілік тақырыбын өзі анықтаған [12].

Абайдың пікірінше, адам қандай да бір дайын жеке қасиеттермен дүниеге келмейді. Ізгіліктің барлық ұғымдары, мінез-құлықтың барлық ережелері оның өмірі мен жұмысы барысында алынады. Абайдың айтуынша, адамдар бір-бірімен моральдық жағынан тең емес: кейбіреулері азғын, қатыгез, ақымақ, айлакер, ал басқалары, керісінше, адамгершілік, парасаттылық, ақылдылық, қарапайымдық және т.б. Абай өзінің жоғары этикалық идеясын моральдық формуламен білдірді: «Адам бол! «Ер бол!» Ол ең алдымен жастарға арналған. Абай формуласының этикалық мәні «Адам бол!» Адамның өмірдегі рөлі жоғары бағаланады. Оның түсінігінде адам ақыл мен адамгершілікті, еңбекқорлық пен білім, достық пен махаббатты біріктіруі керек [12].

Абай адамды жан мен ақылға ие, ажырамас тұлға ретінде түсінді. Абай үшін адам – ғаламның орталығы. Ұлы ақын, ойшыл, гуманист, қазақ халқының ішкі ойларының өкілі Абай Құнанбаев үшін ең бастысы – адамгершілік, адам болмысының құндылығы, өмірден өз орнын табу. Абайдың кеңестері мен адамгершілік өсиеттеріне жүгіну біздің жеке моральдық жетілмегендігімізді жеңуге және өсіресе жас ұрпақты тәрбиелеуге көп көмектеседі.

Осылайша, Абай поэзиясындағы «Адам бол!» әркімнің ең жоғары әдеп пен имандылығының жоғары үлгісі және жалпы адамгершілік қағидаларын қалыптастырады. Қариялар да жастарға батасын бергенде: «Адам бол!» деп тілек білдіріп жататыны тегін емес шығар. Яғни, қазақтың болмысында адами қасиеттер ең басты болу тиіс.



Мәшһүр Жүсіп – қазақтың ұлы ойшылы, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, ақын, көп тілді білген ғұлама, әулие. Ол жастайынан өнер-білімге, әдебиетке құмар болып, халық жырлары мен қиссаларды жатқа білген. Алланың нығметіне бөленген ойшылды ел – жұрт «Мәшһүр» атады. Ол 1887–1890 жылдары Ташкент, Түркістан, Бұхара т.б. шаһарларға шығып, білімін толықтырады. Шығыстың классикалық әдебиетін жетік білген ғұлама артына талай ұрпақтың жан азығына айналар өшпес мұра қалдырды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы көп қырлы, әсіресе дін мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Оның өлең-әңгімелері мен мақалаларының арқауы – жеке адам болмысы мен қоғам өмірінің байланысы одан туындайтын алуан түрлі мәселелер. Нақтылай айтқанда, Мәшһүр Жүсіп ұлттық идеяға таза ағартушылық бағыт ұстанды. Ұлттық сана-сезімді ояту негізіне құрылған төл туындыларында ол ар тазалығына, имандылыққа үндеді. Ұлы дана өзінің діни көзқарасы арқылы адамгершілік қасиетті, әділдікті, жақсылықты, ізгілікті беруге ұмтылған. Мәшһүр Жүсіп дінді адамның этикалық адамгершілік табиғатын шектейтін тылсым күш емес, оған керісінше тазартуға ықпал ететін фактор ретінде толғайды.

Қазақ зиялыларының, ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевті білмейтіндер жоқ шығар. Әрі ақын, әрі ақылгөй жан ұлы Абайға ілесе шықты да, осы данышпан ұстаздың ағартушылық жолын берік ұстанды, ақындық мұратын да өзіне мұрат етті.

Қараңғы қазақ көгіне,  
Өрмелеп шығып күн болам.  
Қараңғылықтың кегіне,  
Күн болмағанда, кім болам?!

– деген жойқын өнерлі ақын Сұлтанмахмұтты [11]. Абайға жалғастыратын ортада осы Мәшһүр Жүсіп тұр.

«Адамгершілікті» тәрбиелеу идеясы Мәшһүр Жүсіп туындыларында үлкен орын алады. Ғұлама ғалым жас ұрпақтың бойына адамзат құндылықтарын қалыптастыру – ең ұлы іс деп есептейді. «Кімде-кім туа болмайды, жүре болады. Баз-баз жандар болады: ұрлық қылған емес, қорлық қылған емес, кісі өлтірген емес, мехнат-машахатты басынан көп кешіріп, қайғы-қамның қалың ортасында жүріп, табиғат жазасымен жазаланып, әрбір жапаны көп көріп қорытылуы жеткен соң, алтын болып тазарып шығады» деп бұрынғылардың сөзін қуаттай келе адам баласының белгілі бір уақыт аралығында қарым-қатынас нәтижесінде ақылдылық пен тәрбиелік межесінің биік шоғырынан көрінуі шыдамдылық

пен еңбексүйгіштік, қайтпас қайсар ерік-жігер мен таудай талап талпыныстарына байланысты екенін білдіреді. Ұлы Абай өзінің он тоғызыншы сөзінде «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып естілердің қатарында болады» десе [11], Мәшһүр ақын «... біреуді дүние үйретпесе, оны үйретіп түзеуге әуре болма» [4] дегені өмірден көрген, білгеннен, насихат, көркем айтқан жақсы сөзден тәлім алмаса, ойланып бұл жалғанға көз салмаса, жақсы менен жаманнан үлгі алмаса, ...сый-құрметпен түзелмей кеткен жаман, түзелер қорлықпенен, қинауменен» дегені әр істен, әр ойдан қорытынды шығара білетін, бейнетті көп көрген адамның жаны төзімді, сабырлы, шыдамды болатынын айғақтайды. Өмірде болып жатқан қайшылықтардың өзі түрлі құбылыстарды туғызады. Жақсыны да, жаманды да көріп, ащыны да, тәттінің де дәмін татып, тағдырдың тәлкегіне ұрынған адам ғана өзіне сын көзбен қарап, ой түйіп өмір заңын мойындайды [1]. Ақынның «Барлық дәнемені білдірмейді, жоқтың өзі үйретеді» деуі осы салиқалы ойды білдірсе керек. Мәшһүр ақын өзінің «Адам екі түрлі» өлеңінде адам баласын істеген ісіне байланысты екі топқа бөлінеді: «Дүниеде біреу жемісінен дүние жүзі баһра алатын өрік, мейіз сияқты болса, енді біреу отқа отын болғаннан басқаға жарамайтын терек ағашы сияқты болады» дейді [4]. Яғни, пайдасы көпке тиетін, қамқорлық көрсете алатын жүрегі кең, жаны жайсаң, шапағатты жанды мәуелі ағашқа, ал жақсылығы өз басынан аспайтын өзімшіл, қуыс кеуде пасық, надандарды терекке теңейді. Жақсы менен жаманның паркы, жай тас пен дүрдің құны бір болмайтынын ескертіп, халқына пайдасын тигізетін азаматты қоғам дамуына қомақты үлес қоса алмайтын жанмен салыстырады. Олардың өмірлік ұстанымдары да екі түрлі сипатта болатындықтан, адамгершілік қарым-қатынас деңгейі де бірдей бола бермейтінін басып айтады. Адамшылық бағасын байқататын басты ерекшелікті кісілік ұғымы арқылы көрсете білген ақын көрегенділігі қашанда ұрпаққа үлгі-өнеге. «Жақсылық, қайыр, ихсан қылған ісі, адамның қымбат баһа сол жұмысы, табылмас көзге тотия ем дөрідей қолынан әр жақсылық келген кісі» дей отырып, ақын «кісілік» мағынасын ашуда, негізінен, жақсылық жасау, яғни қолынан келетін, істен тартынбай алдына барған адамға көмек бере білетін тілегі ақ жанды «пайдасы көпке тисе, өне – кісі» деп баға берсе, ал «қолынан келер іске болыспаса болмайды, одан асар жаман кісі» деп ақын бір құлқын тамағын құны аспайтын адамшылығы аз, өзімшіл типтерді өзінің «Қалмады ойлай-ойлай басымда ми» өлеңінде сынады [3], [4].

Тарихқа көз жүгіртсек, әлем ойшылдары үнемі сұлулық, береке, қайырымдылық сынды түсініктердің мәнін ұғынуға ұмтылды, кейінірек мұның бәрі «құндылық» ұғымына біріктірілді. Әлем ойшылы әл-Фарабидің философиялық тұжырымдарында да қайырымды адамдардың қоғамы талданады. Еріктілердің қайырымдылық, өзара көмек қолын созу сынды қасиеттері философиялық тұрғыда түсіндіріледі. «Ерік пен еркін таңдау арасындағы айырмашылық туралы» түсініктерді келтіреді [17]. Мұнда: «Пайымдалатын нәрсеге талпыну дегеніміз, тұтас алғанда, ерікке еркіндік беру деген сөз. Түйсіктен немесе қиялдан туатын болса, онда бұл еркін ерік көрінісі деп бағаланады. Ал егер бұл толғанудан немесе пайымдаудан туатын болса, онда мұны нақ адамға тән, еркін таңдау деген жалпылама терминмен атайды. Бақытқа жетуге көмектесетін еркін әрекет – тамаша әрекет. Мұны туғызатын әдет-ғұрып – қайырымдылық. Әл-Фараби бабамыз қайырымдылық – оның өзі белгіленген, бірақ бақытқа жету мақсатынан туған жақсылық» дегені айтылады [17]. Еріктілік – риясыз қызмет, қайырымды жандардың ізгілік жолындағы ізетті істері деп санаймын. Ұлы бабаларымыздың осыдан бір жарым ғасыр бұрын қазақтың болашағына көз жүгіртіп, халқының қалай өркендеуі керектігіне даналығымен, шығармашылығымен болжам жасаған осы екі ақын, екі дана, екі философ, екі ойшыл өмір сүру дәстүріндегі игілікті қызметтерді жалғастыру қай-қайсысымызға болса да аманат деп түсінген абзал.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аңсабаев Д. «М.Жүсіп шығармаларының тәрбиелік мәні» «Ізденіс-Поиск» 2003 ж 184-190 б
- 2 Ж.Шалқар. Абай және Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы ой үндестігі, 2020ж. Ihsan.kz сайты
- 3 Дәуітұлы С «М.Жүсіп шежіресі» ұлт тағылымы 2002 ж №4 86-89 б
- 4 Көпеев М.Ж. «Екі томдық». Алматы, Ғылым 1992 ж.- 224 б.
- 5 Қуандықұлы Е. «Шығыс поэзиясындағы ақиқаттанудың бастау көздері» Ұлағат 2004 ж №4 30-41 б
- 6 Қабдиева С. «М.Жүсіп шығармаларындағы адамгершілік мәселесі» Қазақстан мектебі 2005 ж.- №2. 59-61 б
- 7 Мәшһүр Ж.Қ. «Мәшһүр Жүсіп – суреткер» Ұлт тағылымы 2004 ж.- № 3.-143-148 бб.
- 8 Уалихан Қалижан «Діни ағартушылық ағым» 1991 ж 180-2007 б

- 9 М.Әуезов.М.Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы,1985.17-том.
- 10 М.Көпейұлы. Қазақ шежіресі.Алматы. Жалын,1993
- 11 Торайғыров.С. Шығармалары.Екі томдық .Алматы,1993
- 12 А.Құнанбайұлы Шығармаларының толық жинағы II томдық, Алматы,1995 ж.
- 13 Т.Жұртбай. «Абай мен Мәшһүр кездескен бе?», 2019ж., Tengrinews сайты kazislam.kz
- 14 Уикипедия — ашық энциклопедиясы
- 15 «Мәшһүр Жүсіп оқулары» республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары
- 16 Zharag.kz сайты
- 17 А.Оралова. «Ерікті болу – ізгіліктің белгісі», 2020ж.,Ana tili сайты

#### ШӘҢГЕРЕЙ БӨКЕЕВТІҢ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

ҚДЫРНИЯЗОВА А.

11 «Г» сынып оқушысы, № 42 «Ақ ниет» гимназиясы, Орал қ.

САТДЫКОВА Н. Н.

тарих пәнінің мұғалімі, № 42 «Ақ ниет» гимназиясы, Орал қ.

Мақалада қазақ тарихында өзіндік орны бар, ал қазақ әдебиетінде сара жол салған классикалық ақын, қоғам қайраткері, аудармашы, ойшыл – Шәңгерей Бөкеевтің шығармашылығы мен қоғамдық – саяси қызметі және қазақ мәдениетіне қосқан үлесі туралы баяндалады

#### Мақаланың өзектілігі:

«Біздің тарих – бұл да бір қалың тарих, оқулығы жұп-жұқа бірақ тағы»- деп жерлесіміз Қадір Мырзалиев айтпақшы бұл күндері тәуелсіздік туын тік көтеріп, өзгелермен терезесін теңестірген еліміздің өткеніне зер салып, шежіресіне үңілген сайын көптеген тарихи тұлғалардың есімдері қайта-қайтаауызға оралады. Алайда бұлар туралы бүгінгі ұрпақ еш дерек білмейтіндігі көңілге кірбін ұялатады. Көптеген тарихи құбылыстар хақында әсіресе елін қорғаған, жеріне қамал тіршілік кешіп, өлшеусіз іс тындырған ардақ-тұлғалардың өмірбаяны туралы оқулықтар мен арнаулы әдебиеттер жұмған аузын ашпады немесе саяси идеология аясында олардың қызметіне сыңаржақ баға берілді [1, 58 б.].

Сондай тұлғалардың бірі – алдағы жылы 175 жылдығы атап өтілгелі отырған Бөкей Ордасының соңғы ханы Жәңгірдің немересі-Шәңгерей Бөккеев. Өз заманында ағаштан, тастан сәнді де сәулетті үйлер, медресе, мектеп, мешіт салғызып, онда өз туыстарының балаларын оқытуға көңіл бөлген. Ағаш отырғызып, бау-бақша, егін салумен де айналысқан және асыл тұқымды мал өсірген қоғам қайраткері өнер, ғылым, білім, әдебиетке ерекше ден қойған.

**Мақаланың мақсаты:** Жұмысты зерттеудегі алға қойған мақсатымыз – XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Бөкей Ордасынан шыққан атақты ақын, ойшыл Шәңгерей Бөкеевтің қоғамдық – тарихи қызметін зерттеу, таныту және тарихи деректер арқылы сараптау. Шәңгерей Бөкеевтің тұлғасын жан жақты ашып көрсету болып табылады.

**Міндеттері:** зерттеу жұмысы мақсатына сай қолда бар материалдарға, мағлұматтарға сүйене отырып мынадай міндеттер жүктейді:

- Шәңгерейдің өмір жолы, ақынның шығармашылығы туралы зерттеу, оларға талдама, түсінік беру;
- Ойшыл ақын Шәңгерейдің Бөкейліктер үшін әкелген және енгізген ғылым мен өнердегі қол жеткен табыстарын көрсету;
- Ш. Бөкеевтің қоғамдық-тарихи қызметіне баға беру.

#### **Өмір жолы.**

Шәңгерей Сейіткерейұлы Бөккеев 1847 жылы Бөкей Ордасындағы Жасқұс жерінде дүниеге келген. Ата-тегін таратып айтсақ: Шәңгерей – Сейіткерей – Жәңгір – Бөкей – Нұралы – Әбілқайыр хан – Шыңғыс ханның бір ұрпағы. Бес жасында ата-анасынан айырылып жетім қалып, Хан ордасында тәрбиеленген. Әкесінен жастай айырылған ол ата дәулетінің арқасында қиындық көрмей өседі. Оның ер жетіп азамат болуына әкесінің інілері көп көмектесіп, қамқорлықтарына алған. Өнерге-білімге, өлеңге жас кезінен әуес болған Шәңгерей Ордадағы мұсылман медресесін бітіріп, Астрахандағы реальды училищеде оқиды.

Кейін Орынбордағы кадет корпусына түсіп, онда оқыған екі жыл ішінде орыс тілін меңгеріп алады. Орынборда алған біліміне байланысты Самар губерниясында бітімші сот қызметін атқарады және халықпен тығыз жұмыс жасап, көптеген қоғамдық-саяси істерге араласады. Кейіннен бұл қызметін тастап, туған жеріне оралып, өз өлкесінің қоғамдық істеріне белсене араласады. Көлборсы деген жерден имение алып, ол жерде ағаштан, тастан сәнді үйлер, медресе, мектеп, мешіт салдырып, айналасындағы

балаларды оқытады. Ағаш отырғызып, бау-бақша егумен, егін салумен айналысады. Асыл тұқымды мал өсіреді. Өнерге, білімге ден қойып, өз шығармашылығымен айналысады.

Орыс классиктері М. Лермонтовтың, Н. В. Гогольдің шығармаларын аударумен айналысады. Тек орыс тілін жетік біліп қана қоймай, парсы, түрік, араб, француз тілдерін жетік білген және мұсылман медреселерінде сабақ берген [1, 141 б.].

Өз именіесінде отырып, көптеген ғылыми оқулықтар мен баспасөз басылымдарын алдыртып оқиды. 1911–1913 жылдары қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен Оралда «Қазақстан» газетін шығару мәселесі көтерілгенде бұл істі ұсынып, жігерлендіріп, әрі қаржылай көмек берген де осы Шәңгерей болатын. Ол бұдан кейінде көптеген қоғамдық-саяси істерге ат салысады. 1917 жылдар шамасында Шәңгерей Көлборсыдағы именіесін тастап, Қаратөбе ауданы қарасты Ақбақай деген жерге көшіп келеді. Сол жерде елден оқшауланып, елдегі дүрбелеңге араласпай дербес ауруымен алысып өмір кешкен. 1920 жылы қаңтарда сол Ақбақайда сүзек ауруынан қайтыс болған. Шәңгерей ақынның өлеңдері 1910 жылы «Шайыр», 1912 жылы «Көкселдір» жинақтарында Ғұмар Қараш пен бірлесіп отырып шығарылған [2, 5–6 б.].

Ақынның өмір жолының рухани мазмұнды болуына Ордадағы кезінде Жәңгірдің өзі ұйымдастырған кітапхананың зор септігі тисе керек. XIX ғасырдың 60-шы жылдарына дейін Бөкей хандығында ханның өз кітапханасынан басқа ешқандай кітапхана болмаған. Тіпті Орынбордағы Кадет корпусын бітіріп келген түлектер көп уақытқа дейін дала да оқуға мүмкіндіктері болмады. Сондықтан генерал-губернатор бұл жағдайдан шығу үшін кітапхананың қажеттілігін түсініп, мерзімді баспасөзге, діни әдебиетке жазылуға рұқсат берді [3, 69 б.].

М. Әузовтың пайымдауынша «Шәңгерей ақындыққа салынған кісі емес. Артында сақталып қалған өлеңі өте аз ғана. Бірақ сол аз өлеңі де, бұның қатардан жоғары, ірі талантты ақын екенін көрсетеді.

Жазылған, арналған тақырыптары да, бұның өз өмірінің, бас халінің кезең-кезең жайларынан ғана туып, соның айналасынан ұзамай аяқтап отырған. Сонымен шығармасының бәрі – өз өмірі, өз сезімі, өз қиялының туындылары ғана болат та, Шәңгерей өзі қазақ әдебиетінде бірінші рет көрінген дарашыл, сыршыл ақынға айналады» [3, 98 б.].

Шәңгерей шығармашылығы оның өмірінің айнасы десек те болады. Әлеуметтік өмірдің әр түрлі жақтарын қамтыған өмір жайлы толғаныстары, махаббат, достық, саятшылық, табиғат құбылыстар

туралы тебіреністері мен өнер, білім, ғылым жөніндегі өлеңдері оның шығармашылығының негізі болып табылады. Оның қоғамдық ой-пікір, толғанис түйіндері бірде өмір шындығына негізделіп құрылса, бірде өткенін аңсап күйзелу сарынына келеді. Айналага көз сала отырып, өмірдегі өзгерістерді қынжыла қабылдайды. Бұрынғы адамдар, бұрынғы заман, бұрынғы байлар енді жоқ. Ондай ерлер енді тумайды деп уайымға салынады.

Шәңгерей қымыз ашыту ісін қолына алды. Ғасырдың аяғына қарай орыс – еуропа халықтары көшпелілердің бұл ата сусынының қадір қасиетін біліп болған еді. Алыстан сіңір созып арнайы келіп ем көріп ішкендер қырда айлап жатып зерттеп, не жазсада көтеретін қағаздың бетін қарайтушылар көбейгенді. Солардың бірі қазақ жылқысы туралы көп еңбектенген Шәңгерейдің жеке өзін жақсы таныған, онымен жақсы байланыста болған – А. Добросмыслов. Ол Шәңгерейдің көмегімен 1896 жылы Орынборда «Кумыска» деген арнаулы еңбек бастырып шығарды. Кейін осы тақырыпқа қалам тартқандарға үлгі салған бұл кітапшада авторы бие сауудан – қымыз жыйуға дейінгі тірліктің ұңғыл-шұңғылын ғылыми тұрғыда, бірақ аса ір жүрек жылуымен баяндаған. Шәңгерей ұйымдастырған шипа – жай кезінде Қымыз Орда – Кумысовка деген атпен аяқ жетер жерге мәлім болды.

### Қазақ мәдениетіне қосқан үлесі.

Ш. Бөкеевтің қазақ халқы үшін мәдениетте қосқан үлесі оның Бөкей жерінде XIX ғасырдың өзінде-ақ сол заманның техника ісінің үздігі – фото өнерін әкелуі. Фото ісі – сол кезде озық, жаңа өнер түрлерінің санатына қосылған. Ресейде алғашқылардың бірі болып фото өнерімен Екінші Николай, Лев Толстойдың өзі шындап әуестенген екен. Шәңгерей 1901 жылы Санкт-Петербургқа патша сарайына барған сапарында тақ билігі өкілдерінің қолынан осындай фото құрылғының біреуіне ие болады.

Шәңгерейдің еңбегі жалғыз поэзияда емес былайғы өмірде де айналасын таңқалдырмай ештеңе істемеуі соның айғағы.

Айталық рояль ұстау дәстүрі. Фисгормония қазақ топырағында осы ғасырдың отызыншы жылдарына шейін таңсық аспап болып келді. Көлборсы бұтасының түбіндегі рояль қазақтың ән өнеріне жаңадан тыныс бергені анық әуеннің домбыра сүйемелі жетпей қалатын тұсы енді осы үнді аспаптың көмегімен толықты, қазақ ішіне шым – шымдап таспа романс дәстүрі тарай бастады, күйсандық сонымен бірге домбыра ауқымына сия бермейтін марш

ырғағымен күй төгіп, жанрлық пішіндік ізденістерге бара бастаған Құрманғазы тәрізді өнер саңлақтарына зор демеу болды.

Шәңгерейдің өлеңдерінің көпшілігі терме, желдірме сияқты дауыспен орындалатын шығармаларға өзінен-өзі келіп тұрады. Бұлардағы өлең өрімінің негізгі екі түрі жеті-сегіз буынды жыр үлгісі де, он бір буынды шумақ өлеңдер де бір әуенді болуы себепті әуендік құбылуы сараң, екпін жағынан жүрдек, динамикасы басым. Шәңгерей поэзиясының тағы бір айырым қасиеті – ондағы дауыссыз дыбыстың, дауысты дыбыстардың молдығы да әнге сұранып тұр.

Ақынның жасырақ кезінде өзге фотограф қолымен түсірілген өз бейнесі уақыт сынына төтеп бере алмай ескіріп, қайта жаңғыртуға жарамай қалғанына қарағанда, Шәңгерейдің бұл өредегі шеберлігі заманында көп фотографтан жоғары тұрған. Немере қарындасы Мәдинаның естеліктерінен Шәңгерейдің үйіне келген қонақтар мен ағайын-туманы сирақты қара қобдиша алдына біраз уақыт тапжылтпай ұстап, фотоға түсіргенін білуге болады. Бұл-фотографияны кәсіп емес, өнер деп ұққан адамның тірлігі. Себебі, шеберлік жетіле келе фотосуретші фотобейне арқылы нысанға деген өзіндік қатынасын да білдіріп отырады [4, 98 б.].

Елге келгеннен кейін ақын осы өнерді тез үйреніп алған һәм суретті өзі арнайы жабдықтаған бөлек бөлмеде отырып шығарған. Қазіргідей тұрақты ток көзі жоқ, табағи жарық күшіне сүйенген уақытта, әрі дала жағдайында сурет басып шығару оңай емес-ті. Шәңгерей түсірген фото-суреттерден қазір қолда бары он шақты, бірақ қай-қайсысы да химиялық талаптар дәлме-дәл орындалып, бейне сапалы, қалың ақ қағазға көшірілгендіктен өте жақсы сақталған.

Шәңгерей фотосуретінің арқасында бүгінгі біз осыдан ғасыр бұрынғы уақыт тынысын нақпа-нақ сезініп, Жазғы орда, Қымыз – орда тәрізді көшпелі һәм отырықшы мәдениет үлгілерін зерделеуге мүмкіндік алып отырмыз. Бақытжан Қаратаев, Жанша Сейдалиев, Ғұмар Қараш, Ғабдолкәкім Бөкейханов сияқты қайраткерлеріміз бен Мақар Жапарұлы сықылды өнерпаздарымыздың асыл бейнелерінің қағазға мәңгі-бақи көшіріліп қалуының өзі қандай ғанибет! [1, 101 б.].

Фото тст-дүниедегі голографиялық тұрғыдан ауқымды бейнелеуге, яғни бүгінгі теледидарға алып келген жолдың басы. Шәңгерейге фото аппаратты Ш. Аманжолованың айтуы бойынша оған Николай патшаның өзі сыйлаған екен [2; 302].

Ғасыр аяғында сонымен бірге саз өнерінде де үлкен қопарылыс болды-американдық өнертапқыш Томас Алва Эдисон 1877 жылы

магнитті таспа арқылы дыбысты жазып алып, қайта естіретін құрылғы ойлап тапты.

Өнер тапқыштың өзі «фонограф» деп атаған бұл дыбыс жазғыш музыка мәдениетінің тарихында тұңғыш рет үнді көркем туындыны таспаға түзіп сақтап қоюға һәм бірнеше нұсқамен таратуға жол ашты.

Ұлттық топырағымыздағы алғашқы кәсіпқой фотосуретші Шәңгерей бұл жаңалыққа да дереу үн қосқан – ол әлемде санаулы адамның қолы жетіп отырған фонографқа ие болып, ауылға алып келген. Ауыз-екі деректерге қарағанда, Шәңгерей фонографқа үй-ішінің дауыстарын, ән-күйлерді, тіпті өзі Лермонтовтан қазақшалаған шығармаларды мәнерлеп оқытып, жазып отырады екен. Демек, дыбыс тіркегішке ақынның үйінде жетілеп жатып сауық құрып, өнер көрсететін Мақар, Әлікей, Салауат тәрізді өрен жүйріктермен қатар сол өңірде бәйгеге түсіп жүрген Өтемістің Сейіті, Қашқардың Искендірі, Шынтастың Искендірі, Мышайдың Гендашы, Жақыптың Ысқағы сияқты әнші-домбырашылардың бармағына ілінген күйлері, көмекейінде көсілген әндері, Шомат, Кесет сияқты сайқымазақ қияң-қысардың күлдіргілері түсулі. Сөйтіп, көркем сөз оқытып, театрландырылған көріністерді, әбден композицияларды тіркеп отыратын фоно мәдениеттің музыкалық емес бағыты да оңтайлы қолданылған.

Қысқа мерзімде «Шайыр», «Көкселдір» сияқты өз кезеңі үшін мелжемді хрестоматиялық жинақтардың жүйемеліте жарық көргеніне қарағанда, Шәңгерей мен Ғұмар ауыз әдебиеті нұсқауларын жинау, сөйтіп өздері атағандай «Сауат архивасын» жасақтау ісінде фонографтың мүмкіндігін пайдаланған [1, 268 б.].

Ақынның фоно-мәдениетінің бүгінгі ұрпақ үшін ең құнды жері, әлбетте, музыкалық мұрамызды жинап, игеруге қатысты. Егер Шәңгерей фонографы сақталғанда бүгінгі ұрпақ саз өнерінің белгілі өкілдерінің табиғи дауысын естір еді, музыка зерттеушілер талай ән-күйіміздің әдепкі орындалуының қалтарыстарына бойлап, дағдылы шығарушы-орындаушы мен тыңдаушы арасындағы дәнекер буын-фонограф орындау мәнеріне қаншалықты әсер ете алғандығын, бұған дейін құлақтың құрышын діттеп шырқалған ән, төгілген күй дыбыс жазу қауғасы алдында қалай өзгеріске түскендігін пайымдаған болар еді.

Шәңгерейдің елді таңдай қақтырған жаналықтарының соңғысы-велосипед, Ауыл үшін таңсық – велосипед бұған дейін кентті жерде ғана кездесетін, тіпті 1897 жылы Омбыда өткен үш шақырымдық велосипед бәйгесінде қазақтан тұңғыш рет жарыстын

осы түріне қатысқан сұлтан Мәделхан Абылайханұлы межелі жерді жеті минутта өтіп, бас бәйгені жеңіп алған-ды.

### Қорытынды

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде Ішкі Бөкей ордасында өмір сүрген Жәңгір ханның немересі Шәңгерей Сейіткерей ұлы Бөкеев өнер – білімге, өлеңге жас кезінен әуес болған.

Шәңгерей қазақ тарихында қоғамдық қайраткер ретіндегі өз бағасын әлі де алмаған. XX ғасырдың басында көптеген ғылыми оқулықтар мен баспасөз басылымдарын алдыртып оқиды. 1911–1913 жылдары қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен Оралда «Қазақстан» газетін шығару мәселесі көтерілгенде бұл істі ұсынып, жігерлендіріп, әрі қаржылай көмек берген де осы шәңгерей болатын. Ол бұдан кейінде көптеген қоғамдық-саяси істерге ат салысады.

Шәңгерей Бөкеевтің бәрін айтпа бірін айт Бөкей Ордасы халқы мен жалпы қазақ жұрты үшін қоғамдық-саяси өмірде де, рухани-мәдени өмірде атқарған еңбегі ұшан теңіз. Оның әрбір іс-әрекетіне жан-жақты талдау беріп ғылыми көпшілік және оқырман назарына жеткізуге талпындық.

Шәңгерейдің артында ұрпағы да қалмаған. Ол бар өмірін басқа туыстары мен ел бірлігі, ел-жұрты үшін арнаған.

Шәңгерей Бөкеев – көптеген мәдени, саяси тұлғалардың ұстазы, ақылшысы, пікірлесі және өз туыстарының жанашыры, тірегі, ең бастысы ел үшін ерен еңбек еткен сыршыл, дарынды ақын, ұлағатты ойшыл болды.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тәжімұратов М. Шәңгерей. (жасампаздық өмірі). Алматы, Өлке, 1998. -335 б.

2 Бөкей Ордасы тарихи-мұражайлық кешені-Қазақстандағы қастерлі орындардың бірі //https://www.inform.kz/kz/bokey-ordasy-tarihi-murazhaylyk-kesheni-kazakstandagy-kasterli-oryndardyn-biri\_a2366274).

3 Бөкейорда тарихы. Жауапты құрастырушы Т.З.Рысбеков. Орал, 2001. -197 б.

4 Аманжолова Ш. «Кең сарай сахарада өтті күнім...» Егеменді Қазақстан газеті, 1997 жыл, 8 тамыз, 4 бет.

5 https://qazaqadebiati.kz/23562/b-keevter-uleti-zh-ne-ndy-suretter-tarihy

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗІ ДАМУЫНДАҒЫ  
«АЙҚАП» ЖУРНАЛЫНЫҢ ОРНЫ МЕН  
М. СЕРАЛИННИҢ ҚЫЗМЕТІ**

КЕНЖЕТАЙ Н. Қ.

11 сынып оқушысы, № 25 Қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ.

КАСЫМГАЛИЕВА А. К.

тарих пәнінің мұғалімі, № 25 Қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ.

XX ғасырдың басына таман Қазақстанда қазақтың ұлттық зиялыларының қалыптасу үрдісі жүріп жатты, олардың біразы еуропалық білім алғандар еді. Мерзімді баспасөздің пайда болуы мен дамуына капитализмнің, тауар-ақша қатынастарының, көлік және байланыстың дамуы да, өлкені одан әрі отарлау да себепші болды. Ресми емес қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасуы XX ғасырдың басындағы жалпы азаттық қозғалыспен тығыз байланысты екені сөзсіз. Ол 1905–1907 жылдардағы революцияның нәтижесі еді. Алайда бұл басылымдар едәуір қиындықпен жарық көрді [1, 21]. Соның өзінде таралымы шектеулі баспасөз орасан үлкен аймақтың түрлі топтарының өскелең талап-тілегін қанағаттандыра алмады. Жалпыхалықтық деңгейде мерзімді баспасөз құру бұрынғысынша жалпыхалықтық мәселе болып қала берді.

Еліміздегі мерзімді баспасөзінің алғашқы қарлығашы болған Айқап журналының жарық көргеніне биылғы 2021 жылдың қаңтар айында 110 жыл толды. «Әй қап» деген сөзден басталған бұл журнал бар-жоғы төрт жылға созылған қысқа өмірінде қазақ халқының ең өзекті деген мәселелерін көтеріп, халықтың көзі мен құлағы бола білді.

1911 жылы Орынбор губерниясының Троицк қаласында тұңғыш қазақ журналы «Айқап» жарық көрді. Оның редакторы белгілі ақын, прозашы және журналист Мұхамеджан Сералин болды. Ұзақ уақыт күш-жігер жұмсап, аянбай еңбек етуінің арқасында М. Сералин 1910 жылдың аяғында журнал шығаруға рұқсат алды. «Қостанай уезінің Шұбар болысы № 5 ауылының қазағы М.Сералинге, – делінген құжатта, – Троицк қаласында редактордың жауапкершілігімен мынадай бағдарлама бойынша: бас мақалалар, шетелдік хабарлар, мұсылмандар өмірінің мәселелелері, хроника, фельетондар мен өлеңдер, библиография және ғылыми мақалалар, аралас дүниелер және редакцияға хаттар бағдарламасымен ай сайынғы «Әй-кафь» журналын шығаруға рұқсат берілді» [2, 63]. Прогресшіл демократияшыл зиялылардың сан жылдар бойы аңсаған арманы орындалды: 1911 жылғы 10 қаңтарда Троицкіде қазақ халқының

тарихындағы тұңғыш «Айқап» ұлттық журналының бірінші нөмірі шықты. Нақ соның, ал кейініректе, 1913 жылғы 2 ақпанда Орынбор қаласында шыққан «Қазақ» газетінің тағдырына жалпыхалықтық басылымдар болу жазылған еді.

Ұйымдастырушы және баспагер, идеялық басшысы және редакторы М. Сералин (1872–1929) бұрын педагогтік және журналистік қызметпен айналысқан, сол кезге қарай белгілі ақын, әдебиетші, қоғам қайраткері болған. Кеңестік тарихнаманың дегені жүріп тұрған кезде көптеген зерттеуші-ғалымдар идеологияға жағымпазданып, М.Сералинді XX ғасырдың басында Оңтүстік Оралдың революцияшыл социал-демократтарының шеңберіне кіргізбекші болады. Мұның бәрі «Айқап» журналын Кеңес өкіметі контрреволюциялық ұлтшыл деп айыптаған «Қазақ» газетіне қарсы қою мақсатын көздеген еді. М.Сералинің өз айтуына қарағанда, журнал «еңбекші таптың органы болған жоқ. Халықтық болған ол белгілі бір таптық, саяси және экономикалық бағдар ұстанбады» [2, 64]. «Оренбургский край» газетінің «Айқап» журналын «жергілікті халықтық басылым» деп атағаны кездейсоқ емес.

М. Сералиннің атқарған еңбегін айта отырып, ол «Қазақстанда демократиялық бағыттағы ұлттық журнал шығаруды бірінші болып жолға қойды. «Айқап» журналы білім әлеміне ашылған бір терезе болды» деп атап көрсетеді. М. Дулатов «Оян» деп қазаққа дабыл соққаннан кейін М. Сералиннің демократияшыл зиялыларды, либерал-революциялық ниеттегі студент жастарды іс жүзінде топтастырып, олардың назары мен жігерін жалпы ұлттық мәселелерді шешуге шоғырландыра білген. «Айқап» патша өкіметінің реакциясынан кейін қазақ қоғамын оятты, «Қазақ» газеті журналдың жақсы дәстүрлерін жалғастырып, жаңа биікке көтерілді.

М. Сералинмен қатар, Б. Қаратаев, Ж. Сейдалин, С. Торайғыров журналдың рухани жетекшілеріне айналды. «Айқап» төңірегіне әр түрлі қазақ демократияшыл зиялыларының, талантты студент жастары жиналды. Журналға А. Ғалымов, М. Жолдыбаев, Т. Жомартбаев, М. Кашимов, Қ. Кемеңгеров, М. Ж. Көпеев, А. Мұсағалиев, Б. Сыртанов, С. Лапин, Н. Манаев және басқалар белсене қатысып тұрды. Журнал беделінің өсуіне бастапқы кезеңде оның жұмысына А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың қатысуы себепші болды. Дала өлкесінің демократияшыл қалың жұртшылығы кейіннен қазақ мәдениетінің, әдебиетінің аса көрнекті қайраткерлеріне айналған дарынды тұлғалар: Сәкен Сейфуллин, Шәкәрім Құдайбердиев, Бейімбет Майлин, Сәбит

Дөнентаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаевтардың шығармашылығымен танысуға мүмкіндік алды. Журнал парақтарынан кырғыз И. Арабаев, ноғай С.Ғаббасов, түрікмен Ш. Назари және басқалар көрінді. Қазақ әйелдері Сақыпжамал Тілеубайқызы, Мариям Сейдалина, Гүлайым Өтегенқызы, Нәзипа Құлжанова журнал беттерінде әйелдердің тең құқылығы, қазақ әйелдерін азат ету, балалар мен аналарды қорғау мәселелерін көтерді.

Журналдың бірінші санында М. Сералин оқырмандарға басылымды құрудың ұзаққа созылған оқиғасын баяндап берді: «Біз бір-бірімізді үнемі ... кінәләп жүрдік ... Басымыз қосылмады. ... Біздің қазақтың неше жерден «қап» деп қапы қалған істері жетерлік. «Қап» дегізген қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз да өкінішімізге лайық «Айқап» аталды».

«Айқап» журналы 1911 жылғы қаңтардан 1915 жылға қыркүйекке дейін бастапқыда айына бір рет, кейін екі рет шығып тұрды. Барлығы 88 нөмірі шықты, таралымы 1000 данаға дейін жетті [2, 69]. Сондай қиын-қыстау заманда қазақ тілінде журнал шығару оңайға соқпағаны хақ. Мұхамеджан Сералин журналды алғаш жұрттан қарызға ақша алып, пай жинап жүріп шығарған. Журналдың шығуына қолдау көрсетіп, жәрдем берушілер қатары көбейген 1912 жылдан бастап журнал айына екі реттен 12–24 бет көлемінде жарияланып отырды.

«Оқиғалар» айдарынан байқалғандай, жер-жерден Ташкент, Верный, Шымкент, Әулиеата, Орал, Қостанай, Торғай, Ақтөбе, Маңғыстау, Бөкей Ордасы, Омбы, Қапал, Семей, Аягөз және басқа аймақтардан хабарлар түсіп тұрған.

«Бізге не істеу керек?» деген атаумен бас мақалада «Айқап» өз бағдарламасын келесідей белгілеген:

Отырықшылық шаруашылыққа көшу, қалаларды тұрғызу, жерден қол үзбеу.

Мектептер мен медреселерді ашу, білімді де мәдениетті бола білу.

Дін істерін өз қолдарына алу, өз муфтиін сайлау.

Мемлекеттік Думаның мінберінен халық мүдделерін қорғау, оларды үкіметке жеткізе алатын депутаттардың бар болуы.

Петербургте тұрақты өкілділіктің болуы.

«Айқап» нөмірден-нөмірге жер мәселесін басты назарда ұстап отырды. Бұл ұғынықты да. Патша өкіметі орыс және украин шаруаларын қоныс аудару қозғалысының қарқынын ұлғайту мақсатында қазақтардың құнарлы жерлерін күштеп тартып алу жолымен «қоныс аудару қорын» құрды. «Айқап» белсенділері

осындай жағдайда көшпелілер мен жартылай көшпелілердің отырықшылануы, «тұрғылықты ауылдық елді мекендер» салу, егіншілік негізінде қазақ шаруаларының тұрмыс-салтын өзгерту керек деп білді. «Қазақ» газетінің жетекшілері, ең алдымен Ә. Бөкейханов оңаша көзқараста еді. Журнал мен газет арасындағы жер мәселесі туралы пікірталас екі жақтың да көп күшін алды [3, 270].

«Айқап» журналы ағарту ісі мен мәдениеттің жаршысына айналды. М. Сералин «біздің ғасырымыз – ғылымның ғасыры» деп санады. Ол Ш. Марджанидің, Ы. Алтынсариннің істерін жалғастырушы болды. Жәдидшілдіктің, жаңа әдіспен дауыстап оқытудың атасы И. Гаспринскийді өзінің ұстазы және тәлімгері деп санады.

XIX ғасырдың соңында жәдидшілдік идеялық-саяси ағым ретінде қалыптасты, оның жолын қуашылар жәдидтер («жаңашылдар») деп аталды. Жәдидшілдер мұсылман дінінің озбырлығына қарсы шықты, өз халықтарын еуропалық мәдениетке, ең алдымен мектеп және медреседе еуропалық дыбыстап оқыту әдісіне тартудың жақтастары болды. Жәдид қайраткерлері жеткілікті болғанына қарамастан, Қазақстанда жәдидшілдік қалыптаспады. И. Гаспринский ұсынған жәдидшілдік өркениетке жеткізер жолдағы басты кедергі исламның озбырлығы, ортағасырлық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар деп көрсетті. Қазақтардың рухани өміріне ислам ықпалының деңгейі Татарстан, Башқұртстан, Қырым және Түркістанмен салыстырғанда едәуір әлсіз еді. Қазақстанда ағартушылық қозғалыс ұлттық қайта өрлеу жолындағы басты кедергі отаршылдық болды. И. Гаспринский түрік-татар бірлігі туы астында өрекет етті. Ал Қазақстандағы ағартушылар татар және бұхара теологтарының, түркі-татар жазуының үстемдігіне жан сала қарсы болған еді. «Шығыстың көрнекті ағартушыларының еңбектері, – деп жазды М. Сералин, – туған халық тілінде оқу мен білім алудың және оны құрметтеудің пайдалы екеніне біздің көзімізді жеткізді» [3, 273].

Дегенмен, С. Ж. Асфендияровтың пікірінше, М. Сералин «тегіңде татар мәдениетімен және оның прогресшіл дәстүрімен мейлінше көп дәрежеде байланысты болған».

М. Сералин бастаған «Айқаптың» пікірлестері классикалық жәдидшілдіктің жақтаушылары болды. Олар қазақ қоғамы мешеулігінің, ескіргендігінің негізгі себебі – халықтың сауатсыздығында (надандық), молдалардың білімсіздігінде, байлардың дарақылығы мен қатыгездігінде (қайырымсыздық),

отаршылдардың қазақ шаруаларын талан-таражға салуында деп көрсетті. Осының бәрінен шығаратын жол қоғамды оқу-ағарту, И. Гаспринскийдің жүйесі бойынша жаңа әдіспен оқыту, қазақтардың отырықшылық тұрмыс салтына бет бұруы (қала салу) деп санады. Өз кезінде бұлар прогресшіл идеялар еді. М. Сералин мен айқаптықтардың сіңірген еңбегі мынада: олар жәдидшілдіктен, ағартушылықтан алға жылжыды, өз идеяларында қазақ шаруаларының, еңбекші бұқараның бытыраңқы және стихиялы арман-тілектері мен ойларын көрсете білген революцияшыл демократтар деңгейіне дейін көтерілді. Айқаптықтарды жас түріктер деген сияқты жас қазақтар, жас ұлттық буржуазиялық-демократиялық қозғалыстың қатысушылары деп тануға болар еді. Сонымен бірге жас бұхаралықтар-жәдидшілерден айырмашылығы, М. Сералин мен оның жақтастары клерикализмнен азат, шынына келгенде либерал-демократтар, шаруашылық жүргізудің отырықшы фермерлік әдісін, орыс халқының озық мәдениетін насихаттаушылар болды. «Қазақ» газеті жарыққа шыққаннан кейін айқаптықтар арасында жік туды. Біразы мұсылман қозғалысының жақтастарына қосылды (М. Қаратаев), басқалары ағартушылықтан отаршылдық жүйені күйрету, қазақ ұлттық мемлекеттігін, ұлттық білім беру жүйесін құру бағытына көшті. Түбірлі жалпыхалықтық мүдделерді қорғап, дәйекті түрде ілгері басқандардың дұрыс істегенін тарихтың өзі дәлелдеп отыр.

XX ғасырдың басындағы ағартушылық іс-әрекетке біз Қазақстанда сапалы кадрлардың тұтас санлақтар шоғырының пайда болғаны үшін міндеттіміз [4, 701], олар ұлттық қайта өрлеудің басында болып, революциядан кейін-ақ халыққа білім беру саласындағы кең көлемді шабуылды жүзеге асыру үшін нақты негіз дайындады. Батыстағы Ағарту дәуірінің «миды тазартып» жаңа қоғамдық-саяси қатынастар үшін жол аршыған ұлы өкілдері секілді қазақтың тұңғыш ағартушылары да өз елінің ой-санасына бостандық, теңдік және туысқандық, әділеттілік негіздерін, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес рухын сіңірді.

М. Сералин қазақ ағартушылары жас буынының жарқын өкілі болды, халық ағарту мен қазақтардың тұтас ұрпағын тәрбиелеу бағытында аса көп іс атқарды. Ол өзін «балаларды жаңа әдіспен оқытуға көшу, Ақтөбеде мұғалімдер мектебінің ашылуы, жергілікті жерлерде мектептер мен медреселердің ашылуы, қазақ балаларының қалалық мектептер мен медреселерде білім алуы, оларда оқитындардың молаюы қуантады» деп жазды [4, 702]. Ол

өзінің ағартушылық идеяларын берік қорғап, былай деп жазды: «Біздің үнемі және шаршап-шалдықпай талқылағанымыздан келесідей екі қорытынды жасауға болады: қала сал, жинақы тұр, сонда ғана шағын болса да құнарлы жер үлесіне иелік ете аласың. Мектеп және медреселерді сал, мектептерді аш, балаларды оқыт, қолөнерді үйрет, сол жағдайда ғана сен ел қамын ойлайтын адам боласың. Әйтпесе сені жер бетінен құртып жібереді» [5, 210].

«Біздің өткендегі және қазіргі жағдайымыз» атты мақаласында М.Сералин келесідей деп атап көрсеткен: ғалымдар «дүниенің дамуын ұрыс шайқастарына...» ұқсатады. «Бұл соғысты адамы көп халық емес, қайта ғылымы, өнері жоғары халық жеңеді. Сол үшін біз басқа халықтармен жарыста артта болғымыз келмесе, біз балаларды біліммен қаруландыруымыз қажет». «Қазіргі заман туралы ойлана отырып, – деп жалғастырған ойын одан әрі автор, – мынадай ойға келесің: Ресей мемлекетінде әрекет жасап, бақытты тұру үшін ғылымды, өнерді үйрену және орыс тілін білу керек. Бұл үшін мектеп керек, ал оған төрт-бес үйдің шамасы жетпейді. Елді мекендер мен кент салудан басқа шығар жол жоқ секілді» [6, 89].

Сондай-ақ, М. Сералин «Айқап» беттерінде мұсылмандардың киелі кітабының мазмұнын ыңғайлы, түсінікті етіп баяндаған авторлардың мақалаларын жарыққа шығарып отырды.

«Айқап» журналының қазақ фольклорын зерттеудегі, абайтанды қалыптастырудағы, орыс және дүниежүзі классикалық әдебиетінің рухани мұрасын насихаттауда атқарған қызметі орасан зор.

Сонымен бірге журнал парақтарында кейде жаңа әдіспен оқытуға түрік-татар көзқарасын насихаттайтын жарияланымдар шығып тұрды. М. Ж. Көпеевтің, Д. Қашкынбайұлының және басқалардың мақалаларында діншілдік жіне шариятқа бейімдік сарыны болды. «Айқап» беттерінде түрік-татар тілінде жаңа әдіспен оқытуға артықшылық берген А. Байтұрсыновтың қазақ жазуы саласындағы реформаторлық ізденістеріне қарсы шыққан авторлар ұйымдастырылған түрде жарияланып отырды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында едәуір шиеленіскен зор қаржыландыру қиындықтары, зиялылардың бір бөлігінің сол кезге қарай өзінің көркемдік толысқандығымен, қазақ әдеби тілінің түлетуімен, стилінің сындарлылығымен және ең бастысы – толғағы жеткен жалпыхалықтық проблемаларды қоюымен әйгілі болған «Қазақ» газеті жағына шығуы 1915 жылдың тамызында «Айқап» журналы шығуының тоқтатылуына себеп болды [4, 704].



Ағартушылардың өздері арасында түңіліс етек алды, олардың қатарында: революциялық әдістерді жақтаушыларға ұстамдылық және ымырашылдықты жақтаушыларға топталу тереңдей түсті. Бүкіл ХХ ғасыр бойында әдебиетті журналдың жабылу себептері мәселесі бойынша дау жүрді. Пікірсайысқа салынбай, ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің қайсыбірі орыс революцияларының және самодержавиенің күйреуінің қарсаңында ең басты ұлттық қоғамдық-саяси және ғылыми-әдеби басылымға айналған «Қазақ» газетін құрушы үштікпен (А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов) бәсекелесе алуы екіталай екенін ғана ескерте кеткен дұрыс.

Соған қарамастан, «Айқап» журналы қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуда, жаңадан қалыптасып келе жатқан зиялы қауымның басын қосып, топтастыра түсуде маңызды рөл атқарды. Қазақ басылымдарын қаржыландыруға татар көпестері мен кәсіпкерлері елеулі үлес қосты. Қазақ халқы бұл кезде түрлі әдеби шығармаларды тек қазақ тілінде ғана емес, татар және орыс тілдерінде де оқи алатын дәрежеге жетті. Белгілі жазушы Дулат Исабеков «Айқап» журналына қазақтың алғашқы баспа көрген, ресми әрі кәсіби журналы болды деп баға берген. Жазушының пайымдауынша, Айқап журналы арқылы қазақ халқы алғаш рет баспа бетінде өз ойын ашық еш қаймықпастан айта білді. Ал ақын Мырзан Кенжебайдың айтуынша аталмыш журналдың қазақ халқының есінде қалуына оның алғашқы болып жарық көруі емес, қазақтың жоғын жоқтаған журнал болуы және қазаққа рухани азық бола білуі себеп болғанын көрінеді. Зерттеуші-ғалымдар, ҚР ҰҒА-ның академигі С. Зиманов және Қ. Ыдырысовтың «бірақ бұл журнал патша өкіметінің ой-ниетіне қарамастан, жалпы алғанда өлкенің қоғамдық өмірінде игі рөл атқарды» дегені бұл мерзімдік басылымның жағымды ықпалын айқын аңғартады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Айқап, А., 1995. У.Суханбердинаның кіріспе мақаласы. Қазақ баспасөзі тарихынан, 21-б.
- 2 Зиманов С.З., Идрисов К.З., Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина, 63-б.
- 3 Артықбаев Ж.О., Пірманов Ә. Қазақстан тарихы. Ғылыми-танымдық басылым. - Алматы: Атамұра, 2014. - 340 б.
- 4 Қазақстан тарихы. Бес томдық. - Т. 3. - Алматы, 2002.Т. 3. - Алматы, 2010. - 765 б.

5 Атабаев Қ. Ұлт және тарих. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. - 232 б.

6 Омарбеков Т.О. ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. - Алматы, 2001.

### НУЖНА ЛИ ДАЧА ЖИТЕЛЯМ ГОРОДА ЭКИБАСТУЗА

КОРНИЕНКО К. К.  
ученик 5 класса, СОШ № 21, г. Экибастуз  
КОРНИЕНКО Г. Н.  
учитель истории, СОШ № 21, г. Экибастуз

Дачный вопрос стоит остро во многих семьях, где живет несколько поколений. Младшие обычно слишком трепетно относятся к своей независимости, и их настроение больше зависит от скорости Интернета, чем от всего прочего. Старшие же готовы проводить все лето на даче, под солнышком, поливая, пропалывая и деля маринады. А среднее поколение, в зависимости от конкретной семьи, делится на два лагеря.

Нужна ли именно вам дача, отдельный маленький домик за городом, где уютно, пахнет пирогами, можно гулять по саду босиком и купаться в водоеме? Этот вопрос неоднократно задается в нашей семье, в начале дачного периода (ранняя весна).

**Актуальность** рассматриваемой проблемы очевидна, так как дача – это и свежие, экологически чистые продукты, а также это – дешевый отдых на природе от городской жизни, дополнительная прибыль в семью.

**Гипотеза:** если бы не было дачи, то не было бы и свежих экологически чистых продуктов на столе, экономичного, дешевого отдыха на природе.

**Цель проекта:** исследование необходимости содержания дачи.

**Задачи проекта:**

- 1 Рассмотреть историю становления и развития дач в целом, а также в Экибастузском регионе.
- 2 Произвести планировку дачного участка, в дачном обществе «Строитель», город Экибастуз.
- 3 Произвести расчет финансовых вложений в дачное хозяйство.
- 4 Показать прибыль при получении и реализации дачной продукции.

5 Доказать, ведение дачного хозяйства, прививает интерес к труду и здоровому образу жизни.

**Объект исследования:** дача – дачное общество «Строитель», ул. Восточная 27, город Экибастуз, посадка, обработка и урожай картофеля, томатов, огурцов, кустарники малины.

**Предмет исследования:** дачный участок, дачное общество «Строитель», ул. Восточная 27, город Экибастуз.

**Методы исследования:**

- общетеоретические методы анализа и синтеза;
- сравнительно-исторический метод;
- сравнительно-сопоставительный метод;
- классификация, обобщение.

**Теоретическая значимость** состоит в том, что при проведении данного научного исследования мы используем различную литературу по растениеводству и огородничеству, исследуем необходимость содержания дачного участка.

**Научная новизна.** В исследовании изучаются расчеты вложений и прибыли с дач в городе Экибастузе.

Практическая значимость. Материалы данного проекта могут быть использованы при разработке спецкурсов по растениеводству и огородничеству, стать основой для развития школьного огорода или пришкольного участка.

Дача – загородный дом для летнего отдыха городских жителей, а также загородная местность с таким домом или домами [1, с. 120].

Дачу можно построить или приобрести, и тогда это будет собственная дача. Человек, владеющий собственной дачей, – дачевладелец (ж. р. дачевладелица) [2, с. 28].

Дачу можно снять (взять в аренду), обычно на лето, и жить тогда на снятой даче. Городских жителей, временно живущих на собственной или снятой даче, в дачной местности, а иногда и просто в деревне называют дачники [3, с. 37].

В советские времена дачи жителей городов стали прежде всего местом для занятий садоводством: выращивания картофеля, клубники, других овощей и фруктов или отдыха всей семьёй в выходные дни летом. Так называемые «коллективные сады» для рабочих и служащих появлялись в российских городах начиная с середины 1930-х годов [4, с. 15].

В 1930-е годы дачи распределялись сотрудникам аппарата ВКП(б). На одной даче могло тесниться несколько семей. В те же годы чиновники высшего ранга строили себе огромные дачи в

15–20 комнат за счёт государства. В феврале 1938 года Политбюро приняло постановление «О дачах ответственных работников», в соответствии с которым устанавливалось предельное допустимое количество комнат на дачах чиновников: до 8 комнат для семейных и до 5 комнат для несемейных [5, с. 299].

Принятое в феврале 1949 года постановление Совета Министров СССР «О коллективном и индивидуальном огородничестве и садоводстве рабочих и служащих» положило начало широкому развитию коллективного и приусадебного садоводства.

Массовое дачное строительство бурно развивалось во времена «хрущёвской оттепели», так как несмотря на обширную программу освоения целины, в Советском Союзе сохранялись сложности с продовольствием [6, с. 35].

В 1950–1960-е годы городским жителям выдавались участки для ведения садоводства и строительства щитовых построек летнего типа.

В период «Перестройки» многие дачные поселки пришли в упадок и не соответствовали своей рентабельности.

В Казахстане развитие дачных хозяйств выпало на 1950–1960-е годы, в крупных городах, областного значения. Городским жителям, также как и во всем СССР, выдавались участки для ведения садоводства, строительства щитовых построек летнего типа, отдыха [7, с. 56].

В период «Перестройки» многие дачные общества пришли в упадок, так как считались не выгодными [8, с. 58].

В период образования и становления новых независимых государств, дачное хозяйство постепенно стало развиваться и приносить свои плоды.

В Экибастузе развитие дачного хозяйства выпало на конец 70-х, начало 80-х годов. Первые дачные общества назывались: «Железнодорожник», «Шахтер», «Строитель», «Энергостроитель», «Горняк», «Весна», «Надежда», «Ягодка», которые были рассчитаны на 1–1,5 тысяч дач.

В конце 90-х годов 20 века, дачные хозяйства стали приходить в упадок, так как, многие люди остались без работы и не могли заплатить за содержания дачи, многие считали, что нет необходимости в даче.

Восстанавливаться дачные хозяйства в Экибастузе начали только во второй половине 2000 годов.

На сегодняшний день в Экибастузе действуют 5 дачных обществ:

- «Союз» – самый крупный дачный кооператив, который насчитывает 924 дачи;
- «Виктория – сад» – 786 дач;
- «Ягодка» – 534 дачи;
- «Горняк» – 438 дач;
- «Строитель» – 287 дач.

Сегодня, почти все заядлые дачники говорят об одних и тех же плюсах: «На даче хорошо, душа поет»; «Нет ничего роднее своей земли»; «Наша дача стала для нас вторым, если не первым, домом, всегда думаем о ней и вспоминаем с теплом даже зимой», «С нетерпением ждем каждого дачного сезона, планируем посадки и мечтаем о солнышке». Большинство дачников именно так описывают свою дачную жизнь, начиная с «солнца» и заканчивая «душой». Но что, же именно человек делает на даче? Нужна ли дача? В чем выгода содержания дачи? [5, с. 299].

Мне кажется, дачные участки с периода их основания играли большую роль, как для развития здорового образа жизни, так и для дополнительного дохода семьи.

В нашей семье каждый дачный сезон начинается с вопроса «Нужна ли дача?» Поэтому мы решили доказать, что дача необходима.

Наш дачный участок находится в пригороде города Экибастуза, в дачном обществе «Строитель», улица Восточная 27.

Наша семья купила дачу в 2000 году.

Дачный участок насчитывает 8 соток, что составляет – 800 кв.м.

В нашей работе приводятся данные 2020 года.

В 2020 году дачный период начался позже (конец апреля 2020 год). Причиной этому был запрет передвижения автомобилей и автобусов, в период карантина пандемии COVID-19. Поэтому нам пришлось составить план участка на бумаге (графически).



Рисунок 1

Этапы планировки дачного участка:

- Создание рисунка плана участка;
- Расчет размеров участка и посадок заранее;
- Планирование, где лучше всего сделать грядки;
- Составление списка растений, которые необходимы на участке;
- Высаживание растений согласно определенному порядку и срокам;

- Прополка растений, согласно срокам;
- Постоянный полив растений;
- Уборка плодов, согласно срокам;

Таким образом, можно сделать вывод, что планировка дачного участка обеспечит самое рациональное использование полезной площади для большей урожайности.

На нашей даче мы выращиваем:

- Зелень (петрушка, салат, укроп, лук, джусан, сельдерей, шпинат);
- Фруктово-ягодные растения (малина, клубника, яблоки, груши, вишня, слива, черноплодная рябина);
- Овощи (картофель, кабачки, патиссоны, огурцы, помидоры, морковь, свекла).

Особое внимание в нашей работе, хотелось бы уделить картофелю, томатам, огурцам и малине, так как в нашей семье это не только свежие овощи и ягоды, но и дополнительный доход семьи.

Для того, чтобы выявить необходимость содержания дачи, мы решили сделать расчет финансовых вложений и прибыль при реализации дачной продукции.

Начнем с финансовых вложений, на содержание дачи в 2020 году (май-сентябрь).

Таблица 1

Оплата за воду и пользование дачным участком	Охрана	Перегонной (удобренная земля), семена и удобрения	Вспашка	Бензин на машину
34 000 тг.	500 тг. в месяц = 500 * 5 = 2500 тг. (за 5 месяцев)	18 000 тг. + 5000 тг.	6000 тг.	2000 тг. в неделю = (2000 * 4) * 5 = 40 000 тг. (за 5 месяцев)
34 000 +	2500 +	23 000 +	6000 +	40 000
Итого финансовые затраты : 105 500 тг.				

Какова же прибыль при содержании дачи? В чем же выгода? Начнем с картофеля, так как картофель является продуктом № 2, после хлебных изделий, то особую роль в растениеводстве нашей семьи имеет именно он.

Таблица 2

Посадили	Выкопали	Оставили на зиму	Планы на продажу
18 ведер	125 ведер	90 ведер (на 4 семьи)	35 ведер
1 в * 1000 тг. = 18 000 тг.	125 в * 1000 тг. = 125 000 тг.	90 в * 1000 тг. = 90 000 тг.	35 в * 1000 тг. = 35 000 тг.
Итого прибыль: 125 000 тг.			

Следующий продукт (ягода), который пользуется наибольшим спросом, является малина.

Таблица 3

Собрали	Продали	Сварили варенье для семьи
20 ведерок по 5 литров	16 ведерок по 5000 тг.	4 ведерка по 5000 тг.
20 ведерок	16*5000 = 80 000 тг.	4*5000 = 20 000 тг.
Итого прибыль: 80 000 + 20 000 тг. = 100 000 тг.		

Очень большим спросом пользуются также – дачные (домашние) томаты и огурцы.

Таблица 4

Овощ	Продали	Маринады для семьи	Итого
Томаты	60 кг. по 300 тг. 60*300 = 18000 тг.	20 банок по 1200 тг. 20*1200=24 000 тг.	42 000 тг.
Огурцы	7 ведер по 1200 тг. 7*1200 = 8400 тг.	35 банок по 1200 тг. 35*1200 = 42 000 г.	50 000 тг.
Итого прибыль: 42 000 + 50 000 = 92 000 тг.			

Таким образом, разницу между финансовыми затратами и прибылью. Мы можем выразить в таблице.

Таблица 5

Прибыль	Финансовые вложения
Картофель – 125 000 тг. Малина – 100 000 тг. Огурцы, томаты – 92 000 тг. (125 000 + 100 000 + 92 000) = 317 000 тг.	105 500 тг.
Итого: 317 000 (прибыль) – 105 500 (затраты) = 211 500 тг.	

Тем самым, мы доказали, что между затратами и прибылью, есть выгода. Значит, для дачников Экибастуза есть финансовая выгода от дач, на примере нашей семьи.

### 7 факторов, почему я люблю дачу

**1. Здоровый образ жизни. Каждый приезд на дачу – это глоток свежего воздуха.** 80 % времени дачник дышит свежим воздухом. Это может быть работа в саду, прогулка, сидение на террасе, стояние возле открытого дачного окна, чаепитие на веранде. Благодаря кислороду лучше начинает работать мозг и все остальные системы в организме.

**2. Смена местности.** Я живу в городе, и смена местности играет большую роль. После тяжелых учебных дней, когда мы приезжаем на дачу, я просто забываю о пройденном дне и обо всем «тяжелом». Когда возишься с землей, играешь на природе, как будто отдаешь всю плохую энергетику, набранную за день.

**3. Интерес к труду.** 20 % времени дачник занимается физическим трудом. Это может быть как прополка, так и игры с детьми, собакой. Физический труд улучшает абсолютно все процессы в организме.

**4. Свежий урожай.** Выращенные собственноручно овощи – это гарантия экологически чистых, свежих продуктов.

**5. Саморазвитие и самореализация.** Когда хочешь вырастить хороший урожай, много читаешь специальной литературы и стараешься вырастить еще лучше.

**6. Совместное проведение досуга с семьей.** Больше находишься вместе с семьей. Находишь общие увлечения, делишься своими мыслями и проблемами.

**7. Привитие эстетической и экологической культуры в семье.** Мне нравится любоваться на распустившиеся цветы, на фрукты, овощи, плодовые деревья. Проектировать грядки, в этот момент я чувствую себя художником- декоратором.

В период карантина дача являлась для нас единственным местом, где можно было дышать свежим воздухом, выехать на природу, пообщаться с людьми.

Итак, нужна ли дача жителям Экибастуза?

Дача – загородный дом для летнего отдыха городских жителей, а также загородная местность с таким домом или домами.

Главным плюсом необходимости дачи является всегда свежий урожай. Вкус свежих овощей, фруктов и ягод не сравнится со вкусом магазинных продуктов. Самостоятельное выращивание овощей и ягод, гораздо дешевле покупок в магазине.

Еще один плюс заключается в том, что, работая на даче, Вы находитесь на свежем воздухе. Ваш организм насыщается кислородом, нервная система укрепляется, улучшается работа мозга. Летом есть возможность получить бронзовый загар.

Несомненный плюс ведения дач – это приучение себя и детей к физическому труду. Мне кажется, чтобы дети не боялись тяжелой, не престижной работы, нужно возить их на дачу, и они вырастут хорошими людьми. Также стоит сказать о физическом труде. Многих людей пугает физический труд. Но он очень полезный. Благодаря физическому труду ваша фигура будет всегда самой привлекательной, трудоспособность повысится. Также физические упражнения полезны здоровью сердца, сосудов, укреплению костей, повышению тонуса в мышцах. Если вы заботитесь о вашем здоровье, дача ваш помощник!

Вести дачный участок – это просто удовольствие.

Таким образом, мы доказали, на примере нашей собственной дачи, что дача нужна жителям города Экибастуза. Потому что, дача является источником вкусных, полезных продуктов, позволяет отдохнуть от городской суеты, является комплексом трудотерапии, возможностью привить ребенку трудовые навыки, чувство ответственности, весомым дополнением к прибыли семьи.

Также мне кажется, что если в городе Экибастузе будут развиваться дачные общества, то это очень хорошо повлияет на развитие экономики города.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Толковый словарь. – М. 1978, стр. 120.
- 2 Немова Е. М. Дизайн садового участка. – М., 2000, с 28.
- 3 Ильинский А. А. Практикум по плодоводству. – М., 1988, с 37.
- 4 Колесников В. А. и др. Плодоводство. – М., 1971, с 15

5 Колесников В. А. и др. Практикум по плодоводству. – М., 1971, с 299.

6 Тарасов В. М. и др. Практикум по плодоводству. – М., 1981, с 35.

7 Белик В. Ф. Овощные культуры: Альбом-справочник. – М., 1988, с 56.

8 Беминг Ф. 600 советов овощеводу-любителю / Пер. с нем. – М. 2007, с 58.

#### ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНҰЛЫ ЖӘНЕ АЛАШ МҰРАТЫ

КҮНБОЛАТ Ш., РЫСДАУЛЕТ А.  
8 сынып оқушылары, № 3 Успен ЖОББМ,  
Павлодар обл., Успенка ауд., Успен а.

САТЫБАЛДИНОВ Е. А.  
жетекші, тарих пәнінің мұғалімі және магистрі, № 3 Успен ЖОББМ,  
Павлодар обл., Успенка ауд., Успен а.

*«Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,  
Демейді қандай қазақ оны оң көзі.  
Семей тұрсын, жеті облыс – бар қазақтан,  
Талассыз жеке-дара тұр гой өзі.»*

**С. Торайғыров**

Жиырмамыншы ғасырдың басында отаршыл орыс империясының қоғамдық өмірінде орын алған әлеуметтік толқулар мен саяси төңкерістер қараңғы қазақ көгіне азаттықтың үміт сәулесін себелеп төге бастаған-ды. Осы тұста Міржақып: «Оян, қазақ!» деп ұрандатса, Ахмет, Әлихан, Халел, Мағжан Алаш туы астынан табылып, жаңа қазақ қоғамын құруға бел буып, білек түре кіріскені тарихтан белгілі. Осы Алаш туын бір ұйымға біріктірген Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы еді.

Ол көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, ұлт азаттық қозғалысының теориялық негізін салушы әрі көсемі, қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы және Алашорда үкіметінің төрағасы. Туған жері бұрынғы Семей облысындағы Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысы, қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданы. Ата тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы.

Сонымен Әлихан Бөкейханов басқарған қазақ зиялылары 1905 жылы кадеттер үлгісіндегі қазақтың ұлттық саяси партиясын құруға әрекет жасағанда оның XX ғасырдың басындағы Қазақстанды

буржуазиялық қатынастарға бейімдеуге жетекшілік жасайтын ұлттық-либералдық типтегі ұйым құруды ойластырды.

Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов және М. Дулатов сынды халқымыздың біртуар ұлдары басшылық еткен басылымға сол кездегі қазақ оқығандарының, көзі ашық, көкірегі ояу зиялы азаматтарының үн қатпай қалғаны некен-саяқ. Осыдан – ақ газеттің арқалаған жүгінің қаншалықты ауыр және әрі жауапты болғандығын аңдау қиын емес [4, 5].

Әлиханнның саяси көзқарасының пісіп, жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері әрі қазақ ұлт азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және көсеі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шындалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етеді. ХХ ғасырдың басында қазақ даласында екі ағымның болғаны белгілі. Бірі Бұхара мен Түркістанға бет бұрған дәстүршіл, панисламшыл ағым, екіншісі негізінен Батыс өркениетін үлгі тұтқан жаңашыл, пантүркішіл ағым. Осы екінші ағымның басында Әлихан бастаған орыс мектептерінен тәлім тәрбие алған озық ойлы қазақ зиялылары тұрады. Бұл топ саяси ұстамдылық танытып, Ресей империясына қарсы ашық күреске шығудың әлі ерте екенін анық түсінеді.

Басқа сөзбен айтқанда, Әлихан Бөкейханов кадет партиясынан ат құйрығын үзуін қазақ қауымы үшін өмірлік маңызды үш мәселе жөнінен – аграрлық, ұлттық-мемлекеттік құрылыс және дін мәселесі бойынша келіспегендіктен деп түсіндіреді. Осы басты мәселелер мен олармен тығыз байланысты басқа да күрделі проблемаларды талқылау үшін бүкілқазақтық съезд шақыруды дұрыс деп тапқанын ашық мәлімдейді. Бұл оның көзқарас эволюциясының либералдық-демократиялықтан ұлттық-демократиялыққа қарай өзгеріске ұшырағанын көрсетті.

Әлихан Бөкейханов Ресейдің көрнекті экономист, географ ғалымдарымен бірлесе отырып, «Россия біздің отанымыздың жалпы географиялық сипаттамасы» атты көп томдық еңбектің 1903 жылы шыққан қазақ өлкесіне арналған 18 томның тарауларын жазуға қатысқан. Әлекең қазақтар туралы шынайы мәліметтер келтіріп, қазақтарды асқақтатады. Қазақтың ой-өрісі мен дүние танымы, ежелгі мәдениеті мен тарихы сияқты қасиеттері анағұрлым озық тұрғанын аңғартады [6].

Уақытша үкімет құлағаннан кейін Қазақ аумақтық ұлттық автономия құруға шешім қабылданды. Алаш орданың құрамына Бөкей Ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарқан облыстары мен Әмудария аймақтары кірді. Осы

аталған табиғат байлықтары, жер астындағы және оның үстіндегі барлық қазына Алаш автономиясының меншігі деп жариялады [2, 5].

Ал Ә. Бөкейханов пен оның серіктестерінің 1905–1917 жылдардағы көзқарас эволюциясы 1917 жылғы шілдеде ұлттық-демократиялық мақсат-мүдделерді көздейтін Алаш саяси партиясын құруға алып келеді. «Алаш» шын мәніндегі дәстүрлі саяси партия болып қалыптасып үлгермегеніне, іс жүзінде саяси ұйым ретінде қоғамдық қозғалыс дәрежесінен әдеттегі партияға өту «кезеңін» бастан кешірген өтпелі саяси ұйым болғанына қарамастан, қоғамдық-саяси өмірге араласа бастаған кезден түбірлі екі ұлттық мақсатты – қазақ халқын отарлық езгіден құтқаруды және қазақ қоғамының өркениетті елдер қатарына жеткізуді өзіне басты нысана етіп белгіледі.

1918 жылы 8 қыркүйекте Уфада ашылған Ресейдің мемлекеттік құрылтайы Алаш автономиясын ұлттық республика ретінде таныды. Жиыннан Ә. Бөкейханов сүйінші сұрап былай деп жеделхат жолдайды: «Құрылтай уәкілдігінің комитеті Алашты автономиялы жұрт деп таныды. Бар күшті ұлт әскерін жасауға салды. Алаш Россиядағы одақтас мемлекеттерінің бірі. Сондықтан тіреудің бір ұшы – Алаш әскері [1, 14].

Алаштың әлеуметтік тегі туралы мәселеге байланысты ортақ тұжырым қалыптасқан жоқ. Зерттеулердің бірі Алаш ұсак буржуазияшыл партия десе екіншісі либералдық байшылдық деп бағалады, ал үшіншісі Алашты партия деуден гөрі қоғамдық-саяси қозғалыс деп анықтауды жақтайтынын білдірді. Алаштың басты идеологиясы отарлыққа қарсы бағытталған жалпы ұлттық идеядан туындады. Сондықтан да Алашты Қазақстанды капиталистік қатынастарға ыңғайлауға тырысқан негізінен ұлттық интеллигенция өкілдерінен тұратын идеологиясы отаршылдыққа қарсы бағытталған ұлттық-демократиялық саяси ұйым деп анықтауға болады.

Демек Алашты саяси ұйым ретінде қоғамдық қозғалыс дәрежесінен әдеттегі партияға ауысу кезеңін бастан кешірген өтпелі саяси ұйым деп қарастырған жөн.

Осы негізгі мақсаттарды және олардан туындайтын басқа да әлеуметтік-саяси міндеттерді шешуді Алаш басшылығы эволюциялық реформа жолымен жүзеге асыруды көздеді. Өздерінің алдына ел тағдырына байланысты, елдегі билік жүйесіне байланысты мақсат қойды, елдікке ұмтылды. Бірақ, бұл мақсаттарына жете алмай, алаш зиялылары, интеллигенциялары сол жолда құрбан болды. Алаш партиясының әр мүшесі қудаланып, атылды. Тек саусақпен санарлық бөлігі ғана қашып құтылды.

XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихындағы ең ұлы идея қайсы десе, Алаш идеясы деп жауап берер едік. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің іргетасы – осы идея.

Алаш идеясындағы қайраткерлердің жемісті еңбек жылдары – ақыл һәм жүрек айбатымен күрескен 1907 жылдан 1937 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты қамтиды. Тағдыр мен тарих оларға осындай мерзімді ғана қиыпты. Одан кейінгі жайы белгілі: айдалды, атылды, ресми тарихтан, ел жадынан аты өшірілді.

Ұлт лидерлері (серкелері) шықты: Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Барлыбек Сырттан, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Жаһанша Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы. Алаш зиялыларының алдыңғы толқыны болып есептелетін осынау тұлғалардың әрбірі, бүгінгі тілмен айтсақ, мемлекет басқаруға қабілетті Президенттей еді.

Сөйте тұра «күзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей, бұлардың көшбасшысы Әлихан Бөкейхан болатын. Әлиханнан қалған мынадай тағылымды сөз бар: «Түген деген хан, пәлен деген би, батыр өткен, ерлігі, еңбегі көп деп мақтанамыз. Олар сондай болса, қазақ неге сорлы? Біздің кемшілігіміз – әркім тарих арқалатқан жүкті белгілі жерге апармай, сондағыларға тастап кететіндігі» [5].

Ә. Бөкейхандар, міне, өзі айтқан «жүкті» қияға қарай көтеріп шықты. Өзінен кейінгі бір буынды тәрбиелеп өсірді. Бұл буынның қатарында М. Жұмабайұлы, С. Садуақасұлы, Қ. Кемелгерұлы, Ж. Аймауытұлы, Б. Күлейұлы, М. Әуезов т.б. бар еді.

Әйтсе де, «Алаш» партиясы және оның айбарлы қайраткерлері ел тарихынан үлкен орын алып, халықтың жүрегіне елдікке деген сенім мен үміт ұялатты.

Қанша уақыт өтсе де, бүгінгі жас ұрпақ Әлихан Бөкейхановты ешқашан ұмытпайды. Өйткені біздің санамызда Әлихан есімі өлген жоқ, Оның рухы тәуелсіз еліміздің ұрпақтарын желеп жебеп, оларды адалдыққа, имандылыққа және отансүйгіштікке тәрбиелей береді.

Білім ордасы мектептерінде «Алаштану» тарихын оқытуды көтеру үшін мынадай ұсыныстар асырылса:

Мектептің жоғары сыныптарында қайтадан Алаштану пәні міндетті түрде енгізіліп, оқушылардың санасына құйылу керек;

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасына «Алаш қозғалысы» тақырыбына сағаттар көбірек бөлінсе;

Алаш арыстары тек меретойлар, ғылыми конференциялар кезінде қозғамай, күнделікті ақпарат құрвһалдары мен теледеидар беттерінде кеңінен насихаттаса;

Алаш қозғалысы туралы деректі фильмдер көбірек түсіріліп, әр апта сайын көрсетіліп отырса.

Себебі қазіргі жастардың өз еліне отансүйгіштік рухын көтеруге тиіс. Елбасы айтқандай XXI ғасыр жастардың қолында. Өйткені олар басқа әлемдік елдерінде қазақ байрағын биік ұстауға міндетті.

Осы жылда, әсіресе 2021 жылы Қазақстан Республикасында айтулы тарихи күн тұмақ. Ол тәуелсіздігімізге 30 жыл. Жалпы осыған орай Алаш қайраткерлерімізге арнап олардың еңбектерін келешек ұрпаққа жастарымызға насихаттай отырып, оларды Тәуелсіз Қазақстанымызды әрі қарай өркендетуге және көркейтуге үлестерін қосады деп ойлаймын. Әлихан Бөкейхановтың мына сөзімен: «Ұлтына жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» аяқтауды жөн көрдік. Тек қана ұлт, ел, жер, Отан үшін қызмет етейік.

Әлиханның атқарған ісі кейінгі ұрпаққа қалдырған аманат-мұрасы әлі де жан-жақты талданып, зерттеле түспек [3, 144].

Ал білім ордасы мектептерінде «Алаштану» тарихын оқытуды көтеру үшін мынадай ұсыныстар асырылса:

1 Мектептің жоғары сыныптарында қайтадан Алаштану пәні міндетті түрде енгізіліп, оқушылардың санасына құйылу керек;

2 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасына «Алаш қозғалысы» тақырыбына сағаттар көбірек бөлінсе;

3 Алаш арыстары тек меретойлар, ғылыми конференциялар кезінде қозғамай, күнделікті ақпарат құрвһалдары мен теледеидар беттерінде кеңінен насихаттаса;

4 Алаш қозғалысы туралы деректі фильмдер көбірек түсіріліп, әр апта сайын көрсетіліп отырса.

Себебі қазіргі жастардың өз еліне отансүйгіштік рухын көтеруге тиіс. Елбасы айтқандай XXI ғасыр жастардың қолында. Өйткені олар басқа әлемдік елдерінде қазақ байрағын биік ұстауға міндетті.

Осы жылда, әсіресе 2021 жылы Қазақстан Республикасында айтулы тарихи күн тұмақ. Ол тәуелсіздігімізге 30 жыл. Жалпы осыған орай Алаш қайраткерлерімізге арнап олардың еңбектерін келешек ұрпаққа жастарымызға насихаттай отырып, оларды Тәуелсіз Қазақстанымызды әрі қарай өркендетуге және көркейтуге үлестерін қосады деп ойлаймын. Әлихан Бөкейхановтың мына сөзімен: «Ұлтына жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» аяқтауды жөн көрдік. Тек қана ұлт, ел, жер, Отан үшін қызмет етейік.

Әлиханнның атқарған ісі кейінгі ұрпаққа қалдырған аманат-мұрасы әлі де жан-жақты талданып, зерттеле түспек [3. 144].

Ал білім ордасы мектептерінде «Алаштану» тарихын оқытуды көтеру үшін мынадай ұсыныстар асырылса:

5 Мектептің жоғары сыныптарында қайтадан Алаштану пәні міндетті түрде енгізіліп, оқушылардың санасына құйылу керек;

6 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасына «Алаш қозғалысы» тақырыбына сағаттар көбірек бөлінсе;

7 Алаш арыстары тек меретойлар, ғылыми конференциялар кезінде қозғамай, күнделікті ақпарат құрғалдары мен теледеидар беттерінде кеңінен насихаттаса;

8 Алаш қозғалысы туралы деректі фильмдер көбірек түсіріліп, әр апта сайын көрсетіліп отырса.

Себебі қазіргі жастардың өз еліне отансүйгіштік рухын көтеруге тиіс. Елбасы айтқандай XXI ғасыр жастардың қолында. Өйткені олар басқа әлемдік елдерінде қазақ байрағын биік ұстауға міндетті.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан тарихы әдістемелік журнал №3 2014 жыл. 10-15 бет.

2 Қазақстан тарихы әдістемелік журнал №6 2013 жыл. 3-6 бет.

3 Алаш. Алашорда энциклопедия Алматы «Арыс» 2006 жыл 544 бет - 144 бет.

4 Қайрат Сақ «Алаш мұрасы» Алматы «Қазығұрт» баспасы 2014 жыл. 5 бет

5 Дихан Қамзабекұлы «АЛАШ МҰРАТЫ – ОТАНДЫҚ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМДЫ НЕГІЗДЕУШІ КҮШ» деген баяндамасынан үзінді.

6 «Алаш мұраты және Тәуелсіз Қазақстан» педагог қызметкерлердің республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары / Қарағанды 2016 ж, -289 бет

#### НАСТОЛЬНЫЕ ИГРЫ ПРИ ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОГО И РУССКОГО ЯЗЫКОВ (НА ОСНОВЕ КРАЕВЕДЧЕСКИХ МАТЕРИАЛОВ)

ЛИЗОГУБ В. В., АМАНГЕЛЬДИНОВА Д.

ученики 6 класса, Гимназия № 3 для одаренных детей, г. Павлодар

Идея создания настольных игр на основе краеведческого материала возникла, когда мы с семьей и моей подругой отдыхали несколько дней в «жемчужине» нашего края – Баянаульском

заповеднике. Это была незабываемая поездка, где мы могли не только любоваться удивительными пейзажами, но и узнать много интересного и полезного для себя. Перед нами был открыт удивительный вид на необычайно красивые горы, покрытые разными видами хвойных деревьев и растений, озера, которые казались голубыми, как небо в ясный день и многое другое.

Посещая туристические места, мы задавали друг другу вопросы, находили ответы на них в Интернете. По возвращении домой у нас возникла идея переложить маршрут туристической прогулки на карту с обозначением достопримечательностей Баянаульского заповедника. Но для того чтобы это путешествие стало более интересным, мы решили создать настольные игры, которые развивают не только эрудицию, интеллектуальные и познавательные способности, логическое мышление, но помогаю изучать языки.

На первом этапе своего исследования, мы провели опрос среди одноклассников и взрослых с целью выявить, каким играм они отдают предпочтение и есть ли у них желание получить дополнительную информацию о родном крае посредством настольной игры. В анкетировании принимали участие 48 человек. Участникам анкетирования были заданы следующие вопросы:

1. Какие игры вам больше нравятся?  
а) компьютерные б) настольные в) подвижные
2. Какие настольные игры вы знаете, перечислите?
4. Хотели бы вы с помощью настольной игры изучать языки?  
а) да б) нет в) затрудняюсь ответить



Диаграмма – 1





Диаграмма – 2

Исходя из результатов анкетирования, мы решили создать настольные игры, чтобы интереснее было изучать казахский и русский языки, а в содержание включили региональный компонент.

Учебные лексические игры являются ситуативновариативным упражнением и способствуют выполнению следующих методических задач:

- обеспечение естественной необходимости многократного повторения учащимися лексических единиц;
- тренировка учащихся в выборе нужного речевого варианта;
- снятие состояния тревожности, типичного для ситуации контроля знаний.

Настольные игры являются средством создания естественной ситуации общения на неродном (казахском) языке. Результативность лексических игр зависит от их систематического использования и от целенаправленности программы игр в сочетании с традиционными дидактическими упражнениями [1].

Лексические игры можно использовать на разных уровнях овладения казахским языком от начального до продвинутого. Только, конечно же, на каждом этапе эти игры будут свои. На начальном уровне можно в игровой форме учить и запоминать слова. На уровне постарше это хороший способ для запоминания новых выражений и словосочетаний.

Содержанием наших настольных игр мы решили выбрать наш край, Баянаульский заповедник. Вначале мы изучили теоретический материал о Баянаульском заповеднике. Для этого посетили школьную, центральную городскую и детскую библиотеки, а также воспользовались информацией из Интернета. Из книг мы узнали об исторических событиях и легенды о достопримечательностях Баянаула, изучили туристические схемы и карты Павлодарской

области, в том числе Баянаульского заповедника [2, 3, 4]. Полезную и увлекательную информацию о флоре и фауне Баянаульского края мы получили из книги павлодарских авторов А. Б. Каденовой, В. А. Камкина, Н. Т. Ержанова, Е. В. Камкиной «Флора и растительность Баянаульского Государственного Национального Природного парка» [5]. Информация, полученная из данных источников, является интеллектуальной базой наших игр.

Затем мы познакомились с историей появления игр, с различными видами настольных игр, изучили их правила. Опираясь на изученный нами теоретический материал и практические навыки, за основу создания настольных краеведческих игр мы взяли следующие игры:

- Настольная игра «Ходилки»;
- Настольная игра «Лото»;
- Логическая головоломка «Пазл»

Каждую выбранную игру видоизменили и усовершенствовали в соответствии с материалом по краеведению и дали соответствующее название каждой новой игре.

На этапе создания игры «Баянаульский заповедник», основанной на принципе игры «Ходилки», мы разработали игровое поле, в качестве которого выбрали настоящую карту Баянаула. На карту нанесли дополнительно фотографии с изображением достопримечательностей Баянаула и проложили путь, по которому будут следовать игроки.

Чтобы сделать игру интеллектуальной, мы разработали правила, в которые вошли вопросы в виде тестов, головоломок, ребусов, кроссвордов. Это вносит определенный колорит игре и даёт возможность разгадать ответ, при условии, если его не знаешь [6].

Вот такая игра у нас получилась:



Рисунок 1

Следующей настольной игрой, с помощью которой можно пополнять лексику казахского языка, стала увлекательная игра «Лото», которую мы назвали «Живой мир Баянаула». Игра основана на принципах обычной игры «Лото», но вместо бочонков и чисел использованы карточки с животными и растениями Баянаульского заповедника.

Для ведущего подготовили карточки с вопросами, которые он задает во время игры. Лото «Живой мир Баянаула» построено так, что участник сначала отвечает на заданный вопрос ведущего, а потом закрывает карточкой нужную картинку. Игра знакомит участников с растительным и животным миром, учит анализировать и сопоставлять картинки, развивает внимание и концентрацию [7].

Вот такая игра у нас получилась.



Рисунок 2

К числу развивающих интеллектуальных игр, помогающих изучить родной край, мы добавили пазлы. Они не только знакомят с достопримечательностями Баянаула, но и развивают усидчивость и терпение, умение доводить начатое дело до конца, т.е. те качества, которые обязательно пригодятся во взрослой жизни. Также игра развивает визуальную память, воображение, наглядно-образное мышление, логическое мышление. Пазлы для детей тренируют умение видеть проблему с нескольких сторон и учат принимать нелегкие решения. Выбирая достопримечательности Баянаульского края для игры «Пазл», мы ориентировались на ту местность, где есть ярко выраженные отличительные особенности, что облегчает сборку пазл. Например, гора Кемпиртас (старуха-камень), или, как её называют все туристы, Баба-Яга [7]. Также другие виды

Баянаульского заповедника, которые, на наш взгляд, более просты в сборке.




Рисунок 3

После создания новых настольных игр, мы решили узнать, вызовут ли они интерес у одноклассников, друзей, родственников. Мы играли на больших переменах, оставались после уроков, играли в кругу друзей и родственников. Было очень весело. На некоторые вопросы не могли ответить даже взрослые. Игра настолько заинтересовала окружающих, что ответы на вопросы пытались найти все вместе, ведь разгадать ребус, загадку, кроссворд очень интересно любому человеку, независимо от возраста. У всех участников игры было желание выиграть! Самое главное, что во время игры все изучали материал о нашем всеми любимом Баянаульском заповеднике – «жемчужине» Казахстана, – и говорили на казахском и русском языках!

В дальнейшем мы планируем создать несколько видов подобных настольных игр, которые помогут изучить более подробно наш родной край и развить коммуникативные способности, логическое и образное мышление, умение концентрироваться в той или иной ситуации. А также добавить английский язык.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Авдулова, Т. П. Психология игры: учеб. пособие для студентов высш. пед. учеб. Заведений / Т. П. Авдулова. – М.: Academia, 2009. – 203 с.
2. Баянаул: Фотоальбом /Сост. В. Григорьев. – Алма-ата: Онер, 1985 г.
3. Бобкова Л. М., Куденкова В. А., Бугаева В. Н., Соколкин Э.Д. Туристическая схема Павлодарской области. – Москва: ГУГК, 1986 г.

4. Буренков В. М. Баянаул. – Алма-ата: «Кайнар», 1979 г.
5. Каденова А. Б., Камкин В. А., Ержанов Н. Т., Камкина Е. В. Флора и растительность Баянаульского государственного национального природного парка: монография. – Павлодар: Кереку, 2008 г.
6. Приймак Д.П. Баянаул заповедный. – Алма-ата: Казахстан, 1982 г.
7. Приймак Д.П. Скалы и легенды Баянаула. – Алма-ата: Казахстан, 1974 г.

### **ЖЕЛТОҚСАНШЫЛАРДЫҢ ЕСТЕЛІКТЕРІ – ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ДЕРЕККӨЗІ**

МЕЙРАМГАЛИЕВА А. М.

9 сынып оқушысы, № 26 Гимназия-мектебі, Екібастұз қ.

БЕЙСЕНБАЙ М. Е.

тарих пәнінің мұғалімі, № 26 Гимназия-мектебі, Екібастұз қ.

Еліміз тәуелсіздік алуымен бірге тарих ғылымының дамуында жаңа кезең басталды. Кезінде «құпия» деген таңбасы бар көптеген мұрағат құжаттары ғылыми айналымға енгізіліп, тарихи оқиғалар мен құбылыстар объективті тұрғыдан зерттеле бастады. 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі де өзінің әділ бағасын алуда. Өйткені 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің басы-қасында болып, оған қатысқан жастардың, оның ішінде қазақ қыздарының ерлігі сонау ежелгі Қазақстан тарихынан бастау алатын, кешегі Томирис пен Гауһар, Бопай мен Ботакөз, Әлия мен Мәншүктей қазақ батыр қыздарының ерлік істерінің жалғасы болып табылады. Сондықтан олардың ерлігі мен тағдырын зерттеу – бүгінгі жас ұрпақтың алдында тұрған міндет.

1986 жылғы желтоқсан көтерілісі 1731 жылдан басталған ұлт-азаттық қозғалысының құрамды бөлігі, оның азаттық пен бостандыққа апаратын ұзақ жолының биік бір белесі. Көтеріліске қатысты бірқатар тарихи шындықтың беті ашылғанымен, әлі де зерттеуді талап ететін мәселелер бар. Көтеріліске қатысқан қыздардың қилы тағдыры жан-жақты, кешенді зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі болып табылады. Көтеріліс болған күннен кейін отыз бес жыл уақыт өткенімен көптеген қыздардың тағдыры ашылмай келеді, іс-түссіз жоғалған тағдырлардың сыры жабулы күйінде. Қазақтың біртуар қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай өткен күндерді еске түсірудегі мақсат – бастан кешкен қасіреттеріміздің себептерін саралау, халқымызды

тәуелсіздікке бастайтын, өз тағдырын өзі айқындауға жеткізетін ең тура жолды анықтап алу болып табылады деп түйген [1].

Қазақ тарихының қасіретті беттерінің біріне айналған Желтоқсан көтерілісін күшпен басып-жаншығанын тоталитарлық жүйе тап сол мезетте үлкен жеңіске балады. Сөйтіп, жазалау әрекеттеріне белсене қатысқан көптеген құқық қорғау органдары мен мекемелерінің қызметкерлерін ордендермен, наградалармен, ақшалай сый-сияпаттармен марапаттады. Ал, мына жақта қаншама адам өтірік жала жауып, қаншама қазақ жастайынан қыршынынан қиылды. Оқиғалардың зардаптары туралы ресми деректер кереғар әрі дәл емес болып шықты. Ішкі істер министрлігінің деректері бойынша ұсталғандардың саны – 2336, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің деректері бойынша – 2212, прокуратураның деректері бойынша – 2401 адам. Уақытша қамау изоляторларына, арнаулы қабылдау орындарына, тергеу изоляторларына жеткізілген және қала сыртына апарып тасталған адамдарды ескергенде, ұсталғандар санының 8,5 мыңға жуық болғаны анықталды. Денесіне жарақат түскен адамдардың саны – 763-тен 1137-ге дейін деп әртүрлі көрсетілді, ал комиссияның бағалауынша, 1,7 мыңнан астам адам дене жарақатын алған. Ал жазықсыз оқудан, жұмыстан шығарылған, алты айлап тергеуге түскен мыңдаған адамдар қаншама?! Жазықсыз жапа шегіп, қапылыста мерт болған өршіл өрендер рухына тағзым ретінде өткенге тағы бір ой жүгіртіп көрейікші... [2].

Желтоқсан көтерілісіне қатысып, кезінде біраз тауқыметті басынан өткерген қазақ қыздарының естеліктері бүгінде қоғамға желтоқсан тағылымын тереңірек ұғынуға септігін тигізеді.

Мақалада сол сұрапыл уақыт туралы Екібастұз қаласы өңірінің куәгерлерінің естеліктеріне тоқталып өтсек.

Желтоқсан көтерілісіне қатысып, саяси жазалау шараларының зардабын көргендердің бірі – Екібастұз қаласының № 26 гимназия-мектебінің ұстазы Диханбаева Клара Калдыбаевна былай деп еске алады: «Сол жылдары мен Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық жоғары оқу орнының (Каз. ПИ) жаратылыстану факультетінің 5 – курс студенті едім. Намысымыз ту болып желбіреген біз жастар 17–18 желтоқсан күндері Брежнев алаңында үкімет басына келген Колбинге қарсы екенімізді бейбіт түрдегі ереуілмен білдірдік. Бірақ, біздерден жатаханаға, пәтерімізге қайтуымызды талап етті. Біз жастар олардың талабын орындамай, ұлтымыздың бұғаудан шығатын кезі келгендігін, желтоқсан айының ызғарлы аязына қайтпас қайсарлықпен қасқайып қарсы тұру арқылы дәлелдедік. Бәріміз дерлік алаңда болдық.

17-ісі күні алаңда таңертеңгі 10-нан кешкі 10-ға дейін жүрдік. Кешке қарай алаңды қарулы солдаттар қоршап, су шашатын машинамен су шашып, бейбіт халыққа күш көрсете бастады. Көптеген жастарды ел алдында сөйлегендері үшін, торлы машинаға қамауға алды. Бір кезде қыздардың шынғырған жан дауыстары шықты, дауыс шыққан жаққа қарасам ұзын шашты жас қызды дырылдатып шашынан сүйреп алып барады екен. Көзді ашып-жұмғанша не болып не қойғанын түсінбей қалдық. Бір кезде солдаттар лап қойғанда жан-жаққа тым-тырақай қаштық. Ертеңіне таңертең 18-күні қайтадан алаңға бардық. Біз көрген бұл күнгі көрініс кешегіден де сұстырақ болып көрінді. Алаңда қарулы солдаттар шеп түзеп тұр екен. Ойымызға еш жамандық алмай, көпшілікпен шерудің шетінде алаңсыз тұрған едік. Бір мезетте жастардың дүрлігіе қашқанын көрдік, сонда да қаннен-қаперсіз тұра бердік. Артымызға бұрылып қарағаным сол еді, бізге қарай қолында қатты таяқшасы бар әскери солдаттардың келіп қалғаным байқағаным сол-ақ еді..., оң қолыма қатты соққының тигенін сездім жанымдағы құрбым екеуіміз қол ұстаса қаша жөнелдік. Жатақханаға келгенде қарасақ құрбымыз адам танымастай күйде екен. Үстіндегі киімі кір, етігінің түмсығы қажалып бояуы кеткен, себебі оны қашқан кезімізде ұстап алыпты. Содан ұрып-соғып, желкесінен ұстап алып сүйреген, темір торы бар машинаға апарып қамаған. Құрбымыз көргенін айтқанда қатыгездік пен айуандықты сезгендей болдық. Бірақ, қаны қайнап шарасыздықтан не істерін білмей жүрген қазақ милиционер көмектесіп ылғи қыздарды қамауға алып бара жатқан жолда түсіріп кетіпті. Кетіп бара жатып мен сендерді көрген жоқпын, ал сендер мені көрген жоқсындар деп айтыпты.

1916 жылдағы көтеріліс, жиырмасыншы жылдардағы аштық, отызыншы жылдардағы тоталитарлық жүйе, Ұлы Отан соғысы, 1986 жылғы қазақ халқын дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасы. Бұл оқиғаның барлығы да қазақ жеріне, қазақ еліне және қазақтың жалындаған жастарының жүрегіне ауыр жара салды. Қанша қиыншылық болса да, біз сол кезді ешқашан ұмытпаймыз және айыптамаймыз да. Себебі, бұл-тарих. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналықты жадымызда мәңгі ұстайық!» [3].

Кезінде Желтоқсан көтерілісіне қатысқандардың ішінде Екібастұз қаласының тұрғыны Күлия Мұсабекқызын да атап өту керек. Күлия Мұсабекқызы өз естелігінде: «Мен, Күлия Мұсабекқызы 1986 жылы Алматы қаласындағы Қазақ Педагогикалық Институтында Абай атындағы үшінші курста оқитынмын. Сол 1986 жылы 16 желтоқсан күні жатақханада кешке бір кісі келіп айтты: «Ертең, қазір оны

Тәуелсіздік алаңы деп атайды ғой, ол кезде Жаңалаң деп айтатын, сонда бүкіл жастар жиналайық деп жатырмыз, келіндер, Діммухаммед Ахметұлы Қонаевты алып тастап, орнына басқа ұлт өкілі, Ресейден әкеліп қойғалы жатыр екен, неге біздің қазақ ұлтынан қоймасқа, неге біздің Қазақстанның азаматын қоймасқа деген сияқты сұрақтар қойылады» – деп бізді сол алаңға шақырды. Сонымен таңертең тұрғаннан кейін институтқа бардық. Барсақ, философия пәні болатын. Онда біздің мұғаліміміз профессор болатын. Оқытушымыз кешікті, содан студенттерде, өзімізде қағида болатын, профессор болса да 15 минут қана тосатын. 15 минут күттік. Енді шығайық десек, барлық есіктерді жауып тастаған, ешкімді де шығармай жатыр, негізі ол кісі кешікпейтін мұғалім болатын. Бір уақытта ол кісі келді, қолында арнайы папкасы, газеті бар. Сонда Колбиннің суреті бар екен. Сосын отырдық, сол Колбинмен таныстырды. Сондай кезектен тыс Москва қаласында сессия өткен екен. Содан Дінмухаммед Ахметұлы Қонаевтың орнына Колбинді сайлаған. Содан бір 15 шақты минуттан кейін шу болып кетті терезеде. 5 этажда оқып жатқанбыз. Терезеден қарасақ, бұрын мұндайды тек қана Америка, басқа шет елдерден көретінбіз. Қарасақ, толпа келе жатыр, алдында ГАИ машиналары бар, бірақ қолдарын транспаранттары бар студенттер келе жатыр. Біз терезеден бәрін қарап тұрмыз, сондада күн суық болса да, терезені ашып қарадық. Сол кезде «қаппен шығындар» деп айқайлады, шығайын десек, барлық есік құлыптаулы, шығармады. Содан олардың барлығы кетті, дүрлікпе басылды. Содан мен ештеңе түсінген жоқпын, жатақханаға келдім. Қыздар жоқ, жатақханада бір де жан жоқ. Содан келіп, біраз жүргем, сосын кеш боп қалды. Кешке қарай біздің қыздар келді. Үстері көбік-көбік, айттым ғой сол кезде тарату үшін көбіктер шашылды деп, содан үстерінен резинаның иісі шығады. Содан бізге хабар түсті, «сағат түнгі 1-де мынажақтан студенттер келеді, АҚБК деген комбинат болды, содан жұмысшылар келеді, солармен бірге ілесіп шығасындар» деген. Содан тарих факультеті болғасын, саясатқа жақын, біз шығайын деп вахтаға жақындасақ, ректор да, декан да, профессор да барлығы вахтада отыр, олар алаңға шығармаймыз деп, есіктерді жауып қойыпты. Содан біз түнгі сағат 2-де 2 этаждан секіріп, сол жатақханада неше студент бар, барлығымыз шықтық. Барлығымыз бірге, жанағы жұмыскерлер бар, жастар бар, қосылып, Жаңа алаңға жаяу кәдімгі демонстрациямен бардық. Содан барсақ, енді өз көз алдыма елестетсем қазір бүкіл сол Алматыдағы бүкіл жастар сол алаңда деп айтсам, өтірік емес. Содан біз таңғы сағат 7-ге дейін тұрдық. Сонда 1 кісі, 1 өкімет басынан кісі келіп, ешқандай түсініктеме берген жоқ. Бірақ сол сол СССР-дың

құрамында болдық қой сол кезде, сондықтан шығар, Өзбекстаннан, Тәжікстаннан бүкіл әскер жинаған, сол кезде ең бірінші болып білдік дубинка деген не? Қалқан деген қандай болатынын, сондай өңшен солдаттар бізді қоршап тұрды. Қоршап тұрғанда барлығымыз бір-бірімізге шеңберімізді көбейтіп, әскерлердің қоршауында қалмауға тырыстық. Енді қазір ойлап қарасам – 25–28 °С аяз болып тұрып, жаңағы түнгі сағат 2-ден таңғы 7-ге дейін қалай тұрғанбыз деп ойлаймын. Жастықтың жалыны ма деп таңғалам соған. Таңғы сағат 7-ге дейін бірақ сол кезде арамызда айтып отырмын ғой неше түрлі КГБ-нің кісілері келді. Бірақ соны кейіннен естідік. Сонда келіп, түймелерінде фотоаппараттары болған, сонда түсірген. Сондай жағдайлар көп болды. Бірақ негізі әрбір жерден от жағып, ән айтып, «Менің Қазақстанымды» айтып, әсіресе, солай таң атқанша сонда болдық. Сол кезде кісі өлімі де болған, солдаттар ұрып-жұғып, сонда мен айттым ғой қыздар кешігіп келдік, күндіз болған оның бәрі, содан таңертең 7-де келдік. Келсек, сол ректор, проректор барлығы тосып отыр екен. Оларда ештеңе деп айта алмады, олар да жағдайдың барлығын түсініп отыр. Біздің Есенқұлова Гүлнәр, Сатыбалдинова Сәуле деген екі қызымыз айтулары бойынша олардан допрос сұраған, одан соң ұрып-соққан, «сендер қалайда дәлелдейсіңдер, өзімізге қарсы шықтыңдар»-деп ұрып-соққан, «дәлелдеймін мен, мойындаймын» деген сияқты, енді көрмегендері жоқ. Содан соң олар айтады: «КПЗ деген жерде қамаған ғой, енді кішкентай бөлмеге, содан негізі ол бөлме 2–3 кісіге арналған кабина шығар деп ойлаймын. Оған 50–60 адамды қамаған, сонда 1 күн бойы, енді өздеріңіз ойлаңыздар, автобуста қандай тығыздық болса, сонда олар бір сутка тұрып тұрған, тағы да өздері ұрып-соғылған. Ертеңінде қоя берген. Міне, негізі сондай білмейтін көптеген жұмбақ жағдайлар көп болды. Тіпті, біздің арамызда мұғалімдер де, оқытушыларымыз да болды. Тіпті, «мынау қатысқан, мынау қатысқан» деп ұстап берген оқытушыларымыз да арамызда болды. Жалпы айтқанда, мен осы Мұхтар Шаханов ағамызға бас иемін. Өйткені кейін барлық сондай жағдайда, институттан шығып кеткен жастарды қолдап, барлығын кейіннен біз 5-ші курста оқып жүрген кезде Сәуле мен Гүлнәр келіп, қайтадан оқуға түсіп, жалғастырды. Олар да бітірді. Қазір Алматы облысында Сәуле мұғалім болып жұмыс істейді.

Жалпы айтқанда, сол кездегі жастар, енді мен тек қана сол өзімнің «Желтоқсан оқиғасына», айтады ғой «жеңіс бір тамшыдан құралады» деп, «Желтоқсан оқиғасына» қатысқаным өзімді бақытты сезінемін, бірақ мен еш уақытта мақтан етіп айта алмаймын «тек біздің арқамызда, тек біз осы жастар Желтоқсан оқиғасының арқасында ғана Тәуелсіздік

алдық» – деп, үйткені «найзаның ұшымен, білектің күшімен» қайсар ата-бабаларымыз өзі қатысқан, осыны армандап өткен.

Әрине, Тәуелсіздік оңайлықпен келмеген, Тәуелсіздікті, одан әрі қарай көк байрағымызды биікке желбіретіп, одан әрі болашаққа, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді деп сенеміз. Болашағымыз бақытты болсын, жарқын болсын» [4].

Шын мәнісінде, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі – ұлт тарихында күрделі бетбұрыс жасаған реформа. Нақақтан қан төгілгеніне, жазықсыз жаза кесілгеніне қарамастан, сол арқылы қазақтың қалғи бастаған ұлттық рухы қайта бір көтерілген. Ел солайша елдігін танытқан.

Желтоқсан көтерілісіне қатысқан қазақ жастарының тағдыры әр қилы болды. Біреулері жандарын құрбандыққа шалып, енді біреулері із-түссіз жоғалып кетті. Жүздеген қазақ жастары сотталды, мыңдаған жастар оқудан қуылды. Бірнеше жастар қыршынынан қиылды. Олардың ішінде халықтың жүрегіне мәңгі сақталатын, қазақ халқының батырлары Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова секілді аға-апайларымыз бар.

Желтоқсан қасіретін көзімен көріп, тағылымын бүгінгі ұрпаққа жеткізген желтоқсаншы апайларымыздың өмірлік тәжірибесі, қайтпас қайсар мінездері, ұлтжандылықтары бізге, жас ұрпаққа үлгі, өнеге.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Шоқай М. Таңдамалы. – Т.2. – Алматы: Қайнар, 1998. — 520 б.
- 2 Қайым-Мұнар Табеев «Қазақтың Желтоқсаны», Алматы, 2006 ж. «Дайк-Пресс» баспасы.
- 3 К.К.Диханбаевамен сұхбат барысында алынған мәлімет.
- 4 К. Мұсабекқызымен сұхбат барысында алынған мәлімет.

#### ОРАЛ ШАҒАРЫН ОЯТҚАН ТҰЛҒА

НАРИМАНОВ Ә.

8 «А» сынып оқушысы, ФМБ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Орал қ.  
МУЛДАГАЛИЕВ Н. Н.  
география пәнінің мұғалімі, ФМБ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Орал қ.

«Орал шағарын оятқан тұлға» атты мақалада көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстақым Біләлұлы Ықсановтың Орал қаласын көркейтудегі зор үлесі мен қызметі туралы айтылған. Ұлы тұлғаның қала келбетін көркейтуі мен өнер саласына жасаған қамқорлығы туралы ашып жан-жақты талданған.

**Мақаланың өзектілігі:** Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстақым Біләлұлы Ықсановтың туған еліне, халқына сіңірген еңбегін, қоғамдық – саяси қызметіне баға беру. Шоқтығы биік тарихи тұлғаның өмірі мен қоғамдық – саяси қызметін кеңінен зерттеу, ұстанған бағыттарын айқындап көрсету және олардың қайраткерлігіне, еңбегіне объективті баға беру, ұлттық тарихымыз үшін ғана емес, егемен Қазақстанның жас ұрпағын рухани және саяси тұрғыдан тәрбиелеу үшін аса қажет.

Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген. Ол, ол ма, белгілі бір мағынасында олардың өздері де халық тарихының тұтас бір дәуіріне татыған, халқының бағытынан жаңылмай тәуелсіздікке бастайтын жолын нұрландырған ел тарихының шамшырақтары болған», – деп тұлғалардың тарихтан алар орнын көрсетеді [1, 1–2 б.].

**Мақаланың мақсаты:** Мұстақым Біләлұлы Ықсановтың қоғамдық-саяси қызметі мен Орал қаласын көрікті шаһарға айналдырудағы орасан зор атқарған қызметіне 95 жылдық мерейтойы кезеңінде талдау жасау. Өз замандастарыма тұлғаның өмірі мен қызметін үлгі ретінде көрсете отырып, отанға деген сүйіспеншіліктерін ояту.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстақым Біләлұлы Ықсанов 1926 жылы Жәнібек ауданы, Борсы ауылында орта дәулетті шаңырақта дүниеге келген. Атасы Ықсаннан Біләл, Латиф және Зейнеп деген қыз тараған. Олардың әулеті Ықсанның ақылымен өмір сүрген. Ол кісі орыстың шаруаларымен араласып тұрған, Пушкиннің ертегілерін жақсы білген және оны балалары мен немерелеріне айтып отырған. Ықсан – қазақтың айтулы азаматы алаш ақыны Ғұмар Қарашевпен туыстас еді. Жасырақтау кезінде атқосшысы болса керек. Ғұмарға еріп, башқұрт пен татар ортасына да талай сапар шеккен. Осындай үлкен әулеттің мақтанышы да, таянышы да Мұстақым аға болған. Апасы Зейнептің айтуы бойынша Мұстақымның бойында атасы Ықсанның көптеген қасиеттері: өтірік айтпау, ұрлық жасамау, ешкімнің ала жібін аттамау секілді адамгершілік қасиеттер тән еді. Атасы мен немересі өле-өлгендерінше бірін-бірі сыйлап, сыйласып, әдемі жарасып өтеді. Біртіндеп ел іші бүлінеді. Ел ішінде ашаршылық басталады. Ықсан ата тарыққандарға талай тамақ беріп жүреді. Пәленін

басталарын сезіп, Саратаов жаққа көшіп кетеді. Саратовтан Мичуринге барады. Мұстақым ағаның әкесі мен ағалары қолдарынан өнер тамған еңбеккер жандар еді. Құрылыстың ыңғайымен Мәскеу түбіндегі Орехово-Зуево қаласында тұрады. Балалары білімді орыс тілінде алады, балалық шақтары сол қалада өтеді. Мұстақым аға үлгілі оқушы болады. Химия, физика десе жанып кететін. Математикадағы есептерді ойнап отырып шығара берген, түрлі үйірмелерге белсене қатысқан. Мұстақымға топырақ Жамбыл қаласының маңынан бұйырды. Қалған жақсылықты Мұстақымға тіледік. Аталары Ықсан мен Қадырғалидың, әкелері Біләл мен Латифтың аруақтары қолдасын дедік. Құдайдың құлағына шалынған шығар, менің Мұстақым бауырым қазақ жерінің көркейіп, өркендеуіне сүбелі үлес қосты [2, 15–18 б.].

1941–1945 жылдары Алматы теміржол техникумында инженер – гидротехник мамандығы бойынша оқыды. 1947–52 жылдары Қазақ ауыл шаруашылығы институтында оқып, бітіріп шыққан соң қарапайым теміржолшыдан мемлекет қайраткеріне дейін көтерілген өнегелі еңбек жолы басталады. 1958 жылы Бетпақдала ирригация құрылысы тресінің бастығы қызметіне кіреді. Мұнда ол өзін су-техникалық және ирригациялық құрылыстар саласының жоғары маманы ретінде көрсете білді. Оның бұл саладағы іс-тәжірибесінің кейін республикамыздың күріш және мақта өсіретін аудандарында еңбек еткен кезінде зор пайдасы болды.

1961–1966 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысының Ильич аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Оңтүстік Қазақстан өлкелік су шаруашылығы басқармасының бастығы, Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарды. 1966 жылы Қазақстан Республикасы Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары болып тағайындалады. 1970 ж Жамбыл облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне жіберіледі. Бір жылдан соң Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы болып, жоғарғы өкімет эшелонына қайтып оралады. 1975 ж бастап 11 жыл бойы үздіксіз Орал облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып жұмыс істеді [3, 468–469 б.].

#### **Қаланың жаңа келбетін жасаудағы игі істері.**

Мұстақым Біләлұлы Ықсановтың облыс партия комиетін басқарған жылдардағы ерен еңбегі туралы аса көрнекті ақын Хамит Ерғалиев өзінің «Ғұмырнама» атты естелік эссесінде «Қарағым, Мұстақым, замандар бойы ұйықтап жатқан Орал шаһарын оятқаның үшін!» деп жазған екен.



М. Ықсановтың Жайық өңірі үшін сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Аз сөйлеп қатаң талап қоя білетін басшы, атпал азамат еді

1975 жылдың сәуір айының бас кезінде Қазақстан Орталық комитетінің 1-ші хатшысы Дінмұхамед Қонаев Мұстахим Біләлұлын Орал облысына басшы етіп ұсынғанда: Республиканың шаруашылығын өркендетудегі, әсіресе, күрделі құрылыс саласындағы істеген ерен еңбектерін айта келіп осы елдің топырағында дүниеге келген азамат екенін, ал ел болса жоғарыдағы жұмыс жөнінде кенже қалып отырғанын, бұл кемшілікті түзетіп, құрылыс саласында үлкен өзгерістер жасау қажетіне назар аударған болатын. Мұстахим Біләлұлы Республика Орталық комитетінің хатшысы бола тұрып, Оралға жұмыс бабымен жіберуге ұйғарым жасаған кезде «Бөтен елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген қағиданы бетке ұстап келісім берген болатын.

М. Б. Ықсанов басшылыққа келе бастағаннан бастап, Одақтың және Республиканың министр – басшыларының Оралға келуі жиіледі. Облыста бірнеше құрылыс жұмыстары ұйымдастырылды. Сөйтіп қала жандана бастады. Оралда бірнеше зәулім де әсем ғимараттар бой көтеріп, қала көз алдымызда көркейіп, келбеттенді. Қысқа мерзім ішінде қала мен ауыл- село архитектурасының бас жобалары үш рет қаралып, елеулі өзгерістер жасалды. Қала үлгісіндегі селолар мәдениет сарайлардың, спорттық кешендер, сауда орталықтары, деген жаңаша атаулар, сәнді орындар пайда болды. М. Біләлұлының жұмыс жасаған жылдарында облысымыз әсіресе, оның орталығы Орал қаласы мықты өзгерді, қалашықтан сәнді қалаға айналды. Көшеле кеңейтіліп, 5, 9, 12 қатарлы зәулім тұрғын үйлер, әуе жолы, темір автомобиль жолының вокзалдары, облыстық дәріхана, полиграфия құрылыстары, темір жол үсітенен транспорттар өтетін үш көпір, мәдениет үйлері, емханалар, поликлиникалар пайда болды. 1975–1986 жылдар арасында қаламызда ондаған типтік жобадағы мектеп үйлері және балабақшалары іске қосылды [2, 44–45 б.].

Ауыл жастарына, әсіресе әртүрлі мамандыққа баулитын Ауыл шаруашылық институтының ғимараттарын, ғалымдар қалашығын салдырды. Студенттерге жатақана, монша, ғалымдар үшін оқу аудиториялары, асхана жасыл желек жайлаған зәулім институт корпустары тұрғызылды.

Облыс орталығындағы салынған: Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің құрметіндегі даңқ мемориалы оның қасындағы тоғыз қабат «Ақжайық» қонақ үйі талай тарих шежіресіне куә болған ағып жатқан қарт ақжайық өзен суымен үндескендей.

«Ақжайық», Мелиоратор, Комунальщик, Нива сияқты сауықтар орындары салынды. Осы қала сыртындағы әдемі салынған, жүйелі жұмыс істеген демалыс сауықтыру орындарының қызметі-мыңдаған шақырым Кавказ, Қырымның демалу орындарын ауылына алып келгендей еді.

М. Б. Ықсанов белгілі құрылысшы ретінде, көп уақыт бойы бұрынғы революцияға дейінгі деңгейден аса алмаған көне Орал қаласының қазіргі заманның талабына сәйкес бейнесін жақсартты.

Елі үшін туған ер, елінің қамын жер.

Қазақ ауыл шаруашылығы институтының су техникалық факультетін бітіргеннен кейін еңбек жолын республиканың оңтүстігінен бастаған еді. Өзінің туған жері батысқа өмірдің ащысы мен тұщысының дәмін татып, жақсысымен жаманын айырып, өмірлік тәжірибесі де ақыл-ой парасаты да әбден толысқан шағында оралды. Қай перзент болмасын туған елдің алдында өзін мәңгі борыштармын деп есептейді ғой. Мұстахим Біләлұлы өзінің кіндік кескен атамекенінің алдында өтелмеген перзенттік парызы бар екенін бір сәтте жадынан шығармаған секілді. Біздің былай тұжырым жасауымызға М. Б. Ықсановтың 1975–1986 жылдары облысымызға басшы болып келген жылдарында тындырған көл-көсір еңбегі куә.

Осы жылдардың ішінде Жалпақтал, Жаңақала, Тасқала, Шыңғырлау, Сырым т.б. аудандарында типтік жобадағы 120–180 төсекке арналған емханалар комплекстері, бірнеше мәдениет үйлері салынды. Жеңіл тамақ өнеркәсіптері, сауда-саттық орындары, тұрмыстық жағдайды қамту коммуналды тұрғын орындарды қалыпқа келтірді. Табиғатта кездесетін қуаңшылық жылдарында екпелі шөптерді көбейтіп, Ақжайық ауданындағы Жамбыл совхозында 600 гектар суармалы жемшөп өсірілді. Мал шаруашылығын дамытуға, озық технологиямен жарақтандыруға да көп көңіл бөлді.

М. Б. Ықсановтың келуімен аудандар арасындағы жолдар салынуы. Сондай-ақ Жайық өзенінің бойымен жағалаған күре жолды да тікелей Мұстахим Біләлұлы Мәскеу мен Алматыға маза бермей жүріп салдыртқан еді. Орал-Индер тас жолының салынуына да өз ықпалын тигізді. М. Б. Ықсанов суландыру мен су жеткізу жұмыстарына көп көңіл бөлді. Мұны ауыл шаруашылығын дамытудың басты тетігі деп түсіндірді. Атап айтатын болсақ, оның жетекшілігімен Көшім су жеткізу аймағы ұлғайтылды. Чапаев кенті жанынан Жайық өзені арқылы су өткізу құлағы салынды. Соның арқасында Ақжайық, Чапаев және Тайпақ аудандары суға жарып қалды. 1967 жылы Қазақ КСР Жоғары Кеңесіне депутаттыққа

М. Б. Ықсановтың кандидатурасы ұсынылды. Онымен кездесулер өткізілді. Бір кездесуде Жымпиты ауданының тұрғындары ауыз су мәселесі туралы айтқан болатын. Осы берген уәдесін көп ұзатпай орындап, Жымпиты ауданына су құбыры салынып, осы аймақта да ауыз сумен қамтыған болатын [4, 48–52 б].

М. Б. Ықсанов ғылыми-зерттеу жұмыстарына көп көңіл бөлді. Қарашығанақ газ конденсатының елімізге миллиондаған АҚШ долларын әкеліп тұруын, дүниежүзіне біздің данқымыздың өсуіне ықпал еткен де М.Б. Ықсанов еді. Көп сөзді білмейтін, тәртіпті қатаң ұстайтын басшы Мұстақым Біләлұлы өз төңірегіне қабілетті, іскер адамдардан команда жасақтады. Сонымен қатар, ол қарапайым әрі адамды түсіне білетін басшы болды. Көп адам еңбегінің арқасында басшылық жұмыстарға көтерілді.

М. Б. Ықсанов ердің жасы елуге келген дер шағында туған жеріне туын тікті. Сөйтіп, елінің алдындағы парызын бірнеше еселеп қайтарды. М. Б. Ықсановтың осы он бір жыл ішінде облысымыздағы атқарған жемісті еңбегі елге адал қызмет жасай білудің нағыз эталоны десек те артық емес.

#### «Өнер десе өзегін жұлып беретін азамат.»

Өнерге оң қабақ танытқан. Қызылорда облысында «Сыр сұлуы», Оралда «Ақжайық» ән-би ансамбльдерінің дүниеге келіп, қалыптасуының негізін қалаған атын өзі қойған. Әуесқойлардың көркем өнерін үлкен дәрежеге көтеріп дамытуда Мұстақым Біләлұлының сіңірген еңбегі айырықша. Ақжайық ансамблін жасақтау үшін Москва, Алматы қалаларынан белгілі мамандар шақырылды. Бұл әйгілі ұжым 1976 жылы дүниеге келді. Осы оқиға өлкеміздің мәдени өміріндегі үлкен белес болды. 1977 жылы «Ақжайық» Норвегияға сапар шегіп, Скандинавия еліне қазақ өнерін паш етті. «Ақжайық» үлгісімен өлкемізде ондаған өнерлі ұжымдар дүниеге келді.

Мұстақым Біләлұлының тікелей қамқорлығымен, барлық аудан орталықтарында мәдениет үйлері салынды. Орда, Чапаев, Орал музейлері жаңа қонысқа ие болды. Колхоздар мен совхоздарда клубтар, кітапханалардың базасы жақсарды. «Өнер десе өзегін жұлып беретін» деп жазған болатын Жайсаң аға Ақбаев.

Оралда тарихи-өлкетану музейі және Мәншүк Мәметованың музейі жасақталып ескерткіш орнатылды. Ұлы Октябрьдің 60 жылдығына әзірлік кезінде Орал телевизия студиясы Москвада Орталық Телевидениеден өзінің бір сағаттық бағдарламасын көрсетті. Ешбір облыстық телевидениенің бағдарламасын Одақтаық экраннан көрсеткен жоқ. Мұстақым Біләлұлының Ықсановтың арқасында

Орал облыстық телевидение бағдарламасы Мәскеуде көрсетілді. Орал телевизия студиясы осы жылдары «Батырдың анасы», «Мәншүк», «Әкелер даңқы жолымен», «Председатель», «Чапайдың ізімен», «М.Шолохов» тағы басқа кинофильмдер жасады. Ал Мұстақым болса, осы фильмдерді шығару кезінде телевиденияға келіп, фильмдерді қарап, өз пікірін айтуға уақыт тапты.

Оралда Жұбан Молдағалиев бастаған жазушылар одағының, Еркеғали Рахмадиев басшылық еткен сазгерлер одағының Шоқан Уалиханов бастаған сәулетшілер одағының көшпелі плеумдары өткізіліп, олардың жұмысына Ықсанов тікелей белсенді қатысты.

Белгілі өнер қайраткерлері Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, Хадиша Бөкеева, Нұрғиса Тілендиев, Шамғон Қажғалиев, Әсет Бейсеуов, Серке Қожанқұлов, Ғарифолла Құрманғалиев, Роза Рымбаева, Әлібек Дінішев және басқалары облысқа арнайы келіп, мұстақым Біләлұлының сый құрмтеіне бөленген. Қазақтың Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театры, Абай атындағы опера және балет театры, Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің ұжымдары толық құрамында біздің облысымыздың орталығы мен аудандарында болып, өнер көрсетті.

#### Қорытынды.

М. Б. Ықсановтың облыс экономикасын арттыруда, Орал қаласын көркейтуде еңбегі зор. Қорыта айтарым біз Орал халқын және өсіп келе жатқан ұрпақ Мұстақым Біләлұлы Ықсановқа дән ризамыз, әрі қарыздармыз. Жоғарыда айтылған күрделі құрылыстар М. Б. Ықсановтың өз елінің өсіп-өркендеуіне мәдени-әлеуметтік жағынан дамуына жан аямай еңбек етіп, ұрпақтары мақтанышпен айтып жүретін үлкен мұра қалдырғанын айғақтайды. Облыс игілігі үшін еңбек сіңірген жан біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. «Сүйер ұлын болса сен сүй, сүйенерге жарар ол», – деп Абай атамыз айтқандай Мұстақым Біләлұлы нағыз сүйенерге жараған елдің адал ұлы. Өмірден өзі өткенімен, ол кісінің артында өшпес өнегесімен жасаған жақсылықтары мәңгілікке қалды. «Ердің атын ел шығарады, елдің даңқын ер шығарады деп халқымыз айтқандай, Мұстақым атаны еске алу мақсатында көптеген игі істер істелуде.

Өткен адам болады көзден таса,  
Өлді, өшті оны ешкім ойламаса  
Ол кетсе де белгісі жоғалмайды,



Керектісін ескеріп, ұмытпаса- деп ақын айтқандай – халқымыз үшін аянбай еңбек етіп- өшпес із қалдырған Мұстақым Біләлұлын ардақтап, біз, келешек ұрпақ ұлылардың ұлы істерін ұлықтайық!

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қонаев Д.А. Өтті дәурен осылай. – Алма-Ата, 1992.
- 2 Жаданов С.Қ. Тағдыр шыңдаған тұлға // «Ұлы тұлға Мұстахим Біләлұлы Ықсанов» атты естеліктер. – Орал, 2011.
- 3 Рысбеков Т. Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары. – Алматы, 2014.
4. Сабыр М., Погодин С., Карагойшин К., Тулебаев Н., Кулик Я. Өнеге «Зерде-Память» қоры. – Орал, 2015. – 220 б.

### ТРИУМФ И ТРАГЕДИЯ КАЗАХСКОГО ПОСЛА ИЗ СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА

САТТАРОВА К. С.

ученик 9 класса, Иртышская СОШ № 1, Иртышский р-н, Павлодарская обл.

КАЛАМОВ Ж. А.

учитель истории, Иртышская СОШ № 1, Иртышский р-н, Павлодарская обл.

История Алашского движения находится под пристальным исследовательским вниманием широкого круга научной общественности, казахстанской интеллигенции, студентов, школьников, на международном уровне. Движение «Алаш» и ее деятели стали основоположниками становления национальной государственности. В 2017 году к 100-летию движения «Алаш» опубликована статья Президента РК Н. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». 100-летие партии «Алаш» и правительства «Алашорда» широко отметили в Турции. *Движение «Алаш» – эпохальное явление, рожденное в начале XX в., центром которого был г. Семипалатинск. Свидетели истории – уникальные архивные документы, фотографии, которые показывают сложный и тернистый путь движения «Алаш». За годы независимости это движение уже перестало быть «Белым пятном» нашей истории. Все мы изучаем историю и знаем когда и почему началось движение Алаш. Знаем имена его основателей, сторонников, участников. Всегда на слуху такие славные имена, как Букейханов Алихан, Байтурсьнов Ахмет, Аймаутов Жусипбек, Дулатов Миржасакуп, Жумабаев Мағжан,*

*Торайгыров Султанмахмут, Тынышпаев Мухамеджан, Шокай Мустафа. Деятельность этих людей уже стало классикой учебников по истории Казахстана. Их имена увековечены также и в художественной литературе, про них снимают фильмы, пишут картины, их именами называют улицы городов, школы, дворцы, им воздвигают памятники [1, 56 с.]. В своем труде «В потоке истории». Глава государства Н. А. Назарбаев отметил: «Мы должны уважать и ценить людей, боровшихся за свободу и независимость Казахстана». Участники движения «Алаш» искренне верили, что свержение царя принесет казахскому народу долгожданную свободу. Люди погибли за идею, но именно они пробудили стремление к независимости [2, 27 с.]*

В культурном центре Казахстана, городе Туркестане был создан Международный благотворительный фонд «Назира Торекулова». Также Постановлением Правительства Республики Казахстан от 20 января 2003 года учреждена медаль имени Назира Торекулова «За вклад в развитие внешней политики Республики Казахстан». Бесспорно имя *Назира Торекулова с особым уважением можно отнести к деятелям Алаш Орды, которые очень много сделали для Отечества и народа в начале XX века. Занимая высокие государственные посты, он принял немало важных решений не только по политическим, дипломатическим, но и культурным вопросам. За поддержку, которую Назир Торекулов оказывал членам алашорды, среди которых Алихан Букейханов, Миржасакуп Дулатов, Мағжан Жумабаев, Ахмет Байтурсьнов, братья Досммухамедовы его вскоре обвинили в национализме. 17 июля 1937 года он был арестован, 3 ноября 1937 года Военной коллегией Верховного суда СССР осужден и сразу расстрелян. Приговор в отношении Торекулова 28 ноября 1958 года был отменен, дело прекращено за отсутствием состава преступления. Его именем были названы школы в с. Шолаккорган, городах Шымкент, Туркестан, Ташкент.*

Исследуя материал о деятельности Назира Торекулова, нам встретился блог Жанболата Усенова, бывшего сотрудника министерства иностранных дел: «Триумф и трагедия казахского посла из советского государства. Как история Ближнего Востока хотела измениться, но не изменилась». И такие комментарии: «Автор, спасибо Вам огромное!!! Мне стыдно за то, что ни фамилии, ни имени этого человека я никогда не слышала. Очень познавательный пост!», «Спасибо за отзыв! По дипломатическому наследию Назира Торекулова проводятся научные конференции,

*в МИД РК учреждена специальная медаль его имени. Увы, этого оказалось недостаточно для широкой популяризации его имени. Вот, Таир Мансуров про Торекулова хорошую книгу написал. А многие ли из нас ее видели? Надеюсь, в дальнейшем ситуация изменится». Нам тоже стало стыдно, обидно, но мы и испытали гордость за выдающегося земляка. Изучив материал, мы решили внести свой вклад для популяризации имени и деятельности этого выдающегося человека. Его жизнь достойна подражания.*

Сталинский период для многих людей того времени является сложным. Немалое число выдающихся деятелей, представителей интеллигенции так называемой «цвета нации» были уничтожены советской репрессивной машиной в годы Большого террора. Все тяготы и невзгоды испытал не только казахский народ, но и практически все граждане СССР. В Союзе в 30-е годы были расстреляны более семи миллионов человек. После окончания февральской революции 1917 года выдающиеся представители казахской интеллигенции стали более активно подниматься вопросы о создании казахской автономии или даже государственности. С развитием периодической печати в колониальной окраине появлялись газеты и книги на казахском языке. Раннее многие представители казахской передовой интеллигенции получили хорошее образование в лучших высших учебных заведениях Российской империи. Кроме западного образования на казахов немалое влияние оказывало развитие национальных движений Востока. В 1917 году после завершения февральской буржуазной революции создается партия «Алаш», лидером и председателем которой становится Алихан Букейханов. Первые же 1920-е годы против образованных представителей коренной национальности начались гонения. Среди не менее известных людей, убитых в годы террора был и Назир Торекулов. После уничтожения основной части интеллигенции в 1937–1938 годах, казахская письменность была переведена с латиницы на кириллицу, неудивительно, что на тот момент уже некому было протестовать против данного решения.

В первой половине XX века Торекулов проявил себя как выдающийся просветитель, издатель, редактор и ученый-лингвист. Очень велик вклад Назира Торекулова как председателя всесоюзной Комиссии по новотюркскому алфавиту в переводе тюркской письменности с арабского алфавита на латиницу. Он был одним из немногих людей, который занимался проблемой латинизации тюркской письменности, являлся автором проекта нового, более

усовершенствованного тюркского алфавита (1923–1928). Делегат 1-го тюркологического съезда в Баку в 1926 имевшего статус Всесоюзного. Под его началом, а в дальнейшем и руководством Центральным издательством в 20-х годах было выпущено около 60 млн. оттисков учебной, политической, научно-популярной, художественной литературы, наглядных пособий, публицистики на 50-ти языках мира. В 1928 г. Центральное издательство выпустило 21 периодическое издание на 12 языках. Будучи делегатом I Всесоюзного съезда учителей 1925 года Назир Торекулов в своем выступлении на съезде поднял вопросы развития национальных культурно-просветительных учреждений, расширения доступа женщин к образованию, строительства школ для представителей коренной национальности во всех регионах страны, создания специальных профессиональных технических и сельскохозяйственных школ. Данные вопросы с поддержки делегатов были внесены в резолюцию съезда. Лишь в период независимости имя Назира Торекулова заняло свое достойное место в рядах тех, кто объединял тюркский мир. Ведь ещё тогда, на съезде тюркологов в Баку Назир Торекулов в числе других филологов поднимал вопросы перехода казахского языка на латиницу. Тогда по идеологическим соображениям реализовать эти идеи было невозможно. Но история возвращается к своим истокам. Его деятельность сравнима с деятельностью казахского просветителя И. Алтынсарина. И мы такого не знали! Теперь знаем и хотим донести это до широкого круга тех, кто ещё не знает об этом.

Переход на латинскую графику начался еще в 1918 году. В тот период существовало более 70 тюркских народов, которые начали планомерно переходить на латинскую графику. Таким образом в 1924 году это новшество пришло и в Казахстан. Однако со стороны казахского народа было много возражений. Свои проекты латинского алфавита предложили известные общественные деятели и языковеды Казахстана и среди них был и Назир Торекулов.

В городе Шымкент провели вечер памяти посвященный Назиру Торекулову под названием «Азамат. Күрескер. Дипломат». Алашсоветскому государственному, партийному и общественному деятелю, полномочному представителю Советского Союза в Королевстве Саудовская Аравия, издателю, редактору, лингвисту и публицисту Назиру Торекулову исполнилось бы 129 лет. Выдающийся дипломат, оставивший неизгладимый след в истории Казахстана и повлиявший на становление государственности начала XX века, он прожил всего 45 лет, был обвинен в национализме (пантюркизме),

репрессирован а в дальнейшем и расстрелян. Назир Торекулов в совершенстве знал тюркские языки такие как казахский, узбекский, татарский, турецкий а также русский, французский и немецкий язык персидский и арабский, выделялся как историк, экономист, и публицист, так как был редактором нескольких газет и журналов и активно публиковался. Немаловажно также то что, только благодаря Торекулову, который работал в Москве в издательстве народов Востока, представители тюркской интеллигенции имели возможность публиковаться в центральном издательстве.

Хотелось бы заметить, что Торекулов, в отличие от многих руководителей, которые после прихода к власти Советов стали косо поглядывать на религию, размышлял о влиянии ислама на историю человечества. В годы работы на посту председателя Туркестанского ЦИК он прилагал все усилия для достижения разумного компромисса в отношениях советской власти и традиционной религии. В начале двадцатых годов Н. Торекулов издал указ, объявивший три дня Курбан айта – почитаемого мусульманского праздника – выходными.

Имеется довольно много исторических фактов свидетельствующих о Назире Торекулове как о величайшем просветителе, ученом-лингвисте, издателе, редакторе, но ведь он ещё был и не менее выдающимся дипломатом. Влиятельный сановник и доверенное лицо короля пришел лично проводить советского полпреда – знак наивысшего почтения от династии, которого ранее не удостоивались дипломатические представители других стран. Это был миг триумфа Назира Торекулова – первого казаха, ставшего послом Советского Союза и добившегося на этом посту потрясающих результатов. Здесь речь идёт о деятельности Назира Торекулова на посту полпреда СССР в Королевстве Саудовская Аравия. Воистину, талантливый человек, талантлив во всём! Ещё в юности, обучаясь в Московском коммерческом институте, он сумел блеснуть талантами и предрасположенностью к изучению иностранных языков. В 1916 году он создает подпольное общество «Еркін дала» (Вольная Степь), основным предназначением которого должна была стать национально-освободительная борьба за независимость Туркестана. В 1918 году Торекулов добровольцем вступил в Красную армию. Он был членом Реввоенсовета Туркестанского фронта, секретарем ЦК ВКП (б) Туркестана, членом Среднеазиатского бюро ВКП (б). За три коротких года деятельный и решительный Назир взобрался на пик своей политической карьеры – в 1921 году он становится председателем ЦИК Туркестанской АССР, то есть фактическим руководителем большей

части современной Средней Азии. В должности главы центрального исполкома Туркестана он стал преемником знаменитого Турара Рыскулова. В современных учебниках по истории Казахстана о роли Т. Рыскулова говорится, поэтому его имя хорошо знакомо, что касается Назира Торекулова то мы об этом только узнаём.



Рисунок 1 – Эмир Фейсал и дипломаты.  
Назир Торекулов, по традиции, по правую руку

Благодаря стараниям первого казаха на посту полпреда СССР, Саудовская Аравия готовилась войти в зону советского влияния, но изменить историю не удалось. Саудовская Аравия уже полным ходом готовилась всерьез и надолго войти в зону влияния советского государства и, возможно, направить всю будущую историю Ближнего Востока по другому пути. Однако в 1936 году эффективного полпреда внезапно отзывают обратно в Москву и включают в список кадрового резерва НКВД. Немного позднее его возьмут сотрудники НКВД – начинались сталинские чистки во внешнеполитическом ведомстве, наступал 37-й год. Трагично, что ни таланты, ни заслуги перед народом и Отечеством не спасли цвет нации от репрессий. А заслуги Назира Торекулова и на этом поприще были бесспорно высокие.

Назира Торекулова назначили полпредом СССР для установления дипломатических связей с Королевством Саудовская Аравия. За почти 8-летний период работы в Саудовской Аравии, Торекулов сумел заручиться особым расположением со стороны короля, членов его семьи и ближайшего окружения. Сразу по приезду в страну, он взялся за изучение арабского языка и довольно быстро изучил его, чем выгодно отличался от многих послов западных стран, например Англии и Франции, которые не могли вести переговоры без услуг переводчика. В последующие годы

Назир Торекулов зарекомендует себя как авторитетный дипломат, вхожий в любые кабинеты королевства. В довольно короткие сроки (к 1930 году) он становится «дуаиеном», то есть старшиной, дипломатического корпуса в Хиджазе. Об этом он пишет наркому иностранных дел Литвинову: «Исторический спор с англичанами из-за старшинства в дипкорпусе считается законченным в нашу пользу... На официальных торжествах я занимаю первое место, Риан (*британец*) – второе, французский поверенный в делах м-сье Мегре – третье, Айноль-Мольк (*перс*) – четвертое... Риан держится по отношению ко мне весьма корректно, обращаясь ко мне, как к старшине». В 1931 году Торекулов подготовил и реализовал «бензиновую сделку» – первый контракт на поставку в Саудовскую Аравию 100 тысяч «ящиков» нефтепродуктов. В этом, как сейчас бы сказали “тендере”, советский Нефтесиндикат выиграл и у англичан, и у американцев, и у голландцев. Сильный удар по западному, особенно британскому влиянию в Аравии! Тогда же удалось отменить действовавший в отношении Советского Союза дискриминационный торговый режим и запрет на официальное торговое представительство. Всё это свидетельствует о многосторонней, выдающейся личности.



Рисунок 2 – Принц Фейсал и дипломатический корпус в Джидде. Торекулов заметен и уверен в себе

Назир Торекулов является первым казахом дипломатом высшего ранга, представлявшим Советское государство на Востоке. Он смог установить теплые, доверительные отношения с представителями Саудовского королевства. Когда Абдель Азиз ибн Сауд (основатель и первый король Саудовской Аравии (1932–1953), узнал о расстреле Торекулова то он отказался принимать любого другого полпреда СССР. Дипломатические отношения с Саудовской

Аравией были восстановлены только по прошествии почти 50 лет 17 января 1990 года. На Востоке Назир Торекулов проводил очень кропотливую и тонкую политику, но в тот период Советская верхушка была занята иными вопросами, и не обратило внимание на Восток, и этим успешно воспользовались англичане и французы.

«Мы можем определенно сказать, – пишет Н. Назарбаев в книге «В потоке истории», – что деятельность казахских интеллигентов первой половины XX века, сопряженная со страшными личными трагедиями, современна не только по своему концептуальному уровню, что само по себе уникальное явление, но и по своему гражданскому и культурному уровню». Как точно эти слова характеризуют Назира Торекулова. Всю свою жизнь Назир Торекулов посвятил служению родной стране, стал выразителем дум и чаяний казахского народа, его рупором и совестью.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Н. Назарбаев статья «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». 12.04.2017 г.
- 2 Назарбаев Н.А. В потоке истории.- Алматы, 1999. - 296 с.
- 3 Википедия.
- 4 <https://liter.kz>
- 5 <http://tarih-begalinka.kz/ru/history/collectivization/figures/kozhanov/>
- 6 [www.kstu.kz](http://www.kstu.kz)
- 7 <http://www.tarih-begalinka.kz/>

#### ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНДАҒЫ «ERTIS» МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ МҰРАЖАЙЫН САЙТ АРҚЫЛЫ КӨПШІЛІККЕ ТАНЫСТЫРУ

СЕРИКБАЕВА Р. Т., КИЛЬДИБЕКОВА Д. С., КУСАИНОВА А. М.  
оқушылар, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

АДЫЛЬБАЕВА Г. С.

қазақ тілі мен әдебіті пәнінің мұғалімі,

ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

МАГАУИН К. М.

информатика пәнінің мұғалімі, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Бүгінде егеменді ел болған Қазақстан жаһандану дәуіріне аяқ басып, замана дәуірімен бірге ел, оның тарихы, жады қайта

түлеп, танымы жаңа мазмұнға ие болуда. Еліміз өткен өміріндегі құндылықтарды түгендеп, ұлттық тарихын қайта қарап таразылау, оның сабақтары мен үлгілерін жұртшылыққа таныту мүмкіндігіне ие болып отыр. Ал осы құндылықтарымыз бен ұлттық тарихымызды жұртшылыққа танытар, болашаққа жеткізер тағылымды тәрбие орны – мұражай болып табылады. Осы орайда киелі Кереку топырағында орын теуіп, өлкенің тарихын зерттеп, кешегі тарихты боямасыз сол қалпында көз алдына әкеліп, өткен өмір мен бүгінгі күнді жалғаушы көпір – Павлодар қаласындағы «Ertis» мультимедиялық мұражайының алар орны ерекше. «Ertis» мультимедиялық мұражайының ашылғанына көп уақыт болмады, мұражайдың тарихы, құрылысы, ерекшелігі, ондағы экспонаттар, мұражай залдары көп адамдарға таныс емес. Жаңа ашылған мұражай болғандықтан, мұражайды зерттеу жұмыстары күні бүгінге дейін жүргізілмеді. Сондай-ақ қазіргі әлемдегі орын алып жатқан пандемияға байланысты, музеймен танысу қиынға соғып тұр. Сол себепті мұражайды көпшілікке таныстыру жолы ретінде мұражай сайты әзірлеуді жөн көрдік.

Біздің жұмыстағы мақсатымыз – мұражайды еліміздің өзге өңірлеріндегі және шетелдік мұражайлармен салыстырып, ерекшелігін қолданысқа ыңғайлы сайт арқылы таныту.

Аталған мақсатқа жету жолында төмендегі міндеттерді шешу жобаланып отыр:

- қазіргі мәдениеттану ғылымындағы «мұражай» тақырыбын зерттеуге бағытталған теориялық тұжырымдарды қарастыру;
- заманауи әлемдегі мұражайдың рөлін айқындау;
- «Ertis» мультимедиялық мұражайының құрылу тарихына шолу жасау;
- мұражайдың құрылымдық ерекшелігін анықтау;
- мұражайдағы мультимедиялық жабдықтардың мүмкіндігімен таныстыру;
- мұражай экспонаттары жайлы ақпараттарды іріктеу;
- мұражайды көпшілікке таныстыру жолы ретінде «Ertis» мультимедиялық мұражайының сайты әзірлеу.

Қай халықтың, қай елдің болмасын мәдениет деңгейі мұражай арқылы анықталары хақ. Алғашқы «музей» термині Ежелгі Грециядан өз бастауын алады. Грек философтарының ерекше салтанатпен безендіріліп, жиын жасауға арналған сәнді ғимараттары антика дәуірінде «музейон» немесе «музалар храмы» деп аталған. Ал, біздің қоғамымызда бүгінгі ғылымда қалыптасқан «музей» ұғымына, оның негізгі талаптарына анағұрлым жақынырақ мәдени

орындар XV–XVIII ғасырларда Еуропа елдерінде ашыла бастайды. Мұражайдың қай түрі болмасын өткенді есте сақтаумен қатар кейінгі ұрпаққа жеткізуді мақсат тұтады. Дүние жүзіндегі өзге халықтар секілді біздің де халқымыздың өткен жолы, тарихы бар. Көнеден қалған белгі бар. Ата-бабамыз өмірден өткенімен, олардан қалған игі із бар. Сол белгілер мен мұраларға қарап, қазақ даласы толған көне ескерткіш деуге де болады [1].

Қазіргі уақытта мұражай рухани өмірдің тұрақты факторына, тарихи-мәдени мұраны іріктеу, атрибуциялау, сақтау және экспонаттау орталығына, тарихи сана мен адамгершілік-эстетикалық мәдениетті қалыптастыру институтына айналды. Қазіргі заманғы мұражай мәдениеттің пайда болу, қалыптасу және даму тарихын зерттеуде, ретроспективті ақпаратты таратуда, білім беру қызметінің мазмұны мен формаларын байытуда ерекше орын алды. Миллиондаған адамдар үшін бұл еркін, рухани бай ойын-сауықтың ажырамас элементі, өткен және қазіргі кездегі сирек кездесетін адамдармен қарым-қатынас құралы.

Ұрпақтар сабақтастығын сақтаудың басты миссиясын мұражайлар атқарады. Жұртшылық үшін өскелең ұрпаққа Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, оның тарихына құрмет сезімін дарыту аса маңызды болып табылады. Мұражай жастарды патриоттық тәрбиелеудегі басты байланыстардың бірі болып табылады.

Мұражайлар мұражай коллекцияларын түсіндіру, ежелгі заттарды сақтау және тарихи-мәдени мұраны насихаттау арқылы қоғамның мәдени-ағартушылық өмірінде үлкен рөл атқарады. Қазіргі уақытта Инновациялық технологиялар мұражайлардың қызметін сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Музей коллекцияларының ақпараттық каталогтарына көшу музейдің деректер базасымен жұмыс істеу, қорларға қол жеткізу, экспонаттар туралы қажетті мәліметтерді жинау үшін кең мүмкіндіктер ашады. Компьютерлік технологиялар мен интернеттің дамуымен виртуалды мұражайлар сияқты жаңа формалар пайда болды. Мұның бәрі мұражайлардың дәстүрлі формалары мен қызметі аясында жас ұрпақты жаңа бағытта және жаңа мүмкіндіктермен тәрбиелеу бойынша танымдық-білім беру қызметін дамытуға ықпал етуі керек [2].

Қазақстанның өткен ғасырлардағы тарихын патша үкіметінің отарлау саясаты және кеңестік жүйемен байланыстырсақ, әрине, Ресей ғалымдарының еңбектерінен де Қазақстан мәдениетінің тарихы мен мұражай ісіне қатысты мәліметтер алынып, ғылыми айналымға қосылды. Қазақстан мұражай ісінің қалыптасуы мен

дамуы жайында құнды мәліметтер қалдырған М. Е. Массон, А. С. Махонин, Л. Ф. Семенов, А. А. Адрианов, А. М. Жиреншин еңбектері, республикадағы мәдени құрылыс және мемлекеттік саясат мәселелері төңірегінде жарыққа шыққан Н. Жангелдин, А. Ж. Жөкібаев, К. Канапин, Р. Б. Сүлейменов, Х. И. Бисенов, Е. С. Исмаилов, Г. С. Сапарғалиев туындылары, тәуелсіздік алғаннан кейін мәдениет тарихын жаңа методологиялық ұстанымдар негізінде қарастырған Х. М. Әбжанов, Қ. Ә. Ахметов, Н. Әлімбаев, А. Т. Капаева, С.З. Баймағамбетов т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Мұражай ісінің теориялық-методологиялық негізін және тарихын зерделеуде В. К. Гарданов, А. Б. Закс, Д. А. Равикович, А. М. Разгон, В. Н. Игнатьева, О. В. Ионова, Н. С. Зузыкина еңбектерінің маңызы зор. Сонымен қатар Қазақстандағы алғашқы және өлкетану мұражайларының пайда болуы мен қалыптасуы туралы бірқатар еңбектер бар. А.Ибраеваның «Қазақстандағы музей ісі: қалыптасуы мен дамуының тарихи тәжірибесі (1831–2006 жж.)» және «Алғашқы музейлердің коллекциялық қорының қалыптасуы» атты еңбектерінде Қазақстандағы алғашқы мұражайлардың қалыптасуы тарихы туралы көптеген мәліметтер бар [3].

Павлодар қаласындағы «Ertis» мұражайының құрылысы 2018 жылдың тамыз айында басталды. Тапсырыс беруші – «Павлодар» корпоративтік әлеуметтік даму қоры. Ғимарат Еуразиялық (ERG) тобының демеушілігімен және облыстық бюджет есебінен салынды. Мұражай 2020 жылдың желтоқсанында ашылды. Мұражай Павлодар облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Г.Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану мұражайы» КМҚК-ның ведомстволық бағынысты ұйымы болып табылады.

Мұражай ауданы 2428 шаршы метр, мұнда бір уақытта алты жүз адамға дейін орналаса алады. Оның бірегейлігі – бұл мультимедиялық болғаны. Мұражай мультимедиялық жабдықтармен: geal-book кітабы, touch ақпараттық тақтасы және заманауи қондырғылармен жабдықталған. Мультимедиялық жабдықтың міндеті – келушілерге негізгі экспозицияға кірмеген ақпаратты статистикамен, фотосуреттермен тереңірек танысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, музей эстетикалық, көркем-безендіру және танымдық сипаттағы функцияларды атқарады [4].

Мұражай экспозициялары уақыт талабы бойынша мультимедиялық технологиялар есебінен оңай игерілетін ақпаратқа толы. Экспозициялар Жердің геологиялық тарихы, Павлодар

облысының физикалық географиясы, оның минералдары мен пайдалы қазбаларының алуан түрлілігі, табиғат пен су ресурстары, тарихқа дейінгі өсімдіктер мен жануарлардың алуан түрлілігі, әртүрлі археологиялық дәуірлердегі ежелгі қоныстардың тарихы сияқты ірі бөлімдерді қамтитын 9 залда орналасқан. Мұнда «Геология», «Антропология», «Қазқонак», «Неоген кезені», «Ежелгі флора мен фауна», «Ұлы даланың Ұлы тұлғалары», «Ежелгі археология», «Ортағасырлар тарихы», «Көрме» залдары ұсынылған.


Бірінші қабатта көрме залдары, қимақ жауынгерінің экспозициясы, сондай-ақ әкімшілік және қосалқы үй-жайлар орналасқан. Қор қоймасын, қалпына келтіру зертханасын орналастыру жоспарда бар.

Екінші қабатта көрме залдары, планетарий, қазіргі табиғатқа арналған экспозиция, әлемге әйгілі «Гусиный перелет» палеонтологиялық ескерткішінің реконструкциясы орналасқан.


Сайт беттерін төменде ұсынамыз:



Сурет 1




Сурет 2



Сурет 3



Сурет 4



Сурет 5

Мұражай сайттын жасау барысында жинақтап, іріктеген ақпараттардың барлығын қолдануға тырыстық. Жинақтаған ақпараттар негізінде сайтта басты бет, мұражай туралы, экспозициялар, фотогалерея, жаңалықтар, қонақ кітапшасы бөлімдері жасалды. Әр бөлімде суреттермен қоса мәтін түріндегі ақпараттар берілген. Бұл мәліметтер «Ertis» мультимедиялық мұражайымен толық танысуға мүмкіндік береді.

Ғылым тек қана бір адамның пікірімен емес, толассыз даулар мен мыңдаған шешімдерден тұратыны бәрімізге белгілі. Бір ғана біздің шағын зерттеу жұмысымызбен алға қойған мақсатымыздың да арнасы тарылып тұр. Бұл үлкен жұмыстың кішкене бастамасы секілді жұмысымыз өзеннің басындағы алғашқы бұлақтардың біріндей болмақ. Дегенмен шағын жұмысымыз арқылы еліміздің мәдени саласына үлес қостық деп сенеміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Кабылдина К.З. Мұражай – халық тәрбиесінің шежіресі // Мультиурок. 17 қаңтар, 2018 ж. [электронды ресурс]. – <https://multiurok.ru/files/mu-razhai-khalyk-t-rbiiesinin-shiezhiriesi.html>

2 Роль музея в обществе // stooobooks.net [электронды ресурс]. – [https://studbooks.net/680161/kulturologiya/rol\\_muzeja\\_obschestve](https://studbooks.net/680161/kulturologiya/rol_muzeja_obschestve)

3 Ягалева А.Ш. Тарихи мәдени мұраны сақтауда мұрағат пен мұражайдың қызметі // Инфоурок. 15 наурыз, 2018 ж. [электронды ресурс]. – <https://infourok.ru/ilimiizdenis-zhmisini-tairibi-tairihi-mdeni-mrani-satauda-mraat-pen-mrazhaydin-izmeti-2744908.html>

4 Бозанбаева Ә, Жұмабекова Д. Мультимедиялық мұражай ашылды // Ertis. 24 желтоқсан, 2019 ж [электронды ресурс]. – <https://pavlodartv.kz/kz/news/society/multimediyalyk-murazhai-ashyldy>

#### ВОЛОНТЕРСТВО – ПРОСТРАНСТВО НОВЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ

СУЛЕЙМЕНОВА А. Ж.

ученик 9 класса, Гимназия № 3 для одаренных детей, г. Павлодар

СУЛЕЙМЕНОВА А. Ж.

ученик 7 класса, Гимназия № 3 для одаренных детей, г. Павлодар

Деятельность волонтеров обусловлена их возрастающим значением для казахстанского общества. По словам К. Токаева, «Год волонтера открывает новые возможности и новые перспективы». В настоящее время активно изучаются особенности волонтерской деятельности среди молодежи. Нам бы хотелось показать, что школьники тоже могут заниматься волонтерской деятельностью. В настоящее время тема волонтерства (добровольчества) приобретает большую популярность, поскольку участие в социальном служении детей и молодежи рассматривается как одно из основных направлений внеучебной деятельности в образовательных учреждениях [1, с. 23].



Нам думается, что начинать заниматься волонтерской деятельностью надо уже в школе. И чем раньше, тем лучше. Ведь именно в детстве закладываются фундаментальные качества личности, обеспечивающие психологическую устойчивость, нравственные ориентации, жизнеспособность и целеустремленность [2, с. 38]. На собственном примере мы поняли: волонтерство открывает для любого человека большие возможности. Как сказал наш Президент: «Год волонтера открывает новые возможности для всех нас». Помимо того, что вы помогаете другим, дарите свое тепло, доброту, время, волонтерство еще предоставляет возможности молодым людям проявить себя, реализовать свой потенциал.

Поэтому мы решили обобщить свой опыт патриотической волонтерской деятельности и рассказать об этом другим ребятам. Ведь чем больше наших сверстников будут вовлечены в волонтерскую деятельность нашей области и страны, тем лучше и добрее станет наш мир.

Патриотическое волонтерство – это добровольческая деятельность, направленная на патриотическое воспитание и сохранение исторической памяти [3]. Для нас патриотическое волонтерство очень важно, потому что трое наших прадедов были участниками Великой Отечественной войны: Сулейменов Жуматай воевал на Волге, Филатов Валентин Михайлович сражался на Курской Дуге и был тяжело ранен, Гузей Трофим Васильевич погиб под Москвой. Наша семья бережно сохраняет военные документы, наградные листы, письма треугольники, боевые награды – это наш семейный архив. Мы не только рассказываем о судьбах наших прадедов школьникам и показываем наши реликвии, но и занимаемся исследовательской работой, изучая поисковые сайты «Память народа», «Подвиг народа», «Мемориал», созданные Министерством Обороны Российской Федерации. На встречах и мероприятиях в нашей гимназии, в областном Дворце школьников, в музеях Воинской Славы, в музее Великой Отечественной войны 1941–1945 гг. на Поклонной Горе в г. Москве, на праздновании Дня Победы в городе-герое Севастополе, в международном детском центре «Артек», во всероссийском детском центре «Орленок» и еще в очень многих городах и образовательных и культурных учреждениях мы открываем для себя новые страницы истории нашей Родины, наших стран, наших братских народов – России и Казахстана.

В мае 2018 г. мы стали участниками Международной детской военно-исторической Ассамблеи «Вечный Огонь» в МДЦ «Артек»,

где около 4500 детей из 48 стран мира приняли Декларацию «Дети за мир», в которой заявили всем взрослым, что дети хотят жить в мире. Наша смена называлась «История нашей Победы», и эту историю мы узнали на многочисленных экскурсиях, встречах, семинарах, уроках мужества, квестах, просмотрах и обсуждениях новых кинофильмов, походах к местам сражений, узнали из уст наших сверстников из других стран. Мы очень подружились друг с другом и поняли, что нам нечего делить, что вместе – мы сила, как и наши прадеды, победившие фашистов.

Приехав из Артека, где все участники Ассамблеи были объявлены Послами мира в своих странах, стали выступать в музеях, летних детских лагерях, школах города, Дворце школьников, в Доме Дружбы, библиотеках, в реабилитационном центре «Самал» и др. Мы рассказывали ребятам о детской миротворческой акции и Декларации «Дети за мир», которую приняли в МДЦ «Артек» вместе с детьми из 48 стран мира, об экскурсиях в музеи, о встречах с ветеранами, об истории нашей Победы.

29 сентября 2018 г. по приглашению Совета Ветеранов и СШ № 1 г. Фрязино Московской области мы побывали на торжественном мероприятии, посвященном памятной дате: высадке 3-й и 5-й Гвардейских десантных бригад в 1943 году на правом берегу Днепра. Мы узнали об одной из трагических страниц Великой Отечественной войны, слушали рассказы десантника этой бригады – ветерана Великой Отечественной войны С. Жукова, знакомились с экспонатами школьного Музея Воинской Славы СШ № 1 г. Фрязино, участвовали в концерте, рассказали российским школьникам о детской миротворческой акции и объявили старт нашему новому проекту: «Маршрут «Победа» – Истории ожившие страницы. 1945–2020». А еще мы увидели, как бережно российские дети хранят память о своих прадедах – участниках Великой Отечественной войны.

23 октября 2018 г на базе Дворца школьников имени М. М. Катаева состоялась международная акция «Дети за мир», на которой мы огласили детскую декларацию из Артека. Активисты «Жас Ұлан» Павлодарской области поддержали акцию и собрали более тысячи подписей в своих районах под детским миротворческим документом. Так нашу акцию подхватили сверстники всей республики. Проведение Международной акции «Дети за мир!» - это наш общий вклад в дело мира в нашей стране.

8 ноября 2018 г. Карагандинский государственный технический университет и Международное антиядерное движение «Невада-



Семипалатинск» провели Международный молодежный антиядерный форум «Эстафета мира – молодым», в котором мы приняли участие как представители Международного движения «Дети – Послы мира». На форуме мы увидели реальные съемки атомных взрывов на Семипалатинском полигоне и их последствия. Мы тоже выступили и заявили взрослым от имени детей: «Мы хотим жить в мире! Мы не хотим войны!».

13 февраля 2019 г. мы посетили Выставку плакатов в Измайловском дворце-музее г. Москвы. Мы впервые увидели настоящие плакаты, которые видели только в фильмах и наяву, почувствовали атмосферу военной Москвы и патриотизм советских воинов.

3 апреля 2019 г. приняли участие в тематической смене по русскому языку в ВДЦ «Орленок» на Черном море. В музее «Орленка» мы увидели экспонаты, посвященные участникам Великой Отечественной войны и узнали о Герое Советского Союза М.Чечневой, которая была летчицей и сражалась в известном полку, названном фашистами «Ночные ведьмы».

22 апреля 2019 г в Москве проходил Всероссийский творческий конкурс «Спасибо маленькому герою». Мы тоже участвовали в этом конкурсе с рассказом о своем прадеде Филатове В. М. – участнике Великой Отечественной войны.

2 ноября 2019 г. в школе поселка Ленинский г. Павлодара я (Альвина) выступала перед родителями с рассказом о своем проекте «Спасибо деду за Победу», о работе над ним, о сборе материалов, о работе с поисковыми сайтами, на которых можно найти информацию о своих родных – участниках Великой Отечественной войны. Взрослые очень внимательно слушали о работе над исследовательскими проектами, интересовались информацией о поисковых сайтах. Это был мой маленький вклад в патриотическую работу.

В проекте Общероссийского общественного гражданско-патриотического движения «Бессмертный полк России» под председательством Василия Ланового, я (Альвина), исследуя поисковые сайты «Память народа», «Подвиг народа», «Мемориал», разыскала Дневник боевых действий 217 Гвардейского Артиллерийского полка. В нем воевал мой прадед гвардии лейтенант Филатов Валентин Михайлович. 30 июля 1943 года в тяжелом бою он был ранен осколком мины в голову и навсегда стал инвалидом Великой Отечественной войны. По этому военному

документу я узнала о последнем бое прадеда, о мужестве и героизме его товарищей, защищавших свою Родину.

В мае 2020 г. в условиях карантина по коронавирусу в социальных сетях мы запустили онлайн-концерт со своими выступлениями ко Дню Победы. Наши выступления с песнями о войне и мире получили широкий отклик среди интернет-сообщества. Люди ставят лайки и пишут очень теплые комментарии до сих пор, то есть наш концерт продолжается во времени. Значит, наши песни нужны, их слушают, любят и отправляют по интернету своим друзьям и близким. Это очень приятное и ценное для нас признание нашей волонтерской работы [6].

21 сентября 2020 г. мы приняли участие в патриотической акции: на территории Музея Воинской Славы г. Павлодара вместе с другими участниками высадили 75 саженцев маленьких елей в честь 75-летия Победы советского народа в Великой Отечественной войне.

15 сентября 2020 года был дан старт акции «Дети за мир» с международным участием в Инстаграме под хэштегом #dети\_za\_mir под девизом «Все флаги в гости будут к нам» с предложением разместить детское фото улыбающегося ребенка с флагом своей страны, приуроченного к Международному Дню мира 21 сентября. В акции приняли участие дети из Казахстана, России, Канады, Таиланда. Своей акцией они заявили взрослым: «Мы хотим жить в мире!»

Мы провели еще много встреч, уроков мужества, уроков мира, стали участниками онлайн-проектов, вахт памяти, акций – и вместе с другими детьми прокладывали свой путь – путь мира. Таким образом, мы пытаемся донести свои миротворческие идеи до детей всей планеты.

В 2020 г за проделанную патриотическую и миротворческую работу мы стали Лауреатами Всероссийской Инициативы «Горячее сердце» и были представлены к награде - Нагрудному знаку «Горячее Сердце». Всероссийская общественно-государственная инициатива направлена на создание условий для проявления социально-значимой общественной активности молодежи.

В 2020 году Инициатива «Горячее сердце» впервые прошла с международным участием. В Почетную книгу вошли истории 17 лауреатов из девяти иностранных государств: Монголии, Республики Абхазии, Республики Армения, Республики Беларусь, Республики Казахстан, Республики Сербия, Республики Таджикистан, Республики Южная Осетия, Чешской Республики, в том числе и наша история – Путь мира.

Чтобы узнать, как мои сверстники относятся к волонтерскому движению, знают ли они, что это такое, в чем преимущество работы

в данном движении для обычного школьника, мы разработали анкету с вопросами и раздали ее старшеклассникам в своей школе. Ответы были разные, но общее было одно: современная молодежь школьного возраста не в полной мере представляет себе волонтерство. В основном данная общественная деятельность, по их мнению, сводится к проведению благотворительных мероприятий в школе, сбор помощи больным детям. Но ведь это не так! Пространство волонтерства для школьников огромное. Это и участие в патриотических акциях и движениях, миротворческих и экологических форумах и многое, многое другое.

Как вы себе представляете содержание волонтерской деятельности?  
132&nbsрответа




Диаграмма – 1

Как вы считаете, на какой стадии развития находится сейчас волонтерство в Казахстане?  
132&nbsрответа




Диаграмма – 2

Хотел бы ты стать волонтером?  
132&nbsрответа




Диаграмма – 3

Подводя итог своему волонтерскому опыту, мы хотим признаться, что довольны своей работой и самими собой. Волонтерство, по нашему мнению, – большой вклад в фундамент будущего. Кроме того, мы считаем, что таким добровольцем может стать каждый, нужно только захотеть! Совершая всевозможные добрые дела, мы получаем знания, жизненный, а иногда и профессиональный опыт, разные навыки и, разумеется, положительные впечатления. Так давайте вместе найдем время на такие замечательные дела, и, наверняка, этот мир станет лучше, чище и добрее!

Подросткам, стремящимся сделать свою жизнь интересной, насыщенной, приносящей пользу, стоит попробовать принять участие в волонтерской работе. Возможно, это тот путь, который не только наполнит их жизнь новым смыслом, но и навсегда определит жизненные установки, идеалы и принципы.

## ЛИТЕРАТУРА

- 1 Концепция развития молодежной волонтерской деятельности в организациях образования Казахстана. Астана, 2013.
- 2 Мирошниченко А. Е. Волонтерское движение как форма социализации школьников – Внешкольник. - 2018. - № 3(183). – С. 38-45
- 3 Сакенов Д.Ж., Шнайдер Е.А., Иваницкий Н.П. Вовлечённость молодёжи Казахстана в решение социальных проблем через волонтерское движение. Педагогический вестник Казахстана: республиканский научно-педагогический журнал. Павлодар, 2009.

## «ҰЛЫ ДАЛА» ЖАБЫҚ ҚАЛА ЖОБАСЫ


ТӘЖІБАЕВ Ж. М.

12 сынып оқушысы, ФМБ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Нұр-Сұлтан қ.  
ТУРГАНБАЕВА А. О.

тарих пәнінің мұғалімі, ФМБ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Нұр-Сұлтан қ.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Еуразия жүрегінде» кітабында: «Астананы көшіру Қазақстанды жаңа тәуелсіз мемлекет ретінде орнықтыруда зор рөл атқаратынына сенімді болдым», – деп жазған еді [1, 25 б]. Қысқа уақыт ішінде Елбасымыздың еркінен туған жаңа Елорда жас мемлекеттің тәуелсіздігі мен жаһандық табысының символына айналды. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Астана – Елбасының перзенті. Ол – Ұлт көшбасшысы, мемлекет құрушы әрі ғажайып қала – Астананың рухани әкесі, архитекторы», – деген сөздері көңіл тербейді [2]. Елбасының ерік-жігерінің арқасында дүние жүзіндегі таңдаулы құрылыс туындылары салынды. «Тұңғыш Президент» кітапханасы, «Бәйтерек» монументі, «Астана опера» театры, «Ұлттық мұражай», «Шабыт» өнер академиясы, «Астана арена» стадионы, «Хан Шатыр» сауда-ойын сауық кешені, тағы да басқа ғимараттар. Болашақта да елдіктің ерен Елордасы Нұр-Сұлтан жаһандық деңгейде үлгі болу керек. Бұл мақсатқа жету үшін жаңа үлгідегі жобаларды жүзеге асырудың маңызы өте зор. Осы тақырыпты зерттеудің мақсаты – Астананы салудағы Елбасының ойларын, іскерлігін көрсету, «Жабық қала» кешенін салуды қайта жаңғырту тиімділігіне баға беру.

«Жабық қала» салудағы жоба үлгілері



Сурет 1 – «Жабық қала» жобасы



Сурет 2 – Киіз үй бейнесіндегі жоба

2010 жылы, мамырда Н. Ә. Назарбаев Астанада «Жабық қала» кешенін салуды жоспарлаған. Шұғыл континентальді суық ауа райына төтеп беретін жоба Лондонның «Мыңжылдық күмбезін» артта қалдырады деп күтілген. Жоба бойынша жыл мезгілінің кез келген уақытында бұл жерде тұрақты ауа температурасы сақталады.




Сурет 3 – Норман Фостер «Жабық қала – Батығай» (Indoor City)

Жоба 10 мың тұрғынға есептелген. Жабық шар секілді дөңгелек екі шақырымды алады. «Жабық қала» жобасын жасауда түрік, жапон, итальян сәулетшілері қызмет көрсеткен. Жергілікті сәулетшілер киіз үй формасында жасауды ұсынған. Деректер бойынша «Сембол» түрік құрылыс фирмасының президенті Айтекин Гюльтекин «Жабық қала» жобасын Нұрсұлтан Назарбаевқа көрсеткенін мәлімдеген. 2010 жылы ВКТ Project компаниясы (жетекшісі – Каир Баймұқашев) да жабық қала жобасын ұсынған [3].

Сонымен қатар, «Жабық Астана қаласы – Батығай» жобасы да 2006–2010 жылдары жоспарланған. «Батығай» деп аталуы ежелгі Бозоқ қаласының құрметіне орай таңдалған. Испан сәулетшісі Сантьяго Калатраваның жобасы Нұр-Сұлтан қаласында сулы-

жасыл желекжолдың бойында күмбез жобасын жүзеге асыру жоспарланған. Осы жобаны талқылау барысында аталмыш күмбездің сипаттамасында «био-тек» стилінде заманауи материалдар қолдану көзделген. 2017 жылы осы жоба мемлекет басшысына ұсынылды, алайда осы уақытқа дейін жүзеге асырылған жоқ деген ақпарат Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет және қала құрылысының басқармасына жазған жауаптан алынды. Бұл жобалардың барлығының жағымды жақтары суық климаттық жағдайларға төтеп беретін инновация мен жоғарғы қазіргі замандық экостандарттарды, қазақ халқының дәстүрін біріктірмек болғандығы болса, жағымсыз жақтары экономикалық жағынан тиімсіздігі, инвесторларды табуда қиындық туғызуы болды. Жоба адамдар үшін жасанды жиек құрып, қоғамдық кеңістікті шектейді, соның салдарынан әлеуметтік бөлініс тудырады. Осыған байланысты жабық қала жобасы тиімсіз жоба деп бағаланған.




Сурет 4 – «Ұлы Дала» жабық қаласының 3D макеті

Н. Ә. Назарбаев ЕХРО құрылысы салыну барысында журналистерге берген сұхбатында жабық қала салуды армандайтынын айтқан болатын, алайда осы жасанды климаты бар бірегей жабық қала идеясынан 2014 жылы Қазақстан үшін «ЕХРО-2017»-нің салынуы маңызды болғандықтан бас тартқан еді. Баяндамада Елбасының идеясын қайта жаңғырту ұсынылады. Жобаның жоғарыда аталған үлгілермен ұқсастығы – ұлттық нақышты сипаттайтын қазақ ою-өрнегімен безендірілуі. Жоба «Ұлы Дала» жабық қаласы деп аталады. «Ұлы Дала» ұғымы – бұрыннан қалыптасқан ұғым. Дешті Қыпшақ деген сөз – қыпшақтың даласы деген сөз. Ұлы Дала ұғымына Алтайдан Қара теңізге дейінгі даланы атайтын болған. Оның негізгі аумағы қазақтың жеріне сай. Қазақ даласында кен де болған, темір де болған, колөнер де болған, бәрі болған», – деп атап өткен Елбасы [4]. Біз – Ұлы Даланың ұрпақтарымыз, ендеше жоба осылай аталуы керек.

Елбасы «Еуразия жүрегі» кітабында: «Қазіргі заманғы ғимараттар ансамблін «Астана Бәйтерек» кешенінен Көлік коммуникациялар министрліктеріне дейін созылатын екі сатылы жабық бульвар тұйықтайтын болады», – деп жазған [1, 277 б.].

Ұсынылып отырған кешен де Елорданың орталығында, шамамен биіктігі 48–49 метрді құрап, Бәйтеректің жартысын қамтиды деп есептеледі. Ұзындығы бір шақырымға созылады. Күмбез сырты дөңестеу келгені дұрыс болады, себебі қыста жиналған қар шетке қарай құлап, еріген жағдайда дренажды жүйемен Есіл өзеніне қарай құяды. Есеп бойынша күмбездің іші тұрақты бөлме температурасын, яғни 24 °С қамтиды. Қысы-жазы қолайлы температурада болады. Күмбез астында дамыған әлеуметтік инфрақұрылымдар: мәдени орталықтар, ғылыми зертханалар, саябақтар, ботаникалық бақтар мен жасанды су айдындары, ойын-сауық және сауықтыру орталықтары болады. Ұлттық көрме орталықтарының ішкі қабырғалары, төбесіндегі әйнегінде ою-өрнектер, ішінде түрлі көшпелілер өркениетінің ерекшеліктері көрініс табады. Ландшафтық дизайнның жаңа жетістіктері қаланы нағыз оазиске айналдыратын субұрқақтарға қатысты болмақ. Күмбез шыныдан емес, полимерлі пленкадан жасалған ерекше мембрандық жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардан – текслоннан немесе инновациялық материалдан жасалады. «Ұлы Дала» жабық қаласында экологиялық ахуал да қарастырылады, мұнда бензин қозғалтқыштары бар қарапайым автомобильдер толығымен электромобильдермен алмастырылады. «Сәулетшілер мен дизайнерлердің бастапқы ойы бойынша, бульварлық кешеннің жоғарғы жағы жарқыраған, түрлі-түсті гүлдермен безендірілмек», – деп Елбасы жазған еді [1, 277 б.]. Бұл жобада да осы ойды жүзеге асыруға болады.



Сурет 5 – «Ұлы Дала» жабық қаласының макеті

Зерттеу барысында Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет және қала құрылысының басқармасымен байланыс жүргізілді. Баспасөз



хатшысына жолығып, осы жобаға қатысты сұрақтар электрондық хат арқылы жіберіліп, берілген жауапта қаланың жоспарында бұл жоба қазіргі уақытта қарастырылмағаны және жобаны жүзеге асыру қаражатты талап ететіні туралы айтылды. Хатшы жауабын ескере келе, егер инвесторлар табылса, жобаны жүзеге асыруға мүмкіндіктің бар екендігінен үміттенуге болады.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Елбасы мұражайынан ақпараттар жинастырылды. Жоба жөнінде дәлірек мәлімет табу үшін сәулет саласының маманы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, өнер профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Асылханов Ермек Сабырұлынан сұхбат алынды. Сұхбат транскрипциясы қосымша материалдарда ұсынылған. Сұхбатта қойылған сұрақтар:

Жабық қаланы қай жерге салу тиімді болады?

Оның биіктігі, ұзындығы қандай болмақ?

Нұр-Сұлтан қаласының климатын ескере отырып, қандай құрылыс материалдарын қолданған дұрыс?

Ішкі қолайлы температураны, қысымды, ылғалдылық коэффициентін қалай реттеп отыруға болады?

Инновациялық тұрғыдан баға беріп, бұл жоба қаншалықты тиімді болады деп санайсыз?



Сурет 5 – Асылханов Ермек Сабырұлы

Сәулетші ғалымның пікірінше, «Ұлы Дала» жабық қала жобасы жүзеге асырылуы керек, себебі климат жағдайларынан қорғайтын болады. Жобаның ұзындығы мен биіктігі дұрыс берілген, құрылысқа инновациялық материалды қолданған жөн. Бұл жоба – инновациялық тұрғыдан жаңа жоба. Мысалы, Торонтодағы жабық қалалар бұған айқын дәлел. Әлемнің Париж, Торонто, Дубай секілді көптеген қалаларында осындай орталықтар бар екені белгілі. Торонто қаласындағы жер асты қалашығында мейрамханалар, дүкендер, шағын бақ пен субұрқақтар бар. Осындай жерасты

қаласы 32 шақырымға созылған Монреалда, Пекин қаласында да бар. Жобаның артықшылықтарына келсек, қаланың аумағы шағын, экономикалық жағынан тиімді. Астананы салу кезінде жапондық архитектор Кисё Курокава «Бірақ «Жабық қала» ғана емес, Елорда тұрғындарын күтпеген ауа райынан қорғау керек болды», – деген еді. «Ұлы Дала» жабық қаласын салудағы негізгі ой – Елорда тұрғындарына қолайлы жағдай жасау. Бұл элиталық құрылыс емес, зияткер жастарға арналған қалалық аудан болады. Жабық қала қазақстандықтарға әлемдік прогрестің шетінде қалмай, инновациялық жаңғырту жолында қадам жасау үшін керек. Туристтік саяхатшылардың көптеп келуін қамтамасыз етеді. Бұл жоба қазіргі заман мен ежелгі көшпелілер өркениетінің көріністерін іске асырады. «Бұл – жақсы идея және болашақта ел мәртебесін айқындай түспек», – деп есептейді ғалым Ермек Сабырұлы.

«Тәуелсіздіктің «Алдағы жылдары да ғажайып арман сияқты, еш жерде теңдесі жоқ ғимараттар салынып, қазақ халқының Елордасы барлық елдің бір келуге, көруге деген ынтызарлығын тудырады, сондықтан бүгін алдарыңызға үш үлкен жоба ұсынылып отыр. Біріншісі – «Хан шатыр» деп аталатын болады. Мұның ішінде адамзат баласына керек заттың бәрі болмақ. Екінші жоба – «Жабық қала» деп аталады. «Жабық қаланы» «Батығай» деп атау жөн саналды, себебі тарихта Астана маңындағы Қорғалжың елдімекенінің аумағында Тәуке ханның ордасы Батығай деген қала болған екен. Үшіншіден, Бурабайды дамыту. Мұндай тамаша жерге инвестиция әкеліп, дамыту, өңірдің экономикасын көтеріп, бүкіл Қазақстанға қызмет етуге жағдай жасауға болады. Осы үш жоба да өте керемет, болашаққа арналған жобалар, – деген Елбасы өзінің сөйлеген сөзінде [5]. Осы аталған жобалардың екеуі Елбасының іскерлігі арқасында қазіргі таңда жүзеге асты. Ендігі мақсат – «Ұлы Дала» жабық қала жобасын жүзеге асыру. Қазақстандық жабық қала – утопия емес, жақын жылдардағы шындық болуы үшін жобаның макеті мен 3D сызбасы ұсынылды.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, экономика ғылымдарының докторы Анатолий Башмаков: «Астана – Президенттің орындалған арманы», – деген болатын. Елбасының арманын толық орындау – болашақ ісі. Ауқымды жобалардың жүзеге асуының барлығы Республиканың тағдыры шешілген, яғни Елорданың ауыстырылған күнінен бастау алады. Елбасының жабық қала идеясын қайта жаңғырту «Ұлы Дала» жабық қаласын салу мақсатымен жалғасын табады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Назарбаев Н.Ә. «Еуразия жүрегінде». – Алматы: «Жібек жолы», 2010. - 289 б.

2 Тоқаев Қ.Ж. «Астана – Елбасы жігерінің жеңісі» // <https://egemen.kz/article/171275-qtoqaev-astana-elbasy-dgigerininh-dgenhisi>

3 Кольцов В. «Казахстанский купольный город - не утопия, а реальность ближайших лет» // <https://www.zakon.kz/178287-kazakhstanskijj-kupolnyjj-gorod-ne.html>

4 «Қазақстанды «Ұлы Дала елі» деу халықтық атау болуы керек» - Н.Назарбаев // [https://www.inform.kz/kz/kazakstandy-uly-dala-eli-deu-halyktyk-atau-boluy-kerek-n-nazarbaev\\_a2817589](https://www.inform.kz/kz/kazakstandy-uly-dala-eli-deu-halyktyk-atau-boluy-kerek-n-nazarbaev_a2817589)

5 «Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында болып, Елорданың жаңа бірегей нысандарының тұсаукесер рәсіміне қатысты» 7 желтоқсан 2006 // [https://www.inform.kz/kz/kazakstandy-uly-dala-eli-deu-halyktyk-atau-boluy-kerek-n-nazarbaev\\_a281758](https://www.inform.kz/kz/kazakstandy-uly-dala-eli-deu-halyktyk-atau-boluy-kerek-n-nazarbaev_a281758)

### ҚАЗАҚҚА ЖАНАШЫР БОЛҒАН – ТИМОФЕЙ СЕДЕЛЬНИКОВ

ТОПЫШ З.

11 сынып оқушысы, № 70 Мектеп-лицей, Нұр-Сұлтан қ.

АХМУЛЬДИНОВ Б. Т.

гуманитарлық ғылымдар магистрі, тарих пәнінің мұғалімі,

№ 70 Мектеп-лицей, Нұр-Сұлтан қ.

*«Қазақтың кең байтақ жерінде аңызға айналмаған тұс тіпті аз, бәрі де қастерлі өлке, қасиетті мекен. Жерден өткен байлық жоқ: жер болса – ел болады, ел болса – ер болады.»*

**Н. Ә. Назарбаев**

Биылғы жыл Қазақ елі үшін ерекше кезен. Елімізде тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы тойланады. Халқымыз тәуелсіздікке қол жеткізу үшін талай қиын-қыстау кезендерді өз тарихында өткізген. Туған елі, жері үшін талай жаумен соғысып, ақ білектін күшімен, найзаның ұшымен, ақылменен болашақ ұрпаққа отанымызды аман-есен мұра ретінде қалдыруға жанын аямай, қаның төккен. Жер үшін, ел үшін сыртқы агрессорлармен күрескен сонау сақ-ғұн кезеніндегі Томирис, Мөделерден бастап, қазақ хандары,

Ресей отаршылдарына қарсы күрескен Кеңесары, Сырым, Жаңқожа, қазақтың басын біріктіріп, ұлттық мемлекетті құруды мақсат еткен, жер мәселесін көтерген Әлихан, Ахмет және Мыржақып сияқты Алаш зиялылары барлығына мәлім және белгілі. Ал, қазаққа жаны ашып, жер мәселесін көтерген, әділетсіз жер иеліктерінің бөлінуі, коллонизацияның зардаптары мәселелерін көтерген басқа ұлт өкілдері барлығына белгілі емес және олар жайлы оқулық болсын, БАҚ беттерінде де ақпарат жоқтың қасы.

Мақаламыз қазақтың өмірі, салт-дәстүрі, дәстүрлі шаруашылығымен тікелей тағыс болған, қазақтан құнарлы-шұрайлы жерлердің тартып алынуының әділетсіздігі жайлы пікір айтып, қарсылығын білдірген қазақ ұлтының өкілі-Тимофей Иванович Седельников жайлы болмақ. Т. И. Седельниковтың жер мәселесін көтеруіндегі ықпалы жайлы айтпас бұрын, ең алдымен бұл проблеманың негізі қалай қаланғаны мен алғышарттарын тарихқа үніліп қарау дұрыс болар.

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы капитализмнің дамуы қазақтардың көшпелі мал шаруашылығына кері әсерін тигізді. Шаруалардың орталық провинциялардан ұлттық шет аймақтарға қоныс аударуы жаңа ауқымға ие болды. 1901 жылы патша үкіметі жеке меншікке жер бөлу туралы заң шығарды. 1867–1868 жылдардағы реформа кезінде мемлекеттік меншік деп жарияланған қазақтардың жерлері де қазыналық жерлерге тиесілі болды. 1904 жылы 6 маусымда патша үкіметі «ауыл тұрғындары мен мешан-жер иелерінің өз еркімен қоныс аударуы туралы» заң шығарды. Қоныс аудару басқармасы осылайша қоныс аудару қорын толықтыра отырып, қазақтардан жер алуды жүргізді. Алайда қоныс аударушылардың негізгі толқыны 1905–1907 жж. орыс революциясы жылдарында қазақ жеріне құйылды [1, 258 б.].

Бірінші орыс революциясының негізгі міндеттерінің бірі елдегі аграрлық мәселені шешу болды. Революцияның жеңілісінен кейін патша үкіметі бұл мәселені реформалар жүргізу арқылы, билік пен жерді жер иелерінің қолында ұстап, аграрлық қатынастардағы дағдарыстың себептерін жоюға тырысты. Аграрлық мәселе бойынша реформалардың авторы патша үкіметінің ауыл шаруашылығы министрі П. Столыпин болды. Реформалар ауыл қауымдастығын жоюға және ауылда меншік иелерінің әлеуметтік қабатын қалыптастыруға бағытталды. Алайда, жер иесінің жерді иеленуін сақтай отырып, шаруалар үшін жаңа жерлер туралы мәселе

туындады. Осыған байланысты орыс және украин шаруаларын Қазақстан жерлеріне көшірудің жаңа кезеңі басталды [1, 258 б.].

Столыпинге Қазақстандағы «артық» жерлер туралы мәліметтер қажет болды. «Бос жерлерді» анықтау мақсатында казак шаруашылығын зерттеу жүргізілді. Патша үкіметі жұмылдырған және қоныс аударушылар ағынымен отарлаушы мақсаттарды көздей отырып, статисттер мен жерге орналастырушылар артығымен казак шаруашылығының мұқтаждықтарына назар аудармай, оның ерекшеліктерін ескермей, байырғы халықтан ең шұрайлы жерлерді іріктеп алды. Шаруалардың Ресейдің орталық губернияларынан Қазақстан аумағына жаппай қоныс аударуы орасан зор құнарлы учаскелер шаруаларға пайдалануға берілуіне, ал қазақтар Орталық және Оңтүстік Қазақстанның шөл және шөлейт аймақтарына ығыстырылуына әкеп соқты. Халықтың кейбір бөлігі этникалық Отанын тастап, көрші елдерден көшуге мәжбүр болды. 1907–1912 жж. статистикалық экспедициялардың мәліметтеріне сүйене отырып, Ресей үкіметі әсіресе үлкен көлемде қазақтардан жерді жаппай тартып алуды жүргізді. Патша өкіметінің қоныс аудару саясатының нәтижесі қазақтардың еңбекшілер тобының жаппай жерсінуі және күйреуі, отарлық езгінің күшеюі болды [1, 259 б.].

Алдыңғы қатарлы казак зиялылары халықтың талабын білдіре отырып, шаруалардың қоныс аударуын казак халқы толық жерге орналастырылғанға дейін және Мемлекеттік Дума оны түпкілікті заңнамалық түрде шешкенге дейін дереу тоқтатуды талап етті. Бұл тұрғыда казак зиялыларының көзқарасын қарастыру аса маңызды. Оның басшысы А. Бөкейханов патшалықтың отаршылдық саясатын сынға алып, «бюрократтық қоныс аудару дағдарысы» мақаласында былай деп жазды: «қоныс аудару және отарлау сияқты мәселелер мындаған тірі адамдарды Сібірдің картасына саусақпен жылжыту арқылы таза бюрократтық жолмен шешілмейді. Бір жағынан, қоныс аударушылардың қираған ескі ұяларға жаппай ұшуы, екінші жағынан, жергілікті халықтың күйреуі». Ол жер алудың қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына кері әсеріне назар аударады, жерді алып қою жергілікті халықтың өзекті мүдделерін ескерместен жүргізілді деп заңды түрде мәлімдеді. Ә.Бөкейханов казак қоғамының біртіндеп табиғи-тарихи эволюциясын жақтаушы болды [2, 273 б.].

Осындай көзқарастарды А.Байтұрсынов пен М. Дулатов ұстанды, олар патшалықтың қоныс аудару саясатынан туындаған кедейшілік үдерістерін айқындады. А.Байтұрсынов жайылымдардың азаюы қазақ шаруашылығының сарқылуына ықпал ететініне назар

аударды. Ол казак халқының орманда адасқан және қайда бару керектігін білмейтін адамның жағдайына ұқсады. «Шаруашылық өзгерістер» мақаласында отырықшылыққа ауыртпалықсыз өту үшін көптеген жағдайлардың болуы қажет, атап айтқанда, құнарлы жерлер, қолайлы климат, су көздерінің болуы, адамдардың топырақты өңдей білуі қажет, өйткені шаруашылық өзгерістер ешқашан жедел түрде болған емес, ғасырлар мен мыңжылдықтар бойы қалыптасқан [7, 47 б.].

Алаш партиясы өкілдерінің көзқарастарының көбісін еңбекшілер өкілдерінің бірі, Орынбор губерниясының депутаты, ұлты казак Тимофей Иванович Седельников бөлісті. Ол арнайы жерге орналастыру экспедициясында жер өлшеуші, казак Даласын зерттеу бойынша жеті жыл және екі жыл статистик болғанын атап өту маңызды. Т. И. Седельников тікелей міндеттерді орындаумен шектеліп қалмай, сонымен бірге жергілікті тұрмысты зерттеді, бұл кейіннен қазақтардың шаруашылық құрылысының өзгешелігін түсінуге ықпал етті.

Дала өлкесінің тұрғындарын бақылауындағы пайымдау «қырғыз даласындағы жер үшін күрес» мақаласында көрініс тауып, 1905 жылдың күзінде Орынборда оқыған: «қырғыз даласындағы жер үшін күрес және үкіметтің отарлау саясаты» атты қоғамдық баяндамасында қайта өңделді. Т. И. Седельников Қазақстанда статист болып жұмыс істеген жылдан кейін далада жерді пайдалану-күрделі механизм екендігіне көз жеткізді. Аграрлық сипаттағы мәселелерде өзінің кәсіби қызметіне байланысты білімді адам бола отырып, ол шаруашылық нысандарының аймақтың климаттық жағдайларына тәуелділігін атап өтті [3, 4 б.]. Казак даласында болған шаруашылық типтерін бірнеше кіші түрлерге бөліп: көшпелі мал шаруашылығы, жартылай отырықшылық мал шаруашылығы, толық отырықшылық және жартылай отырықшы егіншілік деп бөліп көрсете отырып, ол тек бір ғана басым түрді басшылыққа ала отырып, қалғандары туралы ұмытуға болмайтынын, бұл ретте халықтың қалған бөлігін «тағдыр тәлкегіне» ұрындыратынын айқын көрсетті. Сондықтан ол алдымен қазақтардың өздерін жермен қамтамасыз етіп, содан кейін қоныс аудару учаскелерін ұйымдастыруды талап етті.

Т. И. Седельников сынының тірек сәттері Ф. А. Щербинаның «артық жерлерді» іздестіру бойынша экспедициясының нәтижелері болды. 1902 жылы Тимофей Иванович «Ф. М. Щербинаның қырғыз жерді пайдалану нормаларының шығуына байланысты жүргізген

зерттеулері бойынша қалыпты емес қырғыз шаруашылығы туралы» баяндаманы оқыды.

Т. И. Седельников Ф. А. Щербина экспедициясының статистикалық қорытындыларының қорытындысын зерттеген және экспедиция басшылары жергілікті халықты алып кою үшін белгілеген «артықшылықтарды» таппаған жер өлшеушілердің қатарында болды. Далада зерттеу жүргізген Щербина, Кузнецов және басқалар Қазақ шаруашылығы жайлы «орташа» көрсеткіштерді ғана пайдаланған. Іс жүзінде өрескел әкімшілік араласу дәстүрлі шаруашылықтың тірі ағзасын біржола жойып, қазақ қоғамының бұрыннан пісіп-жетілген әлеуметтік-экономикалық қайшылықтарын ушықтырып жібергенін өз тәжірибиесінде көріп білген Т. И. Седельников биліктің мұндай озбырлығына көңгісі келмеді [4, 2 б.].

«Еңбек тобының» құрамында бола отырып, депутат «еңбекшілер» жобасының жерді ұлттандыруды білдіретін жалпыхалықтық жер қорын құру туралы тұжырымдамалық ережесіне іс жүзінде қарсы болды. Ол өзінің келіспеушілігін мемлекеттің әртүрлі бөліктерінің тарихи, мәдени, географиялық және ұлттық ерекшеліктеріне байланысты экономикалық және жер пайдалану нысандарының алуан түрлілігімен түсіндірді.

Т. И. Седельников ұлттандыру бағдарламасы ұлттандыру бұрыннан бар қазақ даласында оң пікірлерге жауап бермейді деп болжады. Онда көшпенділер әрқашан ортақ игілік ретінде қарайтын жерді оқшау иелену енді ғана қалыптаса бастағанын түсіну қажет болды. Олар жалпыхалықтық жер қорының қалыптасуын қазақ-диданшылардың жерді басып алуы ретінде қабылдады [5, 55 б.]. Т. И. Седельников ұлтшылдықтан басқа, қазақ-көшпелілердің жағдайы мүлдем жақсармайтын, сондай-ақ жер құрылысын жүргізу қажеттігін атап көрсетеді.

1905 жылғы баяндамада қазақтардың этносаяси мәдениетінің деңгейіне және далалықтардың ұлттық шоғырлануындағы биліктің әлеуметтік-экономикалық саясатының рөліне объективті тұрғыдан баға берген. Дала тұрғындарының өзара күресінің қабаттарын айта отырып, оның авторы сонымен бірге біріктіруші фактор болған отарлау саясатына қарсы күресуге дайын аз қамтылған бұқараның өсіп келе жатқан ынтымағын атап өтеді.

Т. И. Седельниковтың қызметінің маңыздылығы туралы, ең алдымен, ол қорғауға тырысқан ережелері-қоныс аударуды уақытша тоқтата отырып, қазақ халқының тез арада жерге орналастырылуын

жүргізу, адамдарға жердің табиғи жағдайларына сәйкес ұтымды және тиімді шаруашылыққа мүмкіндік беретін норма бойынша жер беру туралы айтылады.

Т. И. Седельников Аграрлық реформаны жүргізу кезінде Ресейде тұратын басқа этностардың жерінде басқару тәжірибесінің маңыздылығы мен ерекшелігін ескеру қаншалықты маңызды екенін түсінді. Оның көзқарастарының маңыздылығы зорлық-зомбылыққа жол бермеу болды.

Т. И. Седельников алдымен қазақтардың, содан кейін патша-помещик билігінің шараларымен қазақ даласын шаруалық отарлауына қарамастан, «қазақтар ашуланбады және шовинистерге айналмады» деп атап өтті.

Т. И. Седельниковтың тұлғасына және оның қазақ халқының өзекті мәселелерін шешуге қосқан үлесіне келетін болсақ, оның дала халқы проблемаларына бей-жай қарамайтыны және оларды шешудің барлық жолдарын іздейтіні анық. С. Н. Малтусынов дұрыс атап өткендей, Тимофей Иванович қазақ даласындағы жер қатынастары мәселесіне қазақтың көзімен қарауға сәті түскен. Ол қазақ халқының қажеттіліктері туралы жақсы білетін. Бірақ, далада жерге орналастыру мәселелерімен айналысқан көптеген отаршыл шенеуніктерден айырмашылығы, Т. И. Седельников қазақтардың жер қатынастары жүйесіндегі жаңа үрдістерді белгілеп қана қоймай, көшпенділердің жер туралы дәстүрлі ұғымдарындағы ой-санадағы өзгерістерді де байқады [4, 4 б.].

Оның қызметінің маңыздылығы туралы, ең алдымен, ол қорғауға тырысқан ережелерден-қоныс аударуды уақытша тоқтата отырып, қазақ халқына жедел Жерге орналастыруды жүргізу, адамдарға Жердің табиғи жағдайларына сәйкес ұтымды және тиімді шаруашылыққа мүмкіндік беретін норма бойынша жер беру туралы айтады.

Т. И. Седельников Аграрлық реформаны жүргізу кезінде Ресейде тұратын басқа этностардың жерінде басқару тәжірибесінің ерекшеліктері мен ерекшелігін ескеру қаншалықты маңызды екенін түсінді. Ол соңғысына қатысты зорлық-зомбылықты мүлдем қолайсыз деп санады және бұл оның көзқарастары мен сенімдерінің сөзсіз маңыздылығы.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Күзембайұлы А, Әбіл Е. История Республики Казахстан: учебник для вузов. 5-е изд. Астана: «Фолиант», 2001. - 392 с.



- 2 Букейханов А. Кризис канцелярского переселения. -Избранное. - Алматы, 19 - с. 270-274
- 3 Байтурсынов А. Казак, өкпесі// Айқап. Крастырушытар: У.Субханбердина,С.Дәуітов. -Алматы, 1995. - Б.47- 49
- 4 С.Г. Белоус, Т.И. Седельников и аграрный вопрос в степном крае Алматы: Вестник КазНПУ, 2013. -4 с.
- 5 Седельников Т.И. Борьба за землю в Киргизской степи и колонизационная политика правительства. - СПб., -88 с.

## ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ТОРАЙҒЫР Ә. Е.

8 «Ә» сынып оқушысы, Абай атындағы гимназиясы, Павлодар қ.

АҒАЛИЕВА А. Б.

тарих пәнінің мұғалімі, «Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы халық билігінің табиғаты өзінің бастауларын протоқазақ қоғамынан алып, Қазақ хандығына дейінгі аралықта үлкен даму сатысынан өтіп, қалыптасқан халық билігінің нысандары Қазақстан аумағында өмір сүрген мемлекеттердің саяси билік жүйесінің институттарының тәжірибесін бойына сіңірген халық билігінің классикалық үлгісі болып табылады. Халық билігінің нысандары қазақ хандығына дейін талай даму тәжірибесінен өткен, шындалған және уақыт тезіне төтеп берген жүйенің көрінісін білдіреді. Көшпелі қазақ қоғамындағы чингизизм принципіне негізделген басқару жүйесінің бір ерекшелігі – өзіндік «дала демократиясының» қалыптасуы болды, яғни билер мен батырлар институтының билік нысаны бола алғаны. Осындай жағдай, басқа түркі тілдес-өзбек, қырғыз, қарақалпақ халықтарында байқалмаған, тек дәстүрлі қазақ қоғамына тән құбылыс ретінде байқауға болады.

Кейбір еуропалық ғалымдардың арасында қазақ қоғамында хандардың деспоттық басқаруы жайлы пікірлер кездеседі. Сондықтан, жұмысымда дәстүрлі қазақ қоғамында деспоттық басқаруды жокқа шығарып, керісінше демократиялық құндылықтардың орын алғанын түсіндіргім келеді. «Дала демократиясы» ұғымын XVIII ғасырда қазақ жерін зерттеген

ғалымдардың еңбектерінен көруге болады. Мысалы, П. Рычков қазақ даласындағы «үкіметті негізінен демократиялық деп атауға лайық» дей келе рулар мен тайпа көсемдерінің, соның ішінде би, батырлардың ықпалының жоғарылығын атап өтсе, П. Паллас та әр рудың немесе аймақтың басшыларының дербес шешім қабылдау еркінің басымдығын атап көрсетеді. XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының ел басқару жүйесі туралы сөз еткенде ең алдымен «аймақтарды сұлтандар, одан кейін билер, ұсақ руларды және оның тармақтарын кара сүйектерден шыққан өз аталастары билейді» деген пікір басым айтылады. Беделді батырдың билігі оның хан тарапынан мойындалып, белгілі сый-құрметке ие болуымен тығыз байланысты. Дегенмен, мәселенің екінші жағынан алып қарағанда хан-сұлтандар да өз кезегінде халықтан шыққан тұлғалардың, соның ішінде батырлардың қолдауына ие болғанда ғана ел алдында мерейі үстем, билігі мықты бола түсетін еді.

Патшаның отаршылдық саясаты дәстүрлі қазақ қоғамының басқару құрылысына біршама өзгерістер енгізгені анық. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ халқының дәстүрлі қоғамына тән құндылықтары жойыла бастады. Патша өкіметінің отарлау саясатының нәтижесінде дәстүрлі қазақ қоғамына тән барлық әлеуметтік институттармен қатар, оларға байланысты халықтың рухани таным-түсінігімен біте қайнасып кеткен ұғымдар да күйрей бастады.

Қазақ қоғамындағы дала демократиясының ерекшеліктері. Қазақ даласында демократияның өзіндік ерекшеліктері болған. Қазақ хандығында тайпа, ру, ағайын-туысқандар тобы деген «азаматтық көшпелі қоғамның» күшті институты болды. Бұл институттар ханның билігін шектеп отырды, егер ханның әрекеті олардың мүддесін қозғаса, олар ханға саяси қолдау көрсетуде бас тарта алды. Кең тараған қарсылықтың түрі – тұтас тайпа мен рулардың қоныстарын тастап көшіп кетуі түрінде көрініс алды. Бірақ бұл жерде, рудың жеке мүшесі ондай еркіндікке ие болған жоқ, ондай күш тұтас рудың қолында болды. Сондықтан, ханның саяси институты әлсіз болды, ал батырлар мен билердің институты (ру-тайпалардың басшылары) күшті болды.

Халық билігі ең алдымен құқықтық принциптерден көрініс тапқан. Ол, мысалы, Төле бидің: «Күш атасы – халықта, қарсы келген хан да, би де оңалмас» [3; 115] деген өсиеті, Майқы бидің: «Хан – халықтың қазығы, Қараша - ханның азығы.

Хан өздігінен өлім жазасын қолданбасын,

Өлім жазасын халық өзі шешетін болсын», – деген өсиет сөздері кейінгі ұрпаққа үлгі, дауды шешуде билерге прецеденттік маңызы бар түйін рөлін атқарды.

Қазақтың ұлан-ғайыр даласында көшпенділерді басқару қиын болғандықтан хандардың билігі отырықшы-жер өңдеуші елдердегідей күшті болған жоқ. Рулар мен тайпалар басқарушы (хан) тарапынан қысым көрсе немесе үнемі келіспеушілікте болса, кез келген уақытта басқа жерге көшіп кете алған. Мысалы, Қазақ хандығының іргесін қалаған Керей мен Жәнібек басқарған тайпалар мен рулар осылай істеген еді ғой. Қазақтарда саяси құқықтардың болғандығын және оның дәстүрлі қоғамда өзіндік орын алғанын, мысалы хандарды сайлау институтынан, немесе дәлірек айтсақ, халық мойындаған төрелер мен Шыңғыс ұрпақтарының (чингизидтер) билігін заңдастырудан көруге болады. Хандық билік көбінесе сайланбалы болған. Қазақ Ордасындағы хан сайлау дәстүрі туралы М. Мағауин: «... Қазақ дәстүрінде әрбір жаңа хан өзінің тумысымен емес, болмысымен билікке жеткен, яғни ханның ұлы емес, халықтың ұлы ретінде танылған ел – ағаларының бірі көпшіліктің қалауы бойынша хан сайланған. Қазақ Ордасының мемлекеттік құрылымындағы мұндай ерекшелікті өткен замандағы орыс дипломаттары мен оқымыстылары бірден байқапты» [3; 59], – дей келе, XVIII ғасырда Ресей мен Қазақстан арасында елшілікте жүрген атақты М. Тевкелев пен XVIII ғасырда Қазақстанды отарлау саясатын жүргізген Орынбор губернаторы И. Неплюев те хандардың сайлануы туралы, жалпы қазақ даласындағы еркіндікті, қоғамның ашықтығын жазған болатын.

Түрік қағанатында реттік тәртіп аттамалы жолмен, дәлірек айтсақ, іріктеу арқылы жүзеге асады, жасы кіші інінің келесісі емес, үлкен-кішісіне қарамай ең беделді, айбарлысы хан көтеріледі. Бұл салт Қазақ хандығы кезінде өз жалғасын тапты, болашақ хан тек сайлау арқылы ғана таққа жететін болды. Хан сайлау рәсімін көруге, белгілі бір мөлшерде сырттай болса да ат салысуға ұлыстағы көрі-жастың бәрінің де хақысы бар. Әрбір адам кеңесші дауысты иеленген. Бұлар белгілі бір үміткерді қостап, мақұлдап немесе әлдебіреуіне наразылық білдіріп, хан сайлаудың өзі қалаған бағытта өтуіне ықпал етуге таласқан. Яғни Қазақ Ордасындағы халықтың, қарулы әскердің ой-пікірі жауапты кезеңде үлкен күшке айналған. Ал хан сайлау барша жұртқа ортақ іс. Басқа елдерде жоқ, тек қазаққа ғана тән рәсімдердің бірі – жаңа хан сайланғаннан соң, әр тайпадан, әр рудан келген адамдар ханның өрістегі малын түк

қалдырмай бөліске салады. Бұл рәсім «Хан сарқыты» деп аталады. Ханға малдың керегі жоқ. Хан – ел иесі, жұрт тұлғасы, елде бар болса, ханда да бар, ханның халықтан бөтен тілегі болмауға тиіс деген сөз. Бірақ айта кететін жай, үш-төрт күнде бұл мал көбейіп, кері қайтады; бірақ бұл-ханның емес, қазынаның малы. Сонымен бірге «Хан сарқытынан» бөлек, «Хан талау» деген салт та бар. Бұл – ел сенімін ақтамаған, өзінің нашарлығын танытқан басқарушының мал-мүлкін түк қалдырмай бөліп алу. Бұл барымта емес, халық шешімі бойынша жүзеге асатын жаза.

«Хан талау» – жанға емес, малға ғана қатысты рәсім екендігін естен шығармау қажет.

Жан – сауға, бірақ әмірші мал- мүлкімен бірге, бар билігінен, абыройынан айырылады. «Халық қаһарланса, ханды да тақтан тайдырады» деген сірә осы болар.

Қазақ сахарасында билер институты да елеулі рөл атқарған. Бұл жөнінде Ш. Уәлиханов «Сот реформасы жөнінде хатында»: «Возведение в звание бия не обуславливалось у киргиз (казахов) каким-либо формальным выбором со стороны правящей народом власти; только глубокие познания в судебных обычаях, соединенные ораторским искусством, давали киргизам это почетное звание... Значение бия основано на авторитете, и звание это есть как бы патент на судебную практику», – деп жазған еді [5;89]. Демек бидің билігі мемлекеттік күштеуге емес, беделге негізделген. Себебі қашан да көшпелі қазақ қоғамында билік – байлық сияқты өткінші дүние, мәңгілік емес деген пікір үстемдік еткен. Қазақтар ең алдымен бірін-бірі қадірлеген, бір-бірінің қадір-қасиетін, материалды дүниеден жоғары қойған. Тағы бір айта кететін жайт, бидің қазақ қоғамындағы орны ханнан да жоғары болатын. Қазақтар «Хан – қазық, би – тоқпақ» деп ханды халықтың тірегі көргенімен, егер хан әділетсіздік көрсетсе, халық қарамағынан көшіп кететін немесе «Хан талауға» ұшырататын. Кейде би ханға тоқтау айтатын, яғни оған «тоқпақ» болатын [1;10]. Қазақ тарихында бұған да жетерліктей мысал көп: «... төре тұқымы Дәулетқали төңірегіне үстемдік жасап, жайылым қорып, елдің түйесін иен далаға жайғызбай қойған соң Асау бидің баласы Тұрлан келіп:

– Жұрттың түйесін неге қайырасың? – дейді.

– Түйенді қайырмай, қазақ, сенің мұнда төреге бақтырып қойған жерің бар ма еді? – дейді Дәулетқали.

– Атана нәлет ақсүйек! Төренікі деген елді қайдан көрдің?!» – деп қамшының астына алады Тұрлан. Дәулетқали Орынбордағы «Ханға»

арыз береді. «Хан», «төре» тұқымына «тіл тигізгені үшін Тұрланды жазалаймын» деп Асау бидің ауылына келіп, «айыпкерді» шақыртады.

Халыққа арқа сүйеген Тұрлан «ханнан» қаймықпайды:

– Әлен соқыр, мені неге шақырдың? – дейді. «Хан қаһарланып, қылышын қынабынан суырып алып төрт сардар биіне:

– Мынаның төресін беріңдер, басын аламын! – дейді. Сонда Айтуар шешен:

– Ал тақсыр! Бұрынғыдан қалған сөз қайда? Қазаққа хан ие, кара жерге халық ие демеуші ме еді? Хандығыңды бер де, жерді ал, хан болып тұрғанда жерде нең бар? – депті. Сонда халық қаһарынан қаймыққан хан:

– Төрелігіңе құлдық! – деп орнына отырып, төре-төлеңгітеріне хандықты қара жерге айырбастағыларың келген екен, жоғалыңдар көзіме көрінбей», – деп ақырған болыпты [11; 38]. Сонымен бірге бұл жерде қазақ халқының әділ айтылған сөзді қадірлеп, түсініп, сөзге тоқтай білген халық екендігі көрінеді. Айтылған мәселелердің барлығы дәстүрлі қазақ қоғамындағы бүкіл саяси жүйенің жоғары деңгейде болғандығын көрсетеді. Көшпелі қазақ қоғамында орта ғасырлардың өзінде өзіндік ерекшеліктері бар биліктің бөліну жүйесі қалыптасқан. Хан билігін институты өзіндік монархиялылығын сақтай отырып, ханды сайлауға жол берілген. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы биліктің тағы бір ерекшелігі – биліктік өкілеттіктерді иеленушілер тек сайланып және тағайындалып қана қойған жоқ, сонымен қатар халық оларды мойындауы қажет болды, яғни басқарушы биліктік өкілеттіктерге халық алдында лайық болуы тиіс еді. Халықтың келісімімен ханды ақ кигізге отырғызып көтеру рәсімі, немесе билерге соттық-әкімшілік, әскери-саяси және дипломатиялық қызметті атқаруды міндеттеу-биліктік өкілеттіктерді иеленуге үміткер адамның саяси еркін мойындауы актісі ретіндегі биліктің заңдастырылуының болғандығын білдіреді. Қазақ қоғамындағы биліктік өкілеттіктердің бөлінуі қазіргі күнгі тежемелер мен тепе-теңдіктер жүйесі сияқты болуынан да оның ерекшелігі көрінеді. Өйткені хандар ақырғы шешімді қабылдауға тек заң жүзінде ғана құқылы болды, ал іс жүзінде олар қарапайым халықтың мүддесін өздері таңдап мойындаған, сол ортадан (халықтан) шыққан билер тарапынан қолдау табатын Хан кеңесте белгілі бір мемлекеттік мәселелерді қарастыру барысында көпшіліктің пікірімен санасуға мәжбүр болған. Халықтың мұның ойлаған ақын-жыраулар наразылықтарын ханға ашық, бетіне басып айта алатын болған.

XVII–XVIII ғасырларда қазақ қоғамы мемлекеттік басқару ісіне әр ортадан шыққан қабілетті туа біткен дарынды адамдарды тартумен ерекшеленді. Бұл кезеңдегі басты идея бірлік пен келісушілік болды. Осыған орай Әйтеке бидің: «Біз үш жүз керіспей келісейік. Ал керісе қойсақ, үшеуімізге де бірдей хандық түгіл ондық та жоқ» [12; 69], – деген нақыл сөзі осыны толықтыра түседі.

Сонымен қатар қазақ даласындағы дәстүр мен құқықтық мәдениеттің күші тағы бір тарихи жағдайдан айқын көрініс тапқаны белгілі: Әбілхайыр ханды өлтірген Барақ сұлтан өзін соттайтын төрт биді бүкіл қазақ билерінің арасынан өзі таңдап алған болатын [9; 127]. Мұнда «барлығы заң алдында тең, құқық аясынан ешкім тыс қалмайды» деген құқықтық мемлекеттің маңызды қағидалары іске асырылған.

Қорыта айтқанда көшпелі қазақ қоғамының басқару жүйесі гуманистік принциптерге негізделген болды. Қазақ хандары Еуропадағы монархтар сияқты абсолюттік билік иесі болған жоқ, ел басқару тізгінін дарынды би-шешендер, батырлар, ақын-жыраулармен бірге ақылдасып басқарды деуге әбден болады. Себебі би, батырлар тобы қара халықтың арасынан шығып, ру-тайпалардың мұң-мұқтажын білдіріп, ханды халықпен байланыстырып тұрған көпір іспеттес болды.

Дәстүрлі билер сотындағы халық демократиясының элементтері. Қазақ тарихында билер институты өз бастауын XIII ғасырда өмір сүрген Майкы биден алатындығы белгілі. Қазақ қоғамында билер ешқашан сайланып та, тағайындалып та қоймаған. Би лауазымен бекіту деген атымен болмаған. Би қызметі атадан балаға мұра болып та қалмайтын. Би болатын адамның бойынан бірнеше қасиет табылуы тиіс еді, яғни ол дәстүрлі әдет құқығын жете білуге міндетті, шешендік өнер мен аталы сөзді жақсы меңгеруі керек, адал, ешкімге бұра тартпайтын әділ болуы керек. Ш. Уәлиханов жазғандай: «Қазақтарда құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітуімен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген. Би атану үшін қазақ халық алдында әлденеше шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған. Мұндай адамдардың есімі желдей есіп, әлейім жұртқа таралып, біріне емес, бәріне де танылған. Сөйтіп би атағы сот пен адвокаттық істегі патентке айналды да, бидің балалары заңнан тәлімі болғандықтан, әке орнына мұрагер болып қала берді» [3; 195].

Л. Баллюзек өз еңбегінде «билердің» орнын өте жоғары дәріптеп келтіреді: «Би - өз халқының тірі шежіресі, заңын көп білетін заңгері болып қана қоймай, шешендігі, суырып салма сөз өнерін жетік білетін, халқымен біте қайнасып, тұрмысына да, әдет-ғұрпына білгір болған саясаткер» [6; 75]. Осындай билердің атақ-даңқы дала тұрғындары арасында тез таралған. Өзінің беделіне дақ түсірген би сот ісіне араласу құқығынан айырылды. Дала тұрғындары өзіне жүгінуін тоқтатқан кезден бастап ол би аталудан қалады.

Қазақ қоғамында билер халық тарапынан тандалғанын әйгілі орыс тарихшысы Левшин де айтып кетеді.

Билер сотының шешіміндегі негізгі мақсат – әділеттілікке жету. Дауды шешуде билер тарапынан екі жақтың шағымын қатар қарап, олардың өкілдерінің тікелей сот ісіне қатынасуға мүмкіндік беру ерекшелігімен, сот процесінің шынайылығымен сипатталады. Соттық функцияны атқарған бидің істі шешудегі еркіндігі сақталды. Бірақ әділ шешім қабылданбаған жағдайда жүгінушінің талабына орай бірнеше билер бірігіп істі қайта қарады. Сот жүргізу тәртібінде істің күрделілігі ескерілді. Сот құрамында бидің жеке бір өзі болып, шешім қабылданды. Бұл қарапайым істерге қатысты. Күрделі дауды әділ, білгір, беделді билер алқасы шешіп отырды. Олардың ішінде басты шешім қабылдайтын Төбе би тағайындалды. Сот жариялық түрде өткендіктен, мұнда ашық пікір білдіруге әр рудың билері қатыса алды [10; 135]. Әрине, ол Төбе бидің тарапынан реттеліп отырды. Осы жерде билер сотындағы демократиялық принциптерді көре аламыз.

Сондай-ақ билер институтының тағы бір ерекшелігі, би болатын адамның сұлтан, қожа сияқты шығу тегіне емес, жеке қасиеттеріне байланысты лауазымға ие болуы. «Би» атағын тек «қара халықтан» шыққандар ғана иелене алатындығын Ш. Уәлиханов атап өтеді. «Билер кеңесі» өзінің мемлекеттік статусы бойынша ханның билігін жіктеу құқығына ие болған көшпелі қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігіне сай қалыптасқан ұлы даланың сол кездегі парламент және жоғарғы сот органы, ханның ішкі және сыртқы саясат мәселелері бойынша шешім қабылдануы «билер кеңесінің» құптауын талап еткен. Ш. Уәлиханов бұрынғы билер сотында халық демократиясының элементтері бар деп білді.

Билердің саяси салмағы едәуір болғаны соншалық, кей жағдайда, тіпті ханның өзі аталмыш институттың беделді өкілдерімен, ақылдаса отырып, хан кеңесінде қарастырылған мәселелер шешімін бірге қабылдап отырған. Соғыс және бітім мәселелерінде байланысты сыртқы жаумен келіссөздерге көбіне билер жүргендіктен, түпкі

шешімді шығару сөз саптаған шешен-билерге жүктелгені даусыз. Тіпті, хан сайлау тәрізді аса маңызды қоғамдық рәсімді атқару сонау Шыңғыс ханнан бастап негізінен билер атқарып келгені ақиқат. Керек болса, хандық институтының қашанғы әлеуметтік негізі болып келген сұлтандар тәрізді әлеуметтік категорияның өзі қоғамдық салмағы жөнінен билер және батырлармен тең түсе алмай қалған еді. Билердің беделі мықты болғаны сонша, руаралық дауларды шешу негізінен олардың мойнына жүктелетін. Әрине, билер руаралық, тайпаралық дауларды шешу барысында тек сот мәселесімен шектеліп қоя бермеген. Олардың басты міндеті барлық ру-тайпалардың мүдделерінің тепе-теңділігін қамтамасыз ету, саяси тұрақтылықтың бұзылуына жол бермеу. Мәселен «Жеті Жарғының» бір бабында: «Хандар мен сұлтандар, ақсақалдар мен рубасылар күздің күні даланың орта кіндігінде жиналып, халық мәселелерін талқылауы тиіс» делінген [7; 56]. Соған қарағанда, қазақ қоғамындағы билік өкілетті болса керек. Аталған халық маслихаты – хан немесе жауап беретін маңызды мәселелерді шешуге жиналатын. Олай болса, ортағасырлық көшпелі қоғам – қазіргі заман талаптарына сәйкестірілген демократиялық саяси жүйе. Саясаттану ғылымында мұны плебесцитарлық, яғни «тікелей бұқаралық» демократия деп атайды.

Билер билік басындағылар мен бұқара халық арасындағы тікелей және кері байланысты іс жүзіне асырушы негізгі саяси құрылым болды. Олардың міндеті тұрғындардың талап-тілегін саяси жүйеге жеткізіп, қоғамдағы саяси-әлеуметтік тепе-теңділік күйінің бұзылуына жол бермеу. Би институтының арқасында қазақ қоғамы бір қалыпты күйде қызмет етіп, дағдарысқа ұшырамады. Билер халық арасынан сайланатын болғандықтан, хандық билікке тосқауыл болды. Билердің қолында әскери, саяси-әкімшіліктік, сот және заң шығарушы билік тетіктерінің шоғырлануының өзі хандық билікті тежеуге ықпалын тигізіп отырды.

Қорыта келгенде, көшпелі тұрмыс-тіршілік үрдісіне сүйенген қоғам жағдайындағы билер институты – мұрагерлік заңына негізделген дәстүрлі бекзадалық билік, хандық институтына қарағанда, халықтың қайнаған ортасының өзі тарихи қалыптастырып шығарған демократиялық билік тұтқасы ретінде бағалана алатын институт-дәстүр деуге болады.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар институтының орны. Үздіксіз әскери қақтығыстар мен ұдайы әскери қауіп жылдары болып есептелетін қазақ-жонғар қатынастарының кезеңі XVII–XVIII

ғасырларда әскери және саяси өмірде көптеген батырлар тобының пайда болуына әкеп соқты. Бұл кезенді зерттеушілер «батырлар институтының» аса бір гүлденген шағы, «батырлар дәуірі» деп айтады. Себебі осы уақытта тарих сахнасына аты белгілі батыр бабалар – Бөгенбай, Қабанбай, Малайсары, Райымбек, Сағынбай, Баян, Сары, Тәттібай, Барақ сынды тұлғалар шықты.

XVIII ғасырда «батыр» сөзі екі түрлі мағынада қолданылған: біріншіден, батыр деп қарапайым халық арасынан шыққан – батыл, жауынгер, ержүрек адамды айтса, екіншіден жоғарғы тап, яғни хандар арасынан шыққан батырларды да атаған.

Батырлардың әлеуметтік басымдылығы туралы Ш. Уәлиханов «Батыр қырғыздардағы ру басы, сұлтаннан кейінгі бірден-бір үлкен құрметті адамы, бұл ең беделді адам» – деп жазғанын Е. Бекмаханов өз еңбегінде айта келіп, XIX ғасырдың ортасына қарай қазақ байларының, сұлтандарының «батыр» деген атақты өз лауазымдарына қоса айтатынын жазған. Оған мысал, Есет батыр-би, Абылай ханның кейбір жағыдайда Абылай Баһадур хан деп аталуы. Қазақ қоғамындағы батырлардың жоғары шен екенін А. Семенов та дәлелдеп, – «жалпы қазақтарда он бес шен болған, соның ең жоғарғысы баһадур» [13; 93] деп жазады. Батыр шені мұрагерлікке қалмайды, ол жеке бастың батырлығымен келеді.

Көшпелі қоғам үрдісіндегі батырлар институты – халық арасынан шыққан әскери саяси институт. Бұл институттың халық арасында кеңінен қанат жаюы ең алдымен қазақ халқының төрт жағынан да үлкен қауіп ортасында орналасуы еді. Сол себепті де қазақ қоғамындағы батырлар институты жаудан қорғануда кәсіби дәрежеге жетті. Өзінің XVIII ғасырдағы қазақ қоғамына тән классикалық үлгісіне дейін батырлар институты бірнеше сатыдан өткен:

1. Рулық құрылыс кезінде-ру, тайпалардың әскер басы, көсемі болған.

2. Феодализм дәуірінде оларда феодалданып, қоғамдағы ақсүйектер табымен теңесе бастады.

3. XVII–XVIII ғасыр батырлар институтының гүлдену кезеңі [14; 83], яғни қазақ-жоңғар қатынастары кезеңі. Ұлт азаттық көтерілістің көптеп етек ала бастауы. Ал Қазақстан Ресей бодандығына енгеннен кейінгі кезеңде батырлық институт өз мәнін жоғалта бастады.

Қоғамдық-саяси даму жағынан келгенде дәстүрлі қазақ қоғамы ішкі әлеуметтік топтардың ұйымдасу бірлігіне бейімделген еді. Бұл ретте әлеуметтік ұйытқы болған хан, сұлтан, би, рубасы ақсақалдар

қатарында батырлардың да өзіндік орны бар. Осы жағдайды М.Вяткин басқа түркі тілдес-өзбек, қырғыз, қарақалпақ халықтарында байқалмаған, тек дәстүрлі қазақ қоғамына тән құбылыс ретінде бағаланады. Өйткені, Шыңғысхан жорығымен бірге тараған «батыр» термині басқа түркі тілдес халықтар мен кейбір еуропалық елдерде тек құрметті әскери атақ шенберінен аса қойған жоқ. Ал, қазақтың кең байтақ даласындағы көшпелі өмір талабы батырлардың саяси, әлеуметтік статусқа дейін жетілуіне алып келді.

Батырлар бір жағынан биліктің тірегі болса, екінші жағынан – оппозиция да болған, ал мәртебесі бойынша олар «кіші хандарға» теңестірілген.

Бекмаханов тұжырымдағандай XVII ғасырдың аяғы XVIII ғасырдың бірінші жартысында батырлар азаматтық істерге тікелей араласты [1;4]. Жалпы, деректемелік әдебиеттерде көбінесе батырлар рубасылық құқықтырды тартып алушылар ролінде орын алған. Алайда, хан болсын, сұлтан болсын, би, рубасы ақсақалдар болсын барлығы да неғұлым батырлық атағымен әйгілі болған сайын соғұрлым бұхара халыққа шынайы билеушілер ретінде танылды. Сондықтан да көбінесе ақылы ісіне сай батырлар рубасылыр билікке дала демократиясы арқылы жетті. Г. И. Спасскийдің деректері бойынша үш жүзге бөлінген 67 ру-тайпалық бірлестіктің жиырма бесінің билік басында батырлар болған [13; 34]. Елді билеу немесе ішкі әлеуметтік өмірдің қайнаған ортасында жүрген батырлар өзара әлеуметтік жіктерге бөлінді батырлар ішінен ұлыс, үлкенаймақ бөлігін қолына ұстап, әмір жүргізгендер де ру тайпа басшы денгейінде де және жеке-дара азаматтар қатарында да болғандар бар.

Қорыта айтқанда, «батыр» көшпелі қазақ қоғамның тірегі және хандық биліктің тұтқасы болды деп айтуға болады. Өйткені көшпелі қоғамның бір ерекшелігі – оның билеушілері хан ғана емес, батыр атағына да ие болу керек болған.

Қорытынды. Қорытындылай келе, дәстүрлі қазақ қоғамында демократиялық құндылықтарға сүйенген билік жүйесін көруге болады.

Дәстүрлі басқару жүйесіндегі бір ерекшелік – қарапайым халық пен билік тұтқасын байланыстыратын билер мен батырлар институтының хандық институтпен бір қатарда тұруы. Билердің қолында әскери, саяси-әкімшіліктік, сот және заң шығарушы билік тетіктерінің шоғырлануының өзі хандық билікті тежеуге ықпалын тигізіп отырды. Ал батырлар бір жағынан биліктің тірегі болса, екінші жағынан – оппозиция да болған, ал мәртебесі бойынша олар «кіші хандарға» теңестірілген.

Сондықтан Қазақ хандығының басқару жүйесінде соғыс, жау шабуылы, індет, алыс қашықтыққа көшу сияқты төтенше жағдайларда ғана орын алғаны болмаса, негізі қатаң орталықтанған билік болған жоқ. Бейбіт уақытта көшпелілер монархтың күшті билігіне мұқтаж болған жоқ, себебі әрқайсысы көшпелі өмірдің тұрмысымен айналысып, әркім өз жұмысын істеп бейбіт өмір сүріп жүре берген. Дәстүрлі қазақ қоғамында қолына қару ұстай алатын, басы ерікті әрбір ер адам заңды тұлға бола алды. Әр адамның көшіп-қонуға, жиналысқа, пікірталастарға қатысып, ешкімнің бет ажарына қарамай өз пікірін тура айту еркіндігі өзінде болды. Өзінің шағымымен қатардағы көшпелі тікелей ханның өзіне де бара алды. Бұл жерде көшпелілерде егіншілер, қолөнершілер мен саудагерлердің отырықшы қоғамынан қарағанда демократия басым болғанын анық байқауға болады. Тағы бір айта кететін ерекшелік, еуропалық елдерде азаматтардың барлығына мұндай құқық берілген жоқ, мысалы сайлау құқығы мүліктік цензге қарап берілді. Ал көшпелі қазақ қоғамында мұндай құқықтар әрбір қару ұстай алатын ересек адамдарға берілді. Әрбір қазақ бір нәрсеге наразы болған жағдайда, шенберге қамшысын лақтырып, «Дат, хан ием!» деп, яғни өзіне сөз беруін сұраған және сөз сөйлеу құқығын алған. Ондай құқық еуропалық қоғамда да, орыс шаруа қоғамында да болған жоқ! Сондықтан, дәстүрлі қазақ қоғамында халыққа жеткілікті түрде кең құқықтар мен еркіндіктер болды деуге болады.

Көшпенді қазақтарда отырықшы халықтарға қарағанда демократияның тағы бір белгісі - қазақтардың өзін құлдық шалмаған болатын. Құлдар құрамын соғыс барысында қолға түскен тұтқындар құрады. Олар мал күтумен, қорғасын қорыту сияқты жұмыстарды атқарды. Бірақ қазақтарда өздерінен «құл» болмады. Өйткені бұл өз халқын сыйламағаны деген Крафттан берілген үзінді дәлелдей түседі. Қазақтардың өзі ішіндегі төменгі әлеуметтік топты құрайтын қатардағы жатақтар құлдық жағдайға түспеді. Себебі мұндағы рулық қатынастың беріктігі және ірі байлық иелерінің оларға түрлі әдеттік нормаларда қарастырылатын көмек арқылы қолдап отырды. Тіпті ең кедей байғұстың өзі басыбайлы орыс шаруасы немесе Еуропаның қала тұрғынына қарағанда неғұрлым көбірек құқыққа ие болып, еркіндігін сақтады. Қазақтар тіпті тұтқынға түскендердің өздерімен де жақын болып, ислам дінін қабылдатып, еркіндік беріп, отбасына толық құқылы мүше етіп қабылдаған да жайттар да аз емес. Мысалы, Абылайдың солтүстік Қырғызстанға жорығынан кейін, көптеген қырғыздар тұтқынға түсіп, арғындардың арасына қоныстандырылып, бай қырғыз бен жана қырғыз әулетін құрып, толық құқылы қазақтарға

айналды. Жалпы, қазақтардың арасында ассимиляцияланған түрікмендер, башқұрттар, татарлар, қарақалпақтар, ноғайлар, сібір татарлары да болды. Токсан ауыз сөздің тобықтай түініне келгенде, қазақтардың көшпелі қоғамы барлық әлемге ашық болды, көрші елдерден өздеріне іш тартқан қашқындарды, қоныс аударушыларды кіргізді. Осындай орын алған жайттардың барлығы қазақ қоғамындағы демократиялық принциптерді көрсетеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кенжалиев З.Ж. Дәстүрлі мемлекеттік билік //Заң газеті. - 19 қаңтар. - 2000. -4 б.
- 2 Бектаев Қ., Қалдыбаев М. Ұлы бабаларды ұрпақ ұмытпайды. Шымкент, 1993. -49 б.
- 3 Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения. -Алматы. - 1958. -247 с.
- 4 Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы. - 1996. - 267 б.
- 5 Валиханов Ч.Ч. Суд биев в древней народной форме / Избранные произведения. - Алматы. - 1958. -257 с.
- 6 Бижанов М. Социальные категории казахского общества XVIII века в трудах русских ученых. – Алматы, 1969.
- 7 Өсеров Н. Жеті Жарғы. - Алматы: Жеті Жарғы, 1995.
- 8 Оразбаева А. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. - Алматы, 2004.
- 9 Артықбаев Ж.О. Қоғам және этнос (XVIII ғасырдағы қазқ қоғамының этно-әлеуметтік құрылымы). – Павлодар, 2004.
- 10 Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. -Алма-Ата,1958.
- 11 Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. -Алматы,1996.
- 12 Төрөкүлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері. 1,2-кітаптар. Алматы,1993.
- 13 Даутбекова М. Қазақ қоғамындағы батырлар институтының тарихи бастаулары //10 лет независимости Казахстана. -А., 2001. -Т.2. 154 б.
- 14 Э.Телеуова Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымы //Қоғам және дәуір.- №2.-82-91 б. 2012.
- 15 Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. - Алматы: Ер-Даулет, 1994. -238 б.

6.10 Археология және этнология  
6.10 Археология и этнология

**РИТУАЛЬНЫЕ НАЦИОНАЛЬНЫЕ БЛЮДА  
КАЗАХСКОГО НАРОДА, СВЯЗАННЫЕ  
С ЦЕННОСТЬЮ СЕМЬИ И РОДСТВА**

АЛИБЕК А. Р.  
ученик, СШ № 11, г. Павлодар  
НАУРЫЗБАЕВА С. Т.  
учитель истории, СШ № 11, г. Павлодар

Каждый народ стремится сохранить свои обычаи, развить культуру и обогатить язык. Традиции и обычаи – это то, что сохраняет самобытность страны, воспитывает личность, прививая любовь к Родине. Инициативная программа «Рухани жаңғыру», направленная на возрождение духовности и традиций казахстанского народа, открывает привычные мероприятия в новом векторе. Национальная кухня – это не только показатель пищевых предпочтений отдельного народа, но и являются яркой визитной карточкой нации. Как явление культуры, пища и ее принятие регулируется комплексом норм обусловленных системой ценностей каждого народа. У казахского народа очень самобытная и интересная национальная кухня, этикет казахского застолья – целая наука, в основе которой уважение к старшим, к гостям. Подношение угощений гостям – непростая церемония. Каждое блюдо должно соответствовать возрасту и положению гостя. Пищевые предпочтения наших предков формировались на протяжении многих веков, еда обеспечивала человека оптимальным количеством полезных и питательных свойств. Все блюда национальной кухни кочевников имеют свою глубокую философию, и несут вкус земли, информируют о традициях кочевых народов, заключая в себе сакральный смысл, участвуя в воспитании детей. В системе духовных ценностей казахов важное место также всегда занимали и занимают семья и родство. Когда готовили блюдо, каждому члену семьи готовили отдельную часть. Например, асакалам, самым уважаемым в доме или старшей матери подавали бас и жанбас. Приготовленную баранью голову, выложенную на красивое блюдо, хозяин дома преподносит главному гостю за столом. А дальше уж тот должен будет распределять эту голову среди гостей по собственному усмотрению. Уши обычно дают юношам с пожеланием быть повнимательнее к тому, что говорят

взрослые; нёбо – юным девушкам (оно символизирует красноречие и трудолюбие).

Раздающему надо не забывать и о некоторых тонкостях. Например, детям не полагается давать мозги – будут слабохарактерными. Особые умельцы – старейшины – умудряются устроить из этого процесса целое шоу, распределив голову человек на двадцать–тридцать и сопровождая раздачу такими дружескими и остроумными комментариями, что гости умирают от хохота [1].

Во время тоя, аса, праздников гостей угощают национальными блюдами, приготовление которых требует умения и навыков. Каждое блюдо соответствует возрасту, положению гостя. «Бас табак» – главное блюдо, «сый табак» – почетное блюдо, «куйеу табак» – блюдо для зятя, «келін табак» – для снохи, «жастар табагы» – для молодежи и т.д.

В обрядовой кухне нашли отражение и теплые чувства матери к сыну. Для них готовили жаужүрек, с целью, чтобы они росли смелыми и храбрыми. Готовится это блюдо из бараньей печени и брюшного жира, которые богаты белками, витаминами А и С, самое главное – в бараньей печени содержится гепарин, способствующий профилактике инфаркта миокарда. «Пищу батыр находит в пути», гласит народная мудрость. И это блюдо изначально готовили воины, охраняющие мир и покой народа. «Жау келгенше – мынаны жеп қойык» («Пока враг не пришел – надо всё это съесть»). Есть также шыж-мыж – чисто мужское блюдо из внутренностей мелко рогатого скота, запеченных в карын – желудке животного. Оно объединяло соплеменников и давало силу. Блюдо символизировало мужскую дружбу. Оно готовилось по особому рецепту для всех родственников, друзей и соседей. На огне обжаривали мелко нарезанные бараньи почки и легкие. Для каждого региона характерен свой особый рецепт приготовления данного деликатеса. В Павлодарском Прииртышье мелко нарезанными обжаренными почками и легкими начиняют толстую кишку (бүйен) [2].

Куйрык бауыр – это обрядовое блюдо казахов из печени и курдючного сала. Согласно обряду во время сватовства сторона невесты преподносит особое угощение куйрык бауыр в знак скрепления договора о свадьбе. Сватающие стороны во время сватовства ели из одной посуды. Это налагало на родителей сторон определенные права и обязанности, уже нельзя было отступать от свадебного договора. Для приготовления куйрык бауыр печенку вымачивали в молоке. Курдючное сало нарезали крупными кусочками и отваривали, потом клали туда же печенку, соль, перец черный и

варили до готовности. Важно было чтобы печенка не переварилась. После этого воду сливали а печенку и сало охлаждали и нарезали тонкими ломтиками. При подаче на стол на каждый ломтик печенки ложили ломтик курдючного сала. В народе сохранилось высказывание «құйрық бауыр жедің бе, құда болдым дедің бе» (что в переводе, отведал блюдо и стал сватом.) Печень по представлению казахов – главный орган в живом организме, она очищает кровь, а значит, хранит человека от зла и прочей нечисти. «Баурым» – «печень моя» – зовут казахи самого близкого и дорогого человека. Жирный курдюк – символ изобилия, богатства. Поедание ритуального блюда – вербальное пожелание счастливого родства. Существует и такая традиция, когда выливают продукт белого цвета. Это происходит, к примеру, когда девушка выходит замуж, и ей вслед разливают белоснежный напиток, как символ чистой благополучной жизни.

Ритуальное блюдо ұлпершек – блюдо из сердца лошади или коровы готовили родители девушки, вышедшей замуж и покинувшей отчий дом. Гостинец передавали, чтобы дочь понимала, что родные скучают по ней и любят. Уважаемому зятю и любимой дочери готовили Өрметөс. Форма грудинки баранины напоминает два крыла птицы, с двух сторон с середины ее сплетали тонкой кишкой с пожеланием молодой семье быть двумя крыльями одной птицы. Чтобы они жили долго и счастливо.

Особого внимания стоит питание беременной женщины и молодой матери. Чтобы развитие плода и новорожденного проходило нормально, женщинам готовили разнообразную питательную еду. Например, Быламық – это отличное дополнение к ограниченному рациону молодой матери. Внутриутробное формирование костей плода происходит за счет кальция в организме матери. Нередко в таких случаях у беременных и кормящих женщин возникают проблемы, связанные с недостатком этого элемента. В составе этого блюда – мука, молоко, сливочное масло, сок обработанного пшена, сахар и соль по вкусу. Быламық очень богат кальцием и железом. Кальций не только укрепляет кости и зубы беременной и кормящей женщины, дает силы, улучшает настроение, укрепляет нервную систему, влияет на улучшение памяти [3].

Обряд жарысказан, буквальный смысл которого связан со скорым приготовлением пищи в условиях беготни, впопыхах. Его проводят, когда у женщины начинаются родовые схватки. В этот час, радостный и тревожный одновременно, женщины в доме

или юрте поднимают притворную суету, торопливо готовят еду. Считается, что пока готовят мясо, женщина успеет родить.

Вкусное и питательное казахское лакомство төңкерме, Это обрядовое блюдо, которое готовили из перемолотой обжаренной пшеницы специально для рожениц. По традиции свекровь созывала женщин для помощи во время родов невестки. Все вместе они готовили данное блюдо, выражая свою поддержку и заботу. Төңкерме, в основном, готовят во время обряда жарыс казан и кормили этим блюдом женщину сразу после родов, для восстановления сил. В народе данный вид мучного изделия носит самые разные названия: казан төңкерме, доғалатпа.

На сороковой день от рождения ребенка проводили детский обычай колжа. Колжа – ритуальное угощение матери после родов. Блюда предназначались главным образом для восстановления сил роженицы. Именно ей, в первую очередь, подавался горячий бульон и только потом угощались остальные. Для такого случая приносили в жертву молодую овцу и отваривали ее. Большое значение придавали шейному позвонку. Участники трапезы откусывали мясо зубами. Причем первая это делала роженица, а последняя киндик шеше (вторая мать). После трапезы кость не выбрасывали, а насаживали на палочку сквозь спинномозговой канал и вешали на женской половине юрты. Снимали его только тогда, когда ребенок умел держать голову [4].

На Наурыз готовили уйқыашар – своего рода белковое блюдо в казахской кухне. Его преподносили женщины своим мужчинам. Обязательно сохраняли с зимы кусок мяса, его вялили с помощью дыма, потом варили в первом молозиве. Оно впитывало его в себя, получая огромное количество белка. Таким образом, женщины кормили мужей, чтобы они наполнились силами после «зимней спячки». Без разрешения старших и мужей снохи не могли позволить себе развлечения. Когда старшие отправлялись на той, в ауле оставались одни женщины. В таких случаях они устраивали для себя пир: варили вкусное мясо, ставили чай в самоварах пели, шутили, секретничали, советовались. «Абысын асы» объединяло, сближало, сплачивало женщин.

Блюдо «Окпе сут», которое готовят из легких, предназначалось дальним родственникам: «өкпелемесін» – «чтобы не обижались». Когда хозяйки замечали, что их сородичи долго к ним не приезжают, они готовили это блюдо, чтобы забыть все обиды [5].

Еще одно блюдо братания – Баурсак. Слово «баур», от которого произошло «баурсак», в переводе с казахского означает «брат».



Это небольшие шарики из теста, обжаренные на масле. Баурсак похож на маленькое солнце, и символизируют тепло и счастье. Этим блюдом встречают гостей, его подают во время праздников и свадеб.

Существует народная казахская сказка про хана Искандера, у которого росли рога. Знали об этом только те, кто брил хана. Сразу после бритья хан казнил их, чтобы те не рассказали никому о его рогах. И вот пришла пора одному юноше брить хана. Его мать приготовила на молоке баурсаки и дала сыну, велев есть их прямо во время бритья. Хан заметил баурсаки и, попробовав, полюбил их вкус. Он узнал, что они были приготовлены на молоке. Тогда хан решил не казнить юношу, ведь теперь они молочные братья. В казахском эпосе простой юноша и хан могут породниться, отдавая общее блюдо [6]. Изучения системы взглядов казахского народа сквозь призму традиционной обрядовой жизни кочевников позволяет не только расширить знания, но и понять основные духовно- нравственные принципы народа.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Чотонов А.О. О национальных традициях народов Средней Азии, Фрунзе, издательство АН КирССР, 1964
- 2 Частный П.М. Национальные блюда Казахстана, Алма-Ата, 1962
- 3 Сарыев И.С. Казахская кухня, Алма-Ата, издательство «Кайнар» 1981
- 4 Журнал «Гастроном» [Электронный ресурс.Адрес: [www.gastronom.ru](http://www.gastronom.ru)]
- 5 Уранкаева Ж.Г. Национальная кухня // Казахстанская правда– 2018. - № 4. – С. 2-7.
- 6 Зорина О.И. Философия казахской кухни// Вечерняя Астана 2020

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ СЫРЫ

АУБАКИРОВА А. М.

5 сынып оқушысы, № 3 Успен ЖОББМ, Павлодар обл., Успенка ауд., Успен а.

САТЫБАЛДИНОВ Е. А.

жетекші, тарих пәнінің мұғалімі және магистрі, № 3 Успен ЖОББМ, Павлодар обл., Успенка ауд., Успен а.

**Зерттеудің өзектілігі:** Ұлттық ою-өрнектерді зерттей отырып, халқымыздың ою-өрнегін өшуге, жоғалуға жатпайтынын жас ұрпаққа дәріптеу.

**Жұмыстың орындалу әдістері:** Бүгінгі тақырыпқа байланысты туындап отырған мәселеге қатысты ғылыми әдістеме көздерін теория түрінде талдау.

Оқушылардың ою-өрнек өнеріне деген оқу танымдық шығармашылығын, іс әрекетін талдау.

**Зерттеу мақсаты:** Ою-өрнек өнері-қазақ халқының ауыз әдебиеті секілді мәдени шежіре. Мақсат, болашақ ұрпақтарымызға ұмыт болып бара жатқан осы өнерді таныстырып қана қоймай, оны колөнер, сурет, сәулет өнері және өндіріс салаларына ендіре отырып, осы өнерді қайта жаңғырту, оған жаңа мазмұн беру.

Халқымыздың көркем мұрасы ою-өрнек өнерін , ғылыми тұрғыдан зерттеп, оның көне және озық үлгілерін сөрелеп шығу, тарихын, қоғамдық әлеуметтік, тәрбиелік мәнін ашу.

**Зерттеу нысаны:** Ою-өрнек өнерді тұтыну қажеттігін, өнердің жаңа бағыттарын анықтау, жүйелеу.

Қазақ ою-өрнегінің әр түрлі тарихи кезеңдердегі композициялық ерекшеліктерін анықтап, олардың даму жолдарын зерделеп, ғылыми негіздерін жүйелеу.

**Жұмыстың нәтижесі:** Ата-бабаларымыздың жинақтап дайындаған бай тәжірибесін қолдана отырып, ою-өрнектің технологиясын тандап алуға оқушының іскерлігін, шеберлігін қалыптастыру.

Өрнектелген бұйым арқылы оқушының ұлттық өнерге деген көз-қарасын, қызығушылығын дамыту.

**Зерттеудің жаңалығы:** Ғасырлар бойы келе жатқан ою – өрнектерді ғылыми тұрғыда талдап, жаңа заман талабына сай өзгерістер енгізу жолдарын қарастыру.

Қазіргі заман талабына сай шеберлердің шығармасының дүниеге келуі зерттеу мен білгірлікті, еңбекқорлықты, ғылымдылықты, талант пен дарындылықты қажет ететіндігін ұғыну.

Қазақ ою-өрнегі-ғасырлар бойы дамып келе жатқан өнер туындысы. Халқымыздың қай қолөнер саласын алсақ та, ою-өрнектер өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, белгілі бір тәртіппен орналасқанын көреміз. Оюлардың ежелден келе жатқан нұсқаларында элементтер құстың, гүлдің, жануарлардың түрін түспалдап тұратыны белгілі [1, 14 б.].

Көне түркілердің түсінігі бойынша, құс-көктің, балық-судың, ағаш-жердің белгісі. Сол қазақ ою-өрнегінің мақұлықаты, нәубет аты, ғарыштаты, тікесызықты, нышандық, танымдық т.б сарындарының мазмұнын байыта түсті. Халқымыздың ғасырлар бойы мұра болып келе жатқан 60-қа жуық оюлардың мазмұны мен нұсқасы, атаулары жиналған. Мәліметтерге сүйенсек, шеберлер өздерінің қолөнер туындыларына табиғаттан алынған бейнені дәлме-дәл түсіруге ұмтылған. Бұйымдарда жан-жануарлардың мүйізі, дене мүшесі, тұяғы, құстың тұмсығы, түлкінің басы, бөрінің құлағы немесе иттің құйрығы т.б және өсімдіктердің түрлері кеңінен бейнеленген [2, 9 б.].

Қазақ ою өрнегінің өзіне тән даму жолы мен тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан сақ, андронов мәдениетінен басталады. Андронов мәдениеті б.з.б екі мыңжылдықтың соңғы жартысы мен бір мыңжылдықтың басында Батыс Сібір мен Қазақстанды мекендеген тайпалар мәдениеті. Ал б.з.б 7–10 ғасырда сақтар негізінен Оңтүстік Шығыс және Орталық Қазақстан жерлерін мекен еткен. Сақ тайпалары туралы құнды тарихи деректер ежелгі заманғы грек және парсы тарихшыларының қол жазбаларында кездеседі. Ол жазбаларда грек тарихшылары сақтарды «азиялық скифтер» – деп, ал парсы тарихшылары «сақ» – деп атаған. Бұған елімізде ұзақ жылдар жүргізген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде анықталған. Ежелгі мәдениеттің үлгілері дәлел бола алады [3, 17 б.].

Қазақтың ою-өрнектерінің түрлері де, атаулары да көп. Бұл жерде 200-ге тарта түрлерімен жас ұрпақты кеңірек таныстырып және ою-өрнектердің кейбір заттық ұғымдарын еске салып, олардың кейінгі жастар үшін де түсінікті болу жағын қарастырдық.

Ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа, бір шебердің ұсталық, іскерлік мәнерінен екінші біреуге үнемі ауысып отырғандықтан осы күні кейбір облыстардағы «қошқармүйіз», өрнегі бастапқы бейнесінен өзгеріп кеткен. «Ырғақ», «сағат бау», «түйетабан»,

«жүрекше», «қазтабан»-деп аталатын әдемі өрнектерді кейбір облыс шеберлерінің орындауында олқылықтар бар [4].

Ертеден келе жатқан халықтық мұраны екшеп, тазартуды ойласақ, ең алдымен осындай бұрмалаушылықтан арылтып, оны әдемілігіне жеткізе жаңа түр, жаңа мазмұн бере дамытуымыз қажет.

Қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің негізін іздестіру ісінде Т. Қ. Бәсеновтың «Орнаменты Казахстана в архитектуре» деген кітабы көптеген құнды материалдарға толы. Автор ою-өрнек элементтерінің даму тарихын көрсете келіп, оларды түр-түрге ажыратады. Мысалы: «арқармүйіз», «қырық мүйіз», «сыңармүйіз», «қармақ», «ырғақ», «қошқармүйіз», «жапырақ», «гүл», т.б. [5, 13 б.].

Әрбір ою-өрнектегі атау жай ғана атау емес, сол атаулар арқылы ою – өрнектің тал бойында жасырын жатқан сырды, маңызды да мағыналы ойды алуға болады.

Мәселен, «орамал балдақ» – оюының атауында да мағыналы мән жатыр, «орамал» – әйелдер басына тартатын жаулық, «балдақ» – шымылдықтың бау өткізетін шығыршығы, ілгегі, яғни, орамал мен балдақ жаңа түскен келінге шымылдық тұту басына жаулық салу сияқты қазақ салтының шартты бейнесі ретінде бейнеленген.

«Орамал балдақ» – өрнегінің жан-жағына «тұмар», «гүл оюы», «су оюлары» салынып, аққуларға қызыл, жасыл, көк түспен тоқылады. Мұнысы – «туған жердің гүліндей жайнап, сарқырап тоқтамай, ақпай судай, мәңгілік халқыңа қызмет ет» – деп халықтың жаңа түскен келінге айтатын арман тілегі.

Ою-өрнек – өрелі өнер

Шебер көп бұл заманда кілең керім,

Болмайтын ажыратып түр өндерін.

Сүрінбей өте алар ма ғасырлардан,

Әжемнің оюындай, жыр – өрнегім... Ф. Оңғарсынова [5, 16 б.].

Ою-өрнектің композициясы, симетриясы, ассиметриясы, коларит, ритмі болады. Олар өзара бір-бірімен байланысты.

Композиция – ою-өрнектің 1 заттың бетіне реттесіп орналасуы.

Симетрия – ою-өрнектегі ойықтың бір-бірімен тең болуы.

Симетрия кез-келген ою-өрнекте болады.

Коларит – ою-өрнектегі бояу түрлерінің бір-бірімен үндесуі.

Ритм (ырғақ) – ою-өрнектегі бір элементтің қайта қайталануы.

Ассиметрия – ою-өрнектің басы мен аяғындағы өлшемнің 2 түрлі болуы [6, 34 б.].

Бұрын белгілі бір ұғымды, түсінікті білдіретін ою-өрнек таңбаларын беріп келе жатқан сәндік, салтанат белгілеріне

айналады. Әйтсе де, кейбір ою-өрнек үлгілерінің бастапқы мағына ұғымы сақталып қалған. Мәселен «қошқармүйіз» оюы молшылықтың белгісі ретінде әлі де қолданылады.

Көшпелілерде өсімдік типтес ою-өрнектер аз емес өсіп өнетін табиғат дүниесін кие тұту, тәңірі тұту олардың да жоны бар деп қабылдау сенімі басым еді. Төрт жапырақтан тұратын гүл– ою– дүниенің төрт торабын кеңістің гармониясын білдіреді. Қазақтардың ұғымына түр-түстің де орны айрықша. Мысалы «көк» – аспанның, аспанға табынудың, «қызыл» – оттың, «ақ» – шындық, қуаныш, «сары»–айырылудың, «қара» – жердің, «жасыл» – көктемнің, жастықтың символы [6, 25 б.].

Қолөнер шеберлерін, суретшілер мен сәнгерлерді ұлттық рухта тәрбиелеуде ою-өрнектің атқаратын рөлі өте зор. Қолөнер шеберлері жасаған бұйымдарда ұлттық нақыш айқындалып тұруы тиіс. Сол ұлттық нақышты айқындап бейнелейтін өнер түрі – қазақтың ою-өрнегі.

Зерттеу барысында мен бүгінгі таңда қазақтың 230-дай оюының ежелден келе жатқан атауларын білдім. Ою-өрнектерді екі топқа бөліп қарастырамыз, бірінші ою-өрнектердің өзіне, түріне қатысты атаулар, екінші топқа ою-өрнек қолданылатын бұйымдардың атаулары жатады. Бүгінгі таңда ою-өрнектің шығармашылық маңызы артып отыр. «Ою», «өрнек» сөздері бір мағына білдіреді. Бедері түсірілген үлгіні ойып, кесіп, киып немесе қиюластыру ою деп аталады [7, 14 б.].

Ал киім-кешекке, бұйымдарға кестелеп бейнеленетін бедер, алаша, түскиіз, қоржын сияқты бұйымдарға түсірілген түрлі геометриялық бедерлерді өрнек деп атайды.

Қазақтың ою және өрнек деген сөзі бірігіп, «орнамент» деген мағынаны білдіреді. Бұл сөздің мағынасы – сәндеу, әсемдеу.


Ою – өрнек атаулары халықтың мәдени әлеуметтік өміріне байланысты үнемі өзгеріп отырады, кейбір сөздердің ескіруіне байланысты оның атаулары да аз қолданылып, архаизм қатарына қосылады. Ол атауларды тек тарихи шығармалардан, мұражайлардан ғана кездестіреміз. Мысалы: «Дөдеге», «Жыланбауыр», «Балташат», «Айбалта», «Бестемше» т.б. атаулары қазіргі тілдік қолданыста жоқ.

Ендігі менің міндетім – ұлттық дүниетаным ерекшелігін танытатын ою-өрнек өнер саласын заман талабына сай жетілдіріп, көркем рухани қазына ретінде пайдалана білу, ою-өрнек саласында одан әрі зерттеу жұмысымды жалғастыру және осы киелі өнерді әрі қарай дамыта отырып көздің қарашығындай сақтау, жандандыру.


«Өнер көзі – халықта» дегендей, өнер түрлері елде мол, халықпен бірге жасап келеді, және жасай береді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Парасат» №1, 1999 ж.
- 2 «Ұлағат» №1,2 1999 ж.
- 3 «Қазақстан әйелдер» №1. 1994 ж.
- 4 «Тарихи таңба – ою-өрнек. Интернет материалы.
- 5 «Мектептегі технология.» №4, 2006ж.
- 6 «Мектептегі технология.» №1, 2006 ж.
- 7 «Қазақ тарихы» №4 2004 ж.



Сурет 1 – Жұмыс басы



Сурет 2 – Жұмыс ортасы



Сурет 3 – Жұмыс соңы

## ФИКСАЦИЯ ПАЛЕОНТОЛОГИЧЕСКОГО МАТЕРИАЛА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ БИОХИМИЧЕСКИХ СОЕДИНЕНИЙ

БАЙГАЗИНОВ А.

ученик 9 класса, Региональный учебно-методический центр  
дополнительного образования «Ертіс дарыны»

ЖАНАС Г. Д.

руководитель, учитель биологии

Наш Елбасы, выступая с очередным Посланием, подчеркнул, что идеалом нашего общества должен стать казахстанец, знающий свою историю, язык, культуру. Одним из мощных локомотивов модернизации, по мнению Нурсултана Назарбаева, должна стать программа «Туған жер», преследующая цель – через познание родного края и конкретную помощь Малой родине.

В рамках программы «Рухани жаңғыру» в статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Президент озвучил такое направление, как исследование сакральных географических и культурных объектов по всем регионам Казахстана. Мы не однократно с Гаухар Давранбековной работали над этой статьей. Я считаю, что это, несомненно, благое дело, которое позволит людям, особенно нам, лучше узнать свой край, его историю, в буквальном смысле прикоснуться к вечности.

Я люблю свою малую Родину, наше Прииртышье и это не просто банальные слова, я хочу внести свою лепту в ее развитие, меня как и любого ребенка моего возраста интересует ее история, ее культура.

Несомненно напрашивается вопрос о том, какое это имеет отношение к теме научного проекта. Просто после того как я побывал в местечке под необычным названием «Гусинный перелет» и в прошлом году в первом музее естественных наук в Казахстане, впервые открывшись в нашем городе я заинтересовался данной тематикой. В данном направлении мы работаем не только на уроках биологии, химии, но и на таких уроках как история Казахстана, география.

Я уже неоднократно побывал в музее ««Ertis», в историко-краеведческом музее имени Потанина. Но меня восхищает музей «Ertis». Посетители музея «Ertis» могут увидеть различные экспонаты, найденные на территории Павлодарской области. Здесь можно будет увидеть предметы различных эпох, по которым можно изучать историю, геологию, археологию.

Основная идея нового музея – установленная мультимедийная техника: книги real-book, информационные touch-панели и

современные инсталляции. Весь контент представлен на трех языках – казахском, русском и английском.

Открытие такого музея актуально, ведь из главных культурных институтов, призванных заботиться о сохранении наследия уверенно можно назвать музеи.

Актуальность выбранной темы и исследования подтверждается тем, что во многих странах именно музеи становятся центрами выявления, изучения, сохранения и популяризации памятников природы, культуры страны и несомненно истории. Ведь Елбасы в Послании казахстанцам «Стратегия» Казахстан-2050» подчеркнул, что все что происходит в мире меняет отношение общества к культурному наследию и что одним из главных культурных институтов, призванных заботиться о сохранении наследия являются музеи.

Музеи – ниточка к нашему прошлому, как минимум. Не зная прошлого сложно строить свое будущее. Музеи участвуют в образовании молодежи и просто дают возможность отвлечься от суеты, получить эстетическое наслаждение, ну а историко-краеведческие – это отражение или история нашего Прииртышья.

Павлодарский областной историко-краеведческий музей был основан в 1942 году на базе областного отделения «Общества изучения Казахстана». В 1959 году ему было присвоено имя Г. Н. Потанина – путешественника, исследователя Средней Азии. Основателем музея был фотограф, краевед Дмитрий Поликарпович Багаев. Экспозиция музея располагается в 12 залах, раскрывающих историю и культуру нашего края. Имеется научная библиотека и шесть филиалов: Дом-музей Д. П. Багаева, музей песенного творчества им. М. Шамсутдиновой, Музей Войнской славы, КГКП «Экибастузский историко-краеведческий музей», КГКП «Аксуский историко-краеведческий музей», КГКП «Щербактинский историко-краеведческий музей». (Приложение 1)

Основу собрания музея составляют коллекции: археологическая, палеонтологическая, этнографическая, нумизматика, фотоизобразительная коллекция, документальная, естественно-научная, производственная, оружие – огнестрельное и холодное.

Особое место в работе над темой проекта занимает «Гусиный перелёт» – палеонтологический природный памятник. Расположен в нашей области, в городской черте Павлодара, на правом берегу реки Иртыш.

Были найдены останки не менее 20 древних оленей, 40 жирафов, 130 носорогов, 200 гиппарионов. «Гусиный перелет» стал знаменит не только в СССР, но и во всем мире: останки богатой фауны неогенового периода, а это период от 25 до 2 миллионов лет назад, оказались неисчерпаемыми. К тому же это захоронение самое крупное.

«Гусиный перелёт» известен как одно из крупнейших в Евразии местонахождений гиппарионовой фауны, возраст которой составляет 4–4,5 миллиона лет: хилотерия, синотерия – носорога, махайрода – саблезубого тигра, лагомерикса, самотерия, а также многих видов грызунов и т. д. С 1971 года находится под охраной государства.

«Гусиный перелет» известен как одно из крупнейших в Евразии местонахождений гиппарионовой фауны, возраст которой составляет 4–4,5 миллиона лет: хилотерия, синотерия – носорога, махайрода – саблезубого тигра, лагомерикса, самотерия, а также многих видов грызунов и т. д. С 1971 года находится под охраной государства.

Экскурсии на «Гусиный перелет», в историко-краеведческий музей, музей «Ertis» разбудили во мне желание работать в этом направлении. И свою работу я хочу посвятить изучению палеонтологического материала и на основе существующих найти новые инструменты фиксации палеонтологических артефактов. (Приложение 2).

В ходе работы над проектом велась работа с историко-краеведческим музеем имени Потанина и совместно с Пересветовым Г. Ю.

Палеонтология – это наука о вымерших организмах различного происхождения. Этот критерий и лег в основу классификации, а также определил наличие нескольких подразделений: Палеозоология занимается изучением ископаемых остатков организмов животного происхождения. Она, в свою очередь, делится на два раздела: первый исследует древних беспозвоночных, а второй – древних позвоночных.

Биостратомия и тафономия занимаются изучением закономерностей распространения и сохранения древних остатков [1].

Много времени при подготовке мы проводили до пандемии на «Гусином перелете». Гусиный перелет уникален настолько, что приступить к раскопкам можно в любой момент и в любом месте. Захоронения древних животных, их кости лежат в породе пластами.

При строительстве водопровода в районе села Байет под Экибастузом рабочие наткнулись на огромные каменные глыбы

с впрессованными в них странными костями. Там найдены кости мамонта.

Эти невероятно мощные и очень сильные гиганты вымерли миллионы лет назад. Сельчане сообщили о своей находке ученым. Выехавшие на место палеонтологи обследовали останки и подтвердили предположения рабочих. Кости принадлежат мастодонту, а лежали они на глубине около трех метров.

Специалисты говорят о сенсации, так как в степной зоне Прииртышья останки такого огромного древнего животного обнаружены впервые. Все земляные работы на данном участке временно приостановлены.

Интересную находку, которая может пролить свет на многие неизвестные страницы периода Кимакского каганата, сделали павлодарские археологи. На берегу Иртыша вблизи села Сычевка они вскрыли средневековое погребение и обнаружили останки воина с металлическими предметами. Также есть частичные находки на озере Корғанкөл, мы с учителем истории и биологии посетили эти места.

Иртышские курганы – группа курганов эпохи бронзы и раннего железа (XII–VI вв. до н. э.). Находятся в Иртышском районе Павлодарской области Казахстана в 6,3 км от административного центра района – села Иртышск. Диаметр курганов составляет от 11 до 25 метров, высота от 0,3 до 0,8 метра. В могилах обнаружены ниши с погребенными. Найдены фрагменты глиняной посуды, кости животных. По предположению ученых, обитавшие здесь племена занимались скотоводством [2]. (Приложение 2).

## 2.2. О реставрации палеонтологических находок.

Если вы будете в палеонтологическом музее и обратите внимание на выставленные там скелеты доисторических животных, то можете заметить, что они вовсе не костяные и не каменные. Нет, это вовсе не обман, а простое и понятное желание ученых сохранить ценную находку в целостности и сохранности – для этого в музейных лабораториях делаются точные гипсовые или пластиковые копии окаменелостей, а настоящие останки хранятся в специальных хранилищах, где поддерживаются особые условия.

Хотя такое бывает не всегда – зачастую окаменелости оказываются довольно-таки прочными и могут не пользоваться помощью искусственных дублеров. Но до того момента, как скелет динозавра будет выставлен в музее, его нужно воссоздать из отдельных костей и фрагментов, полностью изучить и описать. Как раз этим и занимаются палеонтологи [3].

Один из результатов работы палеонтологов – скелеты динозавров в музеях

Первым ученым, который задумался над проблемой реконструкции скелетов вымерших животных, оказывается был знакомый нам Жорж Кювье – его работы в этой области появились в начале XIX в., как раз в то время, когда его соотечественников гнали русские солдаты во главе с Кутузовым. А как вообще можно воссоздавать скелеты животных, которых мы вообще никогда не видели? Непросто, но пути есть.

Кювье считается создателем сравнительной анатомии, которая как раз и лежит в основе главных методов реконструкции скелетов. Мы уже упоминали об этом вскользь, а сейчас лишь повторим: кости вымерших и современных животных очень похожи, а значит, анатомию первых можно воссоздавать с оглядкой на вторых. А если говорить научным языком, то существуют общие закономерности в строении всех животных, которые подтверждаются подавляющим большинством современных и вымерших видов [4].

Проще говоря, если у десяти из десяти видов животных тазовые кости похожи и скреплены совершенно одинаковым способом, то нет повода сомневаться, что у одиннадцатого вида строение таза будет иным. Или когда у всех животных позвонки разделены хрящевыми прокладками, вряд ли будет правильным думать, что этих прокладок не было у изучаемого образца, хотя здесь может встать вопрос о толщине межпозвоночных дисков, но и он решается с помощью сравнительной анатомии. Сравнивая анатомию различных живых существ, ученые устанавливают приблизительное строение неизвестных животных по их останкам.

Вот так, косточка за косточкой, сустав за суставом, собирается полный скелет погибшего миллионы лет назад животного. Когда в скелете не хватает костей или их фрагментов, ученые с помощью все той же сравнительной анатомии воссоздают вид недостающих деталей, делая их из гипса или пластика. Это, кстати говоря, доказывает верность заложенного Кювье научного подхода. Ведь часто обнаруживаются неполные скелеты, и ученым приходится многое в них «додумывать», и в большинстве случаев последующие находки подтверждают, что отсутствующие в первом скелете кости воссоздали верно.

Скелеты динозавров держатся на металлических каркасах

А после того как палеонтологи определяют взаимное расположение костей в откопанном скелете, остается уже чисто техническая работа – укрепить их в металлическом каркасе и

выставить в музее. Конечно, качество этой работы во многом зависит от мастерства людей, которые изготовят каркас из тонких стальных прутьев и копии костей из гипса или полимеров.

Однако все это дает нам понять, каким был скелет животного, а как это животное выглядело при жизни, остается неизвестным. Но ученые не унывают и снова прибегают к сравнительной анатомии. Дело в том, что кости дают очень богатую информацию о том, как к ним прикреплялись мышцы и сухожилия, мало того – по особым отметинам на костях и их микроструктуре можно узнать, что за мышцы к ним прикреплялись.

Реконструкция мышц динозавра и расположения внутренних органов – чертовски трудная работа, в которой даже именитые палеонтологи и биологи не застрахованы от ошибок. Да и сейчас палеонтологи не уверены, что смогли воссоздать облик ящеров со всей достоверностью – в этом плане научные методы еще хромают, но пока ничего лучшего нет.

Воспитание казака как воспитание настоящего мужчины начинается в раннем детстве и предъявляет высокие требования к молодому человеку. Принятие клятвы казака всем сообществом и благословение служителя местной церкви – показатель духовной зрелости, воспитанности юноши, его соответствующего нравственно-духовного уровня и осознания себя как достойного представителя общины.

Казачество имело и имеет крепкие семейные устои, семья считается оплотом, так как обучение и воспитание проходило, прежде всего, под руководством старших родственников. Во главе большой семьи стоял старейший мужчина. Ему помогала хозяйка. Авторитет матери был непререкаем. Дети и невестки называли ее ласково и почтительно: «маменька». В казачьей семье к девочкам и женщинам относились с любовью. В честь рождения девочки отец или дед сажал иву. Дерево росло вместе с ней и опекало ее. Девочка приносила в дом постоянное тепло, доброту, ласку.

Основными критериями воспитания девушек является трудолюбие, самоотверженность, красота, свобода в выборе – все эти качества сохранялись природой и передавались из поколения в поколение, не угасая никогда.

В свадебном ритуале большое место занимали обряды «кругового хождения», по которому молодых, приехавших от венца, трижды обводили вокруг стола – отголосок древнего обычая обхода вокруг очага с целью приобщения жены к домашнему очагу мужа.

В целом, здесь можно провести аналогию с казахскими традициями почитания домашнего очага, когда невеста первые входит в дом, и с идеей о том, что очаг с ее приходом не угаснет, подливали масла в огонь.

Имеет место большое сходство многих элементов воспитания и быта в среде казахского народа и казаков. Немаловажное значение в жизни этих двух культур занимало оружие. Вольный образ жизни, воинственность, всадничество обусловили практическую внешнюю идентичность такого элемента, как камча – у казахов, нагайка – у казаков. Внешне они практически одинаковы.

Камча (плетка) в культурно-бытовом укладе казахского народа занимает особое место. Камча, искусно сплетенная из полосок сыромятной кожи, считается символом твердости духа и уважения. Издревле она была неотъемлемым атрибутом джигитов. Казахи считали, что камча оберегает дом от злых духов, поэтому раньше она висела в каждой юрте на видном месте. И сегодня камча не забыта, но ее все чаще используют лишь как декоративное украшение. Камча служила также и единицей измерения расстояний, близкое расстояние называли камшы сабындай – длина в рукоять камчи или камшы жетер жерде – на длину камчи. Было широко распространено также искусство камшыгерлик – умение пользоваться камчой [3, с. 1].



Рисунок 1 – Камча - нагайка

Казакки применяли нагайку как при утере основного средства поражения так и в качестве атрибута парадной формы. Правда, использование нагайки оправдано только против человека, который не вооружен более опасным оружием. Кроме того, этот предмет имеет символическое значение для любого казака. Известно использование данного оружия в охоте. Казакки на лошадях поражали волков, лисиц на ходу шлепком (ударной частью плети). Оружие применялось в спаррингах и постоянно в тренировках.

Таким образом, вольный образ жизни, воинственность, всадничество обусловили необходимость создания камчи и нагайки. Плетка сопровождала казака и казаха в течение всей его жизни: ее вешали над колыбелью младенца для отпугивания злых духов, дарили мальчикам, когда их обучали езде на лошади, брали в бой и на охоту, ей наказывали провинившихся, использовали для погона скота.

В силу того, что казакки вели военный образ жизни, первостепенное значение имела подготовка мальчиков. Настоящих воинов воспитывали с 3–4 лет, сажая в седло. Шашку в руки мальчики брали в 10 лет, отрабатывая удары обеими руками. При обучении использовалась тонкая струйка воды, которую необходимо было «разрубить», не допуская брызг. Следующим этапом была рубка прута сидя на бревне, и лишь позднее – на коне. Секреты мастерства передавались от старшего поколения младшим в устной форме, поэтому старинные методики не отражены письменно.



Рисунок 2 – Фланкировка

Желающие освоить искусство фланкировки подростки и молодежь станицы Платовской, получившие разрешение родителей на это занятие, обращаются за разрешением к атаману. То же самое происходит, если подросток или юноша решил вступить в казачество. Естественно, в настоящее время обучение боевым искусствам нужно рассматривать как дань традиции и увлечение,

которое помогает развивать ловкость, зоркость и формирование нравственных качеств, а не умение владеть оружием в бою.

Казакки станицы Платовской с малых лет внушают своим детям мысли о святости семейного союза. Желающим вступить в брак дают понять, что подходить к этому вопросу нужно серьезно, так как семья, брак – это на всю жизнь. Родители стараются служить примером для своих детей. Обязательным условием брака является венчание. Разводы как таковые не приветствуются, но если сохранение семьи кажется для супругов неприемлемым, для развода необходимо согласие батюшки, согласованное с Советом атаманов. Во всех случаях они стараются сделать все возможное для сохранения семейного очага. В силу таких подходов институт казачьей семьи достаточно устойчив.

За тысячелетия существования семьи как ячейки общества она претерпевала многочисленные изменения, изменялись и по-прежнему меняются ее функции, формы брака. Однако исследование показывает, что сложившееся воспитание семейных ценностей в среде казаков сохраняет устойчивость и позволяет выполнять ее традиционные функции.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Ядринцев Н.М. Сибирь как колония в этнографическом и географическом отношении. СПб., 1882, с. 32.
- 2 <https://ru.wikipedia.org/wiki/Менталитет>
- 3 <http://ibirzha.kz/nprostaya-plet/>

#### ҚАМШЫНЫҢ СЫРЫ

ҚЫСТАУБАЙ Ә.

11 «А» сынып оқушысы, Заря ЖОББМ, Павлодар обл., Павлодар ауд.  
ХАВИХАН А.  
тарих пәнінің мұғалімі, Заря ЖОББМ, Павлодар обл., Павлодар ауд.

Қазақ халқының материалдық мәдениетінің салалары мал шаруашылығы, еңбек құралдары болып табылады. Қазақтың ерте кезден бүгінге дейінгі өз жәдігерлері өте көп. Олардың барлығы да ата-бабаларымыздың көшпелі өмір салтынан сыр шертеді. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» дегендей, Кеңес өкіметі кезінде халқымыздың көптеген құнды мұраларынан айырылып қала жаздадық. Қолда бар дүниелердің өзіндік сырына

толық мән бермедік. Ұлттық қолөнер бұйымдары біздің өткен тарихымыздан хабар берсе, келешегіміз жас жеткіншектерді ұлтжанды етіп тәрбиелеудегі негізгі тәрбие құралы болып табылады. Халқымыздың мәдени тұрмысы мен рухани зердесінде ерекше орын алып келген қолөнер бұйымдарының бірі – қамшы. Қамшыны қазіргі жастардың көпшілігі ат айдайтын құрал деп қана түсінеді. Қамшының өз құпиясы барын, оның сырын ешкім біле қоймайды. Қамшы туралы деректермен таныссақ, оған терең ой жүгіртсек, қамшының қадір-қасиетін, атқаратын қызметі туралы көптеген деректерге қанық боламыз. Қазақ өмірінде қамшы – өнер туындысы, рухани күш-қуат, сый-сияпат, сән-салтанат, азамат айбыны, айбары, шебер қолдың айғағы, қолға алса – қару, атадан балаға мирас болып қалатын асыл мұрасы, өлең-қырдың өзегі болып табылады. Сондықтан халқымыздың асыл мұраты қамшы туралы құнды деректерді зерттеп, келер ұрпаққа жеткізуді мақсат еттім. Қолының қарына қамшы іліп жүретін заман өтті, бірақ қамшыны атадан қалған мұра, қазақ мәдениетінің киелі, қастерлі сыйының бірі деп білуіміз керек. Қамшы – қазақ халқының шаруашылық, мәдени өмірінде кеңінен қолданған ежелгі құралдарының бірі. Ол ер-тұрман құрамына кіреді. Жалпылама айтқанда, көлік айдауға арналған құрал. Ал, Шоқан Уәлихановтың пайымдауынша, қамшы - өрі қару. Қазақтың қарапайым қара қамшысының тек ат айдау құралы ғана емес, оның ұлттық санамызда салт-дәстүріміздегі алатын орнын ерекше. Қамшы-өте көне заманнан бері келе жатқан құрал. Сондықтан қамшы төңірегінде әдет-ғұрып, салт ерекшеліктері жиі кездеседі. Атам қазақ қамшының қадір-қасиетін, киесін ана сүтімен қатар бесігінен бойына сіңіре білген. Бала бесігінде шошымау үшін бас жағына қамшы жастанған. Жас бала түнде мазасызданып жылайтын болса, сапарда жүрген әкесі, ағасы немесе атасының «қамшысы тиді, келіп қалар» деп ырымдаған. Жаңа түскен келіннің бетін үкілі қоңыраулы қамшымен ашқан. Оның негізгі себебі – келін ағайын жұртқа әділ, туған бала әділетті, билік иесі, қамқоршысы болады деп есептегендіктен. Қай жағынынан алып қарасақ та, қазақ өмірінің бір ажырамас бөлігі-қамшы. Қазақ атамыз атсыз өмір сүрмеген, атқа мінгендер қамшысыз болмаған.

Негізінен, «қамшы» сөзі түбір мен қосымшадан тұрады. Диахрондық тұрғыда бұл сөздің түбірі «қам» («- шы» – малшы) қойшы, егінші деген тәрізді сөздерде кездесетін қосымша. Орта ғасырдағы түркі тектес халықтардың тілінде, қазіргі туыстас – тува, алтай, сары ұйғыр, хакас т.б. тілдерінде «қам» сөзі «бақсы» деген мағынаны

білдіріп, қарапайым тілінде де «қамшы» сөзі «шаман» деген мағынада қолданылады. Сөйтіп, ертеде бақсыны бірде қам, бірде қамшы деп атаған. Осыны зерделеген этнограф ғалымдар «Әуелде қамшы сөзі қазақтарда да «бақсы, шаман» мағынасында айтылып келіп, екінші бір заттың атауына көшкен» деген тұжырым жасайды. Мүмкін бұл ертеде бақсылардың қолдарына қамшы алып, жын-шайтан қуып, зікір салғанынан да шығар. Әйтеуір, бұрындары тілімізде «Қамның шыбыртқысы» – «Қамшының шыбыртқысы» деген сөз болған. Жасыратыны жоқ, кейбір қаламгерлер «қамшы» сөзі «қам жасаушы» дегеннен шыққан болуы керек дейді. Олардың пайымдауынша, «Бұл құрал ежелден емдік мақсатқа қолданылған. Келе-келе «қам жасаушы» сөзі дыбыстық өзгеріске ұшырап, құрылымдық мазмұны да «қамшы» сөзіне ауысып кеткен». Қалай болғанда да, қамшының әу баста түрлі жамандық, ауру-сырқауды қуушы рөлін атқарғаны ешбір талас туғызбайды. «Ғасырлардан – ғасырларға жеткен бұл – Қамшы еді қайтаратын жаудан күн. Соңғы ғасыр аяғында жоғалып, Қазақтардың сесі кетіп, болған құл. Қамшы арқылы талай сырды беретін, Қамшы тастап, не ой барын білетін. Қазақ бабам мінгенінде кәріне, Жерді дағы жон арқадан тілетін». Кейбір тіл мамандарының айтуынша, қамшыдағы бүлдіргі әуелде «білек+ілдіргі» түрінде айтылуы мүмкін. Содан дыбыстық жақтан ықшамдалып, танымастай болып өзгерген. Өйткені «білек+жүзік» тіркесінің ықшамдалуынан білезік атауы пайда болған ғой. Бұл қамшының бауырдақ, кекілдік тәрізді бөліктеріне де тән. Әйтеуір, қазақтың: «Жылқының сұлу болар сүртектісі, Сұлудың қасқаяды күрек тісі. Қамшыны бауырдақтан екі бүктеп, Жігіттің үйге кірер жүректісі» – деп сыр толғаған жырында сұлулық пен сән-салтанат, сәулелі ойлар тұнып тұр-ау. Қамшы - көшпелі елдер тұрмысында аса кең тараған байырғы қолөнер бұйымдарының бірі. Қазақ петроглифтерінде, сондай-ақ эпикалық жырларда қамшыға ерекше орын берілген. Қамшы қару ретінде көне заманнан, яғни б.з.д. I мыңжылдықтың басынан б.з. XX ғасырына дейін қолданылып келген. Қазақтың үш биі Төле, Қазыбек, Әйтеке өздеріне қараған елдің басын құрау жорығы ретінде қамшы өргізген екен. Орта жүз биі Қазыбек Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Уақ, Керей алты арыс болғандықтан алты таспа қамшы өргізген. Бұл «Қасқатіс» деп аталады. Кіші жүз биі Әйтеке Жетіру немесе Тама, Табын, Кердері, Керейіт, Рамадан, Телеу, Жағалбайлы және Байұлы мен Әлімұлы үшін екі таспа қосып, тоғыз таспа қамшы өргізген. Ұлы жүз биі Төле Төбейден тарайтын Қаңлы, Шанышқылы, Ойсылдан тарайтын Сіргелі, Шақшам, Үйсіннен тарайтын Ақсал, Жансақал - барлығы алты таспа

және аға үйіне барып тұратын Орта және Кіші жүз үшін екі таспа қосып, сегіз таспа қамшы өргізген. Бұл өрім «Бұзау тіс» деп аталады. Жалпы, «Қазақтың және Үш жүздің басын біріктірсін» деген мақсатпен Абылай ханға 48 таспа қамшы өргізген. Кіші жүз – жиырма тоғыз, Орта жүз – алты, Ұлы жүз – алты ру, барлығы қырық бір таспа. Иісі қазақ деп оған Төре, Төленгіт, Қожа, Сұнақ үшін төрт таспа, аталарымыз үш тектен тұрғандықтан Сақ, Ғұн, Түркі үш таспа қосып, барлығы қырық сегіз таспа қылған. ХҮІІІ–ХХ ғасырларда қазақ бақсылары жын-шайтанды қуатын, ауруды жазатын магиялық зат ретінде де қолданған. Қазақ мәдениетінің бұл өнер туындысы – әлі күнге дейін мөнін жоймай келе жатқан бұйым. Қамшының түрлері, қасиеті туралы Зейнолла Самашев, Жұмаш Жетібаев, Сейіт Кенжеахметұлы, Нұргелді Уәлиұлы, Алмахан Мұхаметқалиұлының еңбектерінде және эпикалық жырлар мен халық ауыз әдебиеті жырларында кеңінен айтылған. Біздің қазақ халқында қамшыға байланысты мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестер аз емес. Бұл қамшының қазақ этносында бағзы заманнан орын алып келе жатқанын байқатады. Ата-бабаларымыз қамшысы арқылы өз көзқарасын, ниетін, қарым-қатынасын білдірген, біз бұны қамшыға байланысты ой-орамдарымен тарқатып түсіндірсек:

**1. Қамшының ұшын бермеді.** Бұл «болыспады», «жәрдемдеспеді», «қарайласпады», «жамандық, опасыздық істеді» деген мағынаны білдіреді.

**2. Басына қамшы үйірді (ойнатты).** Мағынасы: қорқытты, сабауға ыңғайланды, үрейлендірді, жан-алқымғалды, қауіп төндірді, қорлық, зорлық көрсетті, басынды.

**3. Дау төртбұрышты, қамшы екі ұшты.** Бұл сөз «даудың себебі әрқилы, бірақ та шешімі не «ақ», не «қара» болады деген ойды меңзейді. Яғни, айыпсыз болса, шешім оның ақтығын айғақтайды, айыпты болса, шешім оның қаралығын дәлелдейді.

**4. Қамшысын білем деді.** Қамшының сабы мен өрімін қосып, екі бүктеп ұстауды бейнелейді. Мағынасы: қыр көрсетті, жұдырық көрсетті, қоқандады, кіжінді.

**5. Қамшы болды** – бір нәрсеге себеп болды.

**6. Қамшы жұмсады** – таяқ жеді, соққы көрді, қамшымен сабады.

**7. Қамшының сабындай** – өте қысқа.

**8. Қамшы салдырмады** – тапсырылған істі ынта жігермен тез істеді.

**9. Қамшысынан қан сорғалаған** – қатігез, жауыз.

**10. Қамшы тастады** – дауласу кезінде сөз сұрап рұқсат алды.

**11. Қамшы ұшын беруге жарамады** – көмектеспеді.

**12. Қара сөзді қамшы қылды** – сөзге дес бермей сөйледі.

**13. Салт басты, сабау қамшы** – үйленбеген жалғыз басты.

**14. Сауырына қамшы тиді** – тұрмыс тауқыметін көрді.

Қамшының жасалу жолдары. Қамшы әбден иленген сиыр терісінен өрілген. Сабы тобылғы, ырғай, киік пен еліктің сирағы және таутекенің мүйізінен жасалған. Қазақ жігіттері көбінесе сап ретінде тобылғыны пайдаланған. Тобылғы қазақ жерінің нулы, сулы, ашық жерлерінде кездесе береді. Топталып өсетін ағаш келе-келе қатайып, темірдей берік болады және ыстық, суыққа төзімді, судан қорықпайды, жарылмайды. Тобылғының майын теміреткі сияқты жараға жағуға болады. Емдік қасиеті өте шипалы және тіс шұқығыш ретінде де өте қасиетті. Ол тістің бактерияларын жояды. Тобылғыдан тәспі, моншақтар жасаған. Уақытында алынған тобылғы жүздеген жылға сыр бермей, сынын да, сырын да жоғалтпайды. Қамшыға сапты желтоқсан айынан бастап дайындайды. Осы мезгілде өсімдіктердің Жер анадан нәр алуы толықтай тоқталады. Өсімдік майымен тазалап, сүртіп, күннің көзі, желдің лебі тимейтін көлеңкеге кептіреді. Осыдан кейін ғана ол қамшыға сап жасауға қолданылады. Бұрынғы кезде сері жігіттердің сұлу қызға осындай әсем қамшымен баруы оның абырой-беделін де көтере түскен. Қазақ елінде кең тараған қолөнердің бірі – өрім өру. Өрім белбеу, тұмарша, ер-тұрман, абзелдерін әзірлеу үшін қолданылған. Өрілген зат өте әдемі, берік болып келеді. Өрімнің атауы таспа санына байланысты болады. Қарапайым төрт таспадан бастап, қырық сегіз таспаға дейін өрілген. Өріммен айналысатын адамдарды «Өрімші» деп атайды. Өрімші қайыстың сапалы болуына жақсы иленуіне қатты мән берген. Қайыстың сапалы болуы мейлінше жұмсақ, сынбайтын, қатпайтын болуына байланысты. Сондықтан олардың иі қануын қадағалап, құрыс-тұрыссыз жұмсақ етіп шығару сөз жоқ асқан шеберлікті талап етеді. Қайыстың бар ерекшелігін мұқият ескерген шеберлер иден шыққан қайысты балықтың, сүйектің, өсімдік майын шығарып кептіреді. Кепкен теріні қысқыға, созғыға салып уқалайды. Бұған қажетті аспаптарды да шеберлер өздері әзірлейді. Мәселен, теріні бабына келтіру үшін әуелі созғыға салады. Созы былай жасалады: тақтайдың үстінде биіктігі жарты метрдей екі қалың тақтайдың арасына адамның тізесі сиятындай етіп тігінен бекітеді де, жоғарғы басын сүйірлеп, әр жерін кертіп тіс шығарады. Содан кейін шебер бір шетін әлгі екі тақтайдың үстіне жабады, екі жағын мықтап басып ұстап отырып, аралығына тізесін салып нығарлап басады. Мұны

иректеу дейді. Осыдан кейін талқыға салады. Талқы дегеніміз – ішкі жағы иректелген, қатар бекітілген екі жақтаулы ағаш станок. Оның аралығына әрен сиятын, ирек жүздібастырық ағаш қойылыды, оның бір басы жақтауға бекітіліп, бір басы бос тұрады. Теріні әбден жұмсартып уқалау үшін осы жақтаудың арасына салып, бастырықпен езгілеп басады. Терінің ішіне қарай, кейде бір сағат, кейде 40–50 минут басады. Қысқы – тігетін қайыстардың шетін бір тегіс ұстап тұрып, бекітіп қойып тілу, өру, оюлау үшін керек аспап. Оны жуан және кепкен ағаштан жасайды. Иленген қайыстарды өңіне кіргізіп алып, керек затқа арнап, таспалап тіледі де қажетіне пайдаланады. Жүген, күйысқан, өңілдірік, жырым, қамшы сияқты әртүрлі өрме заттарды түйю және өру әдісімен жасалады. Қайыс түйюдің бірнеше өрнекті түрлері мен атаулары бар. Олар төрт арпадан түйю, қалмақша түйю, түйе мұрындық, өткерме, тас түйю және т.б. Жүген, нокта, делбе, шлияларды осы түйю әдісімен жасайды. «Ағаштан түйме түйген» дейтін бейнелі сөз осыдан қалған. Қазақ қолөнерінде ескіден келе жатқан әдемі де күрделі істің бірі – таспа өру. Оның да үш таспа, төрт таспа, бес темше, алты таспа, бұзау тіс, дырау, жылан бауыр, қос бұрым, сегіз қырлы егеуқұйрық, айылыжырым өрімі, қабырға, таңдай сияқты алуан түрлері бар. Өрімдер 3, 4, 6, 7, 12, 32, 48 таспадан бастап 83-ке дейін, кейде одан да көп таспадан өріледі. Ал ішіне өзек салып, алақанын тоқыма өріммен жалпақтап келтірген дойыр, дырау, бұзау тіс, дембел қамшылар ұрған жерін кесіп түсетін, өткір сабы, алақаны, айдары алтын, күміс талшықтарымен бұралып, бунақталып өте сәнді келеді. Осынша көп таспалы өрімдердің ұштары жәй байлана салмайды, олар әртүрлі мәнермен түйіліп шашақталады. Өте шебер өрімшілер таспадан қылыш, найза өтпейтін қаттауық тонды да, су ақпайтын торсықты да, көнек те, кеукерін де өрген. Қазақ шеберлері өрім өнерін зергерлік, тоқымашылық, бақташылық және шарбақ, шыпта жасау, сымнан түрлі бұйымдар тоқу өнерімен ұштастырып, таспа өруде, арқау түзуде, жөргемдік ілу, торлап тоқу, топшылап тоқу әдістерімен көркемді мәнерлерін тиімді пайдалана білген. Өрілген заттардың әр жерін күміспен жауып, тас орнатып, кавказ өрнегін жүргізіп әшекейлеген. Сондықтан да бұрын өрім өнері өте жоғары бағаланатын. Өрмелі бір шідердің бағасы бір бестіге татитын. Өрімшілер өрімнің ұзындығын тұтаммен өлшеген.

Қамшының негізгі бөліктері. Ол үлкен екі бөліктен тұрады: өрімі және сабы. Қамшы сабы көбінесе 4–7 тұтам тобылғыдан, ырғайдан, еліктің, таутекенің мүйізінен жасалып, барынша әсемделеді. Оның терімен қапталған қолға ұстайтын бөлігі – тұтамы, оған тесіліп

өткізілген қайыс таспа – бүлдіргісі деп аталады. Шеберлер қамшы сабына ерекше көңіл бөліп, оны жез бауырлап, мойнақтап, металмен, былғарымен, қайыспен орап тастайды. Қамшы өрімі алқанынан саптық мойнағына бүркеншік арқылы жез, мыс шегелермен тойтарылып бекітіледі немесе таспа арқылы мойнаққа бүркемелеу арқылы жалғайды. Мұны бунақтау дейді. Кейбір өрімшілер алқанның сап жағын әдемі ұзын етіп қалдырып, оны сапқа ұзын бойы «бауырлық» етіп, сыртынан таспаны орайды. Тіпті, осы бауырлық орнына жұқа мысты да қолданады. Өрім мен алқанның қосылған жері – шежемей. Оның үстінен түйнектеп қайыс шашақ тағып қояды. Елік, киік сирағынан металл, терімен мойнақтап, орам салып, шашақталған қамшы өте сәнді де бағалы. Жалпы, қамшы өрімінің сапқа жалғасқан бөлігінің атауы – бауырлық, оны көмкерген жез, мыс күміс бөлігі – мойнақ, біріктірген шегесі – бүркеншік, қамшы сабына бауырдақты ораған бұрама металл – шырмауық, ол таспалап бекітілсе – бунақ, өрімнің бауырдақ жағындағы сыртқа қараған бетінде, өрім басталар тұсындағы ирек бедерлі «сызық» тәрізді көрінетін бөлігі – қамшының тілі (тілшесін шегелікті жасыру үшін салады), үстіңгі жағында жіңішкелеп, шашақ тәрізді етіп тігілген, ұзындығы екі еліден бір жарым тұтамдай ұзын таспа шашағы – қамшының кекілдігі, қамшы өрімінің басталар тұсы мен сапқа бекітілген бауырдақ аралығындағы бөлігі – алақан. Сонымен қамшы бөліктерінің атауы мынадай:

1. Өрімі.
2. Сабы.
3. Тұтамы.
4. Бүлдіргі.
5. Шежемей.
6. Бауырсақ.
7. Мойнақ.
8. Бүркеншік.
9. Шырмауық.
10. Бунақ.
11. Таңдай.
12. Түйін.
13. Қамшының тілі.
14. Тілме.
15. Қамшының кекілдігі.
16. Алақан.
17. Шашағы. (Шашақтың түрлері: сайтан айдар шашақ – саптың орта тұсындағы, сал айдар шашақ – өрімінің жоғарғы



тұсынан шығарылғаны, қолдың шашағы – саптың терімен оралған тұтамының астындағы тұсына салынғаны).

Қамшының қолдану тәсілдері. Қамшыны әртүрлі жағдайда қолдана білудің өзі өнер. Біздің тілімізде қамшыны қолдана білудің мынандай түрлері бар. Қамшы үйіру, білеу, жасқау, сипай қамшылау, орап тарту, шықырту, оса тарту, тіле тарту, баса тарту, көсіп жіберу, серпе тарту, салып қалу, сілтеп қалу, көстите тарту және тағы басқа түрлері бар. Мұның бәрі қолдың қимыл әрекетіне байланысты. Сондай қамшы сілтеудің өзіндік жеңіл және ауыр зардаптары болады.

Қамшыны асқан шеберлікпен қолдана білген адамды қамшыгер деп атайды. Қамшыгерді қандай қарым-қабілеті арқылы анықтауға болады.

Қамшыгерлік адам табиғатындағы ептілік, дәлдік, қарулылық, мергендік, қатты қолдылық, сезімталдық, өткірлік, батылдық, сескенбейтін серттілік сияқты ішкі қасиеттермен ұштасып жататын мамандық. Қазақ халқы ертерек кезде қамшыгерлік өнерін ел-жұртқа үйрету және дәріптеу мақсатында арнайы жарыстар өткізіп отырған. Сиырдың терісін төрт пұшпағынан төрт қазыққа керіп тастап, шауып келіп өткенде, тері тесіледі, жыртылады, тілініп түседі деседі. Төртке бүктелген жас сиырдың терісін жерге тастап ұрғанда терінің бір қабатын не екі қабатын тесіп немесе жыртып, тіліп кеткен.

Қамшының түрлері:

1. Сүндет қамшы. Ата-бабамыздан ұрпақтарына мирас болып келе жатқан салт-дәстүр бойынша балағны сүндетке отырғызғанда оған туған-туыстары сыйға тартатын тобылғы сапты төрт тұтам қамшы.

2. Бәйге қамшы. Ат бәйгесіне шабатын шабандоздың қамшысы. Ол тобылғы сапты, ұзындығы төрт тұтам, негізінен оның ұзындығын шынтақтап шынашаққа дейінгі аралықпен де өлшем береді. Сабының жуандығы шынашақтай. Бұрындары бәйгеге түсерде шабандоз: «Шаба алмасам-маған серт, шаба алмаса-астымдағы атыма серт, шаптыра алмаса – қолымдағы қамшыға өрт!» – деп серт беретін болған.

3. Көкпар қамшы. Ұлттық ойын көкпар тартуда қолданылады. Оның тобылғы сабының ұзындығы үш-ақ тұтам және жуан болып жасалады. Көкпар қамшының сабына, жылан басты алақанына қолды жыртып, зақым келтірмеуі үшін ешқандай әшекей салынбайды, бұл қамшыға бірде-бір темір затын қолданбайды. Көкпар додасына түсерде әркім: «Атыма – айбат, тақымыма-қуат, қамшыма-жігер бер!» – деп серт айтқан.

4. Дойыр қамшы. Тобылғы сабының ұзындығы бес тұтам. Сабы мен өрімі өте жуан. Оны қолға алғанда да былай деп серт айтылған:

«Дойыр қамшым доңыздай (жуандығы) болсын, ауырлығы қорғасындай, мықтылығы емендей болсын. Білек күшіме қуат қосып, жауым әрдайым құлап жатсын, халқым жеңіске жете берсін!»

5. Неке қамшысы. Жас бозбала үйленер кезде құрбы-құрдастарын жанына шақырып алып, отау құрғалы жатқанын айтады. Өзіне жігіт жолдасы керек екендігін білдіреді. Құрбы-құрдастары өздерінің қамшыларын бір жерге құпия жинап қойып, әлгі досын шақырып көрсетеді. Ол өзіне ұнаған қамшыны таңдап алады да иесі жігіт жолдасы (күйеу жолдас) болады. Бұл құрбы-құрдастар арасында өкпе, реніш болмауы үшін жасалатын әдет-ғұрып.

6. Соп қамшы. Өгіз айдауға арналған қамшыны осылай атайды. Тобылғы сабы төрт тұтам, өмірі ұзын, жиырма бес тұтам болады, ұшына қайыстан төрт қарыс жалқы бау тағылады, ол арбаның ұзындығына қарай жегулі атқа немесе өгізге жетуге тиіс. Яғни, оның ұзындығы екі жарым құлаштай.

7. Үйір қамшы. Оны жылқышыларға арнап жасайды. Өрімнің араларына үш шығыршық біріктіріліп, ұзын етіп жасалады. Түйе айдайтын үйір қамшының атауы – шыбыт қамшы.

8. Ноғай қамшы. Аралары жақын орналастырылған екі өрімнен тұрады. Салмақты болуы үшін өріміне үлкен шашақтарды орналастырады (нагайка).

9. Баптау қамшы. Асауды үйрету үшін жасалады. Жылқыны үркітіп, қорқытып алмау мақсатында өрімі тобылғы сабының басынан аяғына дейін түгелдей шикі теріден өріледі, ішіне қайыстан қатты өзек салады. Осы өзек өрімді тік тұрғызады, ол қылышқа ұқсайды, мамандар «сол себепті оны орыстар «хлыст» деп атап кеткен» – дейді.

10. Аңшы қамшы. Сабының ұзындығы – бес тұтам, ұшында қорғасын өрілген өрімі он екі тұтам болады. Аңшы атына қонғанында қамшысына: «Алдымдағы қасқырғы – айбат, ердегі қанжығама байлат!» – деп тілек айтқан. Ал аңшы қасқырды атымен қуып жеткенде: «Түзү тигізу – маған міндет, ұшындашғы қорғасын саған серт!» – дейтін. Дойыр, аңшы, барымта қамшыларды дырау қамшы деп те атай береді.

11. Барымта қамшы. Тобылғы сапты, оның ұзындығы алты тұтам, жуан өрімі он тұтам, түйіні де жуан, әрі ұзын. Екі аттылы қақтығысқанда қамшыларын бірінің-бірі сыртынан асыра сілтегенде оның ұшы тіпті үшінші қарсыласының тізесіне, тобығына тиіп, аттан аударып та түсірген.

**Қорытынды.** Дәстүрлі қазақ қоғамында қамшы тіл, заттық мәдениет, этникалық, эстетикалық мәнділік, әлеуметтік мәртебе,



мифологиялық наным-сенімнің таңбалары ретінде жұмсалған. Ерліктің, ерен күштің, қайсарлықтың белгісі болып «Ер қаруы – бес қарудың» қызметін атқарған қамшының қадір-қасиеті жайында бүгінгі күнгі жастарымыз біле бермейді. Сондықтан біздің мақсатымыз – қамшы сөзін тілдік және этномәдени кеңістікте талдап, бірте-бірте архаизмге айналып бара жатқан этнографиялық дерек беретін «қамшы» атауының мәдениетімізде, сөздік қорымызда алатын орнын анықтау. Ұлт тарихы туралы жазба деректермен бірге мұрағат жәдігерлерінің айтары мол екендігін өскелең ұрпаққа түсіндіру. Қамшы – ел мәдениетінің өткен ғұмыр шежіресінің жанды айғағы. Қамшының қадір-қасиетін түсініп, оның бойындағы қаншама атаулардың болуы дала данышпандары, бабаларымыздың ұғымының тереңдігі болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Халқы мықтының салты мықты. - Қасымхан Бегіманов. Алматы «Өлке» баспасы
- 2 Бабалар сөзі. 64 том. Тарихи жырлар - Астана Фолиант, 2010 ж.
- 3 Шанырақ энциклопедиясы. Алматы 1990 ж.
- 4 Қазақ халқының қолөнері. С.Қасиманов. алматы «Қазақстан», 1995 ж.
- 5 Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. 12. 2012 ж.
- 6 Жыл он екі ай №1, 2012 ж.
- 7 Қазақстан мектебі журналы. №7. 2002 ж.
- 8 Мектептегі технология. №5, 2010 ж.

#### **ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАМАҚТАНУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР**

РАХМЕТ И. Е.

10 сынып оқушысы, № 27 Мектеп-лицейінің, Нұр-Сұлтан қ.

БИМЫКОВА А. К.

гуманитарлық ғылымдар магистрі, тарих және құқық пәнінің мұғалімі,  
№ 27 Мектеп-лицейі, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстан аумағы көне заманнан көшпелілер тұрағы болған. Ол күрделі тарихи, саяси және этникалық процестер аренасы болды. Ең дәуірлік оқиға – шаруашылықтағы өзгерістер, қоғамдық және саяси ұйымдағы өзгерістер ХІХ ғасырда ғана туды. ХІХ ғасыр, әсіресе оның екінші жартысы қазақ жері үшін шаруашылық,

әлеуметтік және мәдени салаларына көптеген өзгерістер әкелді. Қазақ халқы өзінің мыңжылдық тарихында көптеген күрделі оқиғаларды басынан кешті, саяси әлеуметтік, экономикалық даму сатысын өтті. Қазақстан үшін ХІХ ғасырдың оның алдындағы дәуірден ерекшелігі қазақ халқының қоғамдық саяси мәртебесінде болды. Қазақтар ХІХ ғасырда шаруашылық салада, әлеуметтік қатынастарда қиыншылықтар көрді.

Онсыз да ұлғайып алған Ресей құрамына Қазақстанның қосылуы аяқталған жағдайда оның орналасқан геосаяси жағдайы әскери жағынан алғанда әлсіз Қоқан және Хиуа хандықтарын таптап тастап, бірінші отаршыл империя – Англияның Шығыс Түркістан ауданына енуін жоққа шығаруға мүмкіндік беретін еді, ал бұған Қазақ өлкесі кедергі болып қала берген [5, 53 б.].

Қазақстан және Орталық Азияның оған жапсарлас жатқан облыстары біржола жаулап алынғаннан кейін Ресей империясының үкіметтік топтарына ұлттық шет аймақтарды басқару жүйесі туралы мәселе өткір қойылды. Әсіресе, бұл проблема халқының этникалық құрамы ала-құла, әлеуметтік және экономикалық даму деңгейі әртүрлі Орталық Азия мен Қазақстан үшін ерекше күрделі болды.

ХІХ ғасырдың 60 жылдарының орта шеніне дейін Қазақстан мен Орталық Азияға қатысты мәселелерді негізінен Батыс Сібір және Орынбор генерал губернаторлары қарады. Олар Ресей империясының өкілетті өкілдері болды. 60 жылдардың ортасына қарай Орынбор және Батыс Сібір қазақтарын басқарудың әкімшілік жүйесіне өзгерістер енгізілді, Бөкей хандығын басқару жүйесі қайта ұйымдастырылды. Алатау округтік приказы және 1865 жылы Түркістан облысы құрылды. Бірақ бұдан басқару жүйесі күрделі өзгерістерге ұшырамады. Сондықтан, басқаруды қайта ұйымдастыру жөнінде бірқатар жобалар әзірленді. Сайып келгенде, арнайы құрылған «Дала комиссиясының» жобасына артықшылық берілді.

Қабылданған реформаның жалпы бағыты үшін әскери министр Д. А. Милютиннің ықпалы зор болды, ол өз көзқарасын «Дала комиссиясының» мүшелерімен әңгімелескен кездерінде талай рет айтқан болатын [3, 318 б.].

1867–1868 жылдардағы реформаның жалпы алғанда отаршылдық сипаты басым болды. Ол реформалар Қазақстанды Ресейге қосып алу үрдісінің толық аяқталғанын көрсетті. Қазақстанның кең-байтақ жері Ресейдің мемлекеттік меншігіне өтті. Патша үкіметі бұдан былай қазақтардың жерін кез келген сылтаумен оп-онай тартып ала беретін болды. Мұның ақыры дала тұрғындарының ежелгі атамекен жерлерінен айырылып қалуына,

сөйтіп қайдағы бір құнарсыз және тұзы бетіне шығып жатқан сортаң жерлерге ығыстырылуына жеткізді. Құнарлы жерлер ішкі Ресейден қоныс аударып келген орыс шаруалары мен казактарға, шенеуніктерге берілді. Патша үкіметінің Қазақстанның табиғи бай ресурстарын оңды-солды емін-еркін пайдалануы бұл өлкені Ресей экономикасының қосалқы арзан шикізат көзіне айналдырды.

Патша үкіметінің XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда жүзеге асырған әкімшілік реформалары қазақ елінің саяси тәуелсіздігін біржола жойғанымен, бұл реформалар көп ұзамай-ақ патшалық әкімшіліктің қазақ қоғамының ішкі өміріне тереңдеп еніп, оны игеріп алып кетуге әлі де болса әлсіз екендігін көрсетіп берді. Мұны жақсы түсінген патшалық әкімшілік XIX ғасырдың 60-жылдарының орта тұсынан бастап Қазақстанды отарлаудың «ең сенімді» жолына түсті. Ол Орталық Ресейден орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныс аударту еді. Патшалық Ресейдің қоныс аудару саясаты бірнеше кезең арқылы жүзеге асырылды [6, 188 б.].

«Осы ғажайып және қазыналарға бай бүкіл ел әлі күнге дейін өзінің тұмса табиғаты құшағында, әлде біреудің оятуын күтіп жатыр; балта қаршылы, теңге сыңғыры естілмейді, бос жатқан төңіректе шалы жалтылы байқалмайды...ал таулардағы байлық қаншама...» [7, 52 б.] – сол кездегі Қазақстанды белгілі зерттеушілердің бірі Ресей өнеркәсіпшілерін өлкенің табиғи байлықтарын тездетте игеруге шақырып өз пікірін осылай білдірген еді.

XIX ғасырда қазақ қоғамының үлкен өзгерістерге ұшырауы материалдық мәдениетке де әсерін тигізбей қойған жоқ. Осынау кезеңдегі материалдық мәдениетінің жай-күйі қоғамның экономикалық даму деңгейімен анықталды. Оның даму барысына көшпелі қазақтар экономикасының дамындағы басты фактор ретінде көшпелі мал шаруашылығы әсер етті. Бұл жағынан алғанда егіншілік, сауда дамуының, көрші халықтарын прогресті ықпалының да маңызы аз болған жоқ.

Қазақ ғалымы Ыбырай Алтынсарин XIX ғасырдағы отырықшылану кезеңіндегі жер шаруашылығы жайлы «Об орошаемом земледелии в Тургайской области» деген мақаласында былай деген: «Торғай уезінде жердің топырағы саз балшықты, сортаңды. Қара топырақ жоқтың қасы. Ыстық әрі құрғақтық климатта жерді жақсылап күтпесең ешқандай өнім бермейді. Сол себепті де қазақтардың жыртылған жерлері өзен-көлдердің айналасында. Өзендерден жер суаратын каналдар шығарылады. Жерді өңдеу 20 сәуірге таман басталады. Ал жерді суландыру

мамыр айының аяғы немесе маусымның басында жүзеге асырыла бастайды. Қазақтар тек бидай мен тарыны ғана егеді. Бір ондық жерден шамамен тары – 150 пұт, ал бидай – 300 пұтты құрайды.

Дикандар көбіне кедей қазақтардың арасынан шығады. Жағдайы келмегендіктен, көшіп-қона алмай, жаз бойы қыстаулар маңында қалады. Сәуір айының басынан бастап, қыркүйектің ортасына дейін, яғни төрт жарым ай бойы сүт өнімдерімен тамақтанады. Етті өте сирек қолданады. Ал тары мен бидай піскеннен кейін қыркүйектен бастап сәуірдің ортасына шейін қоректенеді. Осы уақыт аралығында дикандардың айтуы бойынша бір отбасына бес қап бидай жетеді (шамамен 25 пұт) және тарының он қабы(шамамен 50 пұт)» [9, 29–31 б.].

Ең алдымен бір нақты шындық жөнінде-қазақтардағы дөңді дақылдар егісінің бір адамға келетін мөлшері жөнінде, егіншілік «болмашы мөлшерде» болды және олардың өмірінде оның, айтар болсақ, отырықшы тұрғындардағы сияқты маңызы болған жоқ. Бұрынғысы сияқты, көшпелінің күнделікті тамақ рационында ет және сүт өнімдері басым жағдай алып отырды.

Қуаңшылықты дала кеңістіктері басым, шөбі шүйгін емес өңірлерге жатқызылған топырағы құнарсыз аудандарда егіншілік күткендегідей кең таралмады. Солай бола тұрса да, егістіктерді таяудағы өзендерден, көлдерден шығыр арқылы арыққа су шығару, тағы басқа су атпа машиналарды қолдану арқылы қарапайым суару жағдайында Ақмола облысының солтүстік уездерінде, Семей облысының оңтүстік-шығыс аудандарында қазақ егіншілігі (бидай, тары егу) тамаша нәтижелерге жетті.

Дала тұрғындарының бүкіл өмірі мал шаруашылығының жай-күйіне байланысты еді, ол кедейлер үшін тіршілік, ал ауқаттылар үшін байлық көзі бола отырып, номадтардың көпшілік бөлігі үшін тіршіліктің маңыздысы болды: олар тамақ таулының бәрін – жас ет, кептірілген және ысталған ет (сүр ет), сондай-ақ, сүт өнімдерін – түркі тілдес этностар арасында кең таралған сүйікті сусын қымыз, айран, құрт пен ірімшік, киім-тон, малақай тігетін елтірі, киіз, текеметке дейін малдан алып отырды.

Сол дәуірдегі басылып шыққан мәліметтер бойынша ауылдарда жан басына шаққандағы сүт өнімдерінің орташа тұтыну нормаларын анықтау қиын емес [8, 236 б.].

Кесте 1

Уездер	Қымыз	Сүт	Барлығы	Ірімшік
Ақмола	5,5 шелек	37,7	43,2 шелек	30
Атбасар	11,7	82,7	94,4	15
Көкшетау	17,4	19,5	36,9	31

Қазақ жеріне өзге халықтардың қоныс аударуы қазақтардың мәдениетіне, тұрмысына едәуір әсер етті. Жетісуда егіншіліктің дамуына XIX ғасырда Шығыс Түркістаннан қоныс аударған ұйғырлар мен дүнгендер бірден бір ықпал етті. Жетісуда ең жақсы жерлер қазақтардың пайдасына тартып алынып қойғандықтан, олар қодан суландырмайынша егіншілікке онша жарамды болмаған учаскелер алды.

Жаңадан құрылған облыстардың бәріне дерлік орыс-украин шаруаларын нысаналы түрде қоныс аударту XIX ғасырда басталып, кейін жаппай сипат алды. Шаруаларды жаппай қоныс аудартумен өлке халқының демографиялық құрылымы өзгертіліп қана қоймай, сонымен қатар байырғы мекендеушілердің пайдалануынан мал шаруашылығы үшін де, ұлғайып келе жатқан егіншілік үшін де жақсы жерлер зорлықпен тартып алынды.

Дәнді дақылдар ішінде бидай басым болып, жердің жартысынан астамына бидай егілді. Бидайдан кейінгі орында арпа, тары, сұлы, күріш, майлы дақылдар болды. Олар баклажан, шалқан, қызыл бұрыш, қияр, капуста, картоп, сарымсақ, сондай ақ қауын, қарбыз өсірді. Шаруашылық тұрмысын зерттеген Г. Гинстің суреттеуіне қарағанда, олардың бақшалары тікелей үйлерінің жанында болған, әрбір жүйек мұқият тазартылып, кішкене жүйемен суарылып отырған.

Жетісуда қоныс аудару қоныстанушыларға да әсер етпей қойған жоқ. Егер бұрын олар шаруашылығында ағаш сабандар мен басқа да добал құралдар қолданылып келсе, енді олар темір соқаларды, тырмаларды, т.б. пайдаланатын болды. Жаңа ауыл шаруашылық дақылдарын: сұлы, темекі, картоп, помидор және басқаларын егуді үйренді. Байырғы халықтар қазақтар мен қырғыздардың әсерімен мал шаруашылығымен де айналыса бастады.

Жергілікті жерлерде жүн шикізаты алғашқы ғана өңдеуден өтіп, Ресейге жөнелтілді. Далалық өлкеде өңдеу өнеркәсібінде ұн тарту ісі маңызды орын алды. Ақмола облыстарында астық алқаптарының көлемі ұлғайды. Астық

алқаптарының жартысынан көбінде бидай өсірілгендіктен, ұн тарту кәсіпорындарына жөнелтілді. Ұн тарту кәсіпорындары Сібір темір жолы бойында орналасқан Омбы, Семей, Петропавл, Орал, Ақмола сияқты қалаларда шоғырланды [2, 249 б.].

Ауыл өмірінің барлық салаларына капитализмнің енуі туғызған дағдыдан тыс тұрмыс жағдайлары көшпелілерді табиғи-географиялық жағдайларды ескере отырып, шөп шабумен, балық, аң аулаумен, бақша егуге айналысуға итермеледі. Кәсіпшілік пен қолөнер түрлері әр аймақтағы шикізат түрлеріне қарай дамыды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, тері өңдеу, киіз басу, кілем тоқу кеңінен таралды. Мысалы, Ақмола уезіне қоныс аударған шаруа қожалықтарында жер өңдеуден кейін астық тарту, май тарту, май шайқау кәсіпшіліктері екінші орын алды. Әсіресе ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу кәсіпшілігімен егістік жері жоқ шаруашылықтар айналысты.

Едәуір көп шөп шапқан қазақтар оны пайда келтіре отырып, Орынбор, Петропавл табыншыларына сатты, қырыққабат, картоп өсірді. Мысалы, Перовскде жергілікті халық қырыққабат егіп, оны орыс тұрғындарына сатып пайда тапты. 1 пұт картоп 20–40 тиын тұрды. 1888 жылдан бастап Семей облысының оңтүстік уездеріндегі құнарлы топырағы бақша егуге жалпы қолайлы болған жерлерде қазақтар қоныстанушылардың ықпалымен қарбыз бен қауын өсіре бастады. Оңтүстік аймақтарда бақша шаруашылығы ескі дәстүрдің жалғасы ретінде жер жерде өріс алды.

Кәсіпшіліктің жергілікті түрлерінің арасында «аң аулаудың өскенін» атап өту керек, атап айтқанда оны жәрменкелерде сатылған аң терілерінің санына қарап аңғаруға болады. Мәселен, қасқыр, қарсақ, борсық, сусар сияқты аңдар болған.

Кең таралған кәсіпшіліктің бірі балық аулау болды. Сол кезде суы мол Әмудария мен Сырдария құйып жатқан Арал теңізі қоныс аударушыларды балық байлығымен қызықтырды. Бұл кәсіпшілік Көкарал түбінде шоғырландырылды: балық аулаумен негізінен Қазалы, Перовск уезінің тұрғындары айналысты, сондай ақ Ырғыз алқабында, Қамысбалық көлінде де ауланды. Сырдария өзенінің төменгі ағыстарында балық кәсіпшілігі сонау XIX ғасырдың 60 жылдарында, алғашқы отаршыл қазақтар шағын балық аулау компаниясын ұйымдастырған кезде басталған еді. 1861 жылы 3000 пұт, 1862 жылы 2500 пұт балық ауланды. Сырдария балықтары Жайық пен Еділдің балықтарымен ойдағыдай бәсекелесті, олардың уылдырығы Мәскеуде де сатылды. Жайық қазақтары да балық аулаумен айналысты.

Сырдарияның төменгі ағыстарынан ауланатын кептірілген табан балығының миллиондаған данасы еуропалық Ресейге тасылып, онда тұрақты және едәуір пайдалы бағамен өткізілді [4, 36 б.].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ әйелдері нанды табаға салып пісіре бастады. Мұндай шелпекті таба нан, одан да қалыңырағы бөтер деп аталды.

Орыстардың әсерінен қазақтар нан илеуді қолданысқа енгізе бастады. Көп жағдайда ашытқының кішкене бөлігін алып қалып отырды. Оны суға араластырып жаңқа ысылған нанға қосты. Орыс халқының арасында тұрған көптеген қазақтар нанның көтерілуі үшін ашытқы (дрожжи) мен хмель қолданып, нанды темір табада орыс пештерінде пісірген. Бұл нанды бөлке нан деген. (орыстың «булка» сөзінен) Дегенмен, орыс пештері мен нанның бұл түрі қазақтардың арасында кеңінен таралған жоқ.

Тоңмайға түрлі қалаштарды қуырып, балаларға берген. Үлкен жастағы қарияларға арнап, орыстың құймақтарына ұқсас жұқа нан пісірген.

Ұннан жасалған ең дәмді ас құймақ болды. Оны қазақтардан өзге башқұрт, татар, ноғайлықтар да дайындаған. Қамырдан кеспе жасаған, оны сүтпен немесе етке қосып пісірген. Ет сорпасында піскен қамыр ет тағамдарына қоспа ретінде пайдаланды.

Семей уезінің ұн тағамдары аз таралған далалық аудандарында етті қамырсыз қолданған. Далалық аудан қазақтары оларды «ішін кебек тескен» деп атаған, ет аз болып қалған жағдайда қонақтарға қамыр қосып бергені үшін.

Орыстардың әсерінен жер өңдеудің қарқынды дамуына байланысты XIX ғасырдың аяғында қазақтар тағам түрлеріне кей бақша өнімдерін де пайдалана бастаған. Мысалға, картоп, жуа, сарымсақ, бұрыш, қияр, қарбыз, қауын т.б. Көптеген қазақтар көкөністерді орыстардан сатып алған.

Картопты сүтке араластырып езіп, шәймен қолданған. Немесе, ет сорпасына пісіріп, етпен бірге жеген. Жуа, сарымсақ пен бұрыш әртүрлі тағамдарға қоспа ретінде пайдаланылды. Қарбыз, қауын және қиярды қазақтар төтті дәм ретінде қолданған.

Крестьян ауылдары мен казак станицаларында қоныс тепкен кедей жатақтар тоңмайдың аздығынан дәмін келтіру үшін күнбағыс майларын сатып алған. XIX ғасырдың екінші жартысында Ертіс, Зайсан, Марқакөл маңындағы қазақ отбасыларының арасында балық аулаудың дамуына орай тағамға балықты қолдану кең етек

жайды. Көп жағдайда қазақтар балықтан сорпа дайындады. Зайсан көлі маңындағы балықшылар орыс әдісімен балықты кептіре білген.

Құс өсіре бастаған кей қазақтар тағам ретінде тауық етін қайнатып немесе жентектеп қолдана бастады. Тауық жұмыртқасын тұтастай қайнатты. Кей отбасыларда табаға жұмыртқаны сүтпен қуырған.

Ресеймен сауда байланысының дамуына байланысты казак даласында қант, мөмпәси және шәй күннен күнге көптеп тарала бастады. Бұларды қаладағы жәрменкелерден сатып алды. Әсіресе, шәй өнімдері қазақ арасында кеңінен таралып, керекті сусындардың бірегейіне айналып кетті. Орта жағдайдағы отбасылар шәйға арналған суды қазан немесе мыс шәйнекте қайнатты. Ал ауқатты отбасылар самаурынды қолданды. Ал шәйді кішкене шәйнектерде қайнатқан.

Қантты шәйға қосып көбіне қонақтарға беретін және кейде қоспаға да қосатын. Мұның бәрі қанттың XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басында қазақ ауылдарына кеңінен таралғанын көрсетеді. Жағдайлары біршама жақсы қазақтар тағам ретінде көрші орыс ауылдарынан сатып алынған балды қолданған [1, 128–131 б.].

Осылайша, қазақ тағамдары өзінің ұлттық құндылықтарын сақтай отырып, көптеген азық-түлік түрлерімен байи түсті. Орыс халқының әсерінен тағам түрлерін дайындауда айтарлықтай өзгерістер болды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Арғынбаев Х. Историко-культурные связи русского и казахского народа. Астана, «Алтын кітап» 2007жыл. 128-131 б
- 2 Васильев В.А. Семиреченская область как колония и роль в ней Чуйской долины. 249 б
- 3 Дневник П.А. Валуева-министра внутренних дел. Москва, 1961 жыл 318 б
- 4 Из жизни развития городов Казахстана на рубеже XIX-XX веков, Алматы 1985 жыл. 36 б
- 5 Қасымбаев Ж.К. Ликвидация казахской государственности (первая половина XIX в)// Казахстан и мировое сообщество. 1996, №4
- 6 М.Қойгелдиев, Ө.Төлеубаев, Ж.Қасымбаев, т.б. Қазақстан тарихы: Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері.— Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007 жыл. 188 б
- 7 Михайлов М. Область Сибирских киргизов и Семипалатинская область (современный очерк), 1968 жыл. 52 б
- 8 Сибирский торгово-промышленный календарь, Томск 1900жыл

9 Ы. Алтынсарин. «Этнографиялық очерктер және ауыз әдебиет үлгілері», Астана, «Алтын кітап», 2007 жыл. 29-31 б

### ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ НАҚЫШТАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КИІМ ҮЛГІСІ

ТӨКЕН Г.

7 сынып оқушысы, Облыстық көпсалалы дарынды балаларға арналған интернат-лицейі, Павлодар қ.

ЗАУАТ Р.

тарих пәнінің мұғалімі, Облыстық көпсалалы дарынды балаларға арналған интернат-лицейі, Павлодар қ.

Қазақ ұл – қыздарының ұлттық киімдері–көне заманнан келе жатқан қазақтың мақтанышы мен байлығының бірі. Киім адамды қоршаған ортаның, табиғаттың түрлі әсерлерінен қорғап адам денесіне сән беріп, эстетикалық қызметін атқарған.

Қазақтың ұлттық киімдері әртүрлі ою-өрнектермен әшекейленген түрде болған. Ата-бабаларымыз бізге қазақтың ұлттық нақыштағы киім-кешек, әшекейлерін мол мұра қылып қалдырған [1].

Біздің осы баяндаманы жазудағы мақсатымыз: қазақтың киімдерін көркейте түсу, ұлттық нақыштағы киім үлгілерін жаңарта отырып, кейінгі ұрпаққа жеткізу. Біз бұл киімдерді эпостық жырлар түрінде жетілдіруді мақсат еттік. Эпостық поэмалардан, жырлардан байырғы заманнан келе жатқан жас ұл-қыздардың ұлттық киімдерін көруді мақсат етеміз [2].

Әр мемлекетте ұлттық нақышында тігілген киім үлгілерімен сәнді көрінеді. Көршілес қырғыз ағайындарымызда, украин халқында, түріктерде т.б. көптеген елдерде өз ұлтының нақышы бедерленген киімдерді тұрмысында, мектеп жасындағы оқушылары киеді. Егемендік алған қазақ елінде де өз ұлтымыздың оюлары өрнектелген киімдерді күнбегілікті қолданып жүрсек керемет болар еді. Нағыз қазақи үлгідегі көйлекпен күнде сабақта жүру де ыңғайсыз болар еді. Сондықтан жеңіл түрде ұлттық нақышта ою-өрнектелген киім қай қазақтың қызына болса да сән беретіні сөзсіз.

Ұлттық мерекеміз Наурыз тойында қазақ ұлттық киімімізді киіп шықпау мүмкін емес, ол уақытта қос етек, бүрмелі кең етек көйлектерін әрине киіп шығады. Ал күнбегілікті қолданысқа айналдырып, мектепте киетін киім ықшамды, жинақы, қазіргі кезеңдегі сән үлгілеріне сәйкес келгені жөн.

«Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі» деген ұлы адамдар. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрі де үлгісі де еш халықтан кем болған жоқ. Оның көркем үлгілері әлемнің этнографиялық мұражайлары мен көрмелерінен орын алған [3].

Ұлт мәдениетінде бағалы киімдер сый-сипат, дипломатиялық қатынастарда ескерткіш, белгі ретінде жүрген. Ат, шапан сыйлау құрметтеудің көрінісі деп бағаланған. Ертеде халық шеберлері қазақтың болмысына тән, кигенде ыңғайлы әр түрлі киім үлгілерін жасаған [4].

Сол бастаманы жалғастырып қазіргі заманымызға сай киініп жүруге ыңғайлы, бір жағынан көрік беретін ықшам киім ойластырдық. Осы үлгілердегі оюлар ұнамаған жағдайда басқа ою-өрнек салғызып, кофта жеңіне қос желбіреуік жасатып киюге де болады деп ойлаймыз. Ол әрі әдемі, әрі икемді болады.

Ауа райының жағдайына қарап, әр түрлі шалбар мен кеудеше, немесе юбка мен кеудеше ішінен жұқа жейде киюге болады. Ол әрі тазалыққа жақсы. Уақыты келгенде жейдені ауыстырып отыруға болады.

Жалпы мектепте киетін киім үлгілерінің бірнеше түрін ұсынып отырмыз. Ауа райына, еліміздің қай аймағына қолайлы болуын әр адам өзі шешеді. Тігуге қажет матаны да қол жетімді бағаға алып тігуге болады.

Біз қазақ ұл-қыздарының ұлттық киімдері адамға қандай сән, үлгі беретінін түсіндік.

Ата-бабаларымыз қазіргі ұрпақтарға қандай үлкен мәртебе қалдырған. Ұлттық киім – бай тарихи-мәдени мұра, оны зерттеу бізді өткен ғасырлардағы әдет-ғұрып, салт дәстүрінен кең хабарлар еткенін тағыда жетік білімді болуымызға септігін тигізеді.

Мектепте балалардың киетін киім үлгілері



Сурет 1 – Ұлттық нақышта өңір жиегі өрнектелген «Сыңармүйіз» оюы бар оқушы киімі



Сурет 2 – «Жер символын» жүрек тұсына бейнелеген қапсырма кеудеше өз Отанына деген құрмет белгісі іспеттес



Сурет 3 – Мүйізді оюлардың негізінде кестеленген «Аркармүйіз» оюы бар оқушы киімі



Сурет 4 – «Құсқанаты» оюы кеудеше және юбканың белін көмкеріп сәндеп тұр



5 – Мүйізді оюлардың негізінде кестеленген «Бағанөрнек» оюы бар оқушы киімі

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. /Альбом. – Алматы : Өнер, 1996. – 165 б.
- 2 Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. – Алматы : Алматыкітап, 2018. – 384 б.
- 3 Казахские ювелирные изделия = Қазақтың зергерлік өшекейлері = Kazakh jewellery : альбом / авт. вступ. ст. и сост. Ш. Ж. Тохтабаева. - Алма-Ата : Өнер, 1985. – 154 б.
- 4 Маргулан А. Х. Казахское народное прикладное искусство. – Алма-Ата : Өнер, 1986. – Т. 1. – 256 б.
- 5 Ісләмжанұлы К. (Матыжанов) Қазақтың отбасы фольклоры. /Монография. – Алматы : Арыс, 2007. – 332 б.
- 6 Қазақ ұлттық киімін қалпына келтірейік. Электрондық ресурс. [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.e/media.kz/?p=3528> [дата обращения 31.03.2021].
- 7 Этнографиялық нақыштағы киім. // Этнографиялық мәдени-танымдық «Әдемі-Ай» журналы. – Қарағанды. – №1 (15). – 2010.

## 6.11 Көптілділік білім берудің өзгеріс үрдісі ретінде 6.11 Полиязычие как тренд образования

### ПРИМЕНЕНИЕ ЭФФЕКТИВНЫХ МЕТОДИК CLIL НА УРОКАХ БИОЛОГИИ В УСЛОВИЯХ ПОЛИАЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

ЕНДЕБАЙ А. С.

ученик 8 класса, Средняя общеобразовательная профильная школа  
№ 41 с физкультурно-оздоровительной направленностью, г. Павлодар  
САРСЕКЕЕВА А. К.

магистр естественных наук, учитель естествознания и биологии,  
Средняя общеобразовательная профильная школа  
№ 41 с физкультурно-оздоровительной направленностью, г. Павлодар

#### Организация процесса учебной деятельности с использованием CLIL

Методика CLIL (Content and Language Integrated Learning) рассматривает изучение английского языка, как инструмента для изучения других предметов, например, биологии, таким образом, формируя у учащихся потребность в учебе, в знании биологических терминов на английском языке, что позволит им переосмыслить и развить свои способности в коммуникации. При определении основных принципов CLIL, выделяют четыре «С» методики, каждая из которых реализуется по-разному, в зависимости от возраста обучающихся, социально-лингвистической среды и степени погружения в методику CLIL. Это такие методики, как:

1. Content (Содержание)
2. Communication (Общение)
3. Cognition (Мыслительные способности)
4. Culture (Культурологические знания) [1, с. 17].

CLIL (Content and Language Integrated Learning или предметно-языковое интегрированное обучение) – простыми словами, это метод, позволяющий изучать школьный предмет на иностранном языке. В нашем случае это английский язык.

Впервые термин CLIL был предложен Дэвидом Маршем (David Marsh) в 1994 году. Организация полного изучения предмета на английском языке задача не из легких. Однако внедрение элементов технологии CLIL на учебных занятиях является довольно успешным её проявлением.

Прежде чем вводить методические приемы предметно-языкового обучения, учителям и преподавателям биологии следует определить уровень языковой подготовки учащихся. Для постановки языковых целей им необходимо будет посещать уроки английского языка в их классах и непременно обратиться за помощью и побеседовать с учителем английского языка. Только после этого можно установить степень включения иностранного языка в обучение биологии. Такое сотрудничество учителей будет способствовать созданию благоприятной образовательной среды в классе [2, с. 44].

#### Технология CLIL подразделяется на два вида:

**1. Soft** – в переводе с английского «мягкий». Подразумевает использование на занятиях простых элементов, в частности термины и короткие выражения.

«Муссабатисте», в Татарстане «Бирик» в Финляндии «Активисты», в Польше партия «Народные демократы», у евреев организации «Бунд». В эти годы среди казахской молодежи становится известным своей общественно-политической активностью, связанной с демократическими изменениями Халель Досмухамедов, Алихан Букейханов, Мухамеджан Тынышпаев, Сейткали Мендешев. 4 марта 1906 года Царское правительство приняло временное правило о регистрации в Министерство Юстиции общественных организаций, что дало возможность губернской организации строго контролировать каждую общественную организацию [3]. На демократические возрождения в казахской степи и пробуждение национального сознания в начале XX века повлияло то, что национальная интеллигенция взяла в свои руки печать, что стало причиной распространения культурно-просветительской деятельности среди народов, широко охватываются идеи объединения интеллигенции, казахской молодежи, чтобы оказать помощь нуждающимся студентам [2]. Особую роль в формировании в начале 20 века казахской интеллигенции сыграл город Омск. Казахские национально-демократические движения молодежи в начале 20 века перед национально-освободительным движением 1916 года получило широкий размах. В это время среди организаторов молодежного движения были М. Есболов, А. Кисыков, Ш. Бекмухамедов, М. Шотаев, н. Турекулов, М. Сейдалин, Х. Бекетаев, Ш. Кожаламов, А. Кенжин, Б. Сулеев, и другие. Казахская молодежь под руководством национальной интеллигенции сумела провести всю организационную работу для рабочих на фронте. Они выразили свои желания для того, чтобы эти люди могли быстро приспособиться к новой среде, защите со стороны государства, покровительство со стороны общественных организаций. Казахские мужчины, взятые на военные работы, стали грамотными и с пониманием относились к великому делу национальной молодежи, посвятившие все свои силы казахскому народу. Исследователь истории движения «Алаш» К. Нурпеисов в своем труде говорил: «После победы февральской революции в двадцати городах и населенных пунктах Казахстана появились казахские молодежные организации, объединившие учащихся, аульных учителей. Многие из них были созданы весной и летом 1917 года. Среди них были организации «Единство» и «Демократический Союз учащейся молодежи». Созданные в Омске «Жас Қазақ», в Акмоле «Жас Жірек», объединившее казахскую молодежь Спасского

завода, «Революционный Союз казахской молодежи» организованный Турар Рыскуловым в Мерке Аулиеатинского уезда и т. д. Также в Семипалатинске была создана организация «Жанар», в Кызылжаре – «Талап», уточняет, что эти организации в основном в своем начале ставили агитационные задачи, раздачу газет и журналов среди казахских рабочих, помогали в ликвидации безграмотности среди народов, вели агитацию за равенство женщин. Демократические возраждения привели к созданию молодежных организации во всех регионах. Таким образом, в этот период казахская молодежь, ставшая опорой национальной интеллигенции в борьбе за независимость родного народа превратилась в социальную и политическую силу. В этой связи молодежь участвовала в мероприятиях, направленных на создание Казахских комитетов в деле организации управления, внедрения руководство Земства, организации выборов в Курылтай. Казахское национально-демократическое движение молодежи широко распространилась в казахской степи [4].

В 1919–1920 годы во всех регионах Казахстана начали создаваться Союзные коммунистические съезды молодежи. 13 июля 1921 года в Оренбурге был открыт Первый съезд коммунистического Союза молодежи. Съезд призывал комсомольцев стать верными помощниками в восстановлении народного хозяйства, в воспитании молодежи в духе коммунизма. Также тогда придавалось большое значение вхождению в ряды комсомола все большей молодежи. Имена таких молодых людей как Т. Муратбаев, А. Оразбаева, С. Есова известны как организаторы комсомольского движения в Казахстане и вечно останутся в памяти народа. Хотя в начале 20 века национально-демократическое движение молодежи подверглось критике, при Советской власти оно нашло идейное продолжение, казахская молодежь была против тоталитарного строя и старалось вести борьбу объединившись.

На современном этапе в Казахстане сформировались новые политические молодежные организации. Такие например как молодежное движение «Кахар», молодежная лига партии «Алға», Союз Патриотической молодежи Казахстана, Общество молодежных профессионалов Казахстана, Молодежное движение «Абырой», Общественное объединение «Гражданская оборона», Движение коммунистов Казахстана (ДКК), также Молодежное крыло «Жас Отан» при Народно-Демократической партии «Нур Отан». История нашего Молодежного крыла тесно связана с деятельностью партии «Нур Отан». До 2008 года Молодежное

крыло участвовало в реализации проектов под началом партии. К этому времени организация не имела самостоятельного юридического лица. 17 января 2008 года прошло расширенное заседание Политического совета партии «Нур Отан». Первый съезд «Жас Отана» прошёл 14 мая того же года в столице нашей Родины. В своём выступлении на съезде Первый Президент РК Н. А. Назарбаев поставил перед организацией ряд первоочередных задач. Н. А. Назарбаев призвал создать все необходимые условия, при которых каждый молодой гражданин Казахстана смог бы реализовать свой потенциал, стать самодостаточной и конкурентоспособной личностью. Он также определил роль «Жас Отана» в реализации государственной молодёжной политики [5]. Таким образом, можно увидеть, как казахское национально-демократическое движение начала 20 века носило свое идейное, историческое продолжение. Казахская молодежь из-за властной политики Советской власти, направленной на казахский народ, давление тоталитарной системы, выразив недовольство против органов власти, смогли показать образец героизма и решительной воли.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Бейсембиев К. Прогрессивно-демократическая и марксистская мысль в Казахстане в начале 20 века. - Алма-Ата: Наука, 1965.-192 с.
- 2 Пахмурный П.М., Григорьев В.К. Большевики Казахстана в революции 1905-1907 г.г.- Алма-Ата: Казахстан, 1976.-182 с.
- 3 Сулейменов Б.С. Революционное движение в Казахстане в 1905-1907гг. - Алма-Ата: Наука, 1977. - 256с.
- 4 Карагусов Ж. Казахская советская интеллигенция, рожденная Октябрем. - Алма-Ата, 1960.-142 с.
- 5 <http://www.zhasotan.kz/ru/articles/2/nasha-istorija>



- 6.13 «Болашаққа бағдар – Рухани жаңғыру» баяндама және «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы  
6.13 Программа «Рухани жаңғыру – взгляд в будущее» и статья «Семь граней Великой степи»

### ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДАҒЫ КӨКПАР ҰЛТТЫҚ АТ СПОРТЫ ОЙЫНДАРЫНЫҢ БҮГІНІ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

АЛИН А.

7 «Б» сынып оқушысы, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.  
КУЛЬМАГАНБЕТОВА Р. А.  
педагог-зерттеуші, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы бойынша атқа міну мәдениетінің қазақ даласынан басталғанын білеміз. Міне ғылыми мақалада осы құндылықтарды дәріптеу, паш ету, күнделікті өмірде қолдану бағыт да кіріктірілген. Атқа міну мәдениеті қазақ даласынан бастау алғанын әлем мойындап отыр. Осы тұрғыда алсақ зерттеу барысында жылқы малының қазақ халқы үшін азық пен көлік ғана емес, ұлттық рухымызды көтеретін құндылықтардың бірі екені, оны дамыту бағытында атқарылатын жұмыстар нақты жүйеленген. Жалпы көкпар қазақ халқының ұлттық ойыны, оған кез келген атты қолдануға болмайды, ал көкпарға салатын аттардың бабы келіскен болу қажет. Қазіргі уақытта осы бағыттағы үрдіс кенжелеп қалған. Осы олқылықтың орнын зерттеу арқылы біршама шешуге тырыстым. Көкпарға пайдаланатын аттардың жасы, оның жүрісіндегі ерекшелігі, қандай азықты қорек ету керектігі, қанша уақыт табында, қанша уақыт қолда болу керектігін бірқатар деректер мен физиологиялық заңдылықты негізге алдым. Көкпарға пайдаланатын аттарды жылқы үйіріне қарап тұрып айыра білетін қазақтың байырғы атбегілік қасиеттерінің ең қажеттісін, қазір қолдануға жарайтынын нақтылады. Сыртынан қарағанда көзге шалынатын жылқы қасиеттерін тізбектеп келтірілген. Ең маңыздысы қазақ әдебиетіндегі көкпар аттарына қатысты қасиеттерді кіріктіре отырып, қазірі кезде қаншалықты қолдануға ыңғайлы деген тұжырымды да талдап көрсетілді. Қазіргі кезде елімізде көкпар аттарын іріктеуге қажетті негізгі ресурстарға шолу жасалды. Мысалы, жер жадысы, ауа-райы, соңғы технологиялар, ветеринарлық бағыты, ат ұстайтын жер, азық-түлік т.б. Қай өлкенің аттарын қалай тандау керектігіне тоқталдым [1, 114 б.].

**Қазақ жылқысының тарихы және ұлттық құндылықтарының бірі – жылқы малы.** Қазақ жері мен елі – көне жылқының отаны. Қазіргі зерттеулер осыдан 6 мың жылдар шамасы бұрын Қазақстан территориясында тұрған көшпенді тайпалар әлемде алғаш рет жылқыны қолға үйретіп, мініске, күш-көлікке пайдаланғанын, етін жеп, сүтін сусын еткенін дәлелдеп отыр. Қазақ халқы жылқы түлігін баға да білген, бағалай да білген халық. Ел аузындағы «жүзден жүйрік – мыңнан тұлпар» деген нақыл сөз, бұл жылқыны өсіре білгендік пен оны баптап бәйгеге қоса білгендіктің философиялық түйіні. Халқымыз жылқыны құндылығы мен қадір-қасиетіне қарай түрлендіре атағанына қарасақ-жүйрік те, сәйгүлік те, тұлпар да, дүлдүл де, тарлан да, тіптен қазанат та ешқайдан келмеген. Қолда өсірілетін жылқының ішінен таңдалынып және бапталып шығатыны белгілі. Қазақ халқы жергілікті өз қазақы жылқысын баптап ат бәйгесіне қосқан. Соңғы кездері асыл тұқымды таза қанды мініс (ағылшын), араб, ахалтеке және жартылай қанды будан жылқыларын бәйгеге қосуда. Сөйтіп ат спорты мен оның ұлттық сайысында үлкен жетістіктерге жетіп жүр.

Жаппай көкпар мен спорттық көкпардың айырмашылығы, жаппай көкпар тартыста серкенің салмағы нақты белгіленбейді. Теке тарта ма, тана тарта ма, өздері шешеді. Сосын жүз ат шаба ма, мың ат шаба ма – шектеу қойылмайды. Ал, спорттық көкпар белгілі ережеге сүйенеді.



Сурет 1 – Айбын Уахитов көкпаршы. «Ақкөл-Жайылма» көкпар құрама командасының үздік шабуылшысы

Көкпаршыларды ұйымдастырып, Павлодар өңірінде өтіліп жүрген ұлттық ат спорты жарыстарының, өскелең ұрпаққа беретін өнегесі көп. Облыстағы негізінен көкпаршы жігіттеріміз Екібастұздың Ақкөл ауылында, Баянауылда, Май ауданында, Ақсуда тұрады. Екібастұздың Ақкөл ауылының «Пырақ», Жайылма ауылының «Көкбөрі» және Май ауданының «Саты» командалары

жұлделі орындардан көрініп келеді. Көкпаршылардың айтуларынша, «Пырақтың» капитаны Дәурен Жандарбеков, Оразалы Шөпшин бастаған Еркебұлан Егінбаев, Мереке Смағұлов, Ерғанат Қадыров, Айбын Уахитов, Нұрбол Жақсыбектер үшін көкпар ойын ғана емес, өмір сүру салтына айналған. Ауылдарда ат баптап, көкпар тартуға құмар жастар көбейіп келе жатқаны, әрине, қуантады. Ал көкпарға құмартқан ұлттық ойынымызға қолдау көрсеткен жастардың бастамасы нұр үстіне нұр. Бүгінде Жайылма ауылы Көкпар құрама командасында жастар белсене қатысуда. Олар: Уахит Балғын, Ерғали Мирас, Құбайдолла Нұрдәулет, Қайыржан Нұрғанат, Егінбаев Абдурахман, Наурызбай Кенесары, Қайратов Олжас, Хасен Хақназар, Абылай Айбын, Айлыбаев Қайырбай, Қайратов Тілеужан [2, 54 б.].



Сурет 2 – Айбын Уахитов Екібастұз құрама командасының көкпаршысы

Екібастұз қаласы «Көкпар» ұлттық ат спорты жарыстарында Облыстан 6 дүркін чемпион атанды. 2013 жылы «Жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионатында Қола жүлде иеленді. Осы команда ішінде «Ел чемпионатында» «Қыз қуу», «Аударыспақ» ұлттық ат спорты түрлерінен Женімпаз болып, Спорт шебері, Спорт шеберіне үміткер атағын алғандар да бар. Уахитов Айбын Алматы «Ересектер арасында» II орын, Петропавл «Жастар арасында» III орын, Жақсыбек Нұрбол Түркістан «Қыз қуу» I орын, Мусралинов Қанағат Түркістан «Аударыспақ» қола жүлде иегері. Бүгінгі күні көкпарға арналған ат дайындау ғылыми негізделген әдістемесінсіз

жүргізіледі және бұл деңгей білімділікпен емес, әуесқойлықпен емес, жаттықтырушылық дәрежесі көзге анықталады [3, 45 б.].



Сурет 3 – Ақкөл-Жайылма көкпар командасы Екібастұз қаласының намысын қорғайтын «Ақкөл-Жайылма» көкпар командасы ересектер арасында Облыстың 6 дүркін чемпионы атанды

Бұл мәселені жақын арада шешу керек екені анық, себебі көкпар жалпы бірқатар елдерде жаппай даму үстінде, ал жарыс кезінде көптеген жылқылар дайын емес, жарақат алып, түрлі дәрежедегі жарақат алады.


**Қазақ ұлттық спорт ойындары және олардың жастардың әскери-патриоттық дене тәрбиесіндегі ролі** Атам заманда қолға үйретіліп, адамзат баласының қажетіне жаратқан жылқы түлігі көшпенділердің ең қасиетті, ең қадірлі малы. Көшпенділерді жылқы малынсыз елестету мүмкін емес. Сондықтан да көшпенділер мен жылқы түлігі егіз ұғымдай қосарланып айтылған. Тіпті көшпенділер қауымын «аттылар әулеті» деп те бекерден бекер айта салмаса керек. Өйткені, ұланғайыр даланың, ұлан байтақ өлкенің ұлы тұрғындарының тыныс-тіршілігі, өмір-салты, өнер-білімі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, салтанаты, бір сөзбен айтқанда бүкіл мәдениеті жылқы түлігімен тығыз байланысып жатады.

**Павлодар облысындағы көкпар аттарының стандартты жағдайын жасау.** Қазақстан халқының атжарыстарға деген қызығушылығы ерекше. Алайда дәл осы күнге дейін осы рухани қажеттілікті ұйымдастыру жағы орташа деңгейде. Оның үстіне ат спорты индустриясы деңгейіне жетпеді.



Сурет 4 – Екібастұз қаласындағы ұлттық ат спорты шеберімен өткізілген сұхбат

**Павлодар өңірінде бірнеше ипподромдар мен жаттығу орталықтары салынуы тиіс. Олар жекешелендірілмеуі тиіс,** әйтпесе, спорттық жылқы шаруашылығының басты мәні – ипподромдардың атжарыс ұйымдастырушылары үшін де, қатысушылары, сондай-ақ жанкүйерлер үшін де қолжетімділігі мүмкін болмайды. Ірі өңірлік аудандарда (Ақсу, Екібастұз, Май ауданы, Баянауыл) аясында екі-үш ипподром салуға қаражатты тек мемлекеттің бөлуге шамасы бар [5, 198 б.]. Сондықтан мемлекет салықтық базаны, жұмыс орындарының санын, экономикаға құйылатын инвестицияның артуына мүдделі.



Сурет 5 – «Ақкөл-Жайылма» көкпар құрама командасының «Көкбөрі» жеткіншек құрама командасының шабуылшылары Уахит Балғын, Ерғали Мирас, Құбайдолла Нұрдәулет, Қайыржан Нұрғанат, Егінбаев Абдурахман, Наурызбай Кеңесары, Қайратов Олжас, Хасен Хақназар, Абылай Айбын

Сүйіншітсі сол, елімізде көкпар десе ішкен асын жерге қоятын азаматтар аз емес. Бірінші, халқымыздың көкпар сүйер қауымның 90 пайызы ауылда тұрады. Ауылда «Fitness». «Spa» орталықтары, бассейн, гимнастика, аэробика жоқ. Онда көкпар ұлттық ат спорты, бәйге, күрес, жекпе-жектер бар. Мәселе, осы ойындарды ауыл халқының қажеттілігіне жаратуда болып отыр. Ол үшін елді мекендерде стадиондар, атшабарлар, көкпар, жекпе-жек, күрес алаңдарын салу қажет. Оған біздің ел ағалары көңіл бөлуі қажет деп ойлаймын. Ұлттық спорт агенттігін ашу керек. Біздің барлық ұлттық ойындарымыз, оның ішінде, көкпар төрт түліктің төресі – жылқы жануарымен байланысты. Сондықтан да, жылқыға деген көзқарасты түбегейлі өзгерту керек. Қазақстанда жылқы шаруашылығын дамытуға арналған арнаулы бағдарлама қабылданғаны жөн. Бұл жерде, ең бастысы, Қазанатты түлету керек. Өйткені, қазанат – қазақтың қазынасы, халқымыздың қорғаны, айбыны, заманында ел қорғаған батырларымыздың сенімді серігі, қолғанаты болған. Біз Қазанатты түлетсек, бүкіл әлемді өзімізге қаратар едік [6, 275 б.].

**Қорыта келе** мектебімізді алдағы уақытта «Ұлы даланың жеті қыры» Атқа міну мәдениеті жобасы негізінде 5–8 сыныптарға арналған «Жылқытану» факультатив бағдарламасы аясында сабақтар өтіледі. **Кездесулер:** I. Уахитов Айбын Талғатұлы Екібастұздағы «Қ. Р. Спорт шебері» бүгінгі таңда Екібастұз қаласы әкімдігінің «Ауыл шаруашылық бөлімі» маманы. II. Каримов Қуат Уахитұлы Ұлттық ат спорты ойындарының жаттықтырушысы. **Жоспар негізінде** Жылқы жануарының I. Тарихи, биологиялық, әдеби шығармалардағы, спорттық ойындардағы және рухани мәдениеттегі құндылықтарын зерттеу жұмыстарын жалғастыру барысында кездесулер ұйымдастыру II. Мектеп бағдарламасына арнайы факультатив сабақ енгізу (34 сағаттан құралған, соның ішінде 27 сағат теория, 2 сағат, тәжірибе, 5 сағат кездесу).

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Барминцев Ю.Н. Етті және сүтті жылқы шаруашылығы, – Алматы, 2010. Б.114–119 [1]
- 2 Бозымов Қ.Қ Жылқы және түйе шаруашылығы, Ер қанаты – Алматы: Қайнар, 2011.Б. 54–65 [2]
- 3 Әкімбеков Б.Р , Мүслімов Б.М. , Әкімбеков А.Р . Дәленов Ш.Д Жылқы шаруашылығы Қостанай, 2008. Б. 45–75 [3]
- 4 Құрманбаева С.К. Ұлттық ойындардың бүгінгі мен келешегі,– Алматы, 2009. Б. 209 [4]

5 Несіпбаев Б.К. Ұлт мәдениеті мен өнері, –Білім, 2009. Б. 198 [5]

6 Атабаев А.С. Ұлттық ойындар– халық мұрасы, –Кітап 2010. Б.275 [6]

## ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСИЕТТІ ДАСТАРҚАНЫ

БЕЗДЕТКО К.

8 «А» сынып оқушысы, № 26 ЖОББМ, Павлодар қ.

ХАЛИКОВА А.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 26 ЖОББМ, Павлодар қ.

Баяндаманың тақырыбы: «Қазақтың қасиетті дастарқаны». Бұл тақырыпты таңдау себебім қазақтың дастарқаны өзінің қадір қасиетімен ерекше, көптеген тәрбиелік мағынаға ие. Өйткені қазақ халқы – асты өте жоғары бағалап, құрметтей білген халық.

Адамзаттың санасында мәңгі жатталып қалған «Ас – адамның арқауы» деген қағида осындай терең ұғымның өзгеріссіз түсінігі болып табылады. Қазақ халқы өз тұрмыс-тіршілігінде тамақтың орнын өмірдегі қажетті құндылықтардың бәрінен де жоғары есептеген. Осыған байланысты «астан үлкен емессің, астан ауыз тиіңіз» немесе «арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен», «асты қорлама, құстырар...» деген ескертпелер мен мақал-мәтелдер де осының айғағы. Қашан айтылса да, қай заманда айтса да халық асты құрметтеу мен бағалаудың жолын да, жөн-жобасын да, оны дәмді етіп әзірлеудің де көзін, кезін, ретін таба білген. Ел мен елді достастыру да, құрметтеу де, адамдар өздерінің мырзалық, мәрттік үлгілі, өнегелі қасиеттері мен артықшылықтарын білдіру де, ел дәулеті мен қарым-қатынысын, түсінігін танытуды да, қазақтың кең дастарқаны арқылы яғни ас, қонақасы арқылы көрсете білген. Осы ретте тұжырымды сөз айтып, дәмді тағам берумен бірге оның таза, бүтін ыдыстарына дейін ерекше назар аударған. Кетік ыдысты дастарханға қою – келген қонақты қадірлемеу. Сырттан келген кісілер де елде осы қонақасы берудің жолы мен жөні арқылы сынап, әділ бағасын беріп отырған. Ендеше ұлт мәдениетінде тамақ, дәм татыру - экономикалық, дипломатикалық және тәлім-тәрбиелік қызмет атқарған. Бұл істе әрине, қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрі шетелдерде ерте заманнан-ақ аңыз болып тараған. Қазақ қонақасы беруде қонақ таңдауды, басқа ұлт, дін өкілдері деп бөлуді де білмеген, төрге шығарып, ашық қабақ танытып, достық көңілін көрсете білген. Халқымыз шаршаған, мұқтаж қонақтарына ат, ас, көлік сыйлау арқылы өздерінің мәрттіктерін де көрсете білген.

Ас, тамақ дайындауды халқымыз әйел адамдарға жүктеген. Қазақ әйелдері тағамның алуан түрлерін дайындаумен бірге қыста да, жазда да оның таза әрі бұзылмай сақталуының әдіс-тәсілдері мен жолдарын шебер орындаған. Бұл ережелерді әйелдер ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, кейінгілерге үйретіп отырған. Мысалы, олар етті ыстап сақтауды, қымызды жазда салқын ұстауды, майды көгертпей күтуді, басқа тамақтарды да бұзылмай сақталуының ғасырлар бойы ұмытылмай келе жатқан байырғы халықтық әдістері мен амалдарын, әсіресе, ауылдық жерлерге күні бүгінге дейін жеткізді және оны өлі де қолданып келеді. Әсіресе, қымыз бен шұбатты баптаудың, құрт, ірімшік, ежігей, сары май сияқты жеңсік тағамдарды дайындауда қазақ әйелдерінің шеберлігі мен өнерін үлгі етіп, қалай мадақтауға да тұрарлық. «Ауру-астан» дей отырып, оның ыдысының тазалығына, дәмді пісірілуіне, ең ақыры, тұзының татымына дейін ерекше назар аударған. Жөн-жосық білетін бәйбішелер оған қатаң бақылау жасап отырған. Қай жерде, қай ауылға барсаңыз да осы қарапайым әйелдердің қолынан шыққан ұлт тағамдарының дәмі аузыңнан кетпейді. Бал қымызы, шұрайлы шұбаты, томырылған жент, майы тіл үйіріп, онымен бірге жарқын жүзі мен әдемі әзілдері де жарасып тұрады.

Уақыт алға жылжыған сайын дастархан мәзірімізге жаңадан тағамдар қосылып, елімізде түрлі халықтардың асханалары ашылды. Сол және өзге де себептерге байланысты өзіміздің ұлттық тағамдарымыз сирек даярланып, кейбірі тіпті ұмыт қалып барады. Бүгін сондай дәмдердің бірқатарын түгендеп шығуды жөн көрдік.

Бұл тағамға қазақтар семіз ет, құйрық шарбы, өкпе, бүйрек қосып қайнатып тұз, сарымсақ, бұрыш салып, үстіне талқан немесе ұн, құрт қосып, майлы тұздығымен жеген. Бұл тағам көбінесе жорықта, жылқы қостарында әзірленген. Бұдан соң май шұрқанды қамырдың ортасына ұсақ туралған майлы ет немесе жанышталған ет салып пешке де пісіруге болады. Май-шұрқанды пешке салып пісірерде мүмкіндігіне қарай, ұнды суға емес, сүтке, ол болмаса жас сорпаға илесе, дәмді және құнарлы болады. Біздің қазақта «Мың сіз бізден бір *шыж-быж* артық» деген нақыл бар. Бұл нақ осы қазақтың шыж-быж тағамына қатысты айтылған дүние екен. Өдетте жылқы сойылып жатқанда, қасапшылар қуырдақ дайын болғанша, ауызға салып жіберетін жеңіл тағам соғымның бүйрегі мен шарбы майын отқа қақтап шала пісіру арқылы дайындалады.

Адамның сау денелі өсуі үшін дене жаттығуларынан бөлек нәрлі тағамдардың аса маңызы бар екені белгілі. *Жаужүрек* – жаңа сойылған қойдың бауырынан жасалатын тағам. Оны дайындау

үшін қойдың шарбы майы, алдын ала сүтке жібітілген бауыр керек. Ең алдымен бауырды бөлшектеп, шарбы майды төртбұрыштап тураймыз. Бауырға тұз, сарымсақ, бұрыш сияқты түрлі дәмдеуіштер қосып араластырамыз. 2–3 минут өткен соң ол шарбымен әдемілеп оралады. Оралған шарбы май жазылып кетпес үшін жіңішке істікпен шаншып қоямыз. Барлығы бекітілгеннен кейін отқа қыздырылған майсыз табаға салып қуырамыз. Жажүрек шарбының өз майымен пісетіндіктен екі жағын үздіксіз аударып отыру керек. Басқа малдардың бауырына қарағанда қойдың буырында гепарин элементі көбірек болатындықтан жажүрек жүректі қуаттандырып қана қоймай, жүрек талмасына ем болады.

Ас атасы – нан. Ұлттық дастарқанда нанның орны ерекше. Нан көбінесе бидай ұнынан пісіріледі. Оның қалай дайындалып пісірілетіндігі барлық жұртқа белгілі болғандықтан оны қайталап айтудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Нан – қазақ ұғымы мен салтында қасиетті, киелі ас. Нанды жерге тастамайды, үстінен аттамайды. Үстіне зат қоймайды. Үйге келген адамға да дәм ауыз тигізгенде де алдымен нан ұсынады. Қауіпті, алыс сапарға шыққанда, ауырып емделуге кетіп бара жатқанда қазақтар бір тілім нанның жартысын жеп, жартысын үйіне таза жерге сактатып тастап кетеді. Бұл ұлт ұғымында әлгі нан «сол адам аман келсе екен, мені өзі жесе екен» деп тілеп жатады екен деген қағида бар. Ал аман келген адам әлгі нанды дұға оқып өзі жейді. Бұл ырымды естен шығаруға болмайды.

Кейде есімі белгілі адамдар шаңыраққа, үлкенге сәлем беруге әдейі соғады, амандық біледі. Сыйлы кісілерге міндетті түрде мал сойып ұсынады. Алайда қонақтар асығыс жүреді. Мұндайда қазақтар мал сойдырмаған кісілерге соған лайық дәм татыратын жолды да таба біледі. Сондай бағалы тағамдардың бірі *мыжыма* деп аталатын нан тағамы. Екіншіден тез әзірленеді әрі дәмді тағам. Келген кісілердің соятын малға қарамайтынын білген бәйбіше шоққа дереу таба нан салады, ол ілезде қайнаған шаймен бірге пісіп шығады. Бәйбіше сырлы аяқты алып қарыннан сары майды мол салып, оның үстіне табадан жаңа ғана алынған ыстық нанды турап жіберіп, оң қолымен езеді де қонақтардың алдына қояды. Тұзды сары майға мыжылған нанның мұндай дәмді болатынын кейбір адамдар әлі де білмеуі мүмкін. Білікті адамдар мұндай тамақтың күнде жеп жүрген еттен де артық екенін жоғары бағалайды.

«Мыжыманың» бір ерекшелігі тек сары майға (әсіресе қарындағы) ғана езіледі. Қазіргі дүкеннің ақ майы мен қаймаққа езген нан халқы үлгісіндегі мыжымадай болмайды. Қамырды

оқтаумен әбден жұқарғанша ысып, майға пісіреді. Жұқа, жұмсақ әрі майлы болып піседі. *Шелпекті* көбінесе, айт күндерінде, аруақты еске алғанда, құдайы ас бергенде пісіреді. Әр жұмада ата-бабалар әруағына арнап пісіріп, дұға оқып отырған жөн. Майға пісірілген бұл нанның түрін «май шелпек» дейді. Жұмсақ әрі өте дәмді болады. Шелпекті қарт кісілер сүйсініп жейді.

Мал және онан алынатын өнімдер қазақтың басты байлық қоры. Соның ішінде ұлт тағамдарының негізгі көзі болып табылатын сүттің орны бір бөлек. Сүт тағамдарын халық бір сөзбен ақ деп атайды. Осы ақтан бірнеше жүздеген, мыңдаған жылдар бойы халық аса бай тәжірибе жинақтай жүре одан жүзден астам тамақ түрлері мен дайындау әдістерін жасаған. Және олардың көптеген қызықты атаулары мен орны және алуан түрлі ерекше жасау, пісіру, жолдары тағы бар. Сөйтіп бір сүттен сұйық, қою, қоймалжың, ащы, тұщы, жұмсақ, қатты, ұнтақ тағамдар жасап шығарған, Олардың көпшілігі қазіргі кезде қазақ дастарқанның сирек көрінетін жеңсік ас қатарына жатады.

Сүт тағамдары денсаулыққа да пайдалы және қоректік қасиеті де мол.

Олар қой, сиыр сүтінен жасалады. Әрине, қой сүтінен жасалған құрттың дәмі де сапасы да өте жақсы болады. Құрт жасау үшін ашыған сүтті аған кеспекке құйып бірнеше күн іркіт жиналады. Оны үлкен қазанға құйып қайнату кезінде іркіт қоюланып ақ ақсары болған кезде отын сөндіріп суыған соң оны сол кеште таза қапшыққа құйып қояды. Таңертең оны алақанға салып әртүрлі кесенді домалақ, ұзынша етіп құрт жасайды. Дайындалған құртты жоғары жерге немесе өреге қойып кептіреді. Қазақ ырымы бойынша өредегі (яғни кеппеген құртты) жеуге, алуға болмайды. Егер өреден құрт алып жесе, жауын жауады деген ырым бар.

Құрттың дәмі ащы болғанмен жеуге сүйкімді тағам. Қазақ құртты тамақ есебінде әрі шөл басуға да қолданылады. Махамбет өлеңдерінде: ...Алты малта ас болмай, өзіңнен туған жас бала сақалы шығып, қарт болмай – деп айтылуының түбі тереңде жатыр.

Құрт қазақтың бірнеше ғасыр бойы ішіп-жеп келе жатқан ұлттық азығы, кәделі асы, өте тоқ тағам. Ол көбінесе қысқы азық есебінде ерте әзірленеді. Қазақ әйелдері құртты жас басынан бастап күзге дейін үздіксіз дайындап, қыста қап-қап құртпен түседі. Құрт кәде орнына да жүреді. Жақын ағайын, туыстарға сыбаға есебінде де жіберіледі. Той кезінде шашу салтанатына да құрт, ежігей араластырады. Қазақ



азық-түлік атауларына оны «құрт, май» деп қоса дәріптеуінің өзі құрттың қазақ дастарханындағы ерекше орнын көрсетеді.

Қымыз сапалы тамақ өнімі ғана емес, сондай ақ шипалы сусын деп те есептеледі. Халық арасында қымызды көңіл күй сергектігі және ұзақ жасау сусыны деп текке атамаған. Халық медицинасында ата-бабаларымыз емдік сусын ретінде қымызды асқазан, өкпе, ішек ауруларына пайдаланып келген. Қымызды қазақ халқымен қоса көрші қырғыз елі, татарлар, башқұрт халықтарында да емдік мақсатта қолданған. Қымыздың құрамына кіретін түрлі заттардың бәрі де адамның бойына жақсы сіңеді. Майы дәмді, белогы тез сіңімді. Аз шамада кездесетін сүт және көмір қышқылдары адамның тәбетін ашып, асқазанның жақсы жұмыс істеуіне жағдай туғызады. Бие сүтінде «С» витамині мол болады. Сондықтан да туберкулез ауруынан емдеуде айрықша жетістіктерге жетуге көмегі баршылық. Қымыздың осы қасиеттері белгілі болғаннан түрлі емдеу мекемелері оны дәрумен ретінде пайдалуға көшкен.

Ешқандай сусын қымызбен тең келе алмайды. Құрамында дәрумендер, майлар, белоктар бай, ол талай ауруды емдеп қана қоймайды, олардың алдын да алады. Қымыз ас қорытуды жақсартады, қауіпті ісікті болдырмайды. Бие сүтінен ашытылады. Оның алғашқы ашытқысын «қымыздың қоры» деп атайды. Кей жерлерде мұны бие сүтіне сүр қазының қабырғасын, жылқының ашыған сүр жамбасының жұлынды сүйегін не малта салып немесе ашыған тары көженің суын қосып, бөлек ашытады. Сосын сабадағы қорды сарықпай, биенің жылы сүтін саумалдап, жанғыртып отырады. Жаңа сүт құйған сайын 20–30 минуттан піседі, жаңа сүтпен қорды араластырып, ірімтігін жазады, ашуын басып отырады. Қымызды көп сапырғанда оған таза ауа (оттегі, азон, т.б.) көп сіңеді.

Қымыз – қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең құрметті дастарқан дәмінің бірі. Ол тек қана бие сүтімен ашытылады. Әдетте сауылатын биелер: сақа бие, құлын бие, қыран бие деп үшке бөледі. Сақа бие – бірнеше рет құлындаған, бұрыннан сауылып келген бие. Құлын бие – құнажын немесе дөнен жасында алғаш құлындаған бие. Қысырақ бие – деп өткен жылы кейбір себептермен қысыр қалған, құлын орнына тайы еміп жүрген биелерді айтады.

Құрткөже қалай дайындалады: алдымен қанша әзірленетінін әркім өзі мөлшерлеп біліп алады. Мысалы 4 немесе 5 литрдей көже дайындау қажет делік. бұл үшін осы шамадағы суға татымына қарай тұз, қайнаған кезде аздап күріш күріш немесе сөк салады. Енді бір басқа ыдысқа суық су құйып, оған 1–2 кесе ұн қосып, түйіршіктері

кеткенше әбден араластырылған соң қоймалжың тартып, сөл қоюланады.

Мұны жоғарыда айтылған күріш немесе сөк қосылған қайнаған суға қосып тағы араластырады. Сонда ұн қосылған су қайнап, піскен қоймалжың көжеге айналады. Осыдан соң езетін құрттың өзін екі үш рет қайта жуып, сыртындағы шаң тозандардан әбден тазартылады. Құртта әзірленген су мөлшеріне қарай алынады. Құрткөженің дәмі, татымды әрине, оны дегенмен, бұған құрттың сапасының да зор әсері бар. Әсіресе қой сүтінен жасалған құрттың тамақтық құнары, дәмі мен сапасы өте жоғары болады. Бүгінде құрт тек сиыр сүтінен жасалады. Бұдан да дәмді әрі тұшымды көже дайындауға әбден болады. Сонымен жоғарыда айтылғандай, мөлшерлі ыстық суға бір аяқтай құрт салып, оны езеді. Қоюланып езілген құрт қайнатылған суға қосылады да, оның сұйығы езіліп жатқан құрт үстіне қайта құйылып, тағыда езіледі. Осыдан кейін оны кесе аяққа құйып ұсынады.

Шынындада құрткөже қысты күндері тоңдырмайды. Оның қуаттылығы сондай, бір ағамыз аязда тоңып келіп, екі-үш аяқ ыстық құрткөжені жеделдете тастап жіберіп бойы жібеген кезде »Бәйбіше, күн жылынды білем, боз аттың жабуын алып тасташы« деген екен. Бір сөзбен айтқанда, қасиеті де, қадірі де мол құрткөжеміздің әр қазақ дастарқанында болып тұрғанға не жетсін.

Қазақ халқының бұлжымас салты. Бұл әр жыл сайын қайталанып отыратын қыстық азық-түліктің мол қоры. «Қыс қамын жаз ойлайтын» ел жаз шығысымен-ақ күздік және қыстық соғымын ерте ойластыра, қарастыра бастайды. Ондай малды күні бұрын белгілеп, күтімге алады. Соғымға түйе, жылқы, сиыр сияқты ірі мал сойылады.

Соғым сою да мәртебелі, берелі әрі атаулы сәт. Әр елде, әр ауылда кәсіпқой соғым союшылар болады. Оларды «қасапшы» деп атайды. Мал союдың жөн-жосығы, тәртібі болады. Соған орай әрбір жілік, омыртқа, қабырға, қазы тағы басқа кәделі мүшелер тиісті ет майымен бірге бөлінуі керек.

Соғым кезінде ішек-қарын тазартатын әйелдер де әзір тұрады. Әсіресе, жылқының ішек-қарындары яғни, қазы-қарта деп жұрт қадірлейтін мүшелері өте мұқият тазартылуы қажет. Ірі малдың жіліктері мен қабырғалары екіге бөлінеді. Яғни бір жарты жілігі, басқа еттермен бірге бір табақ есебіне жүреді. Қазақ қасиетті мал есебіне жатқызатын түйе мен жылқының басын бөлмей асып, пісірген. Сиырдың басын ғана бөліп, жеке-жеке таратқан.

Соғым сойылғаннан кейін міндетті түрде мол қуырдақ қуырылады. Одан қасапшылармен бірге, ақсақалдар, көрші-көлемдер тойғанша жейді. Қасапшыларға еңбегі үшін «қолкесер» деген сый-сияпат, яғни еңбегі үшін ет беріледі.

Соғымнан жақын-жуық, туыс-туған, құда-жекжаттарға міндетті түрде ауыз тигізу керек. Немесе сыбағасын беріп жібереді. Қазақ халқының салты сондай.

Жылқы сойғанда оның ең шұрайлы әрі бағалы мүшелері халық аузынан суы құрып айтатыны және аңсап жүретіні кәдімгі қазы-қарта, жал-жая. Тамақ берекесі мен беделі де осы аталған мүшелерге тікелей байланысты болады. Семіз қазы, айшықты қарта, майлы қарын, кертпе жал, сарыала жая қазақ мақтанышы ғана емес, денсаулыққа аса пайдалы тағамдар. Құрметті адамдарға, қонақтарға ұсынылатын өте кәделі, сыйлы мүше. Оны табақ берекесі мен маңызын арттыру үшін тамақтың бетіне турайдды. Жылқының қазысын ішекке тығатын болса, яғни айналдыратын болса көп сақталады әрі дәмі де өзгермейді, керісінше маңызы арта түседі. Қарта мен қарынды көп сақтамайды, жас, дәмді кезінде жеген жөн. Жалпы жылқы етіне, оның ішінде қазысы мен қарта, қарынына жел тигізбей сақтайды. Жел тисе түсі қарайып, дәмі қышқыл тартады да аса сүйкімді болмайды.

Біздің аса қастерлі тамақтарының бірі - шұжық. Оны барлық малдың етінен жасауға болады. Бірақ жылқы етінен жасалған шұжыққа ештеңе жетпейді. Жылқының шикі етін, іш майын турап оған жуа, сарымсақ, тұз, бұрыш қосып, оны жылқы ішегіне тығады, тығыздайды. Ішіне ауа жібермейтіндей етіп, екі жағын мықты жіппен буады да сәл тобарсытып, көлеңкеге кептіріп алады. Оны ауылдық жерде жазда ұнға салып, сақтайды. Қалада әрине тоңазытқыш, мұздатқышқа сақтағанмен суық сорады. Ал қыста да, жазда да ежелгі қазақ әдіс-тәсілдермен сақталған шұжықтың дәмі өзгермейді, бұзылмайды. Жылқы шұжығы басқа малдың шұжығындай қатып қалмайды, жұмсақ болады.

Шұжықты халық жоғары бағалайды әрі аса дәмді де кәделі, сый табақтарға салатын тамақ. Қазанда пісіп жатқанда оның жағымды иісі мұрын жарып, «шақырып», төбетті ашады. Ет турағанда табақтың бетіне турайдды және әр адамға жететіндей етіп тастайды. Шұжықты жасау, сақтау және оны пісіруді қолы берекелі қазақ әйелдері өте шебер меңгерген. Қазақ отбасылары өздерінің сыйлы адамдары мен құдаларына, туыстарына шұжықты сыбаға ретінде сақтайды. Ал, қонақтар болса бұған қатты риза болып, алғыс айтады. Мұндай қатынас туыстар, құдалар, сыйластар

арасында татулық пен бірлікті одан әрі бекіте түседі және оны кейінгі ұрпақтарының да құлағына салып отырады. Бұл да қазаки тәрбие мен үлгі-өнегенің бір түріне жатады.

Қымыздың емдік қасиеті зор, оның құрамында ақуыз, май, көмірсутек (лактоза), натрий, калий, фосфорға бай. Сонымен қатар, онда адам ағзасына аса қажетті дәрумендер өте көп. Олар: А, В1, В, В12, С дәрумендері. Қымыздың емдік қасиеттерін ежелден білетін ата-бабаларымыз ас қорыту жүйесі ауруларын, қан аздық, мешел, құрт ауруларын, асқазан жарасын, жүрек, қантамыр ауруларын және атеросклерозды емдеуге пайдаланған.

Ешкі сүтінде ұасиеті мол, оның құрамында май, көмірсутек, ақуыз үш есе көп. Темір, кальций, А, В дәрумендері бар. Ешкі сүті бездерге, рахит, бронх демікпесі, өт жолдары сырқатына, бас сақинасына, ас қорыту жолдарының бұзылуына қарсы шипалы ем.

Қазақ халқы өте ырымшыл халық, осы тағамдарға байланысты көп ырымдар бар, оларды мысал ретінде айтып кетейін.

Нанды шашуға, жерге тастауға, басуға, рәсуа етуге болмайды.

– Нан – дәм басы, онсыз өмір жоқ. Дастарханға алдымен нан қойылады.

– Қонақ келгенде, әлде тойға немесе асқа қымыз әкелген сабаны біржолата сарқып босатпайды, түбінде міндетті түрде бір ожау болса да қымыз қалуы керек.

– Жерге төгілген ақты (сүт, айран) басуға болмайды. Сүт төгілген жерге тұз себеді. Іркітті ашық далада піспейді, құты кетіп қалады. Сауылған сүттің бетін ашып қоюға болмайды. Беті ашық қалса, шаң – тозаң немесе улы жәндіктер түсіп кетіп, сүтті бүлдіреді.

– Сүттен жасалған тағамдарды жерге түкіріп тастауға болмайды. Күнә болып саналады.

– Сүт сауатын шелекті су басына апармайды, құты кетіп қалады.

– Ақтың жуындысына адам жүретін жерге төгуге болмайды.

– Малдың бірінші сауымынан алынған майды асқа қолданбайды.

Ол маймен бұрынғы кезде босағаны, табалдырықтың жоғарғы бөлігін, есікті майлаған.

– Қазанжарыс. Әйел босанар сәтте басқа әйелдер қазанға жеңіл - желпі тамақ істеп оны босанатын әйелден бұрын пісірмек болып «жарысады». Халық ұғымы бойынша туатын бала «қазан жарысқа» қатысып, одан бұрын өмірге келуге тырысады деп түсінген.

– Нанды төңкеріп қоюға болмайды. Нан – қасиетті дәм. Онымен ойнауға болмайды. Нанды бір қолмен сындыруға болмайды. Кемтар адам ғана нанды бір қолмен сындырады.

– Қолды жумай тамақ жеуге болмайды. Тамақ жеудің алдында және соңында қонақтардың қолына жылы су құйылады. Қолға су құю оң жақтан солға қарай жуылады.

– Дастарқан басында адамдар жасына қарай отырады. Тамақтан әуелі үлкен кісі алады.

– Ыстық тамақты, шайды үрлеп суытпайды. Тамақтың құты кетеді.

– Тамақты және шайды өте ыстық немесе салқын күйінде ішуге болмайды.

– Тамақты шағындап, аз-аздан ауызға салып, асықпай шайнап жейді.

– «Нан қатты екен», «шала піскен», «күйіп кеткен», «езіліп кеткен» т. б. сөздерді айтып нанды, тамақты сынамайды. Нанды, тамақты сынау – ашаршылықты шақыратын жаман ырым.

– Тамақ ішіп болғаннан соң тұрып кетуге болмайды. Тамақтану соңында бата беріледі.

– Ас ішіп болған соң, «тойдым» демейді, «қанағат» деген жөн.

– Дастарқан аттаған әдепсіздік болып саналады.

– Тамаққа қарай түшкіруге болмайды. Тамақ пісірген адам басына орамал байлап алу керек.

– Қызға көрі жілік ұстатпайды. Көрі жілік ұстаса, күйеуге шықпай, оң жақта көп отырып қалады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 У. Жарқынбай «Ас - адамның арқауы», 2011 ж., Алматы қаласы  
2 Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М., Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы «Рауан» 1994

3 Кенжеахметұлы С., Қазақтың дарқан дастарханы, Алматыкітап, 2007 ж.

4 Ермакова В.И. Аспазшылық, Просвещение, 1993 ж.

5 Қазақ Энциклопедиясы, 1-том. Алматы, 2002 ж.

6 Қазақ энциклопедиясы, 3-том. Алматы, 2002 ж.

7 Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы .7-том. Алматы, 2003.

8 Ғаламтор материалдары.

## ҰЛТТЫҚ КОДЫМЫЗДЫҢ БІРІ – АБАЙ, АБАЙ СӨЗДЕРІНІҢ БҮГІНГІ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

ДӘУЛЕТ Ә.

10 «Д» сынып оқушысы,

Республикалық физика-математикалық мектебі, Нұр-Сұлтан қ.

КАМЗИНА А. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Республикалық физика-математикалық мектебі, Нұр-Сұлтан қ.

Аңдатпа. Мақалада «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Абай Құнанбайұлы тағылымдарының 21 ғасыр әлемінде өзектілігін дәлелдеп, мектеп пен отбасы, қоғам арасында данамыздың нақыл сөздерін насихаттап, халықтың, әсіресе, жастарымыздың санасына сіңіру, жүрегіне жеткізу мақсатында салыстырмалы талдаулар мен тұжырымдар ұсынылады.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің контенті Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айқындалған қоғамдық сананы жаңғыртудың алты бағытын белгіледі. Ұлттық сәйкестік бағытында «Ұлттық ерекшеліктің қалыптасуы білім алушылардың тарихын, қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, мемлекет ретінде қазақ тілін ұлттық сәйкестіктің негізгі элементі - ұлттың мәдени коды ретінде («егер халық өз мәдениетін жоғалтса, халық жойылады»), ұлттық сананың базалық элементі ретінде құрметтеу, сақтау қажет» деген.

Филология ғылымдарының кандидаты Ноябрьр Кенжеғарев бір мақаласында «Адамзат баласы жаңа даму сатысына көтерілсе де, дана Абай- тұтас бір халықтың адастырмас темірқазығы, рухани суаты, сарқылмас қазынасы» деген. Демек, Елбасы айтып отырған құнды ұлттық кодымыздың бірі, – Абай, Абай ілімдері мен тағылымдары. Абай данамыздың зор мұрасы әлем деңгейінде танымал болғанына көзіміз жетіп отыр.

1) «Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы аясында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ұлы ақын, ойшыл, ағартушы шығармалары әлемнің 10 тіліне аударылды. Олар: ағылшын, араб, қытай, испан, итальян, неміс, орыс, түрік, француз және жапон тілдері. Аударма жинақтарға ақынның 145 өлеңі, 3 поэмасы мен 45 қара сөзі кірді.

2) Абай Құнанбаевтың 170 жылдық мерейтойына байланысты «Абай жалпақ әлемде салтанат құруда» («Абай шествует по



планете»: <http://sozvuchie.zviazda.by/abaj>) деп аталатын сайт ашылды. 1988 жылдан бері Киевте Абай Құнанбаев көшесі ашылған. 1995 жылы 15 ақпанда әлемнің орталығы саналатын Лондон қаласында Абай үйі ашылды. Каирде Абай атындағы көше 1998 жылы пайда болса, Берлинде 2000 жылы 18 ақпан күні Абай-штрассе ашылған. Сонымен бірге Ташкент, Бішкек қалаларында да, тіпті Үндістанның астанасы Нью Делиде, Берлинде, Иран Ислам Республикасы Тегеран, Қытай астанасы Бейжіңнің орталығындағы «Чаоян» саябағында Абайға арналған ескерткіш ашылды [1, 1 б.].

Абайдың нақыл сөздері тек өз дәуірі мен заманында ғана емес қазіргі заманда өте өзекті болып отыр. Батыстың танымал ғалымы Авраам Маслоу (1968) Ынтаның иерархиялық моделін салған. Ол төменгі деңгейге физиологиялық қажеттіліктерді орналастырса, жоғары деңгейге – саналы түрде өзін-өзі көрсете, таныта білуді қояды. Жетінші қара сөзінде Ұлы Абай да сананы алдыңғы тұсқа қойған. «Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбен көрген біздің хайуан малдан неміз артық?» – деп, адамның хайуаннан артықшылығы да, айырмашылығы да – санада деген [2, 18 б.].

Педагог-психолог Герасимова Е. Н. «Екі, үш жастағы балаларда өзін-өзі қамтамасыз ету бойынша жұмыс процестерін қалыптастыру» (1990 ж.) тақырыбымен жазған еңбегінде балалардың тәрбиесіне ерте жастан зор мән берсе, 19-қара сөзінде Абай данамыз да баланың тәрбиесіне ерте жастан көңіл аудару маңыздылығын айтып кеткен. «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады» деген [3, 226 б.].

Профессор Р. С. Каренов «Хакім Абайдың «Қара сөздер» атты керемет философиялық мұрасы» деген мақаласында «Қара сөздер» деген атау өлең сөзден бөлек дүниелер мағынасын білдіреді. Өлең өнерін қазақ «Қара сөз» демейді. «Қара сөз» проза деген мағынада айтылған. Әдетте, адам ауызекі тілде өленді емес, «Қара сөзді» қолданады. «Қара сөздер» – өмір, тәжірибеден алынған, әрі білім-біліктің жиынтығы, әрі көркемдік – эстетикалық, мәденирухани қуаты мен қадір-қасиеті жоғары, тағылымы мол қымбат қазыналар қатарына жатады. Ақынның бұл бағыттағы ой-сөз жүйесі қоғамның барша саласын қамтып, оның өзі көбінде ел өмірі, дәстүр мен дін,

тәлім-тәрбие, тұрмыс-тіршілік баянын айқындай түседі» деп атап көрсетеді [4, 1 б.].

Рухани жаңғыру бағдарламасынан қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағыты мен «Абай шығармаларын оқып-үйрену және насихаттау мәселелері» атымен 1996 жылы басылып шыққан афоризмдерді зерделедім. Ақынның өмірлік тәжірибесінен алынған ой тұжырымдары қазіргі жаңа қоғам құрылысында өзектілігін анықтау үшін, өз түсінігім бойынша салыстырмалы талдау жасадым [5, 31 б.].

Кесте 1 – Қоғамдық сананы жаңғыртудың алты бағыты мен нақыл сөздерді сәйкестендіру

Әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағыты	Абайдың нақыл сөздері
1. Бәсекелік қабілет	Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба
2. Прагматизм	Сен де — бір кірпіш, дүниеге Кетігін тап та, бар қалан!
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау	Білгендердің сөзіне Махаббатпен ерсеңіз.
4. Білімнің салтанат құруы	Талап қыл артық білуге Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге.
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы	Адал бол-бай тап, Адам бол-мал тап, Қуансаң қуан сол кезде.
6. Сананың ашықтығы	Біліміден шыққан сөз Нұрын, сырын көруге, Талаптыға болсын кез. Көкірегінде болсын көз.

Әлемдік деңгейде еңбегі бағаланып жатқан Абай данамыз жалпы адамзаттық құндылықтары туралы бір ғасыр бұрын айтқан болатын. Халқымызға өсиет ретінде қалдырған мұрасын біз қалай қолданып жатырмыз? Осы сұраққа жауап табу үшін өз мектебінде сауалнама жүргіздім. Сауалнамаға 8–11 сыныптан 77 оқушы қатысты:

1) Оқушылардың 75 пайызы Абай сөздерінің құндылықтарын білетіні анықталды.

2) Оқушылардың 88 пайызы нақыл сөздердің бүгінгі күні өзектілігін, қазақ халқы үшін тәрбиелік маңыздылығы бар екенін мойындайды.

3) Өкінішке орай, Абайдың нақыл сөздерін тәрбиелік мақсатта қазақ сыныптарында оқитын оқушылар отбасының 11 пайызы қолданса, орыс сыныптарында оқитын балалар отбасының 14 пайызы қолданады екен.

4) Қазақ тілінде оқитын оқушылардың 67 пайызы қазақ халқы Абайды тану үшін, сөздерін орыс, ағылшын тіліне аудару қажет деп санаса, орыс тілінде оқитын балалардың 72,1 пайызы да аударуды қолдайды.

5) Оқушылардың көпшілігі Абайдың сөздерін бұқаралық ақпарат, іс-шаралар, жарнамалау арқылы насихаттау тиімді деп санайды. Кейбір оқушылар әлеуметтік жүйе, әйгілі тұлғалар арқылы т.б. әртүрлі насихаттау жолдарын ұсынады.

Абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы сөзімен айтсақ: «Әр пенде тазару үшін Абайды оқу керек. Ұрпақ рухын ояту үшін абайтану ғылымын меңгеруі қажет. Оны шын меңгерген адам еш уақытта: қараулық, жаулық, ұрлық жасамайды. Жан дүниесі таза болады» [6, 1 б.].

К. Д. Ушинский өз қызметінің айқын мақсатын көрмейтін тәрбиешіні құрылыс материалдарын бір жерге үйіп тастап, одан не алғысы келетінін білмейтін архитектормен салыстырады. Сондықтан ата-ана, тәрбиеші, мұғалім қандай адамды қалыптастыратынын дәл білуі керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Абайға арналған ескерткіштер. [Электронды ресурс] [https://www.inform.kz/kz/alemdegi-abay-eskertkishteri-foto\\_a2786316](https://www.inform.kz/kz/alemdegi-abay-eskertkishteri-foto_a2786316)

2 Мұғалімге арналған нұсқаулық. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. - 18 б.

3 А. Құнанбаев, Сен де бір кірпіш дүниеге. «Атамұра» мектеп кітапханасы, 2004. - 226 б.

4 Р.С. Каренов, Хакім Абайдың «Қара сөздер» атты керемет философиялық мұрасы, - Қарағанды университетінің хабаршысы, 2015. [Электронды ресурс] <https://articlekz.com/kk/article/15468>

5 «Абай шығармаларын оқып-үйрену және насихаттау мәселелері» Алматы, 1996. - 316.

6 М. Мырзахметұлы, Батыстан жеткен жат мінез бас көтертпей барады. - 17 шілде, 2010. [Электронды ресурс] – <https://egemen.kz/article/4154-mekemtast-myrazhmetulybatystan-zhetken-zhat-minez-bas-kotertpey-barady>

#### ТЕЗИС ПО ПРОЕКТУ «ВЛИЯНИЕ НОВОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ МЫРЗАШОКЫ НА РАЗВИТИЕ ТУРИЗМА В БАЯНАУЛЕ»

ЗОРЛЫКБАЕВ Т.

ученик, Назарбаев Интеллектуальная школа ХБН, г. Павлодар  
ШАКАМАНОВА Н. Ж.

учитель-стажер самопознания,

Назарбаев Интеллектуальная школа ХБН, г. Павлодар  
ТУСУПЖАНОВ К. О.

учитель-модератор физической культуры,

Назарбаев Интеллектуальная школа ХБН, г. Павлодар  
НҰРЛАН Д. Н.

учитель-стажер физической культуры,

Назарбаев Интеллектуальная школа ХБН, г. Павлодар

Согласно Положения о сетевом дистанционном конкурсе проектов и творческих работ участников исследовательской краеведческой экспедиции

«Туған елге тағзым» 2020 года, который сориентирован на изучение туристических особенностей природы нашего края и его культурного развития региона.

Основная цель конкурса изучение истории родного края, достопримечательностей, культуры, образа жизни, экономики Казахстана, а также развитие навыков исследования, проектной деятельности учащихся. Из шести направлений конкурса, нами выбран природно-заповедный маршрут – «Туған өлкем – жұмақ мекен!». В своем проекте «Влияние новой инфраструктуры Мырзашокы на развитие туризма в Баянауле» мы старались показать наиболее приемлемый, с экономической и экологической точки зрения, путь развития самого зрелищного вида туризма в нашем регионе. Это чистый воздух, что является главным для здоровья населения и, в особенности, для подрастающего поколения, а также развитие у всех категорий населения физической выносливости.

Поэтому мы пришли к решению, что основной целью нашего проекта должны быть пути развития туристической местности Мырзашокы в Баянауле.

Наша тема актуальна и имеет экономическую и экологическую ценность, а также является огромным вкладом в развитии здорового образа жизни для подрастающего поколения.

Для достижения поставленной решили ряд задач. Это:

1 Ознакомились с действующей инфраструктурой Мырзашокы;

2 Определили пути развития туризма туристического объекта Мырзашоқы;

3 Создали 3д модель туристического объекта Мырзашоқы. Во всей исследовательской работе активно принимал участие ученик Назарбаевской интеллектуальной школы химико-биологического направления г. Павлодар, 9 класса **Зорлыкбаев Темирлан Ерланович**.

Согласно нашему проекту для развития новой инфраструктуры Мырзашоқы, необходимо построить новые сооружения. Так как многие приезжие в Баянаул самостоятельно нанимают транспорт, приезжают на Мырзашоқы кататься и вечером уезжают обратно. Построив гостиницы и дома отдыха можно увеличить количество посетителей, которые будут находиться на отдыхе не один день. Поэтому гостиницы необходимы. В проекте мы показали самый оптимальный вариант гостиниц и других технических сооружений.

Наш проект особенный тем, что он современен. В нем мы особое внимание уделили созданию имиджа Мырзашоқы. Создание правильного и положительного имиджа организации или компании всегда являлось важным инструментом развития и продвижения любого бизнеса. Если еще несколько лет назад забота о репутации была прерогативой брендов и крупных организаций, то сейчас это стало жизненной необходимостью для каждого предприятия. Имидж это - совокупность представлений, сложившихся в общественном мнении о том, как должна выглядеть та, или иная организация в соответствии со своим статусом.

В своем проекте мы говорим о влиянии новой инфраструктуры Мырзашоқы на развитие туризма в Баянауле. И все мы понимаем, что без грамотно созданной и привлекательной рекламы, а также без образно созданного имиджа данной местности привлечь и ознакомить общественность невозможно. В связи с этим, мы предлагаем в своем проекте уделить особое внимание созданию рекламы и имиджа горнолыжной базы Мырзашоқы.

Развитие имиджа организации – это первостепенная задача владельца бизнеса. Ведь иначе никакие средства, вложенные в рекламу и продвижение, не окупятся. Положительно созданный имидж горнолыжного комплекса сформирует устойчивое позитивное представление у общественности и долго будет работать на развитие курортной местности.

В свою очередь, мы задались вопросом... На кого же направить все усилия по формированию имиджа Мырзашоқы? Несомненно,

на целевую аудиторию горнолыжного комплекса. Разберем тех кто к ним относится:

– - Потенциальные посетители комплекса.

– Персонал. Это топ-менеджеры и сотрудники. Если у них сложилось о вас представление как о надежном работодателе, если сотрудников устраивают условия и атмосфера, то они непременно, будут транслировать позитивную информацию в массы.

– Партнеры. Каждая организация должна иметь своего партнера. Чтобы получить надежных партнеров, нужно поддерживать репутацию комплекса финансовой стабильностью.

– Средства массовой информации. Зачастую на сознание людей очень сильно влияют СМИ. В газетах, журналах, новостях по радио и ТВ, а также в электронных изданиях должна появляться положительно описанная информация о комплексе. Для этого нужно постоянно создавать инфоповоды и поддерживать хорошие отношения с журналистами.

– Читатели социальных сетей. На сегодняшний день средствам информации также можно отнести социальные сети такие как Инстаграмм, В контакте, Фейсбук, Твиттер, Телеграмм, Одноклассники и т.д. Объем рынка рекламы в социальных сетях немисливо растёт, поэтому данное направление рекламы очень актуально для представления Мырзашоқы общественности. Но самое главное – это качественное предоставление услуг, организация и проведение хорошего отдыха посетителям, честность в работе с партнерами и сотрудниками.

В своем проекте мы разработали бизнес план развития Мырзашоқы и предоставили краткий инвестиционный меморандум, куда включили:

1. Описание услуги.
2. Описание рынка сбыта.
3. Продажи и Маркетинг.
4. Финансовый план.
5. Факторы риска.

**Согласно нашему проекту основными факторами успеха станут**

- комфортабельные номера;
- высокое качество предоставляемых услуг;
- удачное месторасположение;
- приемлемые цены;
- динамично развивающийся спрос.

Все мероприятия, направленные на развитие инфраструктуры Мырзашоқы, привлекут участников въездного и внутреннего видов туризма, позволят повысить имидж Баянаула, создать новые рабочие места и увеличить поток туристов.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Закон Республики Казахстан «О туристской деятельности в Республике Казахстан» от 13 июня 2001 года N 211. Ведомости Парламента Республики Казахстан, 2001 г., N 13-14, ст. 175; «Казахстанская правда» от 23 июня 2001 года N 149-150.

2 «Павлодарское Прииртышье: край, устремленный в будущее», Ю. Поминов. Редакция «Золотая книга».

3 <https://pavon.kz/post/view/59459>.

4 «Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Павлодарская область», Г.М. Камалова. Издательство «Аруна».

5 <https://pavon.kz/post/view/59459>.

6 <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=37326561>.

7 «Туризм в Павлодарской области», Статистический сборник / 2012 – 42 стр. Под редакцией Д.Ш.Султановой.

8 <http://travelnetplanet.com>.

#### ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

КАЛЬКОВА М.

8 «А» сынып оқушысы, № 26 ЖОМ, Павлодар қ.

АМАНОВА Б.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 26 ЖОМ, Павлодар қ.

Менің баяндамамның тақырыбы: «Латын әліпбиіне көшу – рухани жаңғырудың негізі». Менің бұл тақырыпты таңдаған себебім дәл қазіргі уақытта осы тақырып ересектер мен оқушылар арасында көп айтылуда. Мені де осы сұрақ ойландырды. Яғни «Латын әліпбиіне көшу қажет пе?» деген бүгінгі күннің сауалы – ел келешегін ойлаған әрбір азаматтың көкейкесті мәселесі болып отыр. Қолданылып келе жатқан әліпбиімізді латын жазуына ауыстыру бізге не береді, неден ұтамыз, неден ұтыламыз деген секілді сұрақтарға жауап іздеп өз баяндамамды бастаған едім. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері көптеген қазақ тілшілері латын әліпбиіне көшу мәселесін көтеріп келеді. Латын әліпбиіне көшу

туралы ой-пікірлер 1926–1929 жылдардан бастап бастау алғаны баршамызға тайға таңба басқандай белгілі. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы–тілі» деген. 13 Қыркүйек 2017 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Сондай-ақ, Елбасымыз өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті. Тілдері ұқсас, діні бір, түп негізі ортақ түркі тектес елдер осы күнге дейін әртүрлі әліпбимен жазып келеді, латын әліпбиін пайдаланатын түркі тілдес мемлекеттердің жазуы да бірізге түсірілмей келеді, барлығына ортақ әліпби құрастыру (жазу) түркі мемлекеттерінің тарихи, рухани, мәдени байланыстарының нығаюына, ынтымақтастыққа, өзара интеграцияға алып келер еді. Қандай да істің бастамасында қиындық болатыны белгілі, бірақ әліпби мәселесінде ондай қорқыныш болмауы керек. Себебі бұл бір-

екі жылда емес, Тәуелсіздік алған жылдардан бастап сөз болып келе жатыр және Елбасы атап көрсеткендей, оқушылар ағылшын тілін оқу арқылы латын әріптерін меңгерген ғалымдардың, барша қоғам өкілдерінің көмегімен қазақ әліпбиінің жаңа нұсқасы қабылдануы керек, жаңа әліпби үйрететін мамандар, оқулықтар дайындалып, бір-екі жылда әдістемелік жұмыстар жүргізіледі. Яғни жаңа әліпбиге көшу бірнеше кезең арқылы жүзеге асады. Ең бастысы, жаңа әліпби төл дыбыстарымыздағы ерекшеліктердің сипатын нақты көрсете алатындай, қазір қолданылып жүрген басы артық әріптерден құтылатындай, орфографиялық заңдылығымыздың табиғатына сай келетіндей болуы керек. Бізден бұрын латын жазуына көшкен түркі халықтарының қателігі бізге сабақ болып, сол қателіктерді қайталамау үшін жаңа қабылдайтын әліпбиіміздің ғылымилығына баса назар аударғанымыз жөн. Қазіргі таңда Елбасы Н. Назарбаевтың латын әліпбиіне көшу саясатын қолдаймын. Себебі, біріншіден, латын әліпбиіне көшудегі негізгі ұтымдылық – тіл ауыспай, таңбаның ауысуы. Сондай-ақ бүгінгі компьютер заманында ғаламтор жүйесінде үстемдік ететін латын әліпбиі екендігін мойындауымыз керек. Бүгінгі таңда бәріміздің электрондық поштамыз бар. Ол поштамыз кирил, араб немесе басқа емес, латынмен жазылған. Астымыздағы көлігіміздің нөміріндегі әріптер латынмен берілген. Куәлігіміз бен төлқұжатымызда латын әліпбиі түр. Осындай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Яғни латын әліпбиі бізге таңсық емес.

Ол біздің қоғамға еніп кеткен. Оны еліміздегі кез келген сауатты адам белгілі дәрежеде біледі. Ал латынның бізге берері дегенде толып жатқан тиімді тұстарын көрсетуге болады. Латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымыз төмендегідей: біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқартатыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді жолдар ашылады. Төртіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек. Ол да табиғи

іс екендігін айтқым келеді. Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу – ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашатынына сеніміміз мол екендігін айта кетуіміз керек.

Жазу – адамзат ақыл-ойының үлкен жетістігі. Кез-келген халықтың тарихы жазба тілмен тікелей байланысты қалыптасып, барлық рухани және материалдық құндылықтар деңгейі жазба мәдениетінен көрінетіндіктен жазу тарихы жалпы адамзат тарихының бір саласы ретінде қарастырылады. Әлемдегі бүкіл халықтар сияқты қазақ халқы да өзінің тарихи өрлеуі барысында саяси, қоғамдық әлеуметтік жағдайларға байланысты әр түрлі жазу үлгілерін қолданды. Қазақ мәдениеті тарихында алфавит, емле мәселесінің өз орны бар. Өйткені жазу – мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі. Жалпы жазу – әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс, адамның рухани байлығының үлкен жетістігі. Жазусыз мәдениет те, әдебиет те, ғылым да дамымас еді. Оның адамзат өміріндегі маңызын көптеген ғалымдар өз еңбектерінде атап айтқан. XX ғасыр басында тікелей оқу-ағарту ісімен немесе әдебиетпен айналысқандарды ғана емес, бүкіл қазақ қоғамын алаңдатқан үлкен мәселе болды. Қазақ халқы өзге түркі халықтары сияқты 4–5 ғасыр бойы араб жазуын пайдаланды. Көпшілікке мәлім, қазақ жазуын (араб графикасы негізіндегі) басқа графикаға көшіру мәселесі XIX ғасырдың II жартысынан бастап көтерілген болатын. Сол уақыттағы баспасөз беттерінде араб жазуының кемшілік жақтарын, оның түркі тілдеріне жарамсыздығын айтып сынаған мақалалар көптеп кездеседі. Кей мақаланың авторлары араб жазуының қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алмайтындығын, бас әріптердің, тыныс белгілерінің жоқтығы оқуда қиындық туғызатынын көрсете келіп, қазақ жазуын жетілдіру керек не басқа алфавит алу керек деген пікір айтады. Қазақ оқығандары, оның ішінде Ы.Алтынсарин тәртізді ағартушылар, қазақтың ұлттық жазба әдеби тілін қалыптастыру үшін оның дыбыстық жүйесін дұрыс бере алатын жаңа алфавит қабылдауды, не осы жазуды біраз жетілдіруді күн тәртібіне қоя бастады. Міне, осы пікір ағымын өз мақсаттарына шеберлікпен пайдаланған Н. И. Ильминский бастаған миссионерлер араб жазуының кемшіліктерін сынай отырып, қазақ жазуын бірден орыс графикасына көшіру идеясын қызу уағыздады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ даласында жәдид бастамасын батыл қолдай отырып, қазақ

алфавитін түрленген жаңа жүйеге келтіруге, ежелемей оқу мен төте оқуды қалыптастыруға жол салды.

Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасырдың бас кезінде араб әліппесін Кеңес үкіметінің жүргізген саясатына байланысты 1930 жылдардың ортасы мен соңына қарай ұлттық республикаларда орыс тілі ортақ қарым-қатынас құралы ретінде қоғамдық өмірдің барлық салаларында қолданыла бастады.

1940 жылы орыс графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиі қабылданды. Латын әліпбиіне көшуге байланысты мәселе көтерілгеннен бері еліміздің түкпір-түкпірінде әртүрлі іс-шаралар жолға қойылып, үгіт-насихат, түсіндіру жұмыстары жүріп жатқандығы және оның әрі де жалғасын табатыны сөзсіз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің кестесін жасап, алдағы екі жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуі керектігін қадап айтты... Бүгінгі күнгі бұқаралық ақпарат құралдары мен зиялы қауым өкілдері арасында кеңінен талқыланып жатқан мәселелердің бірі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру үрдісі. Себебі жазу – белгілі бір әріптердің жиынтығы ғана емес, ұлттың өзіндік болмысын танытатын таңбалар жүйесі, сол ұлттың тарихы, мәдениетінің таңбаланған жәдігері. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, ғылымы мен білімінің, барлық саладағы даму деңгейін көрсететін маңызы зор әлеуметтік-мәдени құбылыс. Жазу арқылы өткен мен бүгінгі және болашақ өміріміз жалғастық табады. Ол – ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін алтын көпір. Ал, жазудың өзгертілуі сол халықтың қоғамдық өмірінің барлық саласына, рухани әлемі мен мәдени деңгейіне, тіпті, әлеуметтік психологиясына әсер етеді. Түркітөктес халықтар тілінде латын әліпбиі 1926 жылдан бастап қолданылады. Латын әліпбиін алғаш қолданысқа енгізгендердің бірі – Түркия мемлекеті. Біздің елде XX ғасырдың 20-жылдары қазақ зиялылары латын әліпбиіне көшу мәселесін көтерді. Қазақ тілінің табиғатына сай әліпби үлгісін жасап, қолданысқа енгізген болатын. Қазақ тіл білімінің, әліпбиінің негізін салған бірегей ғалым А. Байтұрсынұлы: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білу керектігі одан да артық», – деген болатын. Бұл – XX ғасырдың басындағы қоғамдағы коммуникациялық үрдістерді зерделеуден туған ой болатын. Қазір адамзат баласы XXI ғасырға аяқ басып

отыр. Жазудың маңызы бұрынғыдан бірнеше есе өскен заман. Сондықтан, әлемдегі елдердің басым бөлігі, соның ішінде туыстас түркі халықтары қолданатын латын әліпбиіне көшу – жаһандану дәуіріндегі рухани жаңғырудың алғашқы да маңызды сатысы болмақ. Латын әліпбиіне көшкенімізбен оны қолдану мерзімі ұзақ болмағаны тарихтан белгілі. Бұл – кешегі кеңестік идеологияның салдары еді. Түркітөктес ұлттардың түбі бір түркі екенін, тамырын тереңге жайған түбегейлі тарихы мен мәдениеті бар елдер екенін ұмыттыру үшін жасалған сұрқия саясаттың айла-шарғысы болатын. Ал рухани жаңғыру дәуірінде құлдық санадан арылып, бұрынғы құндылықтарымызды қайта қалпына келтірудің қажеттілігі өз-өзінен түсінікті жайт. Осы зерттеу жұмысын жүргізу барысында оқығанымыз Латын әліпбиіне көшу мәселесі өткен ғасырдың 90-жылдары көтерілді де тез басылып қалғанын білдім. Тілші ғалымдар латын әліпбиіне көшудің тиімді жақтарын жан-жақты дәлелдеп берген екен. Солардың басты-бастыларын атап көрсетейік:

- шет елдердегі (Қытай, Монғолия, Түркия т.б.) қазақтармен мәдени, рухани байланысты нығайту үшін қажет;
- қазақ тілінің төл дыбыстарын таңбалауда ұтымды мүмкіндіктер туады, ол өз кезегінде тіл үйренушілерге жеңілдіктер береді;
- мқазақ тілінің әуезділігі, орфоэпиялық заңдылығы қалпына келеді;
- түркі тектес мемлекеттердің интеграциялану үрдісіне оң ықпал етеді;
- ағылшын тілін меңгеру оңтайлана түседі;

Кеңес заманында жазылған, қазіргі заманға қажетсіз дүниелерден арылу үшін, қажетті рухани жәдігерлерді елеп-екшеп алуға мүмкіндік туады.

Қазақ тілін оқытуда басы артық таңбаларға қатысты емле, Қазақстанның кириллицаны тастап латынға көшуі – көршіміз Ресеймен достық байланыстарынан бас тартуы деген сөз емес. Бұл – тәуелсіз елдің ішкі ұлттық мәдени мәселесі. Ол мәселенің көрші елдермен қатынастарға қатысы жоқ. Ресей мен Қазақстанның достық негіздегі байланыстары екі ел үшін де пайдалы екені анық. Сондықтан Қазақстанның латын әліпбиіне өтуі Ресеймен достық байланыстарды жалғастыруға еш кедергі келтірмейді. Өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренуіне де өз әсерін тигізеді. Мәселен, бұған дейін кириллицамен жазылып келген қазақ тіліндегі сөздерді латын әрпімен таңбалайтын болсақ, тіл үйренушілер ол сөздерді басқаша қабылдайды, олардың ойында басқа ассоциация

пайда болады: Қазақстан – Qazaqstan, өнер – óner, өзен – ózen, өмір– ómir т.б 2021 жылдың 28 қаңтарында латын әліпбиінің жаңа нұсқасы ұсынылды. Соңғы нұсқа латын алфавитінің негізгі жүйесінің 31 таңбасын қамтиды. Қазақ тілінің ерекше дыбыстары жеке әріптермен берілген: ә (ä), ө (ö), ү (ü), ұ (φ), ғ (ğ), ш (ş).

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры десек, бүгінгі компьютер заманында әлемдік ғаламтор жүйесіндегі ақпарат кімнің қолында болса, сол өз билігін емін-еркін жүргізе алады. Ал ақпараттың басты құралы – жазу. Яғни, ғаламтор жүйесінде үстемдік жасаушы – ол латын графикасы. Біз, қазақ елі, уақыт көшіне ілесіп, қалып қоймай, әлемдегі өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылу үшін, жалпы ұлт ретінде сақталып қаламыз десек, көп кешікпей, әліпбиімізді латын жазуына көшіруіміз керек. Бұл – бүгінгі күннің, заманның талабы.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 2017 жылы ҚР Президенті «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» №569 Жарлығы.

2 Гүлназ Ермағанбетова, Дана Иман. Толығырақ: <https://inbusiness.kz/kz/news/kazaktyn-zhana-alipbii-kabyldandy>

3 Egemen.kz сайтына <https://egemen.kz/article/158654-latyn-alipbiine-koeshu-turaly-pikirler!>

4 Жарасбай Сүлейменов «Уақыт талабы». // Солтүстік Қазақстан. 14 қыркүйек 2017 ж.

5 Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: 1998 ж., 509 бет. ISBN 5-7667-2616-3

6 Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жумашева Қайырниса – Алматы: «Аң арыс» баспасы, 2009

7 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998

8 2012 жылдың 14 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси және экономикалық реформа. Ғаламтор ақпаратынан.

## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ РУХАНИ ДАМУ ЖОЛЫНДА АБАЙ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫНЫҢ ҚОСАР ҮЛЕСІ

КАСКЫРБАЕВ М. С.

10 сынып оқушысы, Мамандандырылған «Зерде»

дарынды балалар мектебі, Екібастұз қ.

ДУСУПОВА А. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Мамандандырылған «Зерде»

дарынды балалар мектебі, Екібастұз қ.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсетті. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан алшақтап кетпей, оны жаһандану заманының құндылықтарымен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату мәселесі көтерілді.

«Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек» [1]. Осы жерде бізге жеткен ең басты идея – тарихымызды санамызда сақтай отыра, болашаққа ілгері қадам басу. Бұл – Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін-тұжырым. Рухани жаңғыру отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны деуге әбден болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Рухани жаңғыру» мақсаттарын «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында тікелей Абаймен байланыстырады: «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет. Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі» [2]. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Абай мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет ететінін, ал ақынның шығармаларындағы ой-тұжырымдар

әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді қалыптастыратынын ерекше атап өтті.

Абай ақынның шығармашылығы еліміздің алға қойған мақсаттарға жету жолында үлесі зор екені даусыз. Ал Абай Құнанбайұлының табиғат лирикасы – Тәуелсіз Қазақстанның рухани даму жолындағы мәдени мұрасы.

Абай – мөлдір махаббат, шынайы достық жыршысы, алғашқы махаббат сезімін табиғаттың көркем бесігіне бөлеп, қоршаған ортамен байланыста әлдилейді. Абай – табиғатпен тілдесе білген, табиғаттан тыныштық тапқан сезімтал қаламгер. «Киіз үй алдында кішкене ғана дөңгелек жер үстелде бірнеше кітаптары мен жұмыс үстінде ойға шомған ақын Абай ұлттық киімде малдас құра бейнеленеді. Жұмыс үстіндегі Абай арнайы ел-жұрттан оқшауланып, киіз үйін табиғат аясына оңашалап тіккенге ұқсайды. Бұл ақынның осы жазды шығармашылыққа арнауды жоспарлағанын түспалдаса керек», – деп мұрағат саласын кешенді дамыту мақсатында құрылған достық келісімге орталық архив директоры Арнұр Қарымсақов Әбілхан Қастеевтің «Киіз үйдің жанындағы Абай» атты кескіндемелік туындысын талдай отыра, осындай тұжырымға келеді [3]. Осы ойлардан Абайдың табиғатқа қаншалықты жақын екенін аңғаруға болады. Абай тыным таппаған өмірден оңашада, табиғат аясында лирик ақынға ауадай қажет поэзиялық нәр алады.

Абай – дүниедегі, табиғаттағы көркемдікті нәзік сезініп, ерекше бейнелей білген, табиғат көріністерін шебер жырлаған лирик ақын. Табиғат көркем әдебиеттен үлкен орын алды, көптеген ақындардың шығармаларынан орын тепті. Абайдың да айрықша көңілмен қалам тартқанының бірі табиғат болған және ақынның суреттеуіндегі осы табиғат бейнесі өзгелерден бөлек еді.

Анамыздай жер иіп емізгенде,

Бейне әкендей үстіңе аспан төнер.

«Жазғытұры» өлеңіндегі осы жолдар арқылы ақын жылдың осы мезгілінің жұртқа жылылығын, жақындығын сөз етеді. Жерді мейірбан анаға теңейді де, аспанды қамқор әкеге ұқсатады. Жалпы, қазақ әдебиетінде жерді ана кейпіне балау көп кездеседі. Мысалы Сұлтанмахмұттың «Адасқан өмірінде»:

Жер-анада жететін тамақ жоқтан,

Отыр ма адам бірін-бірі шайнап,-

деп айтылады. Абайдың аспанды әкеге теңеуінде де мән бар. Ежелгі заманда адамдар әкені аспан деп түсінген. Абай бұл ескі нанымды жаңғыртып, өз өлеңінде суреттеу тәсілі ретінде қолданып отыр.

Ақын табиғат көріністерін тартымды, көркем бейнелер арқылы сипаттай отыра, қазақ даласының бітімін, тұрмысын, өмірін, мінезін жеткізеді.

Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынысты,

Құмары екеуінің сондай күшті.

Түн қырындап жүргенде көп қожандап,

Күйеу келді-ай, жұлдыз к... қысты.

Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп,

Жан-жануар қуанар тойға елеріп.

Азалы ақ көрпесін сілке тастап,

Жер күлімдер, өзіне шырай беріп.

Табиғаттағы күн мен түннің ауысуы арқылы қыстаудан бері кездеспеген, алыстап кеткен, ауыл жұртының сипатын баян етеді. «Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынысты, Құмары екеуінің сондай күшті», – деген жолдар арқылы күйеу мен қалыңдық арасындағы ерекше қарым-қатынасты көз алдына елестетесіз. Келесі табиғаттың күн жылуымен табиғаттың құлпыра бастауы бейнеленеді. Бірақ, осы шумак арқылы тек табиғат жайлы емес, бір-біріне қонақтаған жұртты, аулада асыр салған балалар, ойын-күлкі, гу әңгіме туралы бірден ойлайсың. Міне, ақын өлеңдерінде табиғаттың тек жалаң суретін ғана беріп қойған жоқ, оны адам өмірімен нық байланыстыра білді. Мал бағумен күн көріп, жайлауда мал бағып, көшіп-қонып жүрген қазақ елінің өмір шындығын айқын көрсетіп, табиғаттың әрбір өзгерісін мал баққан елге қандай әсер ететіндігін баяндады.

Абай адам мен табиғат арасындағы байланысты шебер жеткізе білген. «Поэзия дегеніміз не нәрсе... Поэзия дегеніміз – өмірдің көрінісі немесе өмірдің өзі. Одан да бетер: поэзиядағы өмір болмыстың өзіндегі өмірден гөрі әлдеқайда өміршең...», – деп орыс әдеби сыншысы Белинский Виссарион Григорьевич айтқан екен [4, 174 б.]. Бұл сөзге мән берсек, Абайдың қазақ бітімін табиғат көрінісімен тікелей байланыстыра өрнектеуі 19-ғасырдың соңы 20-ғасырдың басындағы көшпелі қазақ халқының бітімін толықтай ашады, тіпті «өмірден гөрі әлдеқайда өміршең» суреттейді.

Абайдың табиғатқа деген махаббаты, сүйіспеншілігі, онымен тілдесе білуі – қазіргі жаһандану заманының қоғамына үлгі. Абайдың табиғат лирикасы – ақынның табиғаттан нәр алған ішкі дүниесінің айнасы. «Ол табиғат аясында өсіп, оны сүйе білді», – деп жазған еді Қажым Жұмалиев. Сол себепті, табиғаттың тілін шын мәнінде ұға алған лирик ақын ғана мазмұнды, реалистік сарында,



көркемдігі келіскен табиғат жайлы туындылар жаза алады. Поэзия дегеніміз – ғаламдық тіршіліктің дүрсілдеп соққан тамыры, сол тамырды кернеген қаны, лаулаған оты, күн көзіндей жарқыраған сәулесі мен шарпыған ыстық қызуы... [4, 175 б.]. Қазіргі ғаламдық тіршілікке Абайдың табиғатқа деген махаббаты арқылы қарасақ, қоршаған ортаның заңдылықтарын жақсырақ ұғынары сөзсіз.

Абайдың табиғатқа деген махаббаты ақынның оны сипаттауынан көруге болады. Ақын гүл, жапырақ солып, түсі қашқан күздің суық кескінін:

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,  
Күз болса, дымқыл тұман жерді басқан.  
Білмеймін, тойғаны ма, тоңғаны ма?  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,  
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.  
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,  
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай,

– деп, көңілсіз күздің кескінін: күз түсумен бірге бәйшешек солып, ағаштардың жапырағынан айрылғанын, шуақты жазда мәз-мейрам болып келген жастардың, асыр салып ойнаған балалардың көрінбейтіндігін ерекше елестетеді. «Сұр бұлт», «дымқыл тұман» сияқты эпитеттер арқылы ақын күнгірт күздің келбетін жанды етіп жеткізеді.

Абай қыстың кейпін де аса шеберлікпен суреттейді. «Қыс» атты өлеңінде:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,  
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.  
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,  
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,  
Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.  
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,  
Аязбенен қызарып ажарланды,

– деп ақын ызғарлы қыстың да ерекше сипатын суреттейді. Мұнда шаруаға қолайсыз, аяусыз, қайтусыз, түсі суық қыс бейнеленген, бірақ ол сонымен қатар «ақ киімді, денелі, ақ сақалды» әсем келбет, сықырлап келіп қалған біртүрлі ғажап бейне ретінде де баурап алады. «Қысты жанды нәрсе етіп көрсетудің элементі Абайдан

бұрын да болды. «Қылышын сүйретіп қыс келеді» дейді қазақ. Қысты қаһарлы батыр, жауынгер бейнесінде ұғады. Бірақ, Абайға шейінгі әдебиеттің қай нұсқасын алсақ та, қысты ақсақалды шал бейнесінде суреттеу болған емес. Қысты шал бейнесінде суреттеу – орыс әдебиетіне тән нәрсе», – дейді көрнекті абайтанушы Қажым Жұмалиев [5, 159 б.]. Ғалымның сөзіне сүйенсек, Абайды қазақ әдебиетінің табиғат лирикасына өзгеріс әкелген, болашақ лирик ақындарға үлгі болған реформатор ақын екенін білеміз. Абайдың ерекшелігі де сонда ол қазақ әдебиеті шегінде тоқталып қана қоймай, осы қазақ әдебиеті аясын кеңейте түсті.

Ақынның «Желсіз түнде жарық ай» деген өлеңінде ауыл жазының бейнесі әсем, астарлы суреттеледі.

Желсіз түнде жарық ай,  
Сәулесі суда дірілдеп,  
Ауылдың жаны терен сай,  
Тасыған өзен күрілдеп.  
Қалың ағаш жапырағы  
Сыбырласып өзді-өзі,  
Көрінбей жердің, топырағы,  
Құлпырған жасыл жер жүзі.

Ауылдың жанында, терең сайда өзен тасып, күрілдеп ағып жатыр. Ақын түнді желсіз, сайды терең, айды жарық деп бейнелейді, сәулеленіп дірілдеп көрінген қалпын, өзеннің күрілдеп естілген шуылын нақтылап сипаттап береді. Бірақ, бұл кімнің аулы, жылдың қай кезі, айдың қай мөлшері, сайы қайдағы сай, ағып жатқан қандай су сияқты қосалқы факторларға мән беруді мақсат етпейді. Осы өлеңдегі Абайдың жүрегін елжіретіп, толғантқан – ауыл табиғатының таңқаларлық бейнесі, сұлулығы, адамның рухани байлығымен, ішкі сұлулығымен ұштасқаны. Сол себепті өлеңнің әр сөзі, суреті оқырманға соны жеткізеді. Өлеңнің мақсаты – қазақтың қарапайым халқының кейпін жасау деп ойлаймын. Жыл мезгілін анықтап айту маңызды емес, себебі жаздың іші екені өлеңдегі суреттен-ақ белгілі. Өлең жолдары ауыл адамдарының дағдыға айналған шаруадан босап, тыныс алған кезі екені, малдың ауыл маңында жайылып жатқан көрінісін береді. Өлеңнің әрбір жолы ауылдың көркем бейнесін жасауға ат салысып, тікелей қатысып тұр. Мауыраған әлсіз, көрікті түн, жарық ай осы көріністер ауыл түнінің адамға жайлылығын, адамның бейнесі бір табиғат аясында отырған қалпын танытады. «Тау жаңғырып» дегені де, ақынның суреттеуінде таудың малшылардың айғайы мен үрген иттердің дауысына үн қатып кетуі

де ауылды, қаншама елді аясына алған тау-тасты, табиғатты үнсіз, тілсіз, мелшиіп тұрғандай қылмай, адам мен табиғаттың арасындағы жақындықты, байланысты аңғарту ниетінен туған. Қазақтың даласы, түні, тауы, жапырағы, өзен-суы, жайқалған ағашы, көшпелі елдің қонған қоныс-жайлауы, жазғы топырақтың көк майса жасыл шөбі, түн күзеткен малшылары, жастардың пәк, таза сүйіспеншілік махаббаты, жастығын, алғашқы сезімдерін сағынып еске алған ақынның осындай жап-жарық айлы түнде ауыл шетінде, аулақта жолығатын шағын арман-қалауы, біз өлеңнен осыншама шындықты табамыз, өткен ғасырдағы қазақ өмірінің тұтас суретін көреміз.

Міржақып Дулатұлының «Абайдың өлген күнінен қанша алытасак, рухани сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар, «Бірінші ақынымыз» деп қабірін халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пенен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар» деп айтқан пікірі бүгінгі заманда да өзін ақтады, ертеңгі күні де жаңғыра бермек [6].

Жаһандану заманының басты зардаптарының бірі – адам баласының тіршілік тынысы әрі таусылмас қазынасы табиғаттың өзгерістерге ұшырап, сарқыла бастауы. Бұл мәселедегі шешуші фактор – адам және осы мәселенің болашағын да анықтайтын адам ғана. Табиғатты қорғау – қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны сақтауға, ұтымды пайдалануға және молықтыруға бағытталған кешенді іс-шаралар жүйесі [7]. Сондықтан, табиғат байлығын дұрыс қолдана білу бүкіл әлемнің қазіргі парызы болып отыр.

Табиғат – бұл Абай Құнанбайұлының ұясы, сұхбаттасушысы, махаббаты, дәл осы жерде ол өз сұрақтарына жауап тауып, одан сабақ алды. Абай ақын қазақтың кең байтақ жерінен, тауларынан шабыт алған. Қазіргі ұрпаққа бұндай дара тұлға үлгі болмақ, өйткені қоршаған орта экологиясы – адамның рухани байлығының айнасы.

Абай Құнанбайұлының өлеңдері – мазмұны жағынан да, көркемдігі жағынан да, философиялық көзқарасы жағынан да қазақ поэзия жанрын әлемдік деңгейге көтерген шығармалар. Табиғат адамзат өмірінің басты бөлшегі болып қала бермек. Жаһандану заманында экологиялық мәселелерге көңіл бөлу маңызды екеніне баршамызға мәлім. Абайдың табиғатқа деген махаббаты, сүйіспеншілігі, онымен тілдесе білуі қазіргі жаһандану заманының қоғамына үлгі бола алады. Сонымен қоса, «Рухани жаңғыру» идеясын жүзеге асыруда маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы.

2 <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy>

3 Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы.

4 [https://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy)

5 <https://abai.kz/post/13151> © abai.kz

6 Ысмағұлов Ж. Абай: Даналық дәрістері – Алматы: Өнер баспасы, 2007.-400 бет.

7 Жұмалиев Қ. Шығармалары. – Алматы: “Ана тілі” баспасы, 2007-272 бет.

8 М.Дулатұлының «Абай» мақаласы. <http://kitappalatas.kz/zhanalyktar/589-abay-175-mrzhayp-dulatovty-abay-atty-maalary.html>

9 [https://gufo.me/dict/ecology\\_terms/](https://gufo.me/dict/ecology_terms/) © gufo.me (орыс тілінде)

## АБАЙ КУНАНБАЕВ – НАШ ВЕЛИКИЙ ПОЭТ

ЛЕЩЕВИЧ А. А.

ученик 5 класса, Коскольская СШ, Иртышский р-н, Павлодарская обл.

САУЛЕНОВА К. М.

учитель русского языка и литературы, Коскольская СШ,  
Иртышский р-н, Павлодарская обл.

«Вспоминая жизнь людей своего поколения, я склонен думать, что все мы – ученики великой школы Абая, непрестанно черпающие знания из безбрежной как океан сокровищницы мыслей Наставника», – отметил Первый Президент нашей страны [1, 2 с.].

Абай Кунанбаев - великий поэт казахского народа, философ – гуманист, композитор, ювелирный мастер художественного слова. Он родился 10 августа 1845 года в Семипалатинской области на склонах гор Шынгыстау, недалеко от источника Каскабулак. Изначально поэту дали имя Ибрагим. Говорят, что наречению поэта таким именем предшествовал вещий сон его отца – Кунанбая. Во сне тот увидел великого представителя племени тобыкты – мыслителя и философа Аннет баба, который произнес имя святого сына Ибрахимом. Воспитанием мальчика занимались мать Улжан и бабушка Зере, которые были чрезвычайно обаятельными и

одаренными натурами. Именно с легкой руки матери данное отцом имя «Ибрагим» было заменено ласкательным «Абай», что означает «осмотрительный, вдумчивый». Под этим именем он прожил всю свою жизнь и вошел в историю.

Начатое в раннем детстве приобщение к устному творчеству народа и домашнее обучение у муллы было продолжено в медресе имама Ахмед – Ризы. Одновременно он учился в русской школе и к концу пятилетней учебы начинает писать стихи.

Но, по счастью для Абая Кунанбаева, его родная мать Улжан была женщиной замечательных качеств. Ее природный ум, сдержанность, рассудительность и исключительная любовь к сыну создали для Абая редкий в таких семьях уют родного гнезда. Улжан выделяла сына из числа остальных своих детей, и имя его – Ибрагим, данное отцом, она заменила ласкательным Абай, что означает «осмотрительный, вдумчивый». Это имя так и осталось за ее сыном на всю его жизнь. Живя в молчаливой отчужденности от Кунанбая, Абай и его мать нашли опору в лице бабушки Зере. Мудрая, многоопытная и мягкосердечная бабушка, сама познавшая за долгую жизнь горечь бесправного положения жены-рабыни, перенесла все надежды и любовь на внука. Заботы, наставления и ласки этих двух женщин смягчили суровые обычаи и правила, установленные отцом.

Преодолевая премудрости арабского богословия – психологического учения догмах ислама, Абай Кунанбаев в то же время расширял круг своих интересов. К этому времени в нем пробудилась любовь к поэзии. Еще в раннем детстве он слушал рассказы и воспоминания бабушки Зере, хранительницы живой старины и заучивал наизусть слышанные в ауле сказки, легенды, богатырские былины, исторические песни – все многообразное богатство творений акынов – певцов родных степей.

Абай Кунанбаев не только создает замечательные произведения, отражающие жизнь казахского народа, но и занимается переводом на родной язык произведений классико-русской литературы. Произведения и переводы великого поэта быстро распространялись в народе в рукописной и устной форме. Необыкновенный поэтический талант, ясный ум, гуманность, справедливость и любовь к народу - все эти замечательные качества Абая Кунанбаева сделали его необычайно популярным человеком.

Абай Кунанбаев очень любил родную природу. Он написал много стихотворений, посвященных Описанию природы степи в разное время года. Абай завоевывает необычайный авторитет,

огромную и доселе в степи не встречавшуюся популярность. К нему стекаются акыны, певцы, композиторы, вокруг него толпится талантливая молодежь, создается социально - философская и литературная школы.

Абай Кунанбаев был талантливым композитором. Им создано около двух десятков мелодий, которые популярны и в наши дни. Абай, как властитель дум, вызывает дикую зависть, бешенное озлобление, проявившееся в самых коварных формах. Последние удары судьбы связаны со смертью близких ему людей. Он похоронен около своей зимовки в долине Жидебай, вблизи Чингизских гор, на 60 году жизни.

Первым, кто способствовал сбору и изданию полного собрания сочинений, своду данных о жизни и деятельности Абая, был Кокбай Жанатай – улы. Громадная работа по всем линиям абаеведения принадлежит М. Ауэзову. Помимо сугубо научных исследований жизни и творчества классика казахской литературы он благодаря роману «Путь Абая» запечатлел свое имя подле Ибрагима Кунанбаева.

Абай Кунанбаев как выдающийся ученый, мыслитель, поэт, просветитель, основатель новой национальной литературы, переводчик, композитор оставил неизгладимый след в истории страны. В его стихах и высказываниях национальность, мир, жизнь, мировоззрение, характер, душа, религия, менталитет, язык и дух были отражены в нем, а затем оценены как уникальное явление, Мир Абая.

Глава государства Нурсултан Назарбаев в своей статье «Ориентация на будущее: духовное возрождение» подчеркнул важность обновления общественного сознания. Сохранение национального самосознания и его адаптация к современным требованиям стало общенациональной проблемой. Потому что модернизация сознания открывает путь к прорывному развитию страны в XXI веке. В связи с этим я считаю, что наследие Абая очень полезно. Произведения великого поэта актуальны и сегодня. Идеи Абая всегда могут быть духовной пищей для всех нас.

Особое место в творчестве Абая занимает «Кара соз». Под этим наименованием объединены 45 «Слов» – небольших законченных фрагментов, выраженных в тщательно, художественно стилистически обработанной прозаической форме. Это и непосредственное обращение к читателю, откровенный разговор – собеседование, это и «ума холодных наблюдений и сердца горестных замет», это и философия жизни отдельного человека на фоне судеб народа. Термин «кара» (черный) в сочетании с термином «соз» (слово) чрезвычайно многозначен: это и обозначение прозы в

отличие от рифмованной речи и текста, это и обозначение печали, и, наконец, обозначение, идущее от тюркской традиции, важного, значительного, первостепенного.

Абай Кунанбаев, утверждая, что «поэзия – властитель языка...», сам был повелителем поэзии, «сыном не только отца, своего народа, но и всего человечества».

В развитии литературы и культуры казахского народа исключительную веру сыграло творчество Абая Кунанбаева – классика казахской литературы, композитора, выдающегося общественного деятеля, горячего поборника дружбы русского и казахского народов. Образ великого поэта Абая Кунанбаева до сих пор привлекает к себе внимание многих выдающихся писателей, художников и поэтов. С его именем связано почти полувекое развитие казахской литературы, в его творчестве воплощены идеи и мысли второй половины девятнадцатого века – кануна великих революционных событий. С именем Абая связано прогрессивно-демократическое направление казахской общественной мысли и литературы того периода.

Абай Кунанбаев подчеркнул, что одной из хороших вещей является изучение языка. Поэт в своей двадцать пятой речи далее говорит, что другой язык даст человеку: «Тот, кто знает язык и искусство каждого, войдет в кризис единства с ним, и он не будет гореть в преувеличении» [2, 60 с.].

Абай – гений мирового уровня казахской земли. Он дал плод ума всему человечеству.

Абай – замечательная фигура среди мыслителей мирового уровня. Действительно, произведения мудрого поэта могут обогатить духовную жизнь не только казахов, но и всего человечества. Потому что содержание произведений Абая полно общечеловеческих ценностей.

Имя Абая Кунанбаева продолжает расти на казахской земле. Если мы будем считать его пословицы духовными сокровищами, то достоинство нашей родины перед миром непременно возрастет.

Мечта Абая Кунанбаева – мечта народа. Мы должны держать свои мечты и мечты под контролем. Воля Абая Кунанбаева направляет новый Казахстан в XXI веке на такие высоты.

Абай Кунанбаев призвал воспитать каждого казахского ребенка патриотом страны. Его наследие – школа мудрого патриотизма, основа почтения страны. Поэтому, если хотим, чтобы мы были образованными, следует не уставать от чтения великого поэта и заучивания его стихов.

Произведения Абая Кунанбаева вдохновляют молодое поколение на служение своему народу, поддерживают в нем стремление к просвещению, знаниям, к развитию наций через культуру. Они всегда актуальны. Жизнь Абая, «...который боролся с тысячами один», – пример непреклонного поиска правды и справедливости для потомков.

#### ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Казахстанская Правда № 12, 2021
- 2 Слова назидания – Википедия, с 142, 1999,

#### ӘУЛИЕ, ХАЗІРЕТ ҒАБДУЛ-УАХИТ ТІЛЕНШІҰЛЫ

МАНАП А. Е.

5-сынып оқушысы, Бекмұрат Уахатов атындағы ЖОББМ,  
Павлодар обл., Аққулы ауд., Мерғалым а.

СМАГУЛОВА Г. М.

мұғалім, Бекмұрат Уахатов атындағы ЖОББМ,  
Павлодар обл., Аққулы ауд., Мерғалым а.

Ертеде ата-бабаларымыз рулық бірлестік бойынша жеке-жеке ауыл болып, қауымдасып өмір сүргендері бәрімізге де мәлім. Сол көптің бірі болып күн көрістің қамына орай тұрмысын қалыптастырған Тіленші болатын.

Тіленшінің отбасы екі ер бала мен екі қыз баланың өмірге келуімен шектелген. Осы жанұяның ауыз толтырып айтып үміт артатын тұңғыштары Ғабдулуахит болды. Дүниеге 1853 жылы келген Ғабдулуахит дәріс алып, ауыл молдасынан алты жасынан бастап арабша сауатын ашады. Ол сабақты зер сала тыңдап, ынта-жігерін білім алуға жұмсады. Аз уақыт ішінде әліппені игеріп алды. Сөйтіп, ауыл мектебіндегі шәкірт тең құрбыларыныңалдына шығады. Ата-анасы, ауылдастары құртақандай балдырғанның оқу білімге құштарлығын, зеректігін көріп балауса кезінің өзіндегі ұстамдылығы мен сабырлығы және тіршілікке көзқарасын жете түсінген жұртшылық, тегіс бірауыздан, қайткенде түлектерін әрі қарай оқытуды жөн көреді. Осы тұжырымға келіскен ауылдас қауым, қолдау мен қаражат жинап, Бұхари-шаріпке аттандыруға ұйғарып, спарға шығарып салады. Ел – жұртты, ортаны жоқтатпас үшін және қамқорлық танытар деген оймен қасына серік болсын деп, інісі Сәбитті қосып жібереді. Бірақ туысы көп ұзамай

жалғызсырап, ауылын сағынады. Жатса-тұрса да апалаумен таң атырып, күн батырады. Ақыры оқуын тастап, елге қайтпақшы ниеті оңайға түспеді. Алдымен шәкірт атына кір түсірсе, екіншіден аз қаражатты орынсыз пайдалануға әкеліп соқты. Сөйтіп Сәбит бауыры туған ошағына жетіп тынышталды. Ғабдулуахит жалғыз қалса да, өзінің армандаған жоғарғы дәрежесіндегі діни оқудың барлық қиындығын жеңе отырып, медреседегі 500 шәкірттің алдыңғы қатарында болады. 15 жыл ішінде өтілетін 12 пәнді түгел тәмәмдап медресені аяқтайды. Үздік біртіріп «Хазрет» атағына ие болған төрттіктің ішінде Ғабдулуахит ағамыз да бар еді.

Күндердің бірінде, араға он жылға таяу өткізіп, Тіленші баласының саулығын білуге және кезекті оқу жылының аяқталуына сай демалысқа шыққан Ғабдылуахитты ертіп, елге қайтып келе жатқан жолда көзге қолайлылау бір жерді көрген әкесі қоналқаға тоқтайық деген ниет білдіреді. Үлкеннің тілін қадір тұтқан баласы көңілдегі күдігін сездірмей, келісіп түнеп қалады. Түннің ауған мезгілінде жолбасшы оянып, ұлын іздестіріп, көзін ашса, айнала қоршап ысқырған жыландардың ортасында баласы күбірлеп үлкен бір діникағиданың тарауын үзбей оқып отырғанын аңғарады. Ойына бөгет жасап, бұзбайын, – деп ойлап, кері аунап түсті де, бұғып жата береді. Бірақ мына қарсы алдындағы күтпеген сүйкімсіз кездесу қанша көз жұмғанымен ұйқы келтіре ме? Өйткені денесі мұздап, жүрегі қобалжып, қорқыныш үрей туғызды. Осы төзгісіз жайды сейілткендей Ғабдылуахит «Ух» деп, ауыр күрсініп «ғафу-әр-рахман әр-рәһиммін» дегенде ғана дегбірі қашқан ой желісінің сабасына түсіп, қайта оралуы суыған көңіл күйінің дауалағандай, ұлының үнін қостап «Ия Алла, тәуба, шүкіршілік» – деп сиынуын естіртінкіремей шығарды. Осыны күткендей «қабыллығы Тәңірімізден болсын». Сіз оянғаннан бері әбден дұрыс істедіңіз. Ұйқымыз қанды білем, жүріп кетуге қалайсыз? – дейді.

– Жарайды, – деп қысқа қайырып, баласының тықыр-шуынан секем алып, жан-жаққа басын көтеріп жалтақтағанда, айнала жым-жырт, оғаштау ештеңе шалынбады. Тек қана жаңа туып келе жатқан күннің қызыл алауы табиғатпен ашына қауышып, жер анадан аршындай аттап, қашықтай бастапты. Дереу ат көлігі дайындалысымен жолаушылар алған бағыттарына қарай ширақ қимылмен бастай жөнелді. Бұдан айықтырғысы айықтырғысы себеп болды ма, Тілекеннің көкейінен кетпей тұрған түнгі оқиғаның мән-жайын сұрастырғанда, ол саспай былай депті. Алланың әмірімен жылан патшасының сақшылары Бұхари-шәріптен шыққан бір шәкірттің осы тұста аялдайтының біліп, бір жылдан астам уақыт

күткен. Мақсаттары: қиямет дарғайымда адамзат пен әлемдегі тіршілік болмыстарының баршасына сұрау-сауалдың, әркімнің өз жауапкершіліктеріне тексеріс болатындығын анықтау еді. Мен діни негізде жауап беріп, оны дәлелдеуге күш салдым. Ана бір әзірде сіз оянғанда, басын көтеріп таңдана ма деп сасып, қауіптеніп едім. Орайы келіп қайта жаттыңыз. Егер керісінше болса екеумізге де қауіп төніп тұрды. Әйтеуір олар сезбеді.

Бұхарадан оқуын тәмәмдап, елге хазірет атағына ие болып оралғанда Нұрмұхаммедтің (Нүрекеннің) немересі Темірғалы Түйте баласы Сейтен – Малыбай елінде болыс еді. Осы өңірге ислам дінің тарату үшін мешіт- медресе салуды Темірғалы өз міндетіне алады. Қазіргі Шарбақты ауданы Есілбай ауылының сыртындағы ну қарағайдың бауырынан биік етіп Ғабдулуағит жетекшілік еткен Есілбай ауылының медресесінен 5–6 жылдың ішінде, ауыл-ауылға молда болуға аттанып жатты.

Ұлы Хазреттің қасиеттеріне тоқталатын болсақ мешіт-медресе ұстағанда ислам дінін тарату, шәкірттерге ұстаздық етумен бірге халықты инабаттылыққа, имандылыққа тәрбиелейді. Сөйтіп, өз жұртының рухани байлығына, тән саулығына көңіл бөле білді. Әсіресе есінен таңған, әртүрлі дертке шалынған сырқаттарды дұға оқып, дауалап сауықтырған. Сырқаттың себебін, айығу жолдарын, болжап, біліп отырған. Тап жауларын құртуға шығарылған жолаушылардың бір тобы «Келдікыз» ауылында Кеңес өкіметіне қарсылардың бір үлкен ұйымдастырушысы бар – деген хабар бойынша мешітте, жайнамаз үстінде отырған хазыретті ұстап, уйімен де тілдестірмей, үкімін де өздері шығарып, атып тастамақ болады. Бір солдат Хазреттің қолындағы құранға жармасып, бір бетін жұлып алып темекі орап тартады. Сәлден кейін оның аузы бір жағына қисая бастайды. Сонымен үш солдат Хазретті қарағай ішіне ертіп әкеліп, қолына күрек беріп, өз көрінді өзін қаз – деп бұйрық береді. екі күрек бойындай шұңқыр пайда болысымен Хазретті тыр жалаңаш шешіндіріп тұрғызып қояды. Бұлардың атуға ынғайланғанын сезген Хазрет: Шырақтарым бір тілегім бар, иманымды айтып, екі реқағат намаз оқиың. сонан соң еріктерін білсін дейді. Иманын айтып, екі реқағат намазын оқып Аллаға сиынып: Ал жаранлар, не не істесендер де мен дайын деп, ажалға қасқайып қарсы тұрады. сол уақытта, бастығы айқайлап атуға бұйрық береді. бірақ мылтықтарында үн жоқ. Осылай үш рет қайталағанда да мылтықтар от алмай қалады. Ашу қысқан қызыл жаға қылышын суырып ұмтылғанда сіңірлері тартты ма, кім білсін, оң жақ қолымен мойны тұтасып сіресіп қалады. Мұндайды бұрын естісе де

көрмеген жан алғыштар не істерлерін білмей сасқалақтап Хазреттен жылап кешірім сұрайды. Енді Хазрет атамыз асықпай оларға шарт қояды. Бұдан былай бұл елге және маған тиіспейміз – деп қолхат жазып берсендер мен райымнан қайтамын. Көнбесендер екеуіннің де өмірлерін осылай өтеді – деп қасарысады. Шынында да, бұлар өз тараптарынан ештеңе шығара алмайтындарына көздері жеткен олар лажсыздар қойылған талапты орындамаққа ниет білдіреді. Өйткені командирдің қолы асылып тұрса, мойны да қозғалтпай сірескен қалыпта болатын. Тіпті саусақтары да қылышқа жабысып ашылар емес, қайта қыса түсіп, жанын жеп барады. ал екіншісінің хәлі мез емес. Аузы қисайып құлағына таяп, адам шошынарлық күйге түскен. Әзірше дені сау үшіншісіне рұқсат беріп, орталықтағы бастықтарына болған жайды хабарлап келуге шапқыншы болып кетті. Асығыс жеткен бастық қарамағындағы бағынышты екеудің мүшкіл күйін көріп түңілді. Бірақ өз тарапынан әдіс-айламен қасиетті күшке арашашы бола алмасын ұқты. Қинала-қинала, басын шайқап, «Ой как тут ужас» – деп, амалсыздан Хазреттің талабын орындауға мәжбүр болып, қол машинкаға басылған бір беттегі жазылған анықтамаға қолын қойып, мөрін басып берді. Сонымен өз ажалы жеткенше Ғабдулуахит Қазретке ешкімнің қиянат жасауға батылы да жетпепті. Осындай оқиғадан кейін «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген ойға келемін.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 kzinform.com
- 2 nomad.su

#### **«МӘҢГІЛІК ЕЛ АЛЫПТАРЫ»: ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ МЕН РУХАНИ ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ**

ОРЫНБАЕВА А. Ж.

10-сынып оқушысы, Қараоба ЖОББМ, Павлодар обл., Ақтоғай ауд.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстанның болашағын «Рухани жаңғыру», «Мәңгілік Ел» идеясымен байланыстырғанда, алдыңғы кезекке ұлттың тарихи санасын қояды. Ұлттың тарихи жады неғұрлым терең, тарихи санасының тамыры неғұрлым берік болған сайын әрбір адамның да, қоғамның да рухани әлемі кең әрі таза болады. Бүгінгі танып, болашақты барлау үшін өткенді білу қажет. Әсіресе, халқының қамын жеп, ұлтының ертеңіне қалтқысыз

қызмет еткен, ел тарихында аты мәңгі өшпейтін дара тұлғалардың – «Мәңгілік ел алыптарының» тағылымға толы өмір жолынан үлгі-өнеге ала білу маңызды. Сондай ғұламалардың бірі әрі бірегейі – бар ғұмырын ағартушылық іске арнаған, қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин. Ұлы ағартушының туғанына биыл 180 жыл толып отыр. Осыған орай Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығына шолу жасап, оның шығармаларындағы рухани-адамгершілік идея мен бүгінгі таңдағы «рухани жаңғыру» идеясы арасындағы сабақтастық пен үндестікті табу – зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты.

Адамзат дамуының қай кезеңінде болсын рухани тәрбие мәселесі аса маңызды болған. Ата-бабаларымыз жас ұрпақтың ұлттық тәрбиемен сусындауына айрықша мән берген. Ұлттық тәрбиенің өзегі – рухани-адамгершілік тәрбие. Жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру, болашағына жол сілтеу – бүгінгі кезек күттірмес мәселе. Рухани - адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Жас ұрпақтың бойына адамгершілікті сіңіретін, оны жүрек тазалығына, бауырмалдыққа, татулыққа, адалдыққа тәрбиелейтін ұлттық құндылықтарымыздың бірі – Ы. Алтынсарин шығармалары.

Қазіргі таңда білім мен ғылым күннен-күнге қарыштап дамып жатыр. Алайда, қоғам ілгері дамығанмен, рухани даму жағынан әлі де ақсап жатқанымыз мәлім. Сондықтан, елімізде «рухани жаңғыру» мәселесіне баса назар аударылып келеді. Ал бүгінгі күн мен Ыбырай өмір сүрген кезенді салыстырсак: ол заманда рухани даму тұрмақ, ғылым-білімнің өзі дамымаған кез еді. Соған қарамастан, Ыбырай қоғамдық прогресті қолдап, қазақ қоғамының келешегін дұрыс тани білді, қоғамдық өмірдің талап-тілегін, мұқтаждығын дұрыс түсіне білді. Ол «қазақтарға – осы дарынды, ақыл иесі мол халыққа – кешікпей тұрып рухани және қоғамдық даму жолына түсетін дұрыс бағыт беру – қалай дегенмен аса қажет болып отыр» [1, 27 б.] – деп жазды өз жазбаларында. Яғни, Ыбырай қазақ халқының «қоғамдық және рухани дамуын» көздеді. Бүгінгі күн тұрғысынан алсақ, халықтың «рухани жаңғыруын» қолдады, «Мәңгілік ел» болуын қалады. Ыбырай Алтынсарин бар өмірін осы мақсаттың орындалу жолына арнады.

Ы. Алтынсариннің педагогикалық қызметінде рухани-адамгершілік тәрбие ерекше орын алады. Алтынсарин «балаларға өнегелі тәрбие беру аса маңызды іс» деп білді. Ол шәкірттерді адамгершілікке, адал еңбекке, Отанды сүйеге тәрбиеледі. «Барлық

күш-жігерімді олардың мінез-құлқына да ықпал етуге жұмсаймын, кейін парақор біреу болып шықпауы үшін» [2, 18 б.], – деп жазады ол. Ы. Алтынсариннің тәлім-тәрбиелік идеялары XIX ғасырда қазақ халқының тәлім-тәрбиелік құндылықтарын жаңа деңгейге көтерді. Ыбырайдың өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, еңбекке, имандылыққа тәрбиелейтін үлгі-өнегеге, ғибратқа толы шығармалары ешқашан да өзінің маңызын жоймайды. Олар балалар мен жастарды талаптылыққа, сабырлылыққа, мейірімділікке, рақымды болуға, обал мен сауапты танып-білуге, әлсіздерді ренжітпеуге тәрбиелейді. Иманды, шыншыл, жомарт болуға шақыра отырып, ойланып сөйлеуге, кәсіпкерлікке, тазалыққа, әдептілікке, қанағатшылдыққа, әділдікке, жинақылыққа, өтірік айтпауға, надандықтан аулақ болуға, жамандықтың өзіне жақсылық жасауға, қонақжайлылыққа, тәкаппар болмауға, жан-жануарға қамқорлық көрсетуге үндейді. Ыбырай жастарға бала кезінен бастап дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын жақсы ұғынды. Сондықтан Ыбырай ағартушылық саласындағы өзінің барлық жұмыстары мен шығармашылығын осы мақсатқа бағындырды. Ыбырайдың қазақ балаларына арнап жазған «Қазақ хрестоматиясына» енген материалдарға зер сала қарасак, оның балалардың жас ерекшеліктері мен қабылдау мүмкіндіктеріне сәйкес құрылғанын көреміз. Сондай-ақ, осы мақсатта автордың халық ауыз әдебиеті асыл үлгілері мен мақал-мәтелдерді, небір көркем шешендік сөз нұсқаларын тандап-талғап енгізу де нәтижесіз болған жоқ. Ыбырай шығармаларының тілі жеңіл, балалардың ұғымына ауыр тимейді, түсінікті, айқын жазылған және тәрбиелік мәні зор еңбектер. Сондықтан да, әлі күнге дейін көтерген тақырыбы жағынан мазмұнын жоймаған шығармалар ретінде бүгінгі күнгі оқулықтарымыздың бетінен түскен жоқ. Мұның өзі ағартушының алысты болжай білетін ғалым-ұстаз екенін аңғартады. Ыбырай жастарға әр уақытта да зор сеніммен қарады, олардың тамаша келешегіне сеніп, ғылым мен техниканың жаңалықтарын қазақ даласына осы жастар ғана жая алады деп сенді.

Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясы» әйгілі екі өлеңмен ашылады. Ақын бұл өлеңдерді өз кезінде «Сөз басы» деген атпен алған. Рухани тәрбие беруде «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер – білім бар жұрттар» өлеңдерінің маңызы аса жоғары. Екі өлеңде де ағартушы оқу-білімнен кенже тұрған халық үшін ғылым мен техниканың жетістіктерін насихаттап, қазақ жастарын білім алуға, мәдениеттің жаңа дәстүрлерін игеруге, бойға сіңіруге шақырды. «Өнер-білім бар жұрттар» атты өлеңінде таныс емес техника

заттарының іс-әрекеттерін алдымен өз өмірімізде бар нәрселермен теңеу арқылы ұғындырмақ болады. Айталық, ол паровозды «аты жоқ құр арба» деп бейнелесе, ал суда жүзген кемені кәдімгі «нән балыққа» балайды. Бұл, біріншіден, жұмбақ шешіп үйренген қазақ балаларының ойлау қабілеті мен соған деген ықлас-ынтасын арттырса, екіншіден, жаңа заттың болмысы мен қызметінен хабардар етіп, нақты түсінік береді.

Қазіргі таңда елімізде қандай да бір жұмысқа орналасу үшін кәсіптік білімнің болуы аса маңызды. Қалаған кәсіпті таңдап, сан түрлі оқу орнының біріне оқуға түсуге болады. Ал Ы.Алтынсарин өмір сүрген кезеңде мұндай таңдау болған жоқ. Сондықтан, жастарға кәсіптік білім берудің маңыздылығын терең түсінген Ыбырай Алтынсарин қазақ жастарын оқу, өнер, техниканы игеруге үндейді. Халқымыздың жарқын болашағын көрегендікпен болжай білген Ыбырай: «Қазақ халқы азбаған халық, оның ой-пікірі еркін, оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр» [3, 159 б.], – деп көрсетті. 1883 жылы Торғай қаласында ол ашқан қолөнер мектебі қазақ даласындағы тұңғыш кәсіптік-техникалық оқу орны болды. 1888 жылы Орскіде бастауыш мектептер үшін қазақ жастарынан оқытушылар даярлайтын мұғалімдер мектебі ашылады. Өзінің мал-мүлкін Қостанайда ауылшаруашылық училищесін ашуға жұмсауға өсиет етуі де Ыбырайдың азаматтық-ағартушылық тұлғасын биіктете түседі.

Ыбырай нағыз қазақ балалар әдебиетінің негізін қалап, «қазақ балалар әдебиетінің атасы» деген құрметті атаққа ие болды. Ол әдебиеттің қоғамдық өмірдегі тәрбиелік маңызына айрықша мән берді. Оның пікірінше, әдебиет халықты сауаттандыра отырып, оны білім мен мәдениетке қарай жақындатуы керек, өмірге көзқарасын тәрбиелеп, рухани санасын жетілдіре түсуге міндетті. Ы. Алтынсариннің «Бай мен жарлы баласы» атты әңгімесі өзге шығармаларынан тәлім-тәрбиелік сипаты жағынан жеке дара тұр деп айта аламыз. Мұнда жазушы бай баласы Асан мен кедей баласы Үсенді бас кейіпкер етіп ала отырып, әлеуметтік мәні зор ірі мәселеге назар аударады. Жоқшылық көрмей, тек дайынға үйренген бай баласы Асанның өмірге икемсіздігін, ал бұған қарсы еңбексүйгіш, тәжірибелі кедей баласы Үсеннің қиын сәтте икемділігін нанымды етіп сипаттайды. Сол арқылы өмірдің күрделілігін аңғартып, қандай қиыншылықты болса да еңбек пен тәжірибе жеңеді деген байсалды пікір ұсынады.

Жастарға рухани тәрбие беруде мақал-мәтелдердің, афоризмдердің маңызы зор екені белгілі. Сондықтан Ыбырай өз әңгімелерінде шешендік, нақыл, аталы сөздерді жиі қолданып отырады. Айталық, ол «Әке мен бала» әңгімесінде ақыл-насихатқа толы: «Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың, азға қанағат ете білмесең, көптен де құр қаларсың» – секілді тағылым ұсынса, «Қыпшақ Сейтқұлда»: «Сейтқұл жұрт ағасы болды, енді сол жұртының адал бейнет, табан ет, маңдай терімен тапқан дәулетін аңдыған жаудан, ұрыдан, даладағы бөріден сақтаудың қамын ойлап, уайымға қалды» – деп ел ағасының халық алдындағы жауапкершілігін үлгілей сөйлейді. Автор өзінің басқа да көптеген өсиет әңгімелерінде оқырмандарын адамгершілікке үндейді. Мысалы: Асыл шөп әңгімесіндегі сабырлық пен төзімділікке шақырған Бәтима, бай баласына «обал болады» деп, құспен ойнауға тыйым салған Үсен, әкесі үшін өз қолын кесуді өтінген мейірімді қыз, «Аурудан-аяған күштірек» әңгімесіндегі Сейіт. Қысқа әңгімелерінде Ыбырай жас шәкірттерді адамгершілікке, ізгілік пен бауырмалдыққа, адал еңбек пен әділдікке, әдептілік пен сабырлыққа, зейінділік пен білімді еркін игеруге шақырады. Ыбырай прозасының басты ерекшеліктері неде дегенде, мынаны айтуға тиіспіз: ол қазақ халқының мәдени-әлеуметтік өмірін арқау ете отырып, жаңа буын жастардың рухани тұрғыдан өсіп-жетілуіне қажетті үлес қосуды мақсат тұтты. Әр алуан тақырыпты қамтитын әңгімелер де осы тәрбиелік мақсатқа қызмет етті.

Ы. Алтынсарин қазақ халқының іргелі ел болуы үшін ұлттық тіл мен әдебиет, мектеп пен баспасөздің аса қажет екеніне барша жұрттың назарын аударды, «ұлттық мектеп болу үшін онда сол халықтың қаны мен жаны, рухы болуы тиіс» – деді. Расында да қазіргі таңда да көп айтылып жүргендей, ұлт мектептерінің қай-қайсында болса да ана тілімен қатар, сол халықтың рухы, оның өсіп-өну тарихы, әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты, елдік дәстүрі жайында тиянақты білім бермейтін болса, онда ол ұлттық мектеп бола алмайтыны хақ. Бүгінгі таңда бұл мақсатқа біртіндеп болса да қол жеткізіп келеміз, қазақ мектептерінің де, орта арнаулы және жоғарғы оқу орындарындағы қазақ бөлімдерінің де саны жыл санап көбеюде. Дегенмен, қазақ тілінде сабақ жүретін мектептердің бәрін бірдей ұлттық мектеп деп айтуға болмайды. Бұлардың нағыз ұлттық мектеп болуы үшін онда қазақ халқының рухы болуға тиіс.

Қорыта айтқанда, Ыбырай Алтынсарин шығармаларының қазақ халқының рухани мәдениеті тарихындағы маңызы өте зор.

Алтынсариннің прогрессивтік идеяларының мазмұны мен негізгі бағыты, дүниетанымы мен қоғамдық-әлеуметтік көзқарастары қазіргі оқу-тәрбие ісіне аса қажетті құнды руханият болып табылады. Ыбырай Алтынсарин – бар саналы ғұмырын туған елін өнер-білімді, өркениетті, мәдениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Қазақ халқының асыл перзенті, Ы. Алтынсаринді мәңгі есте қалдыру мақсатымен оның есімі еліміздің Білім академиясына, 51 мектепке, 1 колледжге және 1 педагогикалық институтке берілген. Тұңғыш-педагог атымен бірқатар елді-мекен, көптеген көшелер аталған, мұражайлар ашылған. Білім беру саласының үздіктері үшін «Ы.Алтынсарин» медалі тағайындалған. Ыбырай өзінің ағартушылық, педагогтік, ақын-жазушылық тарихи қызметі мен зор талантын, жан-жақты терең білімі мен қайрат-жігерін жас ұрпақты оқытып, тәрбиелеуге, оқушыларды өз кезінің озық ғылымымен қаруландыруға арнаған. Ыбырай шығармалары жастардың бойына рухани тәрбие нәрін құйып, қоғамда рухани адамгершілігі жоғары адамдар қалыптастырады. Сол себепті, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен тұспа-тұс келген Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығы қарсаңыда ұлт ұстазының шығармаларын қайта жаңғыртып, барынша насихаттауымыз қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Алтынсарин Ы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. – 276 б.
- 2 Алтынсарин Ы. Өнер-білім бар жұрттар (Өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар және естеліктер). – Алматы: Жалын, 1991. – 184 б.
- 3 Ыбырай Алтынсарин тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 230 б.



## САМАУРЫН – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРІ

СЕРЖАН А., ҚУАНЫШҚЫЗЫ Н.  
5-б сынып оқушылары, Лебяжі ЖОББМ, Акқулы а.  
ТУРСЫНБАЕВА Г. Н., АХМЕТЖАНОВА Ж. Е.  
химия мұғалімі, Лебяжі ЖОББМ, Акқулы а.

«Сырмақ сырған оюлап, жақсы көрем апамды, Шай ішетін коюлап, жақсы көрем атамды» – демекші шай ішпейтін қазақ жоқ. Сондықтан да шайлардың ішіндегі ең құндысы самаурынның шайы. Тарихи деректер бойынша Тула шеберлерінің 100 литрлік самаурынды жасап, оны бүкілресейлік староста М.И.Калининге сыйлыққа тартқаны белгілі. Ертеде шайды адамды түрлі улану кезінде және ой, дене енбегінен шаршағаннан арылу үшін дәріге ішкен. Қара шайға қарағанда көк шай адам ағзасына өте пайдалы. Мысалы: Өзбекстан тіс дәрігерлері оқушылардың тіс ауруымен сирек ауыратынын байқаған. Кейін белгілі болғандай көк шайдың құрамында эмальдың бұзылуына жол бермейтін фторлы заттар бар екен. Сүт қосылған қою шай дәрі-дәрмектен, ішімдіктен уланған жағдайда улың бетін қайтарады [4 б, 88].

Шайды көп ішетін елдер арасында жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, адам басына шаққанда әр қазақ жылына 1–2 келі шай ішеді екен. Қазақтардың шайды қалай ішетіні туралы XIX ғасырдың орта шенінде жапондық зерттеуші М. Киттар «Қазақтар шай ішкенде уақыт та, орын да талғамайды. Кез келген тамақтан бұрын да, кейін де іше береді» деген екен. Алайда дәрігерлердің кеңесі бойынша оңды-солды шай іше беру денсаулыққа зиян. Аш қарынға суық шай ішпейді. Себебі ол өт пен асқазанға зиян. Керісінше, жылы және ыстық шай бойды сергітіп, сананы сейілтеді. Суық шай бүкіл ағзаны тітіркендіреді. Шай – адам денсаулығына қажетті құндылық екеніне көз жеткіздім. Бұл сусынның емдік пайдасы бар. Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттық сусыны – шай адам денсаулығына қажетті сусын болса, самаурын – тұрмыстық салтымыздың бір бөлшегіне айналған бұйым болып қалды [3, б. 46].

### Зерттеу бөлімі

#### Самаурынның шығу тарихы

Қымбат жәдігерлердің бірі – сайын даланың сардары шай ішетін жез самаурын. Тарихи деректерге сүйенсек, самаурын жасау ісі Ресейде XVIII ғасырда дамыған екен. Тек Тула қаласының өзінде 1850 жылдары осы бағытта 28 фабрика жұмыс істеген көрінеді. Самаурын қазақ жеріне XIX ғасырдан бастап

қолданысқа енген. Ол әркімнің қолы жете бермейтін дүниелердің бірі болған деуге әбден болады [4, б. 72].

Ата-бабаларымыз самаурынды байлықтың, молшылықтың белгісі санаған. Бір қызығы, ыдыс неғұрлым ауыр болса, соғұрлым қымбат тұрған екен. Өйткені темірдің қымбат кезі. Мысалы, XIX ғасырда сиыр 1 рубльге бағаланса, жез самаурынның жәрмеңкедегі құны — 25 рубль болған. XVIII-XIX ғасырларда шүмек орнатылған самаурын өндіріле бастады. Біздің білетін қазіргі самаурындар өз тарихына сай кезең-кезеңімен жетілдіріліп отырды [1, б. 37]. Самаурын орыстың «самовар» деген сөзінен шыққан. Алғашқы самаурынды жасаушы Тула қаласының қару-жарақ зауытының шеберлері Иван мен Назар Лисициндер [2, б. 54].


Әттеген-ай, бүгінде осы ыдыстар көнеңіз көзінде жәдігер болып ұмытылып барады. Осы жоба арқылы самаурынды қайта пайдалануды насихаттаймыз.

#### Самаурынның құрылысы

Самаурынның құрылысы: шар тәрізді, оттықты, қос құлақты, шүмекті, төрт аяқты, қақпағында бу шығаратын саңылауы бар [5 б. 35]. Дастархан басында шай ішуге, жолға шыққанда алып жүруге, сыйға тартуға арналған самаурындар да болған [1, б. 28]. Қазақ халқы көшпелі болғандықтан жолға шыққанда, көшкенде алып жүру өте ыңғайлы болған. Кез келген жерге қойып қайнатып, шай іше беруге болады.

#### Сауалнама алу

Ақпан айында 3–4 сыныптар арасында «Самаурын туралы не білесің?» деген сауалнама алынды. Сауалнамаға 30 оқушы қатысты. Сурет бойынша біледі – 7 оқушы. Құрылысын біледі – 7 оқушы. Шай ішті – 9 оқушы. Пайдаланады – 4 оқушы



Сурет 1 – Сауалнама нәтижесі

Сауалнаманың нәтижесінде самаурынды достарымызға таныту, насихаттау мақсатында осы тақырыпты таңдап алдық.

#### Эксперименталды бөлім

Экспериментті бастамас бұрын қажетті құрал-жабдықтарды өзірлеп алдық. Электр шәйнегін дайындағаннан гөрі самаурынды қайнату барысында адамдар көп еңбек етеді. Орманға барып қарағай бүрлерін жинайды. Ағаш жоңқасын шауып, дайындайды. Шелекпен су тасып, самаурынды суға толтырады. Қайнау барысында бақылап, қадағалап отырады. Самаурынды қайнату барысында адамдар еңбек етеді, жауапкершілікке үйренеді екен. «Шайдан кейін де шай ішетін» халық екеніміз рас. Қазір қонақ шақырып, көпшілікті жинағанда болмаса, самаурын қайнатып, от жағып жүрген жанды көрмейсің. Газ плитасында қайнатады, не болмаса электр шәйнегінің тетігін баса салады. Шамалы уақыттан соң-ақ шай дайын. Алайда бұл әйелдер қауымының жұмысын жеңілдеткенімен, кейде жағымсыз тосын сый сыйлап жатады. Соның бірі-электр шәйнегінен шығатын пластмассаның жағымсыз иісі мен дәмі. Пластмассаның иісі мен дәмі оның жаңа немесе жағымсыз ескі екеніне қарамайды. Өнімді өндірушілер заттың ұзақ қызмет жасауы және пішінімен тұтынушыны қызықтыруы үшін түрлі бояғыштар мен пластификаторды көбірек қосады [4, б. 29].

Самаурынның қайнау уақытын анықтау 1-кестеде берілген:

Кесте 1 – Самаурынның қайнау уақыты

Қарағай бүрімен	Қайың көмірімен	Үйеңкі ағашымен
15.43–16.05	15.43–16.08	15.43–16.12
22 минут	25 минут	29 минут

Эксперимент жасау барысында 5 литрлік 3 самаурынды қолдандық. Самаурынды суға толтырдық. Бірінші самаурынды қарағай ағашымен, екінші самаурынды қайың көмірімен, үшінші самаурынды үйеңкі ағашының жоңқасымен жақтық. 3 самаурынды да бір уақытта қойдық. Қарағай бүрімен жаққан самаурын 22 минут, қайың көмірімен 25 минут, үйеңкі ағашымен 29 минутта қайнады. Эксперимент нәтижесінде қарағай бүрімен жаққан самаурын тез қайнайды деген қортынды шығардық.

Судың температурасын өлшеу туралы деректер 2-кестеде берілген:

Кесте 2 – Судың температурасын өлшеу нәтижелері

10 минуттан кейін	
Шәйнек 45 градус	Самаурын 54 градус

20 минуттан кейін	
30 градус	43 градус

Самаурынмен қайнатылған судың ыстығы ұзақ сақталады  
Қанша кесе су барын анықтау



Сурет 1

1 литрлік электр шәйнегінен  
15 кесе су

Самаурыннан  
51 кесе су

Нәтижесі: Самаурынды пайдалану үнемді және тиімді екеніне көз жеткіздік.

Қазақ халқы қонақжай халық болғандықтан, самаурын шайымен қонақ күту қолайлы. Самаурынды қолдану арқылы электр энергиясының үнемдеуін бақыладық. Ақпан айында электр энергиясына 5574 теңге, ал наурыз айында 4218 теңге төленді. 1 айда 1356 теңге үнемделгеніне көз жеткізуге болады. Қыс мезгілінде де самаурынды үй жағдайында қайнатып, тұрмыста пайдалануға болады. Самаурын тұрбасын жал пештің құдығына кигізіп қойып, самаурынның ыстық шайын іше беруге болады. Ертеде ата-әжелеріміз шай суып қалмау үшін қанардан самаурынқап тігіп, кигізіп қойған. Қанарқап кигізіп қайнатылған самаурынның шайы бір тәулік бойы суымайды.



Сурет 2

Қазақтардың шайды қалай ішетіні туралы XIX ғасырдың орта шенінде жапондық зерттеуші М.Киттар «Қазақтар шай ішкенде уақыт та, орын да талғамайды. Кез келген тамақтан бұрын да, кейін де іше береді» деген екен. Алайда дәрігерлердің кеңесі бойынша оңды-солды шай іше беру денсаулыққа зиян. Аш қарынға суық шай ішпейді. Себебі ол өт пен асқазанға зиян. Керісінше, жылы және ыстық шай бойды сергітіп, сананы сейілтеді. Суық шай бүкіл ағзаны тітіркендіреді. Шай – адам денсаулығына қажетті құндылық екеніне көз жеткіздім. Бұл сусынның емдік пайдасы бар. Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттық сусыны – шай адам денсаулығына қажетті сусын болса, самаурын – тұр-мыстық салтымыздың бір бөлшегіне айналған бұйым болып қалды. Самаурын шайының дәмін татып, тер шығаратын, емдік қасиеті бар екенін білдік [3 б.].



Сурет 3

### ҚОРЫТЫНДЫ

Осы жобаны жазу барысында біз ел тарихына шолу жасадық, халқымыз асыл әрі құнды мұраларға өте бай екенін білдік. Соның ішінде самаурын қазақ халқының құнды жәдігері екеніне көз жеткіздік. Самаурын шайының дәмі ерекше болатынын және емдік қасиеті бар екенін байқадық. Денсаулыққа зиянсыз екенін білдік. Самаурынды пайдалану арқылы электр энергиясын үнемдеуге болатынын және

самаурын шайымен көп адамды күту тиімді екеніне көз жеткіздік. Самаурын суының ыстық температурасы ұзақ сақталатынына көз жеткіздік. Еңбек етуді үйрендік. Самаурынды күнде пайдалансақ сапалы, зиянсыз, қоспасыз сусын ішіп, ұрпақ денсаулығы да түзелер еді. Осындай көні жәдігерлер мен құнды мұраларды жас ұрпаққа жеткізу, насихаттау біздің міндетіміз деп ойлаймыз. Мұралар ұрпақтан-ұрпаққа жоғалмай жетіп отырса, халқымыз мәңгі жасай беретініне сенеміз. Жобамызды қорыта келе, бәрімізге самаурынды күнделікті өмірде қолдануға ұсыныс жасаймыз.

### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аюбай Құралұлы, Ұлттық дүниетаным, 2012 жыл, 37 бет
- 2 Ғаламтор желісі [www.wikipedia.kz](http://www.wikipedia.kz).
- 3 Қазақ энциклопедиясы, Алматы, 1997 жыл, 7 том, 54 бет
- 4 Үй-тұрмыстық энциклопедиясы, Алматы, 1990 жыл, 46 бет
- 5 Сарыарқа самалы, 2016 жыл, №1472,3 бет

### КИІЗ ҮЙ – ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ

ТЫЩЕНКО Д. И.

9 сынып оқушысы,

Ертіс № 3 ЖОББМ, Павлодар обл., Ертіс ауд.

СМАГУЛОВА Г. Ш.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Ертіс № 3 ЖОББМ, Павлодар обл., Ертіс ауд.

Елбасының «Қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі – мәдениеті. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді – кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы көздей отырып, ұлттық рухтың күшеюін анықтайды. ғана басқаға танылады» [1, 2 б.], – деген сөзі Қазақстан мемлекетінің қашан да ұлттар арасындағы татулық, толеранттықты көздей отырып, ұлттық рухтың күшеюін көздейді.

Киіз үй – қазақ халқының өзімен бірге жасасып, тарих белестерінен бірге келе жатқан заттық, тұрмыстық мәдениеттің көрінісі. Киіз қазақ халқының бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпай жетіп, ауылды жерлерде қолайлы жазғы баспана ретінде әлі де пайдаланылып келеді.

Қазіргі таңда киіз үй – қазақ тарихындағы ең бірінші сәулеттік кұрылыс. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын. Сондықтан шопандар да, туристер де пайдаланады. Киіз үй жер сілкінісіне ынғайлы, өйткені ол оңайлықпен бұзылмайды. Қазақстан жер сілкінісінен зардап шеккен елдерге киіз үй апарып жүр. Киіз үй – жарты ғаламның моделі. Бүкіл ғалам мен адам арасын байланыстырушы.

Рухани мәдениет ретінде қарастырсақ, киіз үй баспана ғана емес арғы әлеммен байланыстырып, қаскөй рухтардан қорғайтын киелі орын.

Бірде мен осы жұмыспен айналысып жүрген кезімде «Наурыз» мейрамында алаңда кұрылған киіз үйдің өте үлкен, әрі сырты өте әсем ұлттық ою – өрнектермен өрнектелген ақ боз үй көзіме түсті. Маған осы киіз үйдің іші де өте қатты ұнады. Үйдің ішіндегі барлық заттар ою – өрнектермен өрнектелген екен. Мұнда сонымен қатар төрдегі өрнекті кілемнің бетіне ілінген қос ішекті домбыра, сәнді етіп қайыспен өрілген қамшы, түлкі терісі, қылқобыз, үлкен көк бөрінің терісі, үйге ерекше сән беріп тұр. Мен бұл көріністі былай түсіндім. Қазақ халқы өте қонақжай, әрі батыл, жау беттеп келе алмайтын өр халық болған деп түсіндім. Осы қасиеттерді қазіргі ұрпақ, біздер, жоғалтпай өз бойымызда сақтап қалуымыз керек. Білім шыңын бағындыра білген әрбір бала бәсекеге қабілетті, күзіретгі тұлға болып қалыптасады және мен оған толық сенемін.

Киіз үй-көшуге қолайлы, жиналып-кұрастырмалы, жазда-салқын, қыста-жылы баспана. Бұл ағаштан, әртүрлі үй жануарларының терілерінен жасалады. Киіз үй қанатына байланысты, алтықанатты, он екі қанатты және т.б. атаулармен аталады. Бұрынғы кездері ақсүйектер, байлар, билер мен хан, патшалар өздерінің ордаларында яғни, үлкен киіз үйлерде өмір сүрген. Бұл қазақ халқының бай болғанының нышаны.

Киіз үй – қазақ халқының атамзаманнан бергі ең жақын серігі, асыл белгісі болып саналады. Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға ынғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға шыдамды. Төбесі күмбез тәрізді болып келгендіктен жаңбыр өтпейді, жинап тігуге оңай. Киіз үйдің негізгі қаңқасын (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық) сүйегі деп атайды. Киіз үйдің сүйегі жасалатын «Үй ағашты» алты ай немесе бір жылда даярлайды. Үй ағашты жасайтын шеберді әдетте «Үйағашшы» деп атаған. Үйағаш басатын шебер үйшілері, шаңырақшылары, үйдің ағаш мүкәмәлін, ағаш ыдыс-аяғын жасайтын даңғайыр ағаш шеберлері, артына ағаш ісмерлігінің мол қазынасын

қалдырды. Соның арқасында үйағашшылық, үйшілік өнері – дара ұлттық ерекшелігімен бүгінге жетті.

Киіз үйдің пайда болуы қола дәуіріне, яғни заманымыздан бұрынғы 3-ші мың жылдыққа саяды. Ал, грек тарихшысы Геродот заманымыздан бұрынғы V ғасырда арғы ата-бабаларымыз сақтардың киіз үйлерде отыратындығын қағазға түсірген.

Киіз үй – мал баққан көшпелі халықтардың қысы-жазы отыратын өте қолайлы және төзімді баспанасы. Ол тез құрылып, тез жиналады. Қыста жылы, жазда салқын болады. Көлеміне және сыртқы кейпіне қарай әр түрлі болып келеді.

Киіз үйді құрайтын негізгі қаңқасын киіз үйдің сүйегі деп атайды. Оларға кереге, уық, шаңырақ, есік немесе сықырлауық жатады. Сүйектері көлеңкеде кептірілген талдан, жіңішке қайыңнан немесе теректен жасалады. Киіз үй жасаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Оны тек шебер-үйші жасайды.

Киіз үйді тігу оңай емес. Алдымен керегені (биіктігі екі метрдей) жайып, әр бөлігін бір-бірімен жалғастырып, бекітеді. Керегенің әр бөлігін «қанат» деп атайды. Қанат саны үй көлеміне қарай көбейе береді. Киіз үй төрт, алты, сегіз, он екі қанатты болады. Хан ордасы отыз қанатқа дейін жеткен.

Керегені құрып болған соң шаңырақты көтереді. Қазақ халқы шаңырақты кие тұтады. Шаңырақ – отан, әулет мағынасында да қолданылады. Оны «қара шаңырақ» деп атайды. Ұл бала әке шаңырағының иесі. мұрагері болып саналады. Киіз үйдің басқа сүйектері ескірсе, оларды жаңартуға болады, ал шаңырақты жаңартпайды. Әдетте, шаңырақты үй иесі, ер адам көтереді. Үлкен киіз үйлердің шаңырағын ат үстінде тұрып бақанмен көтерген. Бақан – бір ұшы екі аша етіп жасалған ұзын сырық.

Шаңырақты көтерген кезде оның жан-жағынан уықтарды шаншыған. Уықтың шаңырақты ұстайтын жағы үшкір, кереге басына байланатын жағы жалпақтау болып келеді, жалпақ жағын тесіп бау өткізеді, оны «уық бау» деп атайды. Осы бау арқылы уық пен керегенің басын біріктіріп байлайды. Шаншылып біткен уықтың сыртынан айналдыра басқұрмен шалмалап таңады.

Шаңырақтан кейінгі ерекше қастерленетін бөлшегі – босаға. Ол табалдырық пен маңдайшадан тұрады. Оның екі жақтау ағашын «таяныш» дейді. Оған сықырлауық орнатылады.

Сықырлауық – киіз үйдің өте әшекейленіп жасалатын сәнді есігі. Бұл ортасынан ашылып-жабылатын жарма есіктерге ұқсас. Ол

екі таянышқа ілмек арқылы ұстасады, ашып-жапқанда сықырлап тұрады, сондықтан оны сықырлауық деп атайды.

Осыдан кейін үйдің сыртынан киіз жабады. Киіздің төрт түрі бар. Олар: туырлық, үзік, түндік, киіз есік. Алдымен туырлықты керегеге керіп, ұзын баулары арқылы уыққа бекемдеп байлайды. Сонан соң бақанның көмегімен үзік пен түндікті жабады. Үзік шаңырақ шеңберінен кереге басына дейінгі аралықты қамтиды. Атауына сай олар үзік-үзік киізден құралады.

Түндік – шаңырақты жауып тұратын төрт бұрышты шағын киіз, Түндік арнаулы бау арқылы оңай ашылып-жабылады.

Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарғақ теріден жасалады. Ол шиыршықтап түріп қоюға ыңғайлы.

Киіз үйдің іші екіге бөлінеді. Олар; төр жақ (төрдің оң жағы, сол жағы), есік жақ (оң босаға, сол босаға). Қазақ халқы киіз үйдің ішін әсемдеп безендірген. Желбау – өрнекті, төгілме шашақты құр, шаңыраққа үш жерден байланып, керегеге асылады. Ол киіз үйге сәндік-жиһаздық сипат береді. Оның негізгі міндеті – дауыл кезінде шаңырақты салмағымен басып тұру [2, 165 б.].

Әдетте, үйдің оң жағына ағаш төсек орнатып, оның тұсына түскиіз ұстап, шымылдық құрады. Төрге жүкаяқ, оның үстіне әбдіре (сандық) қояды. Әбдіреге көрпе-жастық, тағы басқа жүктерді жинайды. Үйдің сол жағына тамақ салатын кебеже, қазан-аяқ салатын аяққап, ыдыс-аяқ (саба, торсық, ожау, кесе, тостақ және т.б.) қойылады да, осы араны шым шимен қоршап жабады. Бұл «ас-су бұрышы» деп есептелінеді. Ал үйдің ортасына тамақ асатын ошақ (таған) немесе темір пеш орнатып қояды.

Сәндік үшін жасалған желбау, бас құрбаулар мен түскиіздер үй ажарын ашып, айрықша рең береді.

Киіз үйді осылай әр отбасы өз қалауларынанша безендіріп жабдықтаған. Жабдыкталған үйдің сәнді, әдемі болуы үй иелеріне байланысты.

Киіз үй тек қазаққа ғана тән емес, көшпенді тайпалардан тараған бүгінгі халықтардың көбіне ортақ мұра. Алайда, әрқайсысының жасалуы мен әсемделуінде айырмашылықтар бар. Мәселен, моңғол, қырғыз, қалмақ киіз үйлері керегелері аласа, шаңыраққа тік уық шанышқан, жалпы тұрқы тапал келеді [3]. Бұл шеберлердің олақтығынан емес, тігілуі, жонылуы, жиналуы оңай, оңтайлылығынан болса керек. Ал қазақ киіз үйі тұрмысқа тиімділігімен қатар, көрмеге қойғандай сыртқы көрнектілігімен, ішкі көркемдігімен ерекшеленеді. Оның сыртқы пішініне қарап-ақ планиметрия, симметрия, шар мен

сфера сынды геометрия мен физика заңдарын кітаптарға қарап оқымаған дала ісмерлері әлемде аталған ғылымдар пайда болмай тұрған кездің өзінде киіз үйді небір дүлей дауылдар жыға алмайтын жұмыр, аспаннан апталап жаңбыр жауса да су сыртымен сырғып ағатын күмбез етіп жасауынан тағы да табиғатпен үйлесім табудың тамаша үлгісін көреміз. Қазақ киіз үйінің керегесі биік, уығы иік, шаңырағы шалқақ келеді. Үйдің қаңқасын құрайтын материалға қарағай, қайың емес, жас күйінде июге көнгіш, кепкенде сол қалпын сақтап қалғыш құба тал пайдаланылған. Уықтың бойы мен керегенің биіктігіне ұзындығы бірден жеткендей тұзу өскен тал әрқашан дайын тұрмайды. Сондықтан қисық немесе бұраң біткен талдарды суға балқыта жібітіп, тезге салып оқтаудай түзетіп, сол қалпын сақтай қатайтып алады. Жарты шеңберлеп шендестірілген шаңырақ қоспасын бекітуге, кереге торларын топсалап көздеуге түйенің мойын тері көнін таспалайды. Киіз үйдің ең кішісі екі керегеден итарқалаған қос. Одан үлкендері, кендері төрттен он екі канатқа дейін, яғни саны сонша керегеден құралады. Керегелердің шеттерін айқастырып, әр тоғысты берік құрлармен орай бекітіп тастаған соң, ол мінсіз шеңберге айналады. Кереге басы сайын уық байлап, ұшын шаңырақ көздеріне сұғып болғанда үй қаңқасы дайын болады. Осынау көшпенділер баспанасы кейде ағаш үй аталатыны сондықтан. Киіз үй аталатын себебі, аталған құрылымның сырты киіздермен қаптап жабылады. Олар үйдің бүкіл қаңқасын және толық қамтитын, бірін-бірі көмкеріп тұратын үзік, туырлық, іргелік дейтін бөліктерден бүркеме етіп жасалады. Үй күмбезінің биігіне бекітілген шаңырақты төрткүлдеп пішілген, әр бұрышына бау тағып, оны белбауға байлайтын түндік жабылады. Түндік үй ішіне жарық түсіру үшін тәулік мезгілдеріне қарай көлеңке жаққа ашылып, түнде жабылып тасталады. Киіз үйдің керемет қасиеті – ішке сырттан суық пен ыстық өткізбейді. Жазира жайлауларда адамдар саф ауамен тыныстап, саялап тынығуы үшін туырлықтың етегі түріліп, іргелік түсіріліп, үй ішіне самал соқтырып қояды.

Мал бабына қарайлаған бабалар қыс бойы, кейінгі қыстау салған аталар қыс қаһарына мінген кезге дейін киіз үйдің ішінде болған. Мұндай кезде ішке суық сіңбеуі үшін туырлық, үздіктерді қосқабаттап жапқан. «Қос туырлықпен үйді ұядай етіп, қаңтар келгенше қырда отырдық» деп өткен-кеткен туралы әңгіме шертетін ата-әжелеріміз күні кешеге дейін болды. Үй ортасындағы ошаққа қызуы шарпитын жынғыл, сексеуіл, қоламталап маздайтын қи мен қу тезек жағып, қыстайтындар соғымынан, күздейтіндер қазан

асы сойысынан ыстық тағам түрлерін, бүлкілдеп піскен сүтін, бұркылдап қайнаған шайын далаға шықпай-ақ дайындап отырған.

Қорыта келе айтарым, Қазақ тарихындағы ең бірінші сәулетті құрылыс – қазақ үй болған. Ешқандай шегесіз, тез құрылып-жиналатын, көшіп-қонуға ыңғайлы киіз үйді қазіргі уақытта көптеген шетелдіктер таңдана тамашалайды. Болашақта осындай қазақ халқының ертеден келе жатқан киіз үйді өрнектеудегі құнды дәстүрлі қолөнерін заманауи дизайнерлік жобада көрсетсем деймін.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Егемен Қазақстан» газеті . 2014 жыл 18 қазан, 2 бет
- 2 М.Қозыбаев . Өркениет және ұлт . Алматы . 2001 , 369 - б .
- 3 [https://massaget.kz/mangilik\\_el/shanyirak/koloner/47635/](https://massaget.kz/mangilik_el/shanyirak/koloner/47635/)

#### 6.14 Заманауи білім беру: өткеннің тәжірибесі, болашаққа көзқарас

#### 6.14 Современное образование: Опыт прошлого, взгляд в будущее

#### ЗОЛОТОЕ СЕЧЕНИЕ В ТЕЛЕ ЧЕЛОВЕКА

АКИШЕВА Л. К.

ученик 5 класса, Школа-лицей № 79, г. Нур-Султан

БЕГИМБАЕВА А. У.

учитель математики, Школа-лицей № 79, г. Нур-Султан

АЛДАНОВ Е. С.

к. ф-м. н., проректор, Университет «Астана», г. Нур-Султан

*«Я уверен, что золотая пропорция и повторение равных величин – основа формообразования в природе и искусстве».*

**Ф. В. Ковалев**

Интерес к пропорциям, точнее симметрии тела человека появился в следствии появления математических последовательностей. По классическому определению, последовательность определяется, как сумма двух предыдущих чисел. Из источников [1–2] мы знаем, числа 0, 1, 1, 2, 3, 5, 8, 13, 21, 34, 55, 89, 144, 233, 377,

610, 987, 1597, 2584, ... называются «числами Фибоначчи, а сама последовательность – последовательностью Фибоначчи».

Эти числа, дошедшие до нашего сведения, были получены математиком, философом неоклассицизма Л. Пизанским, по разным источникам, получившего имя Фибоначчи. В результате посещения стран расположенных на востоке, получил возможность получения знаний по арабской математике и в последующем распространению учения в западных странах [3].

Открытие последовательных чисел получило имя итальянского просветителя. Числа Фибоначчи, описанные в различных исследованиях, позволяют описать особенность в частности [4-5] «при делении любого числа из последовательности на число, стоящее перед ним в ряду, результатом всегда будет величина, колеблющаяся, около иррационального значения 1.61803398875... и через раз превосходящая, то не достигающая его. После 13-ого числа в последовательности этот результат деления становится постоянным до бесконечности ряда». В многих исследованиях классицизма принято, что это число назвать «Божественной пропорцией», в современной математике используется термин «золотое сечение», «золотое среднее» или «золотая пропорция».

Итак, «Золотая пропорция» = 1 : 1,618

$$233 / 144 = 1,618$$

$$377 / 233 = 1,618$$

$$610 / 377 = 1,618$$

$$987 / 610 = 1,618$$

$$1597 / 987 = 1,618$$

$$2584 / 1597 = 1,618$$

«Золотое сечение» можно встретить во многих сферах обитания человека от искусства и архитектуры, до природы и окружающего мира. Данная тема актуальна и в наше время и многие исследователи часто используют ее, как предмет исследования. Меня заинтересовала, возможность использования метода «золотого сечения» для исследования пропорций строения тела человека.

Анализируя прочитанные источники, могу сказать, что впервые термин «Золотого сечения» представлен Пифагором, одним из основоположников современной математики [6]. Хотя в некоторых литературных источниках [7] этот термин был использован ранее в древнем Египте и Вавилоне. О чем свидетельствуют дошедшие до наших дней артефакты, такие как пирамиды, различная утварь, дающие представления о том, что умельцы жившие в этот



период могли использовать пропорции «золотого сечения» для производства и строительства.

Возможности античных греков тоже позволяют судить о том, что они имели не только представления о «золотом сечении», но и активно использовали эти знания при строительстве античных сооружений, храмов, зданий. Они одними из первых возвели человеческое тело в культ, что и по настоящее время является эталоном в различных видах спорта и прослеживается в античных статуях (Аполлон Бельведерский, Венера Милосская).

Исследование Л. Корбюзье (французский архитектор) рельефа с изображением фараона Рамзеса, показали, что искусно выполненные фигуры, позволяют судить о использовании принципов «золотого деления» там же можно увидеть и использованные инструменты [8].

Ярким примером использования методов «золотого сечения» служит храм Парфенон. Доказательствами, могут являться найденные при раскопках измерительный инструмент [7].

Особый интерес эпохи Возрождения к принципам «золотому сечению» можно связать с Леонардо да Винчи, который своими архитектурными и другими инженерными работами, еще больше расширил сферу использования принципов «золотого сечения» [8]. «Пусть никто не будучи математиком, не посмеет читать мои труды». Скорее всего, по моему мнению, интерес Леонардо да Винчи к принципу «золотого сечения» связан с его уникальными возможностями, позволяющими создавать шедевры радующие нас в не зависимости от времени.

Одним из практиков использования принципов «золотого сечения» можно назвать А. Дюрер автора «Трактата о пропорциях». Дюрер пишет: «необходимо, чтобы тот, кто что-либо умеет, обучил этому других, которые в этом нуждаются. Это я и вознамерился сделать» [4].

В работах А. Дюрера связанных с описанием теории пропорций человеческого тела, использование принципов «золотого сечения» имеет важный смысл [3].

### 1.1 Что такое золотое сечение?

*Под термином «золотое сечение» понимается «такое пропорциональное деление отрезка на неравные части, при котором весь отрезок так относится к большей части, как сама большая часть относится к меньшей; или другими словами, меньший*

*отрезок так относится к большему, как больший ко всему.  $a : b = b : c$  или  $c : b = b : a$ », рис.1.*




Рисунок 1 – Геометрическое изображение золотой пропорции

Отмечено [1], что обозначенное греческой буквой «фи» ( $\phi$ ), «золотое сечение» выражается числом \*0,619 (обратное ему 1,618) и обладает рядом любопытных свойств.  $\phi$  – первая буква в имени великого древнегреческого скульптора Фидия, который часто использовал золотое сечение в своих произведениях, а термин ввел великий художник, ученый и изобретатель Леонардо да Винчи (1452–1519). Итак «золотое сечение» – это иррациональное число, оно приблизительно равно 1,618 [2].

### 1.2 Золотое сечение в пропорциях человеческого тела

Пропорции человеческого тела (не у всех) имеют числа, приближенные к «золотому сечению». Попадание пропорций тела в «золотое сечение» позволяет говорить об идеальных пропорциях или сложении. Полученные правила «золотого сечения» человеческого тела, изображают по схеме:  $M/m=1,618$  или  $m/M=0,619$ . Изучая литературу, я узнала, что человеческое тело создано по законам золотого сечения. Ученые обнаружили [9], что для взрослых мужчин это отношение равно в среднем примерно  $13/8 = 1,625$ , а для взрослых женщин оно составляет  $8/5 = 1,6$ . Как правило пропорции мужчин ближе к «золотому сечению», чем пропорции женщин, но, если женщина в обуви на каблуках, то может оказаться ближе к «золотым» пропорциям. Новорожденный ребенок появляется с пропорциями  $1 : 1$ , к 13 годам она равна 1,6, а к 21 году у мужчин равняется 1,625. Пропорции «золотого сечения» проявляются и в соотношении различных частей тела человека – длины плеча, предплечья и кисти, кисти и пальцев.




Рисунок 2 – Аполлон Бельведерский

Скульпторы утверждают: «что талия делит совершенное человеческое тело в отношении золотого сечения» [9].

К примеру, дошедшая до наших дней статуя Аполлона Бельведерского рис. 2 состоит из частей, делящихся по золотым отношениям.

Природа наградила человека пропорциями тела:

- четыре ладони равны стопе,
- шесть ладоней составляют один локоть,
- четыре локтя – рост человека,
- четыре локтя равны шагу, а двадцать четыре ладони равны росту человека,
- наибольшая ширина плеч – восьмая часть роста,
- расстояние от локтя до кончиков пальцев –  $1/5$  роста, от локтя до подмышечной ямки –  $1/8$ ,
- длина всей руки – это  $1/10$  роста,
- стопа –  $1/7$  часть роста.




Рисунок 3 – Ладонь человека

Также формула золотого сечения видна при взгляде на указательный палец рис.3. У человека 2 руки, пальцы на каждой

руке состоят из 3 фаланг (за исключением большого пальца). На каждой руке имеется по 5 пальцев, то есть всего 10, но за исключением двух фаланговых больших пальцев только 8 пальцев создано по принципу золотого сечения (цифры 2, 3, 5 и 8 – это и есть числа последовательности Фибоначчи).

Сумма двух первых фаланг пальца в соотношении со всей длиной пальца = золотое сечение (за исключением большого пальца). Соотношение средний палец / мизинец = золотое сечение.

Также следует отметить тот факт, что у большинства людей расстояние между концами расставленных рук равно росту. Кости человека выдержаны в пропорции, близкой к золотому сечению. И чем ближе пропорции к формуле золотого сечения, тем более идеальным выглядит внешность человека.

Если расстояние между ступней человека и точкой пупа = 1, рис.4, то рост человека = 1.618.

Расстояние от уровня плеча до макушки головы и размера головы равно 1:1.618

Расстояние от точки пупа до макушки головы и от уровня плеча до макушки головы равно 1:1.618. Расстояние точки пупа до коленей и от коленей до ступней равно 1:1.618. Расстояние от кончика подбородка до кончика верхней губы и от кончика верхней губы до ноздрей равно 1:1.618

Расстояние от кончика подбородка до верхней линии бровей и от верхней линии бровей до макушки равно 1:1.618 рис.5.

Расстояние от кончика подбородка до верхней линии бровей и от верхней линии бровей до макушки равно 1:1.618

Высота лица / ширина лица равно 1:1.618

Центральная точка соединения губ до основания носа / длина носа равно 1:1.618

Высота лица / расстояние от кончика подбородка до центральной точки соединения губ равно 1:1.618

Ширина рта / ширина носа равно 1:1.618

Ширина носа / расстояние между ноздрями равно 1:1.618

Расстояние между зрачками / расстояние между бровями равно 1:1.618

Точное наличие золотой пропорции в лице человека и есть идеал красоты для человеческого взора. Таким образом, по теории мы увидели, что природа человеческого тела подчиняется закону золотого сечения. А теперь увидим на практике.






Рисунок 4 – Пропорции тела человека




Рисунок 5 – Пропорции лица человека

### ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ЧАСТЬ

Для проведения исследования определения золотого сечения числа Фибоначчи, были выполнены измерения пропорций учеников 5-Б класса, школа-лицей №79 по критериям, результаты занесены в таблицу 1.

Таблица 1 – Результаты измерений пропорций тела учеников 5 Б класса

№	ФИО ученика	Рост, см	Расстояние от пупа до стопы, см	М/м	Золотое сечение (есть или нет)
1	Рахманкул Алдияр	140	87	1,61	Есть
2	Кульбака Кира	142	88	1,61	Есть
3	Кадырова Румина	155	95	1,63	Есть
4	Рамазан Аяла	148	91	1,62	Есть
5	Султан Жания	153	95	1,61	Есть
6	Мусаипова Адель	140	81	1,72	Нет

7	Курбанов Имиль	142	88	1,61	Есть
8	Толугали Мади	141	87	1,62	Есть
9	Әмірхан Абылай	145	83	1,75	Нет
10	Алиева Айлина	132	77	1,71	Нет
11	Бахыт Алтынбек	140	81	1,73	Нет
12	Казбек Самир	147	85	1,72	Нет
13	Щербакова Мария	160	98	1,63	Есть
14	Асетулы Арон	145	81	1,79	Нет
15	Баетов Мирас	146	90	1,62	Есть
16	Байгарина Алина	150	93	1,61	Есть
17	Саттыбай Дархан	156	97	1,61	Есть
18	Мукитанов Алияр	139	82	1,69	Нет
19	Булатбек Жанадиль	147	86	1,71	Нет
20	Минайдар Медина	140	87	1,61	Есть

Результаты измерений:

- у 60 % в отношении присутствует 1,61–1,63
- у 40 % отношение равно 1,71–1,79
- Самые пропорциональные телосложения оказались у 7-х учеников (35 %)

В таблице 2, представлены результаты измерений пропорций тела учеников 5-Б класса по критериям.

Таблица 2 – Результаты измерений пропорций тела учеников 5-Б класса

№	ФИО ученика	Расстояние от плеча до локтя, см	Расстояние от локтя до кончиков пальцев, см	м/М	Золотое сечение (есть или нет)
1	Рахманкул Алдияр	25	35	0,7	Нет
2	Кульбака Кира	28	36	0,7	Нет
3	Кадырова Румина	30	42	0,7	Нет
4	Рамазан Аяла	27	35	0,7	Нет
5	Султан Жания	30	38	0,78	Нет
6	Мусаипова Адель	22	38	0,6	Есть
7	Курбанов Имиль	28	40	0,7	Нет
8	Толугали Мади	29	36	0,8	Нет
9	Әмірхан Абылай	23	37	0,62	Есть
10	Алиева Айлина	23	30	0,76	Нет

11	Бахыт Алтынбек	28	45	0,62	Есть
12	Казбек Самир	30	37	0,81	Нет
13	Щербакова Мария	31	41	0,75	Нет
14	Асетулы Арон	31	48	0,64	Есть
15	Баегов Мирас	31	38	0,81	Нет
16	Байгарина Алина	28	37	0,75	Нет
17	Саттыбай Дархан	32	50	0,64	Есть
18	Мукитанов Алияр	28	45	0,62	Есть
19	Минайдар Медина	27	43	0,63	Есть
20	Булатбек Жанадиль	27	44	0,61	Есть

Результаты измерений:

- у 40 % в отношении присутствует 0,61–0,64
- у 60 % отношение равно 0,7–0,81
- Самые пропорциональные телосложения оказались у 3-х учеников (15 %)

В таблице 3, представлены результаты измерений пропорций тела по критериям учеников 5-Б класса.

Таблица 3 – Результаты измерений пропорций тела учеников 5Б класса

№	ФИО ученика	Расстояние от локтя до кончиков пальцев, см	Расстояние от локтя до начала кисти руки, см	M/m	Золотое сечение (есть или нет)
1	Рахманкул Алдияр	35	20	1,75	Нет
2	Кульбака Кира	36	22	1,63	Есть
3	Кадырова Румина	42	25	1,68	Нет
4	Рамазан Аяла	35	22	1,60	Есть
5	Султан Жания	38	24	1,6	Есть
6	Мусаипова Адель	38	22	1,72	Нет
7	Курбанов Имиль	40	25	1,6	Есть
8	Толеугали Мадид	36	22	1,63	Есть
9	Әмірхан Абылай	37	23	1,6	Есть
10	Алиева Айлина	30	19	1,57	Нет
11	Бахыт Алтынбек	45	28	1,6	Есть

12	Казбек Самир	37	23	1,6	Есть
13	Щербакова Мария	41	27	1,51	Нет
14	Асетулы Арон	48	30	1,6	Есть
15	Баегов Мирас	38	23	1,65	Есть
16	Байгарина Алина	37	24	1,54	Нет
17	Саттыбай Дархан	32	20	1,6	Есть
18	Мукитанов Алияр	28	17	1,6	Есть
19	Булатбек Жанадиль	27	17	1,6	Есть
20	Минайдар Медина	27	18	1,5	Нет

Результаты измерений:

- у 65 % в отношении присутствует 1,60–1,65
- у 35 % отношение равно 1,51–1,75
- Самые пропорциональные телосложения оказались у 10-х учеников (50 %)

#### ВЫВОДЫ

В результате выполнения трех измерений выявлено, что среди учеников моего класса у Саттыбай Дархана телосложение наиболее подходит под золотую пропорцию.

А измерения моего тела, представленные в таблице 4 и на рис.5, показали значения близкие к золотой пропорции.

Таблица 5 – Параметры моего тела для получения числа Фибоначчи

Рост, см	Расстояние от пупа до стопы, см	M/m	Золотое сечение (есть или нет)
145	90	1,61	Есть
Расстояние от плеча до локтя, см	Расстояние от локтя до кончиков пальцев, см	m / M	Золотое сечение (есть или нет)
26	39	0,66	Есть
Расстояние от локтя до кончиков пальцев, см	Расстояние от локтя до начала кисти руки, см	M/m	Золотое сечение (есть или нет)
39	25	1,6	Есть



Рисунок 5 – Проведение измерений по определению числа Фибоначчи

Проведенная работа доказывает, что человек, тело которого подчиняется правилу «золотой пропорции», считается действительно красивым.

#### ЗАКЛЮЧЕНИЕ

– Золотое сечение – это один из основных основополагающих принципов природы;

– Человеческое представление о красивом явно сформировалось под влиянием того, какой порядок и гармонию человек видит в природе.

– Золотое сечение является отображением окружающего мира.

Надеюсь, что моя исследовательская работа поможет многим взглянуть на себя по-другому. Очевидно, золотая пропорция обладает каким-то особым свойством, в ней скрыта загадка природы, которую ещё предстоит открыть.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Брунов Н. Пропорция античной и средневековой архитектуры, М.:Изд. Всесоюзной академии архитектуры, 1936.–125с.

2 Васютинский Н. Л. В 20 золотая пропорция. – М.: Мол. Гвардия, 1990.–137с.

3 Зверев И.Д. экология в школьном обучении: Новый анапест образования. Серия «Педагогика и психология». – М., Знание,1980.–178с.

- 4 Д. Пидоу. Геометрия и искусство. – М.: Мир,1989.–69с.  
 5 Журнал «Квант», 1973,№8.–С.25-34.  
 6 Журнал «Математика в школе», 1994, №2.–С.19-22, №3.–С.31-37.  
 7 Золотое сечение Фибоначчи. Божественная мера красоты. TheJizn. 1.04.2017. [Электронный ресурс] www.thejizn.com [Дата обращения 9.04.2020]  
 8 Золотое сечение в пропорции тела. 10.03.2014 [Электронный ресурс] <https://infourok.ru/issledovatelskaya-rabota-zolotoe-sechenie-v-proporciiyah-tela-cheloveka-3151932.html>. [Дата обращения 11.04.2020]  
 9 Золотое сечение. 21.03. 2014 [Электронный ресурс] <https://nsportal.ru/ap/library/nauchno-tehnicheskoe-tvorchestvo/2019/03/26/proekt-po-teme-zolotoe-sechenie-v> [Дата обращения 13.04.2020]

### ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН «ЕСОВАЛА» ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҒЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

АЛДАШЕВА А. М.

10 сынып оқушысы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.  
 КУАТОВА А. С.

гуманитарлық ғылымдар магистрі, казак тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,  
 ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

**Андатпа.** Қазіргі таңда табиғат құндылықтарын бағалай білетін, адам мен табиғат арасындағы байланысты түсінетін, табиғатты қорғау үдерісіне белсенді атсалысатын жаңа ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру барысында экологиялық білім беру сапасын жоғарылатуға бағытталаған заманауи мектептің қызмет етудегі концептуалды негіздерін өзгерту қажеттілігі туындауда.

**Ғылыми жобаның мақсаты:** Оқушылардың экологиялық сауаттылығын қалыптастыруға арналған «Есoвaлa» электронды оқулығын жасау.

#### Ғылыми жобаның міндеттері:

– «Оқушының экологиялық сауаттылығы» тұжырымдамасының мәнін ашу;

– Оқушылардың экологиялық сауаттылығының компоненттерін, көрсеткіштері мен деңгейлерін сипаттау;

– Экологиялық сауаттылықты қалыптастыру факторларын анықтау;

– Оқулықтың контентін әзірлеу

**Зерттеу нысаны:** жоғары сынып оқушыларының экологиялық сауаттылығы.

**Гипотеза:** оқушылардың экологиялық сауаттылығының компоненттері, көрсеткіштері мен деңгейі анықталса, әсер етуші факторлары, электронды оқулықты жасау барысында мазмұны мен педагогикалық ұйымдастыру ерекшеліктері ескерілсе, бастауыш сынып оқушыларының экологиялық сауаттылығының қалыптасуына әрі экологиялық мәдениетінің дамуына септігін тигізеді.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі:** Павлодар өңіріндегі антропогендік фактор әсерінен экологиялық жағдайдың нашарлауы, ересектердің экологиялық мәдениет деңгейінің төмендігі.

2 Осуществлять большую индивидуализацию воспитания с учётом половой принадлежности подростка, формировать притягательный образ собственного пола и соответствующей половой роли. Основными методами могут быть чтение литературы, просмотр фильмов, с обязательной фиксацией на особенностях поведения того или иного героя, связанных с полом, организация сюжетно-ролевых игр.

3 Необходимо обеспечить детям полноценное общение с представителями своего и противоположного пола. Желательно проведение занятий по гендерному развитию детей, которые может осуществлять психолог.

Исследуя полоролевою идентификацию у подростков, можно утверждать следующее. Осознание себя как представителя определённого пола, эмоциональная причастность к своему полу, принятие соответствующей половой роли имеют важное значение для формирования самосознания. Семья, как первая и наиболее значимая среда, должна формировать у полоролевые ориентиры. В процессе дальнейшей социализации и общение со сверстниками могут помочь подростку в становлении полоролевого



поведения. Грамотное психолого-педагогическое сопровождение при непосредственном участии родителей позволит своевременно заметить и скорректировать деформацию личностного развития, в том числе и связанную с полоролевой идентификацией.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Берн Э. Люди, которые играют в игры. – М., Лениздат, 1992.
- 2 Захаров А.И. Как предупредить отклонения в поведении ребёнка. - М., 1986.
- 3 Каган В.Е. Воспитателю о сексологии. - М., 1991.
- 4 Мухина В.С. Психология дошкольника. - М., 1975.
- 5 Снягина Н.Ю. Психолого-педагогическая коррекция детско-родительских отношений. - М., 2001.
- 6 Смирнова Е.О. Детская психология. - М., 2001.

#### СУРЕТ САЛУДЫ ҰНАТАМЫН. ҚҰММЕН СУРЕТ САЛУ

САТБЕК Д. А.

4 сынып оқушысы, № 1 Қазақ орта мектебі, Ақсу қ.

ШТИФЕЛЬ Г. Б.

ғылыми жетекші, № 1 Қазақ орта мектебі, Ақсу қ.

ЖАПАРОВА К. К.

оқу ісінің меңгерушісі, № 1 Қазақ орта мектебі, Ақсу қ.

#### Зерттеу мақсаты:

Құм терапиясының мақсаты: Балалардың құм терапиясында қиял, көрнекі – бейнелік ойлауды, сөздік – логикалық ойлауды, көрнекііс-әрекеттік ойлауды, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту.

#### Зерттеудің өзекті мәселесі

1. Қазіргі таңда құмды пайдаланып, сурет салу.
2. Құммен салудың өзіндік сикқыры мен емдік қасиеті.

#### Ғылыми болжамы

Құммен сурет салу – жалпыға ортақ өнер. Бүгінде зейінді арттыру мақсатында көбіне сәбилерді баулып жүр. Сәби үшін негізгі пайдасы – саусаққа тиген құм түйіршіктері бойдағы ұйықтап жатқан әрбір клетканы оятады екен. Ол жүйке жүйесін де тыныштандырады.

#### Ғылыми жоба үш негізгі бөлімнен тұрады:

##### I. Кіріспе.

II. Құммен сурет салудың медицинада алатын орны, ерекшелігін зерттеу.

III. Қорытындылау және зерттеу жұмысы бойынша ұсыныс.

##### Кіріспе

Алғашында құммен сурет салу – мультфильмдер, анимациялық фильмдер шығару үшін пайдаланылған. Сурет салудың осындай техникасында құмнан өзге жарма, кофе, тұз, басқа да ұсақ заттар қолданылады. Құммен сурет салу – 20 ғасырдың 70 жылдары АҚШ-та пайда болып, Батыста қанат жайған жас өнер. Қас-қағым сәтте әйнек бетіне құммен салынған ғажап суреттерді үп еткен жел немесе болмашы қимыл әп-сәтте бұзып кетсе де, осынау нәзіктікті көрген жан әсерсіз қалмасы сөзсіз. Осы өнерді игерем деуші адам үшін ең бастысы – шеберлік, себебі суретшіден тек әйнек бетіне бейнелерді түсіріп қана қоймай, құмды сезіне білу қабілеті талап етіледі [1, с. 344].

##### Негізгі бөлім:

**Бірінші кезеңінде** (2019ж.қыркүйек-қазан-2020ж наурыз) анықтау эксперименті жайында мәліметтер, ақпараттық әдіс-тәсілдері іздестіріп, мәліметтер жинадым.

**Екінші кезеңінде** (2020сәуір-тамыз) анықтау экспериментінен алынған материалдарға қарап, жан-жақтылығын бақылап, бояумен, қылқаламмен, түрлі-түсті қарындаштармен, құммен сурет салу жұмыстар жүргізіледі.

**Үшінші кезеңінде** (2020ж.тамыз-қыркүйек) Ұсынылып отырған эксперименттің қорытындысы бойынша тұжырымдамалар жасалынады.

Мен алғашқы суретім арнайы дүкеннен құммен боя арналған қошқардың, сонымен қатар басқада суретерді боядым. Қолымды жаттықтырыпалған соң, шынының үстіне өз ойымнан суреттер сала бастадым. Құммен сурет салуда адам ішкі сырын сурет арқылы сыртқа шығарады. Құмды алдымен даладан алып келіп, оны жақсылап елеуіштен өткізу керек. Түрлі-түсті бормен, сиямен әртүрлі түске бояп аламыз. Құмды бояғанда ас ішетін бір қасық құмға бір бор жеткілікті. Құммен суретті шының үстіне саламыз. Өзім қалаған суретті салуға алдымен керекті түстерді дайындап аламын. Ол түстерді дайындау үшін бір күн қажет. Себебі құмды сиямен бояп, оны духовкада 10 минут кептіріп алып күннің көзіне бір күн қоямын, сол кезде ол жақсы кебеді. Келесі күні өзім таңдаған суретті салуға кірісемін. Бір суреттің өзі 3–4 сағатты алуы мүмкін, кей кезде бір күнге созылады [2, с. 218].





Сурет 1 – Құммен сурет салу



Сурет 2 – Дайындық кезеңдері

### Денсаулықты нығайтады

Ақсу қаласының емхана бас мамандарымен және де мектеп психологымен кездестім.



Сурет 3 – Мектеп психологымен кездесу

Дәрігерлер сал ауруымен ауыратын балаларға құммен сурет салуға кеңес береді екен. Өйткені, саусаққа тиген құм түйіршіктері бойдағы ұйықтап жатқан қантамырларын іске қосады екен. Жүйке жүйесін тыныштандырып, балаға сенімділік сыйлайтыны тағы бар. Негізі құмның денсаулыққа пайдасы көп. Бойдағы жағымсыз энергияны, суықты сіңіріп алады [3, с. 27].

Құмды елеп, жуып, тазалап, кептіреміз. Өйткені, бейненің таза әрі дәл шығуы құмға тікелей байланысты. Кейде жаны нәзік, кез келген нәрседен секем алғыш балалар болады ғой. Себебі адамға

құмы аллергия беруі мүмкін. Сондықтан, барынша тазалыққа, ұқыптылыққа мән береміз. Ойға алған бейне бір сәтте шыға қоймайды. Суретті бірнеше рет қайта салуға тура келеді. Сонда ашуға берілмей, сабырлы болу керек. Шыдамсыздық танытса, жүйкеге салмақ түсіреді.

Осылай ыстық құмның астында ересектер 25–30 минут, балалар 10–15 минут жатуы керек. Кейін жарты сағат көлеңке жерде демалады. Аурудан айығу үшін бұл емді 10–12 күн қайталау қажет.

Шешім: Құммен сурет салу – бұл балаға деген кішкентай мейрам, себебі оны балабақшада, үйде, мектепте немесе басқа жерде өткізуге болады. Қазіргі таңда құм анимациясы өте танымал және сонымен қатар оған маңызды себептері де бар. Құммен сурет салу өнері – жай, қолжетімді, аса қымбат емес қызықты іс.

Менің бойыма суретке деген дарындылық анамнан, ал анама нағашы атамнан берілген екен. Нағашы атам өзінің еңбек жолдарын суретке арнаған екен. Көптеген суреттер салған, бірақ та нағашы атамның бір жері үйде өзі салған портреттерді сақтамайды, таныс адамдарына, достарына сыйға таратып берген.



Сурет 4 – Менің бос уақытым

Менің аяулы анам үйде бос уақытында сурет салғанды ұнатады. Адам сурет салу барысында өз бойындағы бар қиыншылықты ұмытып, бар ынта жігерін суретке салып ұмытады. Сурет салу барысында қандай бір жақсы сезімде, болашаққа көз салуға, алдағы уақытты көз алдына елестетуге болады. Бір сөзбен айтқанда адамның жүйке жүйесі дем алады.

Менің гипотезамды тексеру үшін зерттеу үш бөлімнен тұрды.

Кесте 1

Бөлім	Мақсат	Қолданылатын әдістер
Бөлім Теориялық зерттеу әдістері	Құм және оның қасиеті туралы әдебиет энциклопедияларынан оқып танысу	– Өзім ойлану – ата-анама сұрақ қою – ғаламторға, кітаптардан қарау қарау
2. Бөлім Зерттеу	– Құммен жұмыс істеу барысында ұсақ қол моторикасын және эмоционалды сферасын дамытатынын білу; тіл табысып және бірігіп жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу – Денсаулыққа тигізетін әсері қандай?	– бақылау – сараптама – салыстыру – сауалнама жүргізу
3. Бөлім Практикада нәтижені қолдану	қазіргі таңда құммен сурет салып жүрмін.	Қорытынды жасау

Мен үйде бос уақытымды арнайы үстелімде құммен сурет салуға арнаймын. Себебі сурет салу менің сүйікті ісім. Негізі мен болашақта дизайнер болғым келеді. Мен жұмыс істеп болғанда дайындаған түрлі – түсті құмдарым артық қалады. Сондай кезде бос стақанды сатып алып, ішіне жаймен құмды саламын. Стақан әдемі май шам қоятын ыдыс болып шыға келеді. Сосын осы сувенирді сатамын. Жалпы сатып алған құралдарыма 600 теңге жұмсап, дайын сувенирді 1000 теңгеге сатамын. Сол себепті болашақта осындай заттарды сатып, бизнесумен болғым келеді.



Сурет 5 – Менің өз қолыммен жасаған сувенирім

### Қорытынды

«Құммен сурет салу» тақырыбы бойынша өз ойымды қорыта келе құмның адам денсаулығына тигізер пайдасының өте көп екендігін зерттей келе төмендегідей ой түйдім:

Зерттей келе негізгі шараларды ұсынамын:

1. Ақсу қаламызда балаларға арналған құммен сурет салу үйірмелері ашылып, қолға алынса;

2. Жалпы адамның денсаулығын нығайтатын құм терапиясы да нүктелік емдеу терапиясы туралы жүйелі жазылған жинақ кітапшалары көптеп жарық көрсе;

3. Елімізде заман талабына сай құмнан жасалынған сапалы сувенирлер ретінде дайындау үшін арнайы жерлердің болуы қолға алынса.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Прутникова Т. Г., Песочная терапия ., Көкшетау, 2011. – 344 б.

2 Қирабаев С. М., Талантты құрмет. – М., 1988. – 218 с.

3 «Денсаулық» журналы. – № 5. – 2015. с. 27–34.

4 «Қазақстан ұлттық энциклопедиясы», Алматы, - 2004.-334 б.

### ЭКО-КОМИКСТЕРДІҢ БАЛА ПСИХОЛОГИЯСЫНА ТИГІЗЕР ӘСЕРІ

УСИНОВ Д. Е.

оқушы, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназиясы, Павлодар қ.  
ҚАЖЫҒҰМАР Ұ. А.

гуманитарлық ғылымдар магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,  
Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназиясы Павлодар қ.

Адам үшін табиғат – ең қасиетті де қастерлі ұғым. Өйткені адамның өзін дүниеге әкелетін аяулы да асыл жан анасы болса, адамның табиғатты «Ана» деп құрметтеуінде өте үлкен мән жатыр. Адамның табиғатсыз өмір сүруі мүмкін емес. Себебі адам өзіне керекті, қоректі заттардың бәрін табиғаттан алады. Сан ғасыр бойы халқымыз кең далада өзін аялаған табиғат аясында көшіп-қонып тіршілік еткен. Табиғатқа аялы алақан, жылы жүрек сезімі мен көздің қарашығындай қамқорлық керек екеніне ерекше мән берген.

Өкінішке орай, қазіргі таңда адамдардың жер-анамызға тиесілі жанашырлық танытпай отырған жайы бар. Бүгінгі күні адамның белсенді әрекеті Жерге қалпына келтірілмейтін зиян келтіруде.

Адамның табиғатқа әсері мыңдаған жылдар бойында қалыптасқан табиғи жүйелерді өзгерту, сондай-ақ, топырақты, су көздерін, ауаны ластау арқылы жүзеге асуда. Зиянды газдардың шығындары біз тыныс алатын ауаны ластайды. Жағылатын оттың орасан зор мөлшері Жердегі климаттың жылынуына әкеліп соғады. Ал халық қолданып жүрген пластиктің қауіпі адамдар үшін де, жан-жануарлар үшін де өте қауіпті. Қазіргі таңда жануарлардың шамамен 800-дей түрінің пластикті жеп қоюына байланысты және пластикпен улану салдарынан жойылып кету қаупі төніп тұр. Бұндай олқыдықтардың алдын алуды іске асыратын экологиялық тәрбие мен білім беру – қазіргі таңдағы айқын бағыттардың бірі.

Айқын бағыт жолында барша оқырманды қызықтыратын комикстер тек оқу ғана емес, сонымен қатар тәрбиелік функцияларды да орындай алады. Түсіну мен моральдық бағалауды қажет ететін кез-келген, тіпті ең қиын өмірлік жағдайды комикс беттерінде оңай модельдеуге болады [1, 240 б.]. Комикстер бізді сол мәселе төңірегінде ойланып, одан шығудың мүмкін жолдарын қарастыруға итермелейді. Сондықтан эко-комикстерді эко-тәрбие мен эко-сауаттылықтың негізі етіп қарастыру аса маңызды.

Бүгінгі күні бүкіл адамзаттың алдында тұрған өмірлік маңызы бар ауқымды мәселелердің ішінде табиғатты қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Бүкіл елде бастау алған эко-еріктілер жасағы қоршаған ортамыздың күзетшілері іспеттес. Мектеп оқушылары арасында өтетін «ЭКО-Әлем» ойыны да өз есебінен экологиялық сауаттылықты қалыптастырады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы жылғы мектеп бағдарламасына «Балалардың экологиялық білімі» пәнін енгізу туралы берілген тапсырмасы елімізде экологиялық тәрбиені қалыптастырудың аса қажет екенін аңғартады. Осы тұста өскелең ұрпақтың бойында қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік пен жанашырлықты балалар мен ересектердің аса қызығушылықпен оқитын комикстері арқылы қалыптастыру жұмыстың өзектілігін айқындайтыны сөзсіз.



Сурет 1 – Манга Хокусай, 19 ғ. басы

Ең алдымен, комикс ұғымының мағынасын ашып алайық.


Комикстің көптеген анықтамалары бар, бірақ тұтастай алғанда олардың барлығы «Комикс – бұл кез-келген оқиғаны баяндайтын суреттер тізбегі» деген пікірге ұштасады. Көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша, комикс – бұл әңгімелеу мен визуалды әрекеттің бірлігі. «Комикстердің мәні» кітабының авторы Скотт МакКлауд, «бірзді кескіндер» деген қысқаша анықтамамен қатар «жапсарлас суреттер және мағыналық бірізділіктегі тағы басқа суреттер» деген толық анықтама береді [2, 222 б.]. Ал француз профессоры Жордж Садул комикстерді «суреттердегі әңгімелер» ретінде таныды [3].

Кей мемлекеттерде суретпен салынған шығармалардың өзіндік атауы бар. Француз тілді елдер комиксті bande dessinée, яғни суретпен салынған лента десе, жапониялық комикстер манга, ал қытайлық манхуа деп аталады.




Сурет 2 – «Монье» криптографиялық ойынының тарихы Родольф Тёпфер, 1830 ж.

Өнердің бұл түрі әр мемлекетте әртүрлі жолмен дамып отырды. Еуропалықтар олардың дәстүрлері 1827 жылы швейцариялық Родольф Тёпфер басталды деп санайды (2-сурет). Ал американдықтар комикс дәстүрлерінің шығу тегін Ричард Ф.Аутконның 1890 жылдардағы «Сары бала» газетінен көрді (3-сурет).



Сурет 3 – «Сары бала» Ф. Ауткон, 1890 ж.

Жапондық суретші укиё-э Хокусай (1-сурет) 19 ғасырдың басында Манга комикстер мен мультфильмдер үшін жапон терминін кеңінен таратты.



4-сурет

Комикстердің баланың дамуына тигізер әсерін зерттеп саралау үшін Торайғыров университетінің психология және педагогика ғылымдарының PhD докторы, қауымдастырылған профессор Нурғалиева Муршида Елубаевнамен Zoom платформасы арқылы сұхбаттастым (4-сурет).

Сұрақ: Муршида Елубаевна, комикстерді оқу баланың дамуына қандай әсерін тигізеді?

Жауап: Комикс – оқырман мен автор арасындағы қарым-қатынастың ерекше тәсілін қамтитын өнердің ерекше түрі. Суреттер сюжеттің жалпы көңіл-күйін, көңіл-күйдің көптеген реңктерін де дәлірек жеткізеді, ал балалардың бейнені және символдар арқылы оқиғаны қабылдауы «жалаң мәтінге» қарағанда көбірек ақпарат береді. Қазіргі таңда балалар мен ересектердің арасында аса жоғары сұраныс пен кең танымалдыққа ие «суретті хикаяттар», яғни комикстер балалардың өсіп жетілуіне де зор үлесін тигізеді.

Біріншіден, баланың сөйлеу машығы жақсы дамиды. Себебі олар бір-бірімен байланысқан суреттерді көре отырып, оқиғаны басқаша түсіндіріп бере алады. Сондай-ақ, комикстің құрылымына сай (бос орындардың көп болуына байланысты) балалар кейіпкерлердің адами сипаттамаларын өздері ойластырады.

Екіншіден, оқуға ынталандырады. Бала суретті қарап қана қоймай, кейіпкерлердің не туралы сөйлесетінін білуге қызығушылық танытады.

Үшіншіден, бала болжап үйренеді. Комикстердегі басты назар әңгімелеуге емес суреттердегі іс-әрекеттерге бағытталғандықтан, суреттер мен тіркес сөздер балаларға оқиғаның қалай құрылатынын түсінуге көмектеседі. Яғни логикасын дамытады.

Төртіншіден, сауаттылығын арттырады және егер комиксті өзге тілдің түпнұсқасы арқылы оқыса, сол тілді үйрену қабілеті арта түседі.

Оқытудың ескі құралы – мәтіндік ақпараттар көлемі мен қабылдау деңгейінің төмендігі салдарынан өзінің тиімділігін жоғалтуда. Ал оның орнына мәтіндік ақпараттардың орнын басатын көптеген графиктік кескіндер, схемалар, комикстер туындай бастады. Бүгінде олардың алуан түрлілігі тез артып келеді.

Ғаламды жаулаған экологиялық мәселелердің мәнін эко-комикстер арқылы жеткізу – заман талабынан туындайтын қажеттілік деп білеміз. Себебі эко-комикс негізгі идеяның түйіндеме нүктелерін анықтай отырып, бейнені оқиғаны, құбылысты қабылдау процесінде қажетті екіпіндерді дұрыс орналастырады және адамның назарын басты мәселеге аударуға көмектеседі.

Оқушылардың эко-комикстарға деген қызығушылығын анықтау үшін гугл формасы арқылы сауалнама жүргіздік



Оқушыларға 2 форматтағы экологиялық жұмыс ұсындым. Біріншісі мәтін болса, ал екеншісі өзім жасаған шағын суретті өңгіме (1-кесте).

Кесте 1

Мәтін	Өзім жазған шағын суретті өңгіме
<p>«Қағаздан жасалған» кофе ішуге арналған тек бір реттік стакандардың ішкі жабын қабаты жұқа полистирол орамамен оралған. Бұл ораманың кесірінен беткі жабын қабаты қағаздан жасалған ыдысты қайта өңдеу мүмкін емес. Оның адамға тигізер зияны зор.</p> <p>Полистирол қақпағы ыстық сұйықтықпен жанасса, зиянды зат бөліп шығалады. Сол үшін бұл бір реттік ыдысты көп реттік қолданысқа ие басқа ыдыспен алмастыру қажет.</p>	<p>Сәлем! Менің құпиям бар...</p> <p>Мен кофе станциямын, бірақ қағаздан жасалған жоқпын</p> <p>Дүім жүзде полистирол орамамен қапталаған және ол менімен мәуілікке бірге...</p> <p>Ал мен полистирол қарағанын немесе истанған адымға жинады жет болып шығарамын. Сол үшін мені жиі қолданатын оны ыдыста алмастыр.</p> <p>Бірақ мені ешкім естимейді...</p> <p>Адамдар мені сұйықтықты ұстап тұру үшін осындай етіп ойлап тапты</p> <p>Осы ораманың кесірінен мен қағазбен қайта өңделсе алымайын. Сол себепті кей кездерде көңіл-күйім түсіп кетеді...</p> <p>Келесі өмірде қағаз дептерге айналсам немесе жылу өшіретіндерге арналасын, адамдардың үйлерін жығтсам керемет болар еді.</p> <p>Полистирол орамамен қапталағандықтан, бұл тек арман болып қалады...</p> <p>Бұрын мен осындай үлкен және адым ағаш едім. Ал енді жерде жатымын, себебі мені қайта өңдеу мүмкін емес.</p> <p>Менің ішімдегі тігістің кесірінен тек бір ғана өмірім бар.</p>

Сауалнама сілтемесі: [https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdoEMvBaDEbj9\\_aNzoqbEluSH0-grTtVAOY4SML25yZReStuw/viewform?vc=0&c=0&w=1&flr=0](https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdoEMvBaDEbj9_aNzoqbEluSH0-grTtVAOY4SML25yZReStuw/viewform?vc=0&c=0&w=1&flr=0)

#### Оқушылардан жүргізілген сауалнама қорытындысы



Рисунок 5

Сауалнамаға қатысқан сыныптастарымның жауаптарын қорытындылай келе эко-комикстер жаңа заман талабына сәйкес балалардан қызығушылығын арттырып қана қоймай, эко-тәрбие мен эко-сауаттылықты қалыптастыратын оқу құралы бола алады деген қорытынды шығарамыз. Себебі комикстердің арттыратындығы оқушылардың жауаптарынан анық байқалады. Себебі сауалнамаға қатысқан 26 бала толықтай эко-комикске деген қызығушылығын танытты.

Экологиялық тәрбиені қалыптастыратын комикстердің негізгі артықшылықтарын атап өтейік:

- 1) оқуға деген ынтаны арттырады, өйткені комикстер қабылдау мен білім алудың эмоционалды-сезімдік жағына бағытталған;
- 2) оқу материалын оқу және есте сақтау процесін жеңілдетеді, өйткені ол жеңілдетілген визуалды түрде ұсынылған;
- 3) сурет салу қабілеті бар оқушылар «тұтынушы» ғана емес, білім беру өнімін құруда «серіктес» бола алатын шығармашылық білім беру процесіне қатысады;
- 4) эко-комикстер жаңа білім алу үшін де, сондай-ақ бұрын зерделенген экологиялық материалды бекіту үшін де пайдаланылуы мүмкін.

Қорытындылай келе, комикс балаларды оқуға тартудың тамаша құралы болып табылатындығына көз жеткіземіз. Комикстер балалардың кітапқа деген үлкен қызығушылығын оятып, олардың қиялын және шығармашылық ойлауын дамытуға ынталандырады. Қай заманда болсын өзекті болып табылатын экология мәселесі әр уақытта қозғалып, қоғамнан тыс қалмауы қажет екені анық. Сол себепті балалардың бойында экологиялық тәрбие мен экологиялық сауаттылықты қалыптастыруда орасан зор қызығушылық тудырып отырған комикстердің мәні аса жоғары.

Осы зерттеу жұмыстарын негізінде эко-комикстер балалардың бойында эко-тәрбиені қалыптастыруда зор үлес атқаратыны дәлелденді. Сонымен қоса тек эко-білім беріп қана қоймай, бала дамуына да үлкен ықпалын тигізеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Лелюх С. В., Сидорчук Т. А., Хоменко Н. Н. Развитие мышления, воображения и речи дошкольников – Ульяновск: ИПКПРО, 2003. – 240 б.

2 Скотт Макклауд Комикстің мәні – Tundra Publishing, 1993 ж. – 222 б.

3 Жордж Садул, Киноның жалпы тарихы – 1 том: Искусство, 1958.

### 6.16 Әлеуметтік жұмыс: тәжірибе және перспективалар 6.16 Социальная работа: опыт и перспективы

## ЕРІКТІЛЕР ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

МЕЙРАМ А., СЕЙТҚАЗЫ Д.

8 сынып оқушылары, Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған лицей-интернаты, Павлодар қ.

КУСАИНОВА А. У.

Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі, Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған лицей-интернаты, Павлодар қ.

Соңғы онжылдықта әртүрлі ғылыми пәндер тұрғысынан әлеуметтік құбылыс ретінде еріктілікке қызығушылық кеңінен байқалды. Еріктілік феномені тарихи, психологиялық, құқықтық салада, экономика, әлеуметтану, әлеуметтік педагогика, әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік психология салаларында көп зерттеледі. Ғылыми әлемде жастардың ерікті әлеуметтік әрекеттері қазіргі кезде қоғамның көптеген әлеуметтік мәселелерін шешуге көмектесіп қана қоймай, сонымен бірге жас жігіттер мен қыздардың әлеуметтік маңызды қасиеттерін дамытуға, олардың белсенді өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал ете алады деген пікір бар. Сондықтан еріктілер қозғалысының білім беру мүмкіндіктерін зерттеу ерекше өзекті болып табылады. Зерттеудің өзектілігі қоғамның дамуы үшін әлеуметтік белсенді адамдар қажет екендігімен байланысты.

Зерттеу жұмысының мақсаты – еріктілер қозғалысының жасөспірімдердің әлеуметтік белсенділігіне әсерін зерттеу.

Кез-келген қоғам жасөспірімдердің әлеуметтік белсенділігін ынталандырмаса дамымағандық проблемасына тап болады.

Әлеуметтік белсенділік - мәселелерді шешуге саналы түрде бағытталған іс-әрекет. Әлеуметтік белсенділік арқылы жеке адамның

мәдени дәрежесіне, білім деңгейі мен икемділігіне, қоршаған ортамен қарым-қатынасына беруге болады. Қоғамдағы өзгерістер адамдардың әлеуметтік белсенділігіне тікелей байланысты болып келеді.

Еріктілікке негізделген волонтерлік қызмет жасөспірімдер арасында кең таралған әлеуметтік белсенділік түрлерінің бірі болып табылады. Бұл әсіресе жасөспірімдер үшін өте маңызды, өйткені бұл әр түрлі қызмет саласында өзін-өзі байқап көруге, өмір жолын таңдауды анықтауға мүмкіндік береді. Жасөспірімдік шақ өте белсенді, дүниетанымы кең, білімге құштар шақ. Сондықтан өз зерттеуімізде жасөспірімдік шақтағы оқушыларды таңдауды ұйғардық.

Зерттеу жұмысында Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған лицей-интернатындағы жасөспірімдерден еріктілер тобын құрып, әлеуметтік белсенділігіне талдау жасадық.

2019–2020 оқу жылында лицейдегі 14–16 жас аралығындағы жасөспірімдердің саны 120 оқушы болып шықты. Жасөспірімдер арасынан еріктілер тобын құрмай тұрып, оқушылардан жоғары сынып еріктілерімен бірлесе сауалнама алдық.

Сауалнаманың мақсаты оқушылардың еріктілер жайлы жалпы білімдері, көзқарастары жайлы мағлұмат алу, еріктілер тобына қызығушылықтарын туғызу.

Сауалнамаға барлығы 120 жасөспірім қатысты. Оның 65 % қыз бала, 35 % ер бала. Сауалнаманың нәтижесі келесідей:

«Әлеуметтік белсенділіктің қандай да бір түріне қатысасыз ба?» сұрағына 47 % жауапберушілер ешқандай әлеуметтік белсенділікке қатыспайды, 43 % үйірмелерге қатысуда, 8 % жауап беруге қиналды, 2 % ешқайда қатысқылары келмейді. Осыдан шығатын қорытынды оқушылардың көбі уақыттарын бос өткізуде. Сауалнама нәтижесі бойынша лицейдің жасөспірімдердің әлеуметтік белсенділігі төмен және бұл процеске қатыспайды деген қорытынды шығады.

«Достарына қол ұшынды созасың ба?» деген сұраққа 52 % кейде, 40 % үнемі, 8 % жоқ деген жауап берді. Лицейде жиі болмаса да көмектесе алатындар және әрқашан көмектесетіндер бар екен.

«Еріктілік деген не?» деген сұраққа 63 %-ы бұл мұқтаж жандарға, сондай-ақ оны жақсарту үшін қоршаған әлемге ерікті, ақысыз көмек деп жауап берді; 14 % – әлеуметтік шаралар; 10 % – бұл ерікті ақысыз еңбек, жұмыс, қызмет; 5 % бұл ерікті қоғам деп жауап берді; 4 %-ы бұл әлеуметтік қолдау деп жауап берді. Осы сұрақтың арқасында мен еріктілік дегеніміз көмекке мұқтаж

жандарға, сондай-ақ оны жақсарту үшін қоршаған әлемге ерікті, ақысыз, жанқиярлық көмек екенін аша алдым.

«Жасөспірімдер арасындағы еріктілікке көзқарасыңыз қандай?» сұрағына жауаптар 51 % бұл жасөспірімдердің әлеуметтік белсенділігін дамытудың жақсы әдісі деп санайды, 33 % бейтарап, 10 % қарапайым құбылыс, 4 % уақытты босқа өткізеді, 2 % жауап беруге қиналады. Сондықтан волонтерлік – бұл жасөспірімдердің әлеуметтік белсенділігін дамытудың жақсы тәсілі.

«Қалай ойлайсыз, қоғамға еріктілер керек пе?» Респонденттердің 90 %-ы иә қажет деп санайды, 5 %-ы жоқ, 5 %-ы жауап беруге қиналады.

«Сіз еріктілік жасөспірімдердің әлеуметтік белсенділігінің маңызды факторы деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа, респонденттердің 71 %-ы «иә» деп жауап берді, бірақ 23 %-ы «жоқ» және 6 %-ы жауап беруге қиналады. Осыған қарамастан, еріктілік жасөспірімдердің әлеуметтік белсенділігінің маңызды факторы болып табылады.

Жасөспірімдердің пікірінше, еріктілікке қатысудың негізгі мотиві – бұл 44 % көп жағдайда көмекке деген қажеттілік, 35 % қарым-қатынасқа, 15 % қол жеткізуге, 6 % көңіл көтеруге деген мұқтаждық.

Респонденттердің достарының еріктілік қозғалысқа қатысуы туралы сұраққа 51 % иә, 33 % жоқ, 16 % жауап беруге қиналды.

Респонденттердің еріктілер қозғалысына қатысуы туралы сұраққа 67 % «жоқ» деп жауап берді, тек 19 % «иә» деп жауап берді, ал 14 % жауап беруге қиналды.

Еріктілерде ең алдымен жұмыс сапасы 20%, 19% жауапкершілік, 15 % қайырымдылық, 14 % энергия, 4 % көпшілік, 3 % стресске төзімділік болуы керек, ал барлық қасиеттер 19 % құрайды деген нәтиже шықты.

Сауалнама нәтижесінен оқушылардың арасында еріктілер тобының мақсатын білмейтіндері бар жасөспірімдер көрінді. Оқушылардың кей бөлігі еріктілер қатарында болып, халыққа риясыз қызмет еткілері келетіндерімен көзге түсті. Осыған орай жоғары сыныптың еріктілер тобының жетекшілігімен жасөспірімдер еріктілерінің тобын құрды. Еріктілер тобындағы оқушылардың қызығушылықтары әртүрлі болғандықтан, түрлі бағытта жұмыс атқарылды. Атап айтсақ, салауатты өмір салтын насихаттау, экологияны қорғау, әлеуметтік көмек, патриоттық бағыт, шығармашылық бағыт және т.с.с.

Еріктілер тобына 50 оқушыны өз еріктерімен қабылданды. Бірлесіп жоспар құрылып, бағыттарды анықталып, оқушылар бағыт

бойынша топтастырылды. Бұл топтасу бір жағынан сыныптардың бір-бірімен тығыз байланыста болуға септігін тигізсе, екінші жағынан өздері елге пайда әкеле алатындары оқушыларды одан әрі қанаттандыра түсті.

Барлық оқушылар 5 бағыт бойынша жұмыс атқарды, әр бағытта оқушылар саны 10 болды. Әр бағытқа басшы болып жоғары сынып еріктілерінен оқушылар сайланды. Енді әр топтағы оқушылардың жұмыстарына талдау жасайық.

Бірінші бағыт патриоттық, бұл бағыт бойынша оқушылар түрлі мектепшілік сайыстар, сынып жетекшілермен бірлесе сынып сағаттар, мектепшілік іс-шаралар өткізілді. Оқушылар арасында патриоттық тақырыптағы өлеңдер оқу челленджтері өткізілді. Аптаның алғаш күні ҚР әнұраны және лицей әнұранымен басталды. Әр бейсенбі сайын таңғы уақытта бүкіл мектеп болып патриоттық әндер шырқалды. Осындай шаралар лицей оқушыларының бойында патриоттық сезім, рух оятуға бағытталды. Туған жерге тағзым жобасының аясында өңіріміздегі ескерткіштер, қасиетті жерлер, туған ауылдары жанында селфи түсіріліп, баяндап беру туралы сайыстар өткізіліп отырылды.

Екінші бағыт экологиялық, мұнда жасөспірімдер мектепті гүлдендіру, жазда мектеп ауласын көгалдандырумен, қажетсіз қағаздарды жинап, тапсырумен, пластик қақапағын жинаумен айналысты. Пластик қақпақтарын жинап, «Клуб добряковке» тапсырды. Мақсаты, қатты дертке шалдыққан кішкентай бүлдіршіндерге көмек. Әр сыныптан кем дегенде бір 5 литрлік ыдысқа толы қақпақтар тапсырылды. Бұл балалардың экологияға деген сезімдерін оятса, екінші жағынан жанашырлыққа үйретеді. Қажетсіз қағаздар мектеп бойынша жиналды, мұнда оқушылар тек сыныптарымен ғана емес, ата-аналарымен де, мұғалімдерімен де, туыстарымен де бірлесе жинады. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бірлесе бір тонна қағаз тапсырып, шыққан құнға жануарлар үйіне көмек берілді (сурет 1). Мысық пен иттерге арналған тамақтар, памперстер, пеленкалар сатылып алынды. Еріктілер тобындағы оқушылар сондағы жағдайды көрсету мақсатында видео түсіріп, лицей оқушыларына көрсетті.



Сурет 1 – «Қажетсіз қағаздарды жинап, жануарларға көмектес» науқаны

Үшінші бағыт салауатты өмір салтын сақтау. Бұл бағыт бойынша оқушылар денешынықтыру мұғалімдерімен бірлесе, спорттық ойындар, эстафеталар ұйымдастырды. Түрлі жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Таңғы уақытта аптасына бір рет жаттығу жасалынып отырса, үлкен үзіліс сайын мектеп дәлізінде музыка қойылып, би билеп отырды. Аптасына бір рет салауатты өмір салтын сақтау жайлы медбикемен, психологпен кездесулер өтіліп тұрды. Осымен қоса, сынып жетекшілермен бірлесе сынып сағаттары да ұйымдастырылып отырды. Оқушылар арасында салауатты өмір салтын сақтау бойынша челленджер ұйымдастырылып отырылды.

Келесі бағыт әлеуметтік көмек. Мұнда оқушылар күз, қыс мезгілінде қарттар үйіне барып, аула тазартуға көмектесті. Қарттар үйінде ата-әжелермен бірге уақыт өткізетін күндер белгіленді. Сол күндері мектептен шашки, шахмат, тоғызқұмалақ, нарды ойнайтын, сурет салатын, тоқыма тоқитын, тігуді ұнататын оқушылармен бірге қарттар үйінде ата-әжелермен тиімді уақыт өткізіліп отырылды, оқушылар үлкен адамдардың барған сайын баталарын алып, қуанып отырды. Бөбектер үйіне оқушылар сыныппен бірлесіп жайлықтар алып, көмектесті. Мектепке жол акциясында да өз септіктерін тигізуге тырысты. Жоғары сынып оқушылары төменгі сынып оқушыларына түсінбеген тақырыптарын талдауға көмектесті. Ауылдық жерден келіп, жаңа ғана мектеп табалдырығын аттаған оқушыларға ағылшын тілін жетік меңгерген оқушылар кішігірім үйірме ұйымдастырды.

Соңғы бағыт шығармашылық. Осы топтағы оқушылар өтілетін шаралардың декорациясын дайындап, сценарийін жазады. Қарттар үйіндегі ата-әжелерге және балалар үйіндегі бүлдіршіндерге концерт дайындап, қойып отырды. Мектепшінде, мектептен тыс квест ойындарын дайындап, ұйымдастырып отырылды. Кітап оқу күні ұйымдастырылып, лицей оқушыларын кітап оқуға шақырды. Лицей оқушыларының отбасыларымен онлайн кездесулер өтіліп

отырылды. Тақырыптар отбасылық тәрбиеге, дәстүрге қатысты болды. Мектепте барлық оқушыларға арналған терең мағыналы, ой тастайтын кино кештері ұйымдастырылып, артынан киноның мазмұны талданылды.

Бастапқы еріктілер саны аз болғанмен, алғашқы шаралардан кейін оқушылардың қатары көбейе бастады. Оқу жылының соңында еріктілер тобына қосылған оқушы саны 73 оқушыны құрады

Оқу жылының соңына дейін жасөспірімдердің еріктілер тобының саны 23 оқушыға өсті. Сауалнама өткізген 120 оқушының 73 (60,8 %) оқушысы еріктілер тобына қосылып, 10 оқушы қызығушылық танытты.

Еріктілер тобына қосылуға не себеп итермеледі деген сауалнамаға, оқушылар қызықты, бірлесе ұйымдасқан шаралардың көп болуы, өзіңді керек сезінуіміз, осы іс-әрекет арқылы өзімізді бақытты сезінуіміз деген жауаптар алдық.

Келесі оқу жылында еріктілер тобының жұмысы жалғасын таба ма деген сауалнамаға, еріктілер қатарындағы оқушылар бірден «иә» деген жауап қайтарды.

Жыл соңында алынған қорытынды сауалнама нәтижесі бойынша:

«Жасөспірімдер арасындағы еріктілікке көзқарасыңыз қандай?» сұрағына бастапқыда 51 % бұл жасөспірімдердің әлеуметтік белсенділігін дамытудың жақсы әдісі деп санаған, қайта сауалнама алғанда бұл көрсеткіш 68 %-ке дейін жоғарлады.

«Қоғамға еріктілер керек пе?» сұрағына «иә» деген жауап 4 %-ға өсті.

«Сіз еріктілік жасөспірімдердің әлеуметтік белсенділігінің маңызды факторы деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа, 71 %-ы «иә» деп жауап берген болатын алғашқы сауалнамада, оқу жылы соңында бұл көрсеткіш 7 %-ға дейін жоғарлады.

Жасөспірімдер жыл соңындағы есептік жиналыста еріктілер қатарына қосылғаннан бері, өздерін қоғамға қажет екендерін сезінетін болғандары, бос уақыттары тиімді, пайдалы өтетіндеріне ризашылықтарын білдірді. Осыдан шығатын қорытынды еріктілер қозғалысы жасөспірімдердің бос уақыт өткізулеріне оң әсер етеді.

Еріктілер қатарындағы оқушылардың мінез-құлқын, бос уақыттарын зерттей келе, тиімді екендеріне көз жеткіздік. Себебі, әр оқушының қаншалықты қызыға жұмыс атқарғандары, сол арқылы өздерін дамыта білгендері, бойындағы қасиеттерін одан әрі аша білгендері көрінді. Еріктілер қозғалысы арқылы риясыз көмек,



халыққа қызмет ету, жанашырлық, көмек қолын созу, пайдалы іс туралы білімдерін ұшталғандары көрінеді. Болашақта осындай белсенділікпен айналысқан оқушылар салықалы, білімді, зергер, иманды ұрпақ болып шыңдалады.

Қазіргі қоғамда болып жатқан жаһандық әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени өзгерістер жас ұрпақ тәрбиесіне жаңа талаптарды қойып отыр. Білім беру тұжырымдамасында атап көрсетілгеніндей, дамушы қоғамға таңдаулы жағдайда шешім қабылдай алатын, ынтымақтастыққа қабілетті, ұтқырлық, динамизм, сындарлылығымен ерекшеленетін, елдің тағдыры үшін, оның әлеуметтік жағдайы үшін жауапкершілікті сезінетін бастамашыл адамдар қажет. Осыған байланысты жасөспірімдердің әлеуметтік белсенділігін дамыту проблемасы ерекше өзектілікке ие болады.

Зерттеуімізді қорытындылай келе, біз зерттеудің басты мақсатына қол жеткіздік, атап айтқанда, жасөспірімдер арасындағы білім беру мекемесінде еріктілік жасөспірімдердің әлеуметтік белсенділігін дамытудың негізгі факторы болуы мүмкін екенін анықтадық.

Біздің зерттеулеріміз көрсеткендей, жастардың ерікті әлеуметтік әрекеттері қазіргі кезде қоғамның көптеген әлеуметтік мәселелерін шешуге көмектесіп қана қоймай, сонымен бірге әлеуметтік маңызды қасиеттердің дамуына ықпал етеді.

Әлеуметтік белсенділік заманауи қоғамның мүшесі ретінде тұлғаға айналуының күрделі және көп қырлы процесі ретінде қарастырылады.

Жас ұрпақтың қалыптасуына әсер ететін факторлардың саны көбейіп, бұл ықпал көпқырлы және қарама-қайшы сипатқа ие болуына байланысты, жеке тұлғаның әлеуметтік қызметінің тақырыбы ерекше өзекті болды.

Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған лицей-интернатының жасөспірімдердің әлеуметтік белсенділігін дамытуда маңызды рөл атқарады. Толыққанды волонтерлік қозғалыстың құрылуы мен жұмыс істеуі жасөспірімдердің әлеуметтік белсенділігінің маңызды формасы болып табылады.

Жасөспірімдерді әлеуметтік белсенділікке тарту, еріктілер іс-шараларына қатысу мотивіне сүйену керек, зерттеуді талдауға сәйкес, респонденттердің көпшілігі көңіл көтеруге емес, көмек пен байланысқа мұқтаж екенін сезінеді.

Зерттеу гипотезаны растады: еріктілер қозғалысын жасөспірімдердегі әлеуметтік белсенділіктің даму факторы ретінде қарастыруға болады.

Сондықтан білім беру ортасында еріктілікті белсенді түрде дамыту қажет, өйткені бұл тек ең жақсы адамгершілік және азаматтық қасиеттерді ашуға мүмкіндік бермейді, жауапкершілікті дамытады, ең бастысы қоғамға нақты пайда әкеледі, әлеуметтік серіктестік орнатады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. — Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. - 384 б.

2 Бархаев А. Б. Отношение студенческой молодежи к участию в волонтерском движении // Социология образования. 2008. № 12. 85-97 б.

3 egemen.kz: <https://egemen.kz/article/208761-erikti-bolu-erlik>© egemen.kz

4 Гагарина В.В. Волонтер – это звучит гордо! //Вестник благотворительности. 2007. №10. 12 б.

## Мазмұны

6 Секция. Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдары  
6 Секция. Гуманитарные и социальные науки6.9 Тарих және өлкетану  
6.9 История и краеведение

<b>Абылай А. А., Тулқуова Н. Н.</b> Қазақтың тұңғыш бейресми конституциясы.....	3
<b>Айтжанов М.</b> Сакральные природные объекты Павлодарского Прииртышья .....	10
<b>Байбазаров А., Рамазанова Д.</b> История возникновения пандемий и борьбы с инфекционными заболеваниями и эпидемиями.....	17
<b>Байгожина Ж., Кабылқенова А.</b> Перепись населения как статистический учет населения.....	23
<b>Баутинова Д., Кубайдолла А., Жангозина Г. Т.</b> Из истории раскулачивания в Павлодарском Прииртышье .....	29
<b>Болат Д. Д., Бакбаева З. С.</b> Ерлік пен елдікті ту еткен – Олжабай батыр.....	37
<b>Емельянова Ж. В., Адылханов Д. Ж.</b> Исследование топонимических названий Актогайского района .....	41
<b>Жұмажан М., Сапарғалиева Р., Кульмағанбетова Р. А.</b> Жанат Тұрғанбекұлы астары – ақиқат, әдібі – өзіл.....	48
<b>Каиыргельдинова Н., Ескендіров Б. Қ.</b> Күшік батыр .....	54
<b>Қаратаев А., Анафина Н. Қ.</b> Мәшһүр Жүсіп пен Абай адамгершілік туралы .....	60
<b>Қдырғиязова А., Сатдыкова Н. Н.</b> Шәңгерей Бөкеевтің қазақ мәдениетіне қосқан үлесі.....	67
<b>Кенжетай Н. Қ., Қасымғалиева А. К.</b> Қазақ ұлттық баспасөзі дамуындағы «Айқап» журналының орны мен М. Сералиннің қызметі .....	74
<b>Корниенко К. К., Корниенко Г. Н.</b> Нужна ли дача жителям города Экибастуза.....	81
<b>Күнболат Ш., Рысдаулет А., Сатыбалдинов Е. А.</b> Әлихан Бөкейханұлы және Алаш мұраты.....	89
<b>Лизогуб В. В., Амангельдинова Д.</b> Настольные игры при обучении казахского и русского языков (На основе краеведческих материалов) .....	94

<b>Мейрамғалиева А. М., Бейсенбай М. Е.</b> Желтоқсаншылардың естеліктері – желтоқсан оқиғасын зерттеудің дереккөзі .....	100
<b>Нариманов Ә., Мулдағалиев Н. Н.</b> Орал шаһарын оятқан тұлға.....	105
<b>Саттарова К. С., Қаламов Ж. А.</b> Триумф и трагедия казахского посла из советского государства.....	112
<b>Серикбаева Р. Т., Кильдибекова Д. С., Кусаинова А. М., Адылбаева Г. С., Мағауин К. М.</b> Павлодар қаласындағы «Ertis» мультимедиялық мұражайын сайт арқылы көпшілікке таныстыру.....	119
<b>Сүлейменова А. Ж., Сүлейменова А. Ж.</b> Волонтерство – пространство новых возможностей.....	125
<b>Тәжібаев Ж. М., Тұрғанбаева А. О.</b> «Ұлы дала» жабық қала жобасы.....	132
<b>Топыш З., Ахмұльдинов Б. Т.</b> Қазаққа жанашыр болған – Тимофей Седельников .....	138
<b>Торайғыр Ә. Е., Ағалиева А. Б.,</b> Дәстүрлі қазақ қоғамындағы демократиялық құндылықтар .....	144

6.10 Археология және этнология  
6.10 Археология и этнология

<b>Алибек А. Р., Наурызбаева С. Т.</b> Ритуальные национальные блюда казахского народа, связанные с ценностью семьи и родства .....	156
<b>Аубакирова А. М., Сатыбалдинов Е. А.</b> Қазақ халқының ою-өрнектерінің тарихы және сыры.....	161
<b>Байғазинов А., Жанас Г. Д.</b> Фиксация палеонтологического материала с использованием биохимических соединений .....	166
<b>Балкибаева Н., Алтынбекова А., Жанқарина А., Питюкова О. М.</b> Погребальная обрядность андроновцев как отражение миропонимания человека эпохи бронзы.....	177
<b>Балтабай Н., Аукенова А. Р.</b> Май өңірінің археологиялық дереккөздері.....	185
<b>Дәулетқан Н., Адуова Б. Т.</b> Көрі жілік танымы .....	190
<b>Изжанова А. Е., Жаксыбаева Д. Б.</b> Влияние традиционной казахской ментальности на воспитание в казахских семьях Казахстана .....	195
<b>Қыстаубай Ә., Хавихан А.</b> Қамшының сыры.....	199

<b>Рахмет И. Е., Бимыкова А. К.</b> XIX ғасырдың ортасы – XX ғасырдың басындағы қазақ халқының тамақтану жүйесіндегі өзгерістер.....	208
<b>Төкен Г., Зауат Р.</b> Этнографиялық нақыштағы оқушылардың киім үлгісі.....	216
<b>6.11 Көптілділік білім берудің өзгеріс үрдісі ретінде</b>	
<b>6.11 Полиязычие как тренд образования</b>	
<b>Ендебай А. С., Сарсекеева А. К.</b> Применение эффективных методик CLIL на уроках биологии в условиях полиязычного образования.....	220
<b>Жургумбаева А. К., Жургумбаева А. А.</b> Көптілді білім – көп мәдениетті тулғаны қалыптастырудың өзегі.....	227
<b>Зада А. М., Кайрамбаева А. Ж.</b> Конструктивное влияние иностранного языка на родной язык.....	231
<b>Зада А. М., Кыдырбаева Ш. Б.</b> Интересы и увлечения как мотивирующий фактор для изучения иностранных языков.....	235
<b>Касымов Б. Р., Мухамеджанова Д. Е., Есенкулова Т. Д., Кофганюк И. И.</b> Использование онлайн платформ при изучении информатики в интеграции с английским языком.....	238
<b>Клеванова А. О., Егимбаева А. Е.</b> Полиязычие как тренд образования.....	242
<b>Койшибаев С., Нұрғалиева А. А.</b> Көптілділік – бүгінгі заман талабы.....	247
<b>Серикова Н., Акимова А., Шукоева Б. Т.</b> Сопоставительная характеристика лексико-семантических групп казахских, русских, английских фразеологизмов на примере произведений казахских классиков (Бердибека Сокпақпаева «Менің атым Қожа» («Меня зовут Кожа»), Мухтара Ауезова «Көксерек» («Серый лютый»)).....	252
<b>Скосырская А. А., Егимбаева А. Е.</b> Полиязычие как тренд образования.....	258
<b>Шаринова Д. Р., Абильханова В. К., Кабыкенова М. С., Балтабаева Б. А.</b> Категория рода зоонимов в русском, казахском, английском языках как отражение национальной картины мира.....	260

## 6.12 Саясаттану ғылымының өзекті мәселелері

### 6.12 Актуальные проблемы политологии

<b>Кудайбергенов Т., Сулжеев Д. К.</b> Деятельность молодежных движений Казахстана в начале XX века.....	267
<b>6.13 «Болашаққа бағдар – Рухани жаңғыру» баяндама және «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы</b>	
<b>6.13 Программа «Рухани жаңғыру – взгляд в будущее» и статья «Семь граней Великой степи»</b>	
<b>Алин А., Кульмаганбетова Р. А.</b> Павлодар облысындағы көкпар ұлттық ат спорты ойындарының бүгінгі және оны дамыту жолдары.....	272
<b>Бездетко К., Халикова А.</b> Қазақтың қасиетті дастарқаны.....	278
<b>Дәулет Ә., Камзина А. А.</b> Ұлттық коддымыздың бірі – Абай, Абай сөздерінің бүгінгі құндылығы.....	287
<b>Зорлықбаев Т., Шакаманова Н. Ж. Тусупжанов К. О., Нұрлан Д. Н.</b> Тезис по проекту «Влияние новой инфраструктуры Мырзашоқы на развитие туризма в Баянауле».....	291
<b>Калькова М., Аманова Б.</b> Латын әліпбиіне көшу – рухани жаңғырудың негізі.....	294
<b>Каскырбаев М. С., Дусупова А. А.</b> Тәуелсіз Қазақстанның рухани даму жолында Абай өлеңдеріндегі табиғат лирикасының қосар үлесі.....	301
<b>Лещевич А. А., Сауленова К. М.</b> Абай Кунанбаев – наш великий поэт.....	307
<b>Манап А. Е., Смагулова Г. М.</b> Әулие, Хазірет Ғабдул-Уахит Тіленшіұлы.....	311
<b>Орынбаева А. Ж.</b> «Мәңгілік ел алыптары»: Ыбырай шығармалары – рухани жаңғыру мен рухани тәрбие құралы.....	314
<b>Сержан А., Қуанышқызы Н. Турсынбаева Г. Н., Ахметжанова Ж. Е.</b> Самаурын – қазақ халқының құнды жәдігері.....	320
<b>Тыщенко Д. И., Смагулова Г. Ш.</b> Киіз үй – қазақтың рухани мәдениеті.....	325

**6.14 Заманауи білім беру: өткеннің тәжірибесі,  
болашаққа көзқарас**

**6.14 Современное образование: Опыт прошлого,  
взгляд в будущее**

<b>Акишева Л. К., Бегимбаева А. У., Алданов Е. С.</b> Золотое сечение в теле человека .....	330
<b>Алдашева А. М., Куатова А. С.</b> Оқушылардың экологиялық сауаттылығын қалыптастыруға арналған «Ecobala» электронды оқулығының артықшылықтары.....	341
<b>Курманова А. Д., Султан Р. Г.</b> Применение информационных технологий в изучении планиметрии 7 класса .....	346
<b>Попандопуло А. К., Довгаленко И. В.</b> Методы и приемы развития критического мышления учащихся.....	353
<b>Шевелёва Т. Ю., Наурызбаева С. Т.</b> Обеспечение равных возможностей через инклюзивное образование .....	356

**6.15 Психология ғылымының даму мәселелері**

**6.15 Проблемы развития психологической науки**

<b>Айтбай Б. Б., Байбекова Г. З.</b> Исследование полоролевой идентификации у учеников 5 класса.....	361
<b>Сатбек Д. А., Штифель Г. Б., Жапарова К. К.</b> Сурет салуды ұнатамын. Құммен сурет салу.....	366
<b>Усинов Д. Е., Қажығұмар Ұ. А.</b> Эко-комикстердің бала психологиясына тигізер әсері .....	371

**6.16 Әлеуметтік жұмыс: тәжірибе және перспективалар**

**6.16 Социальная работа: опыт и перспективы**

<b>Мейрам А., Сейтқазы Д., Кусаинова А. У.</b> Еріктілер қозғалысы жасөспірімдердің әлеуметтік белсенділігін дамыту факторы ретінде.....	378
--	-----

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,  
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
«XXI СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**ТОМ 4**

Техникалық редактор З. Ж. Шокубаева  
Корректор: А. Р. Омарова  
Компьютерде беттеген: А. К. Шукурбаева  
Басуға 23.04.2021 ж.  
Әріп түрі Times.  
Пішім 29,7 × 42 1/4. Офсеттік қағаз.  
Шартты баспа табағы 22,5. Таралымы 500 дана.  
Тапсырыс № 3758

«Toraighyrov University» баспасы  
Торайғыров университет  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.